

ISSN 1563-0226  
eISSN 2617-1864  
Индекс 75867; 25867

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

Шығыстану сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия востоковедения

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# JOURNAL

of Oriental Studies

---

№1(88)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2019



# ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ № 1(88), наурыз

ISSN 1563-0226  
eISSN 2617-1864  
Индекс 75867; 25867



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Турар А.С., магистр (Қазақстан)  
Телефон: +7778 527 3341,  
E-mail: aidanaturar1995@gmail.com

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Надирова Г.Е.,  
филол.ғ.д., проф. – ғылыми редактор (Қазақстан)  
Серікқалиева А.Е.,  
PhD – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)  
Палтөре Ы.М.,  
PhD (Қазақстан)  
Алдабек Н.Ә.,  
т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Ким Г.Н.,  
т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Авакова Р.Ә.,  
ф.ғ.д. профессор (Қазақстан)  
Құдайбергенова Р.Е.,  
т.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)  
Көкеева Д.М.,  
ф.ғ.к. доцент (Қазақстан)

Мұстафаева А.А.,  
PhD, доцент (Қазақстан)  
Мевлют Эрдем (Mevlut Erdem),  
профессор (Түркия)  
Роберт Эрмерс (Robert Ermers),  
профессор (Нидерланды)  
Чжао Цюань-шэн (Zhao Quan-sheng),  
профессор (Вашингтон, США)  
Масару Тономура,  
профессор (Жапония)  
Ли Джон О.,  
профессор (Корея)

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Қанаева Ә.Д.,  
жетекші маман (Қазақстан)

Шығыстану сериясы Шығыс елдері тарихы, саясаты, экономикасы, мәдениеті,  
тіл білімі мен әдебиеті, тіл оқыту әдістемелері бағыттарын қамтиды.



КАЗАК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
Б А С П А У Й І

## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шахкозова  
Телефон: +77017242911  
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

## Компьютерде беттеген

Айша Калиева

## ИБ №12679

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 10,4 б.т. Офсетті қағаз.  
Сандық басылыс. Тапсырыс №1692. Таралымы 500 дана.  
Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

1-бөлім  
**ТАРИХ**

---

Раздел 1  
**ИСТОРИЯ**

---

Section 1  
**HISTORY**

**Палтөре Ы.М.**

PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: yktyiar@inbox.ru

### **ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ» АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ДІНИ МӘТІНДЕРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мұдадати-һә*» (Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары) атты трактатындағы рух, жан, тән, ақыл, жүрек ұғымдары жалпы адам мәселесі діни мәтіндермен мазмұндасып жатқандығы дәлелді түрде баяндалады. Сондай-ақ Әбу Насыр әл-Фарабидың екі нәрсені, яғни «қайырымды қала мен надан, пасық қала» тұрғындарын қатар қойып, оларды салыстырмалы түрде түсіндіру тәсілі – Құран тәсіліне негізделген деген тұжырым жасалады. Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасында қоғамдағы тұрғындардың қал-жағдайын реттеу, бағынушы мен басшы арасындағы қарым-қатынастар діни түсініктер аясында түсіндірілетіндігі алға тартылады.

**Түйін сөздер:** әл-Фараби, қайырымды қала, Құран, адам мәселесі, діни мәтіндер.

Paltore Y.M.

PhD doctor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: yktyiar@inbox.ru

### **Continuity of human problems with religious texts in the work of Abu Nasr al-Farabi «Views of the inhabitants of the merciful city»**

This article describes in detail that the spirit, soul, body, heart, and common human problems are associated with religious texts in the treatise of Al-Farabi named after “*Mabadi ara ahl al-madina al-fadila ua mudadatiha*” (views of the inhabitants of the merciful city). It also concludes that Abu Nassyr al-Farabi composed two things, namely, the residents of the “merciful city and the ignorant city” and gave a comparative explanation of them – based on the method of the Koran. In the works of Abu Nasr al-Farabi, the “views of the inhabitants of a merciful city” regulate the conditions of life in society; the relations between society, a subordinate and the ruler are explained in the light of religious ideas.

**Key words:** al-Farabi, merciful city, Koran, human issues, religious texts.

Палтөре Ы.М.

PhD доктор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: yktyiar@inbox.ru

### **Преемственность человеческих проблем с религиозными текстами в произведении Абу Насра аль-Фараби «Взгляды жителей милосердного города»**

В этой статье детально описывается о том, что дух, душа, тело, ум, сердце и общие человеческие вопросы связаны с религиозными текстами в трактате аль-Фараби «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мұдадатиһә*» (взгляды жителей милосердного города). Также делается вывод о том, что Абу Наср аль-Фараби сопоставил две вещи, а именно жителей «милосердного города и невежественного города», и дал сравнительное их объяснение на основе метода Корана. В произведении Абу Насра аль-Фараби «Взгляды жителей милосердного города» регулирование условий жизни в обществе, отношения между обществом, подчиненным и правителем объясняются в свете религиозных представлений.

**Ключевые слова:** аль-Фараби, милосердный город, Коран, проблемы человека, религиозные тексты.

## Кіріспе

Әбу Насыр әл-Фараби өмірінің соңына қарай жазған еңбектерінің бірі «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мудадатихә*» (Қолжазба) деп аталады. Бұл еңбегі қазақ тілінде көбіне «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген атпен танымал. Кейде «*Әл-мадина әл-фадиләһ*» тіркесі «қайырымды қала», «ізгілікті қала» деген аударма нұсқасында да кездесіп жатады.

Әбу Насыр әл-Фарабидың барлық шығармалары араб тілінде жазылғаны белгілі. Бұған қоса, Әбу Насыр әл-Фарабидың мұсылмандық дүниетанымда болғандығы да дау туғызбайды. Елімізде әл-Фарабидың шығармалары тәуелсіздік алғанға дейін діннен ұзақ талдауға түссе, тәуелсіздіктен кейін діни түсініктермен сабақтастырыла зерттеуге, талдау жасауға мүмкіндік туды. Күні бүгінге дейін елімізде Әбу Насыр әл-Фарабидың мұрасын қазақ тіліне аудару, тану, таныту, насихаттау жұмыстары жалғасып келеді.

Әбу Насыр әл-Фарабидың бізге жеткен асыл мұрасы біз өмір сүріп отырған бүгінгі қоғам үшін аса қажетті екендігі байқалуда. Әсіресе адам мәселесі, оның құндылығы, жаратылу мақсаты мен өмір сүру салты, қоғамдасып өмір сүруінің қажеттілігі, бейбітшілік пен татулық, өзара түсіністік сияқты тағы басқа маңызды мәселелер бүгінгі күн тәртібінде. Әбу Насыр әл-Фарабидың біз сөз еткелі отырған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасы адамзат баласының әлеуметтік-саяси хал-ақуалына оның іргелі мәселелерін шешуге, қоғамдасу кезіндегі қарым-қатынастардың негізін реттеуге арналған философиялық трактат екені талассыз.

Әбу Насыр әл-Фараби «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә...*» атты бұл шығармасын Бағдат қаласында бастап, хижраның 331 жылы Дамаск қаласында жазып аяқтайды. Жазып болғаннан кейін қайта қарап, көпшіліктің сұранысы бойынша бұл трактатын Мысырда хижраның 337 жылы алты бөлімге бөледі. Оның төртінші бөлімі толықтай адамға, оның жаратылысына, ерекшелігіне, басшылық қабілетіне т.б. арналады (Әбу Насыр әл-Фараби. «Китаб әл-Милләһ уа нусус ухра», 1991).

Осы орайда, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатын қаламға алуға не нәрсе түрткі болды деген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Егер біз автордың өмір сүрген қоғамына көңіл аударсақ,

жауабын тапқандай боламыз. Себебі, әл-Фарабидің өмір сүрген қоғамы талас-тартысқа, ішкі, діни қайшылықтарға бой алдырған қоғам болатын. Бұл туралы отандық философ ғалым Ә. Нысанбаев пен Ғ. Құрманғалиева да сөз ете келе: «...әл-Фарабидың философиялық жүйесінің пайда болуы қарсаңындағы дәуір ислам әдет-ғұрыптарын сақтаушылар арасындағы белгілі бір түсінбеушілікті білдіретін әртүрлі саяси ағымдар мен конфессиялар (сүнниттер мен шииттер) арасындағы қақтығыс пен араб халифаты қоғамындағы таптық қайшылықты бейнелейтін шиеленіскен, үздіксіз саяси күреске толы болды...», – (Әл-Фараби. II том, 9 б) деген тұжырым жасайды. Осы айтылғандарды ескере келе, Әбу Насыр әл-Фараби өз қоғамына көңілі толмай, қандай қоғам болуы керектігі жайындағы ой-толғамдарын, философиялық көзқарастарын жазып қалдырды дей аламыз.

Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты жайында сөз етудің алдында біз әл-Фараби бабамыздың «қоғам» және «қайырымдылық» ұғымдары жайындағы түсініктеріне қысқаша шолу жасауды орынды санаймыз. Әбу Насыр әл-Фараби: «...Адам қоғамы ұлы, орташа және шағын қоғамдарға бөлінеді: Ұлы қоғам дегеніміз – бірімен бірі біріккен және бірі көмек көрсететін көп халықтардың жиынтығы. Ал орташа қоғам дегеніміз – бір халық. Шағын қоғам – бір қаланың төңірегінде топтасқан қоғам. Қоғамның осы үш түрі кәміл қоғам болып табылады...» – дей келе, «...Қалалық қоғам қайсыбір халықтың бір бөлігі» деп ой түйеді. Ал қайырымдылық жайында «...Қайырымдылық бақытқа жету үшін қажет. Ол табиғи түрде де, қалау түрінде де бола алады» – дей келе, «Бақыт дегеніміз – абсолюттік қайырымдылық. Бақытқа жету үшін және бақытқа ие болу үшін қажет нәрсенің бәрі де сонымен бірге игілік болып табылады, бірақ өзі үшін емес, мұның өзі бақытқа жету үшін қажет болғандықтан» – деп тұжырым жасайды (Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев, 2009: 656).

Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты ең алдымен жаратушы Иенің, оның сипаттарын, сондай-ақ күллі әлемнің жаратылуы, оның бастауы, ондағы жаратылғандар, адамзат баласы, адамның нәпсісі, адамзат баласы мен жаратқан Иенің арасындағы елші, пайғамбарлық және оның сипаттары туралы түсініктерден басталады. Философиялық тілмен айтқанда, ең алдымен физикалық әлем рет-ретімен алғашқы материя, төрт элемент пен материалдар, жансыз денелер,

сосын өсімдіктер, жануарлар мен адамзат баласының жаратылысы жайлы баяндалады. Ал содан кейін қайырымды қала, оның ерекшеліктері, тұрғындарының сипаттары, оларды басқаратын басшыға қойылатын талаптар, сондай-ақ осындай үлгілі қалаға керағар болатын надан, пасық қала тұрғындары арасындағы айырмашылықтар жан-жақты талдауға түседі. Осылайша, Әбу Насыр әл-Фараби «...ізгілікті қалаға надан, өнегесіз, өзгеріп отыратын, адасқан қаланы, оңбағандық пен бақытсыздық және т.б. қаласын карама-қарсы қояды. Бұл қалалардың барлық тұрғындары бақытқа ұмтылмайды, өйткені олар мұның не екендігін білмейді. Ізгілікті емес қалалардағы бақытты әртүрлі түсініктемелер бақыттың ақиқат идеясын бұрмалайды. Алайда, ізгілікті қаланың исламдық контекстін атап өту қажет. Мұндай қаланың өмір сүруі қоғамды реттеуші – дін жағдайында мүмкін болады...» (Шығыс философиясы, 2009:480, 294). Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатының басында айтқан *әл-Маужуд әл-Аууал* (Алғашқы Болмыс), *Нәфи әш-Шарик анһу тағала* (Оның қандай да бір серігінің болуын жоққа шығару), Оның Бір ғана, Тірі, Мәңгі, Бөлінбейтін, Біртұтас екендігі жайындағы ой-тұжырымдары Құран мәтініндегі Алла тағаланың көркем есімдері мен сипаттарын баяндайтын аяттармен толықтай үндесіп жатыр дей аламыз. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында Алланың жалғыз екенін және оның бұл әлемдегі жаратылыстардың ешқайсысына ұқсамайтыны туралы жазады. Нақтырақ айтсақ, «Бірінші Тұлға – барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. [Жалғыз] сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде – Одан басқасында – ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше [кемшілік] бар. Ал Біріншіні [Тұлғаны] алатын болсақ, ол мұндай [кемшіліктің] бәрінен ада, өйткені Оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық, Одан кәміл жетілген ешнәрсе жоқ және Одан бұрын ешнәрсе де болмақ емес. Бұл ретте Оның тіршілігі ең мәртебелі дәрежеде әрі ізгі, әрі кәміл жетілген» (Әбу Насыр әл-Фараби, 2007: 46) дегенді айтады. Осы айтылғанды Құран мәтіндегі «(Мұхаммед (ғ.с.) оларға) айт: Ол Алла, біреу-ақ. Алла мұңсыз (Әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол, тумады да туылмады. Әрі оған ешкім тең емес» (112:1-4); «Ол Алла, жаратушы, жоқтан бар етуші және бейнелеуші...» (59:22) (Халифа Алтай, 2000: 476) деген мағынадағы аяттармен үндесіп, мағыналық тұрғыдан сабақтасып жатқаны ақиқат.

Жалпы, әл-Фараби философиясы – ислам діні мен дүниетанымын басшылыққа алатын философия екендігі белгілі. Ойлау қалыптары грек философиясынан алынса да, мән-мазмұны, ой-тұжырымдары толықтай мұсылмандық дүниетаныммен өріледі. Шындығында, «Әл-Фараби, Құранның «Алладан басқа ешбір Құдай жоқ» тезисін, философиялық методологиялық тұрғыдан» дәлелдеуге тырысады (Сейтахметова Н.Л., 1998, 147-179).

Отандық философ ғалым Д. Кенжетай Әбу Насыр әл-Фарабидың еңбегінде «...өзін-өзі білетін трансцендентальды «бірінші Болмыс пен Себептен» белгілі жүйе мен тәртіпке сай орналасқан, әлем толығымен пайда болған соң адам жаратылған...», – деуі өте орынды айтылған тұжырым (Әл-Фараби, 2012: 16). Әлем жаратылғаннан кейін Адаматаның жаратылғанын қасиетті Құран аяттары да баяндайды. Осы орайда, ой желілігінің сабақтастығы, ұштастығы байқалады. Негізі Құран аяттары аясында адамзат баласының жаратылысы бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар: 1) тин (балшық) кезеңі; 2) нутфә (жатырда тұратын тамшы) кезеңі; 3) аләқа (ұйыған қан) кезеңі; 4) мудға (кесек ет) кезеңі; 5) сүйек және ет кезеңі; 6) өзгеріске түскен (басқа бір) кезеңі; 7) нәресте (дүниеге келу) кезеңі; 8) ер жету, қартаю кезеңі. Бірақ бұл кезеңдерді баяндайтын Құран аяттары әртүрлі сүрелердің түрлі аяттарында келгендіктен реттілікті табу қиынға түседі. Дейтұрғанмен біз мұны Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисіне жүгіну арқылы нақтылай аламыз. Хадисте: «Расында Алла тағала Адамды топырақтан жаратты. Сосын оны балшық етті. Кейін оны бейнелеп, жаратып кеуіп, құрғатылған лай болғанша тастап қойды. Сосын оны құмырадай сыңғырлағанша қойып қойды. Сонда Ібіліс келіп: шынында да ұлы бір іс жаратты, – дейтін. Кейін (Алла) оған Өз рухынан үрледі. Сонда рухтың алғаш жүрген жері (Адамның) көзі мен мұрын қуысы болды. (Адам) дереу түшкірді де, «*әл-хамду-лиллә*» – дейді (оған жауап ретінде Алла) «Сені Алла рахым етсін» – деді», – делінеді (Әбу Шәһабәһ Мухаммад, 1987: 408).

Әбу Насыр әл-Фарабидың ой-толғамдарындағы рух, жан, тән, ақыл, жүрек ұғымдары да діни мәгіндермен мазмұндасып, сабақтасып жатыр деуге толық дәлел бар. Әл-Фараби жан туралы: «Жан дегеніміз – ауаның күн сәулесіндегі сыйымды орны сияқты зерде үшін сыйымды орын» дей келе, «Егер адам: «Қалайша зерде өз мәніне ой жүгіртуі мүмкін және ақыл мен танылатын нәрсені қалайша пайымдайды?» деп



сұраса, біз: «Ол жақтағы ақылмен танылатын түс, форма сияқты денелерге тән ақылмен танылатындарға ұқсамайды» деп айтамыз. Ол жердегі ақылмен танылатындар бұл жақтағы денелік пен табиғи, сондай-ақ, элементтерден тұратын ақылмен танылатындардан бұрын пайда болған» деп түсіндіре отырып, «Жан мәртебесінде тұрған көптеген бастама себептер бар: Бұлар – аспан денелерінің жандары, ақыл-парасатты жануарлардың жандары және ақыл-парасатсыз жануарлардың жандары. Ақыл-парасатты жануарға ақыл-парасат күші, талпыну күші, қиялдау күші және түйсік күші тән. Ақыл-парасат күшінің жәрдемімен адам ғылымдар мен өнерлерді меңгереді және оның көмегімен мінез-құлықтары мен әрекеттердің жамандығынан жақсыларын ажыратады. Оның көмегімен ол нені істеу, нені жасамау керек екендігін пайымдап, сонымен бірге пайдалы мен зияндының жағымды мен жағымсыздың айырмасын танитын болады» – деп жан, тән, ақыл арасындағы тығыз қарым-қатынастарды философиялық тұрғыдан талдап түсіндіреді (Ө. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев, 2009: 656). Жақсылық пен жамандықты, пайда мен зиянды ажырата білетіндігі Осы айтылған ой-тұжырымдар Құран аяттарымен мазмұндасып, сабақтасып жатқандығын аңғарамыз. Мысал ретінде айтар болсақ, Құран аяттарында адамзат баласының нәпсісі адам баласының орындайтын жақсы-жаман істерінен кәсіп алатындығынан хабар береді. Адамның жаны (нәпсі) жамандық жолы мен ізгі, жақсылық жолын ажырата біледі. Алла тағала адамзат баласына өз тұрмыс тіршілігінде бұл екі жолды, яғни жамандық жолы мен ізгі, жақсылық жолын бірін-бірінен ажырату қабілетін берген. Егер адам баласы жамандық жолға түссе, онда оның нәпсісі (ішкі мені) бұл жолдың жамандық жолы екенін біледі. Сондай-ақ нәпсі өзі жасаған амалдарына анық көз жеткізуші. Ал егер адам баласы ізгі, жақсылық жолға түссе, онда оның нәпсісі (ішкі мені) бұл жолдық жақсылық жолы екенін біледі. Сондай-ақ нәпсі өзі жасаған амалдарына анық көз жеткізуші. Құранда: «Кісіге және оны толықтағанға, Сонда оған жамандық әрі ізгі, жақсылық қабілеті бергенге серт. Расында нәпсісін тазартқан кісі құтылды да; Әлде кім оны кірлетсе қор болды» деген мағынадағы аят кездеседі (Шәмс сүресі, 7-10-аяттар). Ал енді адам бойындағы «жүрек» концептісіне қысқаша тоқталатын болса, «жүрек»-ті араб тілінде «Қалб» (قلل) деп аталады. Әбу Насыр әл-Фараби өз шығармасында осы «қалб» сөзін қолданады. Құран мәтінінде жү-

рек – ақыл мен ұжданды да қамтып жатқан жан-жақты терең ұғым ретінде қарастырылады (Мұхаммед Али, 1983: 17). Сондай-ақ Құран мәтінінде жүректің ойланатын ағза екендігін меңзейтін аяттар бар. Мысалы, «Хаж» сүресінің 46-аятында айтылған жүрек ақылдың ісіне негізделген. Жүрек – терең ойлану, оқиғалардың бас-аяғын болжай білу; олардың себебі мен хикметін түйсіну объектісі бола алады (Мұхаммед Али, 1983: 116). Негізі мұндай тұжырым бір топ ғалымдар үшін таңсық болғанымен, қазіргі батыстық ғалымдардың зерттеулері бойынша мұның ақиқат екендігі дәлелденіп жатқан құбылыс. Шынында да Құран аяттарында «қалб» (жүрек) ұғымы – көбіне ойлану, білу, ақыл жүгірту сияқты саналы әрекеттердің орталығы ретінде баяндалады. Ақыл жүгіртудің кез келген түрі жүрекпен байланыстырылады, әрі аталмыш қызметтер, ақылдың қызметі болғандығына қарағанда, иманның орталығы деп саналған жүректің ақылмен өте тығыз қарым-қатынасы бар екендігін аңғарылады. Түйіндеп айтқанда, Құран аяттары бойынша жүрек концептісі кез келген саналы іс-әрекеттердің орталығы болған теориялық ақыл деп тұжырымдауға болады. Бұған дәлел ретінде Құрандағы: «...Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді»; [6, 7:179] «...Олар жер жүзінде кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер жүректері, естір құлақтары болса еді»; [6, 22:46]. «...Әлде олардың жүректері құлыптаулы ма?» [6, 47:24], – деген мағынадағы аяттарды келтіре отырып, сенімнің жүрек арқылы жүзеге асатын әрі растаудың мекені саналатын жүрек ақылға синоним сөз ретінде қолданылғандығын аңғаруға болады.

Құран мәтінінде әлем және әлемде болып жатқан құбылыстар жайлы ойланып-толғану, осылайша жаратқан Иенің бар және Оның бір екендігін жіті түсіну сөзсіз адам ақылына тәуелді болып келеді. Мұндай ақыл Құранда көбіне «қалб» (жүрек) ұғымымен түсіндіріледі.

Әбу Насыр әл-Фарабидің біз сөз етіп отырған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында адамның сезімі жайында сөз еткенде адамның ыстық пен суықты сезуі, ұстау арқылы сезу сияқты маңызды мәселелерді түсіндіре келе жүректің қызметіне оның басқа дене мүшелерімен қарым-қатынасын сөз етеді. Осылайша адам денесіндегі жүйелі тәртіпті мысал ретінде келтіре отырып, қоғамдағы бағынушы мен басшы арасындағы қарым-қатынасты түсіндіреді. Осы орайда, әл-Фарабидың: «Кейбір кісілер азын-аулақ қана басшылықты керек етеді, басқа бір адамдар –

көп басшылықты қажет етеді. Бірақ басшылықтың бұл екі түрі болғанның өзінде ол адам, егер сырттан итермелеуші немесе талпындырушы болмаса, үйреткен, берілген ақылдың бәрін бірдей орындай бермейді. Бұл жағдай адамдардың көпшілігіне тән нәрсе. Сондықтан ол осының бәрін үйрететін және тиісті амалдарды орындауға итермелейтін адамдарға зәру болады» – дейді (Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев, 2009: 656).

Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының да өздеріне лайық басшысы болатыны жайында сөз ете келе «қайырымды, ізгілікті қала басшысының негізгі сипаттарын талдап түсіндіреді. Қала басшысының дене бітімі, ақылды, әрі ойлау деңгейі жоғары, білімді, жан дүниесі кемшіліксіз толық болуы қажет дегенді айтқызып. Осы сипаттардың ішінде көбірек білімді болуына назар аудартады. Басшылық әл-Фарабидің ойынша, екі ерекшеліктің арқасында мүмкін болады. Біріншісі, адамның табиғатынан және жаратылысынан оған дайын болуы, екіншісі, қабілеті мен санасының, бітім-болмысының лайықтылығы, яғни, расында, ақылға және ақылдыға айналу. Әбу Насыр әл-Фараби қайырымды қаланы басқаратын басшы ақылды, дана, аса білімді, ойлау қабілеті жоғары, сондай-ақ есте сақтау қабілеті, сөздің астарын түсіне білетін, көргенін, естігенін, айтқанын ұмытпайтын және ғылым-білімге аса құштар, тез қабылдайтын, үйренуден жалықпайтын, өзінің ойын басқаларға нақты жеткізе алатын, сөзге шешен болғаны жөн деп түйіндейді. Бұларға қоса басшының өз шешімінде берік, тұрақты, орындалуы тиіс істі жасауда өзінің бар күш-жігерін сала алатын, қорықпайтын өзіне аса сенімді, өзін төмендететін істерден ұзақ, шындықты және шындықты сөйлеген кісілерді жақсы көретін, өтірікті, көз бояушылықты жақтырмайтын, ондай адамдардан бойын аулақ ұстайтын, жаратылысынан әділдікті жақтайтын, зұлымдық атаулыны жек көретін, сондай-ақ егер бір кісі әділдікке шақырса, оған бойсұнатын, ал егер зұлымдыққа, жамандыққа үгіттесе, оны жек көретін тұлға болуға тиіс дейді.

Әрине, кез келген қоғамда түрлі адамдар болатыны ақиқат. Адамдар көбіне бір-бірінен ақыл-ойына, парасатына қарай ерекшеленді. Адамзат баласының басым бөлігін нәпсі қалауы жетелейді. Олардың өмірін реттеп жүйелейтін, белгілі тәртіп пен талаптар қоятын жалпы халықтың игілігін ойлайтын, көпшіліктің ауызбіршілігін ұйымдастырып, оларды басқарып отыратын басшыны қажет екені даусыз. Бірақ барлық адам

басшылық ету қабілетіне ие бола бермейді. Бұл туралы әл-Фараби: «Басқа адамға басшылық ету әр адамның қолынан келе бермейді және тиісті әрекетті жасауға итермелеуші болу қабілеті де әрбір адамда бола бермейді. Осы нәрселердің біріне итермелеуші болуға немесе оны өзге адамға жеткізе білуге мүлдем қабілетсіз адам ешбір жағдайда басшы бола алмайды. Мұндай адам тек біреудің басшылығында болады. Ал енді бір жағдайларда басшылық етіп жетелеуші болуға және оны осы ретте пайдалануға қабілетті адам соны өздігімен істей алмайтындарға осы мәселеде басшы болады» дей келе, «Басшы бірінші басшы болуы да және екінші басшы болуы да мүмкін. Екінші басшы дегеніміз – өзіне басқа кісі басшы, ал өзі басқа бір кісіге басшы. Басшылықтың осы екі түрі белгілі бір салада жүзеге асырылады. Мысалы, ауыл шаруашылығында, саудада, медицинада...» деп түсіндіреді (Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев, 2009: 656).

Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында «қайырымды қала» тұрғындарын басқаратын басшының сипаттары жайында сөз ете келе, қайырымды қалаға кереғар ұғымда адасушы, надан халықты мысал ретінде келтіре отырып салыстырмалы түрде талдап түсіндіреді. Әл-Фарабидың түсіндіруінше кейде адасушы надан халық зұлымдықтың кереғары болған әділдікті істейтін жағдайға тап болады. Бірақ ол қалыпты өзара түсіністік деңгейінде емес, сырттан келген қандай да бір себеп-салдарға байланысты орын алады дей келе мыналарды айтады:

Біріншіден, егер басқа халықтың алдында әлсіздік танытқанда немесе одан қорыққанда; екіншіден, егер өздігінен сыртқы қарсы күшті жеңе алмағанда, бұл мәселе шешілгенге дейін әділдікті ұстанса да, бірақ кейіннен өз қалпына қайта оралады, яғни зұлымдыққа бой алдырады. Үшіншіден, егер адасушы надан халық алдыға қойған мақсат-мүддесіне басқалардың көмегінсіз жете алмағанда, негізгі мақсатына қол жеткізгенше олармен тату, әділ болады дейді. Түйіндеп айтқанда, адасушы надан халық өзінің бойында қандай да бір әлсіздік, қорқыныш, сырттан күтпеген қарсы күштің келуі, алдына қойған мақсатына жету үшін зұлымдықты тәркі етсе де, осы айтылғандар оң шешімін тапқанда олар өздерінен әлсіз халыққа зұлымдық етуін қайта жалғастырады деп сипаттайды.

Міне осылайша, екі қала тұрғындарын салыстырмалы түрде баяндай отырып, бақыт-



ты, бейбіт қоғам құру жолындағы өзінің ой-толғамдарын жеткізеді. Шынында Әбу Насыр әл-Фарабидың ой-толғамдары, айтқан философиялық тұжырымдары бүгінгі әлеумет үшін тағылымы мол мұра. Әл-Фараби: «Егер адамның өмір сүруінің мақсаты бақытқа – ең жоғары кәметке жету болса, онда адамның осы бақытқа жетуін көрсету үшін оны меңгеруге қабілетті нәрселердің бәрін алу керек» – дей келе, «...Қайырымды қаланың әрбір тұрғыны өмір сүруші нәрселердің алғашқы бастамасын, олардың бағынышты сатыларын, бақытты қайырымды қаланың басшылығын, бұл басшылықтың сатыларын, бақытқа жетуге бастайтын мақтаулы істерді біліп алуға тиіс. Бақытқа жетелейтін бұл істерді білумен ғана шектелуге болмайды, қайырымды қаланың тұрғындары оған әрекет қолданулары керек» дегені бізге үлгі-өнеге болуға тиіс. Жалпы жақсылыққа қадам басуда, өзгеруге, жан-жақты әрі рухани тұрғыдан кемелденуге деген өзімізде талпыныс пен оған лайықты іс-әрекет болуы тиіс. Қасиетті Құранда: «Расында бір қауым өздерін өзгертпейінше, Алла олардың жағдайын өзгертпейді» («Рағыз» сүресі, 11-аят) деген мағынадағы аят кездеседі. Ал «Фуссилат» сүресінің 34-ші аятында Алла тағала: **«Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде жолға сал жамандыққа қарсы жақсылық жаса»** деп бұйырады.

## Қорытынды

Осы орайда, біз сөз етіп отырған Әбу Насыр әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында екі нәрсені, яғни «қайырымды қала мен надан, пасық қала» тұрғындарын қатар қойып, оларды салыстырмалы түрде түсіндіру тәсілін қасиетті Құран тәсіліне негіздеген деген пікірді алға тартамыз.

Себебі, Әбу Насыр әл-Фарабидың Құран мәтінімен оның тәсілдерімен жақыннан таныс болғаны талас тудырмайды. Құран мәтінінде халал-харам, жақсылық пен жамандық, дос пен дұшпан, имандылық пен күпірлік, шындық пен өтірік, жұмақ пен тозақ, осы дүние мен о дүние сияқты тағы басқа көптеген ұғымдар салыстырмалы түрде талдауға түседі. Мұның пайдасы мен зияны адамзат баласына үлгі-өнеге ретінде ұсынылады.

Қорыта айтқанда, Әбу Насыр әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты шығармасында қоғамдағы тұрғындардың қал-жағдайын реттеу, бағынушы мен басшы арасындағы қарым-қатынастар діни мәтіндер, Құран аяттары аясында түсіндіріледі. Айтылған ой-тұжырымдардың бәрі де адам мәселесі төңірегінде тоғысып, діни мәтіндермен ұштасатын идеялармен өріледі. Олай болса, Әбу Насыр әл-Фарабидың шығармалары діни мәтіндер аясында алдағы уақытта әлі де тереңірек ғылыми талдау жасауды қажет ететіндігін аңғартады.

## Әдебиеттер

- Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мұддатихә. қолжазба.  
 Әбу Насыр Әл-Фараби. «Китаб әл-Милләһ уа нусус ухра». Таққиқ. Мұхсин Маһди. II-басылым. Дарул-Машриқ. Бейрут. 1991ж.  
 Әл-Фараби. II том. 404 б.  
 Шығыс философиясы: оқу құралы. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 480 б.  
 Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. (1 бөлім). – Астана: ТОО «Лотос-Астана», 2007. – 46 б.  
 Халифа Алтай. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. – Алматы, 2000. – 476 б.  
 Сейтахметова Н.Л. Абу Наср Аль-Фараби об отношении философии и религии. Современность: мир мнений // Философский альманах. – 1998. – №2  
 Әл-Фараби. Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. – 2012. – №4(40). – 16 б.  
 Әбу Шәһәбәһ Мухаммад. Әл-мадхал ли дирасатул-Куранил-Карим. Эр-Рияд. Дәрул-лиуа. III том. 536 б. 1987ж.  
 Мұхаммед Али. Мәһумул-ақл уәл-калб фил-Куран уәс-сунна. – Бейрут, 1983.  
 Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 бет. (409 бетте)

## References

- Mábádi ara áhl ál-madina ál-fadilá ya múdadatihá. qoljazba.  
 Ábý Nasyr Ál-Farabi. «Kitab ál-Milláh ya nýsýs ýhra». Taqqiq. Mýhsin Mahdi. II- basylım. Darýl-Mashriq. Beirýt. 1991j.  
 Ál-Farabi. II tom. 404 b.  
 Shygys filosofuasy. Oqý quraly. Almaty: «Jazýshy», 2009.- 480 b.

- Ábý Nasyr ál-Farabı. 10 tomдық shyǵarmalar jınaǵy. 4-tom. Áleýmettik filosofıa. Etika. Estetika. (1 bólim) Astana: TOO «Lotos – Astana», 2007. – 46 b.
- Halıfa Altaı. Qurań Kárim qazaqsha maǵyna jáne túsinigi. Almaty, 2000. – 476 b.
- Seitahmetova N.L. Abý Nasr Al-Farabı ob otnoshenii filosofii i religii. Sovremennost: mir mnenu // Filosofskii almanah. 1998. – №2
- Ál-Farabı. Filosofıalyq-saiasattanylyq jáne rýhanı-tanymdyq jýrnal. – 2012. -№4(40). 16 b.
- Ábý Sháhábáh Mýhammad. Ál-madhal lı dirasatýl-Qýranıl-Karım. Ár-Rııad. Dárýl-lıya. III tom. 536b.1987j.
- Muhammed Alı. Máhýmýl-akl ýál-kalb fil-Kýran ýás-sýnna, Báırýt 1983.
- Abu Nasr al-Farabi. Tandamaly traktattary/ Kurast: Selected treatises / Composer: A. Nysanbayev, G. Kurmangaliyeva, Zh.Sandybaev. - Almaty: «Arys» publishing house, 2009. -656 pages. (See page 409)

**Makangali B.**

PhD candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: makangali@gmail.com

**MODERN SECURITY STUDIES AND IMPLEMENTATION OF  
THEORETICAL EXPERIENCE IN THE GULF REGION**

This article discusses the development of Security Studies and problems associated with the implementation of theoretical experience outside the spread of Western culture, since modern Security Studies are basically built on a Euro-American political culture. In this connection, scientists who study eastern countries, including the Islamic world, often face the problem that existing theories do not always work. This is related to the phenomenon of concept malformation, which was described by the well-known political scientist of the Florentine school of political studies, Giovanni Sartori. Within his theory, the simple implementation of Western concepts in the East leads to a distortion of the results. Scientists propose two ways to solve this problem, which are connected with the search for alternative theories or with the adaptation of existing theories within the region under study.

**Key words:** Security Studies, security, Concept Malformation, theories, Islamic theory of international relations.

Мақанғали Б.Қ.

PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: makangali@gmail.com

**Заманауи қауіпсіздік зерттеулер және Шығанақ аймағында теориялық  
тәжірибені қолдану мәселелері**

Бұл мақалада қазіргі қауіпсіздік бойынша зерттеулердегі мәселелер қарастырылады. Оның ішінде батыс елдерден тыс аймақтарда теориялық тәжірибе қолдану мәселесі көтерілді. Себебі заманауи қауіпсіздік бойынша зерттеулердің негізі Еуропа мен Американың саяси негіздеріне сүйініп дамыған. Сондықтан бұл теориялар Шығыс өңірлерде қолдануға келмейтініне көз жеткізуге болады. Бұның себептерін Флоренция саяси мектебінің көрнекті өкілі Джованни Сартори концептердің бұрмалауымен байланыстырады. Сартори тұжырымы бойынша батыс мәдениеті, тарихы мен философиясы төңірегінде жасалған терминология Шығыстағы жаңа құбылыстардың қыр-сырларын аша алмайды, керісінше қателіктерге әкеледі. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін зерттеушілер екі шешім ұсынады. Біріншіден жергілікті теорияларды дамыту, екіншіден батыс теорияларды жергілікті жағдайына сәйкестіріп қолдану.

**Түйін сөздер:** қауіпсіздік бойынша зерттеулер, қауіпсіздік, концепт бұрмалауы, теориялар, халықаралық қатынастардың ислам теориясы.

Маканғали Б.К.

PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: makangali@gmail.com

**Современные исследования в области безопасности  
и вопросы имплементации теоретического опыта в регионе Залива**

В данной статье рассматривается вопрос развития исследований в области безопасности и проблемы, связанные с имплементацией теоретического опыта вне распространения западной культуры, так как современные исследования безопасности в своей основе построены на евро-американской политической культуре. В связи с этим зачастую ученые, изучающие восточные

страны, в том числе исламского мира, сталкиваются с проблемой того, что имеющиеся теории не всегда работают. Это связано с таким явлением, как искажение концептов, которое описал известный политолог флорентийской школы политических исследований Джованни Сартори. В рамках его теории простая имплементация западных концептов на Востоке приводит к искажению конечных результатов. Ученые предлагают два пути решения данной проблемы, которые связаны либо с поиском альтернативных теорий, либо с адаптацией имеющихся теорий в рамках изучаемого региона.

**Ключевые слова:** исследования в области безопасности, безопасность, искажение концептов, теории, исламская теория международных отношений.

## Introduction

Security is one of the fundamental and central categories of international relations (IR), and the study of security issues is considered the most important area of this scientific discipline. In turn, ensuring security is the dominant imperative of the policy of the absolute majority of states of the world, the key to their stability, development and prosperity.

The study of security in IR deals with such a scientific area as *Security Studies*. Also often in the scientific literature, the direction is called as *International Security Studies*, *Strategic Studies*, *Peace Research*, etc. It is believed that initially, this direction was independent, but rather quickly absorbed by international relations. (Buzan, Hansen 2009: 1) The issue of security became the leitmotif of the formation of international relations as a scientific discipline after the First World War (1914-1918). Since this was the world's first global scale conflict with colossal human casualties, the widespread use of new technological developments, the acts of using chemical weapons as weapons of mass destruction (WMD), etc. According to its results, the governments of the world powers, leading political figures, various researchers sought to comprehend these events in order to prevent their repetition in the future. (Collins 2009: 2) Therefore, researchers agree that the issue of security has become the most important reason for the formation of a new discipline political science.

Despite the steps taken by the world community after the First World War, the established system of international relations could not form a safe world, as the even more terrifying and tragic Second World War (1939-1945) flared up. In many ways, the failure of the system was due to differences in security approaches between Continental Europe, historically oriented to collective action in the military field, and between the Anglo-American approaches, originating from a culture of deterrence. The result of the Second World War was the creation of a new world order, where the issue of

security reached a new level. The main instrument for achieving international security was to be the United Nations (UN), created in 1945. Its creators in the preamble of the Charter of the organization stressed that the motive for integration is the desire to join forces in maintaining international peace and security. (Charter of the United Nations)

The world once again plunged into war, but of a different nature, which consisted in the confrontation of two blocks (systems) based on the ideological antagonism of the two superpowers of the USA and the USSR. This war was called the Cold War. On the other hand, these events have become a dividing line for Security Studies. According to B. Buzan and L. Hansen, works on security before 1945 can largely be described as military studies, military strategies or geopolitics. These include such famous authors as Clausewitz, Mahan, Richardson, and Haushofer. (Buzan, Hansen 2009: 1)

The cold war dictated its conditions. New elements began to be added to traditional military issues, in particular due to the sharp increase in the number of nuclear weapons in the world and strategic forces. Enhancing the security of some increased the threat to others. This situation led to "unsustainable stability" in the world, the persistence of which was always in doubt. (Lipschutz 1995: 11) It was during this period that the main research schools and the main approaches to the study of security emerged. In general, there was a qualitative and quantitative evolution of the scientific direction. New research has become more extensive, not only military, but also some non-military threats were covered, and security as a whole, and not just the issue of defense or war, became the key concept. But perceptions of each other in the West and the USSR as an existential threat created pressure on the international security agenda, leaving the military component as the main imperative. We would like to note that the development of the theories of international relations (IRT) in the XX century, in the first place, is connected with the research of Western scientists. As in the Soviet Union, world politics was viewed through the prism of the Marxist-Leninist

ideology of confrontation between the progressive communist world and the aggressive policies of Western imperialism. Therefore, the theorization of current international processes lagged significantly behind the work of western researchers.

Alternative Security Studies, including constructivist, critical, feminist, and others, began to gain great popularity in the scientific community during the Cold War era. The intellectual demand for new approaches is associated with the expansion and deepening of the most complex processes in the world: the erosion of state sovereignty; globalization; digitalization of information and an increase in the speed of its transmission; cultural-civilization and religious-confessional faults; strengthening non-state actors in international politics and much more. New types of threats, which often had a non-military character, began to play an increasingly important role in the world. Therefore, debates and discussions about the concept of “security” began to grow in the research environment, namely, the primacy of the security object. Should this be the entire international system or only nation states, or the “West” and individual communities, etc. (Lipschutz 1995:1)

In the context of this debate, Security Studies began to shape their modern structure. Such a width and depth of the research field, although indicating a sustainable development of the scientific field, but on the other hand, also points to the evolution of traditional problems and the intensification of new types of threats.

### What is security?

Studying the scientific literature, one has to state that among researchers there is no consensus about the semantics of the term “security”. Many authors believe that in modern science “security” has the character of multidimensionality, and also call the term “subjective and elastic”. (Williams P.D., McDonald M. 2018:1) This creates a number of conceptual problems, since it does not introduce a clear definition. According to Logunov A.B. is in such a situation that *“since social problems can be viewed from the point of view of various sciences, methodologies, schools and personal bias, then this “inexhaustibility” of this concept arises”*. (Logunov 2015: 7)

Specialists identify several key components of security, this is an “object” (who needs security), “subject” (who provides security) and “activity” (how security is ensured). In modern scientific thought and in world practice, it is considered traditional that the state is the main object of

security. This is due to the peculiarity of the creation and development of the Westphalia political system of the world. Where any state since its inception set the main task of preserving its own sovereignty, which was understood to prevent external aggression. However, with the end of the Cold War, scientists began to revise these basic settings and make adjustments. If we consider security in the framework of modern IRT, then it is natural to regard the state as the main “object”, which is still the main actor of world politics in the understanding of most researchers. In this case, the “subject” will be the legitimate leadership of the country, as an authorized body. States have interests shaped by objective needs, in particular self-preservation and development. The protection of these interests by all available means and methods is the “activity” of the subject. However, various conditions and factors hindering the implementation of the interests of the subject are perceived as security threats. (Logunov 2015: 8-10) In the early stages of the development of IRT, security and the satisfaction of interests were considered only within the framework of increasing state influence through the growth of military power or “hard power”. (Lebedeva 2014: 117) However, the role of “soft power”, built on increasing the country’s authority based on culture, sympathy, etc. The concept of combining “hard power” and “soft power” in international relations is called “smart power”. (Nye 2011)

Among the security definitions that modern researchers use, there are both general interpretations and narrower ones. For example, the majority of researchers in international relations, speaking of the term “security”, have in mind “the alleviation of threats to cherished values”. (Williams P.D., McDonald M. 2018: 1) What is essentially a more flexible version of one of the early interpretations of “security” «the absence of threats to acquired values, in a subjective sense, the absence of fear that such values will be attacked» that A. Wolfers gave in 1952. (Wolfers 1952: 485) Scientists specializing in Security Studies give narrower definitions, which often depend on the theoretical orientation of the researcher. At the same time, in the works of the Cold War period, the concept of “security” was generally perceived as a defense against external aggression and war. As can be seen in the work of I. Bellany “Security itself is relative freedom from war ...”. (Bellany 1981: 102) In addition, for example, G. Luciani in his research says that security is the ability to resist aggression from the outside. (Luciani 1989: 151) The majority of specialists of that era followed this question. In the post-Cold



War studies, there is an attempt to take into account new trends and go beyond the boundaries of the problems of war and peace in international relations. So Edward A. Kolodziej writes: *“Security... implies both coercive means to check an aggressor and all manner of persuasion, bolstered by the prospect of mutually shared benefits, to transform hostility into cooperation”*. (Kolodziej 2005: 25) Moreover, here is a well-known specialist, Mohammed Ayoob writes: *“Security-insecurity is defined in relation to vulnerabilities – both internal and external – that threaten or have the potential to bring down or weaken state structures, both territorial and institutional, and governing regimes”*. (Ayoob 1995: 9) The treatment of Mohammed Ayoob gives an understanding not only of the essence of security, but also affects the very important state of “insecurity”. In our opinion, with respect to this study, taking into account all the specifics of the region studied, his definition is the most appropriate.

However, the period after the Cold War reformatted not only the world order and the system of International Relations, but Security Studies. Other aspects of safety have begun to gain increasing relevance, which has created difficulties for traditional research methods. Therefore, in the 1990s, representatives of the Copenhagen School of Security, in order to cover a wider range of industries in Security Studies, suggested reconsidering the existing approaches, since some new areas of problems were fundamentally different from military-political threats. They divided the subjects of study into different sectors according to the spheres of public life: military, environmental, economic, social and political, which allows improving the perception of problems and improving the level of their analysis. (Buzan et. al. 1998: 195-213) The approach was more systematic and structured. At the same time, a security separation approach has been established in security studies, depending on the spheres of public life. There are such types of security as political, military, economic, environmental, social, informational, food and others. In turn, according to their characteristics, security types can now be classified as “hard security” (for example, military security) and “soft security” (economic, environmental, cultural security, etc.).

### **Theoretical Approach Map of Security Studies**

Security research over the last century has evolved within the discipline of IR. Therefore, the theoretical part of Security Studies is synchronized with IRT. It can be said that the majority of security

researchers offer their theoretical and methodological developments within the framework of the IRT paradigm. Scientists identify four paradigms: realism, liberalism, globalism, and postpositivism. Paradigms offer a certain set of basic principles and attitudes, within which theories of the general, middle, private level and approaches are developed in the future.

*Realism* as a paradigm is rightfully considered the foundation of the entire scientific discipline of the IR. Realists require the most accurate and “realistic” to describe international relations, that is, to study what is happening in reality and not the abstract possible in the future. (Lebedeva 2014: 23) In addition, to focus on the analysis of what states are doing and not that declare. The sources of realism, asserted by realists, can be found in the ancient works of ancient Greece, Rome, India and China. (Jensen, M.A., Elman 2018: 19) In the 20th century, by focusing on elements such as security, war and peace, strength and power, international anarchy, led to the long dominance of the realistic paradigm in world politics. (Glaser 2009: 16) Moreover, it is necessary to emphasize that no paradigm of IRT pays more attention to security than realism, which puts it as the main motivation of the state. (Baldwin 1997: 21)

Realism has two main variations that have emerged one after the other during the twentieth century. The first kind of realism is associated with the works of such scientists as E.H. Carr and G. Morgenthau, who defended their views on the study of international relations in debates with supporters of liberalism. (Quinn 2018: 71-72) Although the concepts of liberalism in IR were formed earlier by realism, however, a realistic paradigm emerged from the activities of G. Morgenthau took it up, because the ideas of the realists were based on more understandable and close to that time basics. The second kind of realism is associated with the name of an American political scientist Kenneth Waltz. He criticized and disavowed many of the ideas of realism, which were formed by his predecessors, including Morgenthau. First, his criticism was addressed to the approach of Morgenthau and his followers, who, studying the early actions of various countries, tried to determine the universal behavioral laws of states and their political leaders. However, according to Waltz, in view of the different characteristics of states, it is advisable to develop a structure that would explain the actions of states (for example, war or peace). Ideas formed in realism before Waltz received the name of classical realism, while the thoughts of Waltz himself came

to be called structural realism or neo-realism. (Quinn 2018: 72) Subsequently, researchers, also rethinking the ideas of both Morgenthau and Waltz, developed other variations of realism such as defensive structural realism, offensive structural realism, the theory of rise and fall, neoclassical realism, etc. At the same time, each direction is characterized by the active use of individual theories, such as the balance of power, the dilemma of security, hegemonic stability, etc. In general, such an abundance of variations within a single paradigm creates disagreements even on a number of key conceptual points of realism, for example, issues of interstate cooperation. However, in most basic aspects of the paradigm, the realists are one. For example, the nature of the international system in realism is characterized by anarchy. Realists see the reason for this in the absence of an international sovereign (authority) guaranteeing the observance of international order, agreements and obligations, and as an arbitrator who prevents the unreasonable use of military force. However, anarchy does not mean the chaos of the international system. The realistic paradigm considers the state as the main actor in international relations. At the same time focusing on the overall structure of the international system, without going into details, in the internal issues of individual countries. Realists consider states as rational actors who make decisions based on their capabilities, taking into account the motives of other states and pursuing national interests. (Glaser 2009: 16-17) Accurately following national interests is a feature of realism and one of the most important elements of the paradigm. Moreover, G. Morgenthau makes it the main category, but noting that the content of “national interests” may vary over time. (Morgenthau 1967) In the understanding of the absolute majority of realists, “force” is one of the most important category and determining factor of the international environment. This results from the anarchic state of the world system, when each state is only able to ensure its own security by building up military power. Therefore, in this process, resources play the most important role: wealth, population, intellectual and technical potential, etc. Nevertheless, the struggle for resources realists explains the nature of war. Although for Waltz, war is associated with an uneven distribution of power in the international system. (Konyshev 2004: 333) In general, at the macro level, realists try to explain the choice of the state’s security strategy, which may be in a model of competitiveness or cooperation. Under the competition means security approaches through the creation of a strong army, the search

ской истории отмечается ряд повелительниц, которые, в отличие от аль-Хайзуран и Зубейды, управляли государством во времена Арабского халифата. Султана Шаджарат ад-Дур (в некоторых источниках Шаджар аль-Дур) – первая повелительница средневекового мусульманского Египта. (Матти Муса (Matti Moosa) считает ее первой повелительницей в истории ислама (Moosa, 1997). Однако до Шаджарат ад-Дур в мусульманском мире, кроме Султаны Разии бинт Ильтутмиш (1236-1240 гг.), в Индии были еще аль-Малика аль-Ура Аруа ас-Сулейхи (ум. в 1138), Ситт аль-Мульк и Инандж Хатун. Рабыня Шаджарат ад-Дур тюркского происхождения была доставлена в гарем султана ас-Салиха II из династии Айюбидов, правящего Египтом (1240-1249 гг.), где стала его фавориткой, затем его второй женой и матерью эмира Халила, прожившего совсем недолго. Уже будучи супругой султана, она участвовала в политической жизни государства и порой принимала решения в его отсутствие. Шаджарат ад-Дур с арабского «شجرة الدر» (в переводе на английский «tree of pearls» и на русский «жемчужное дерево») официально пришла к власти как «султана» 2 мая 1250 года – вдовой Султана ас-Салиха II, и сумела править государством лишь 80 дней. Во время крестового похода она сумела скрыть как тяжелое состояние здоровья султана, так и его дальнейшую смерть до приезда эмира Тураншаха – сына покойного ас-Салиха II, опасаясь внутренней смуты и внешнего набега, и продолжала издавать приказы от имени султана. Позволил бы султан, будучи в здравом уме, своей супруге управлять государством, нарушая при этом исламские каноны и традиции, сформировавшиеся веками? Скорее нет, но тем не менее, благодаря ее острому уму и безупречным навыкам в военном деле, она сумела победить французов в крестовом походе, что в дальнейшем повлияло на ее избрание в качестве повелительницы. «Оксфордская энциклопедия женщин в мировой истории» («Oxford Encyclopedia of Women in World History») отметила Шаджарат ад-Дур как «самую знаменитую повелительницу среди мусульманок в средние века» (Ed. Smith, 2008).

Ее трехмесячное правление стало значимым событием для Египта, во-первых, – приход к власти первой женщины-правителя, во-вторых, – победа над королем Франции Людовиком IX в 1249-1250 гг., в-третьих, – окончание правления Айюбидов и начало правления Мамлюков. Таким образом, Шаджарат ад-Дур завершила историю династии Айюбидов. Она славилась не

только красотой, умом и красивым голосом, но и военными, политическими и дипломатическими навыками, присущими сильным правителям государства. Короткий период ее правления – результат не ее неспособности в управлении государством, а ее «женского бытия». После смерти супруга – египетского султана ас-Салиха II – она отправила письмо своему пасынку Туран шаху, которого вскоре и возвела на престол. Султан Тураншах был свергнут мамлюками, и те (мамлюки) избрали Шаджарат ад-Дур султаной (слово «سلطان» султан, с добавлением «ة» окончания женского рода мамлюки образовали «سلطانة» досл. султанша, султана, хотя его нет в арабском языке) мамлюкского государства. Правление женщины не получило поддержки со стороны халифа и айюбидов в Сирии, что послужило причиной ее замужества: в том же 1250 году Шаджарат ад-Дур вышла замуж за главнокомандующего войсками мамлюков Айбека. Однако она продолжала участвовать в политической жизни страны. Желание султана Айбека жениться на другой женщине повлекло за собой последствия, сказавшиеся на дальнейшей судьбе султаны. Султан был убит по поручению ревнивой Шаджарат ад-Дур, которая вскоре была арестована мамлюками. Через несколько дней ее тело было найдено в цитадели Каира, а вскоре султана Шаджарат ад-Дур была похоронена в своем мавзолее. Сохранившаяся в Британском музее монета с ее именем как рабыня халифа аль-Мустасима, рабыня ее супруга султана ас-Салиха, мать эмира аль-Мансура аль-Халила, а также чтение хутбы с упоминанием ее имени во время пятничных молитв указывают на ее официальный статус – правителя государства. Несмотря на ее пол и кратковременную власть, чеканка монет и упоминание имени перед каждой пятничной молитвой являются показателями правителя государства.

Что касается трех правительниц – Сондок, Чиндок и Чинсонг – в средневековой Корее, а именно в Силле, то их назначение стало неким исключением в истории страны, стало тем, чего не было в государствах Когурё и Пэкче. Аристократическая система рангов, глубоко проникшая в систему управления в Силле, отклоняла любую возможность правления кого-либо не из аристократического клана, то есть настолько гендерное различие было важным, насколько важной была принадлежность наследника или наследницы к священной кости. Так первая королева Сондок (Sôndôk, 632-647 гг.) после правления ее отца Чинпхёна (Chinp'yông, 579-

632 гг.) правила государством в течение 15-и лет. По сравнению с правлением Шаджарат ад-Дур, властвовала королева Сондок на шесть веков раньше, и у нее было достаточно времени показать себя в качестве правителя государства. С. Ким (Sueyun Kim) применяет титул «Wang» → «Sôndôk Wang» (в переводе на английский «King Sôndôk» и на русский «король Сондок»), а не «Queen» (королева), так как в период правления использовался именно первый титул, а второй используется для доступности по западной традиции (Kim, 2006: 1). После Сондок на трон села ее двоюродная сестра Чиндок (647-654 гг.), а через два столетия королева Чинсонг (887-897 гг.).

Конфликт между тремя государствами – Силлой, Когурё и Пэкче, а также натянутые отношения Силлы с династией Тан были и до прихода к власти Сондок. Пэкче и Когурё вместе собирались уничтожить Силлу, и первое сражение против Силлы закончилось их поражением. Королева Сондок, с целью укрепить позиции и оборону государства, стала просить поддержку династии Тан. Период Сондок характеризуется, в первую очередь, развитием отношений между Силлой и Китаем. В стране активно стал распространяться буддизм, кроме того, как последовательница буддизма, она построила ряд буддийских храмов, некоторые – Пунхванг (Punhwang-sa) и Хванньонг (Hwangnyong-sa) – существуют и по сей день. В 634 году королева Сондок построила в г. Кёнджу одну из старейших обсерваторий – Чхомсондэ. Сондок уделяла внимание не только внешней политике государства, но и внутренней. Ее сильно волновали уровень жизни населения и его повышение, образование молодежи. В 647 году под руководством Пидамы представители старой аристократии, не поддерживавшие власть женщины, устроили мятеж, пытаясь захватить трон. Мятеж был подавлен, Пидама и его последователей казнили. 8 января 647 года 27-ой правитель Силлы Сондок умерла от болезни, и на престол взошла ее двоюродная сестра Чиндок. Несмотря на тесные отношения с Китаем, а также проникновение буддизма и его распространение по всей территории Силлы, Сондок сумела сохранить идентичность государства, его традиции и обычаи.

Как и Шаджарат ад-Дур, королева Сондок обладала высоким интеллектом. Императором Тайзонг (Taizong, 598-649 гг.) из династии Тан в Силлу была отправлена картина с изображением пионов и семени этого цветка. Сондок (в то время Токман), взглянув на пионы, сказала:



«Цветы красивы, но не пахнут» и объяснила это «отсутствием бабочек или пчел на картине», а интерпретация была следующей: «Если женщина красивая (в данном случае, цветок), то мужчины (в данном случае, пчелы или бабочки) околачиваются вокруг нее. Таким образом китайский император хотел показать одиночество будущей королевы, а умение расшифровать послание императора подтвердило ее острый ум и наблюдательность. Вторым примером интеллекта Сондок стал случай, связанный с поражением армии Пэкче в Онмунджи в 662 году. Участившееся и нескончаемое кваканье лягушек для Сондок предвещало что-то плохое, и она, ссылаясь на свою интуицию, отправила армию в 2000 человек лишь для разведки, в результате отряд противника был полностью поражен и уничтожен. И последним – третьим предсказанием королевы Сондок – стало определение даты ее смерти и места захоронения. В отличие от периода правления Шаджарат ад-Дур, пери-

од правления Сондок зафиксирован в «Самсук саги» (Samguksagi) – исторических записях периода «Трех государств», составленных на китайском языке под руководством придворного историка Ким Бу-Сика (KimPu-sik) в 1145 году, и в «Самгук юса» (Samgukyusa) – хрониках трех государств, собрании преданий, легенд, жизнеописаний, составленных в 1285 году буддийским монахом Ирёном (Iryōnin). Соответственно, строительство буддийских храмов, отправление молодежи в Китай для получения образования, запрос на поддержку со стороны династии Тан и другие факты изложены в «Самгук саги», а вышеуказанные три предсказания королевы Сондок взяты из «Самгук юсы».

Конфликтная ситуация между тремя государствами нашла свое продолжение и при Сондок. Впервые принятый в 535 году буддизм широко распространился в Силле, и Силла стала последним государством, принявшим его официально на государственном уровне.



Мавзолей, построенный Шаджарат ад-Дур



Монета Шаджарат ад-Дур



Обсерватория, построенная Сондок



Храм, построенный Сондок



## Заключение

Таким образом, буддизм, представленный в Корее в IV веке, стал первой основной религией – религией государства в VI веке. Более того, именно в Корее он (буддизм) успешно «влился» в местный шаманизм. Буддизм, в отличие от конфуцианства, роль которого и по сей день отражена в культурных традициях корейского общества, не считал правление женщины чем-то неправильным. Однако в отношении женщин буддизм, как и ислам, придерживался определенных принципов. К примеру, она (женщина) не могла быть Брахмой, Индрой и Буддой, то есть обе религии не рассматривали женщину как священнослужителя, так же как в исламе нет пророков или имамов-женщин. Однако статус женщины в буддийской Корее сравнительно был выше, чем в других азиатских государствах, причина чего не совсем ясна. Конфуцианство как религия государства существовало на протяжении шести веков (1336-1910), полностью отличаясь от предыдущей религии – буддизма, плотно

закрепилось в истории, культуре, а его влияние ощущается и по сей день.

Экономическое развитие, географическое расположение, климатические условия, старые традиции, новые культурные тренды и другие факторы повлияли на формирование двух обществ. Однако в формировании и развитии как средневекового Египта, так и Кореи религия сыграла значительную роль.

Статус женщины в средневековье определялся, в первую очередь, политико-религиозным фактором. Ислам в арабском халифате и буддизм в государстве Силла по-разному рассматривали роль женщины в государстве и обществе. Отсутствие наследника стало основной причиной унаследования трона султаной Шаджарат ад-Дур в XIII веке в Египте и королевой Сондок в VII веке в Корее. Обе остались в истории двух стран первыми женщинами-государями, которые успели за свое правление одержать победу в сражении, передать трон, оставить после себя архитектурные памятники, сохранившиеся и по сей день.

## Литература

- Imam Ahmed Moxammed Ali. A study on women's status and well-being in Egypt as compared to women in Korea. Dissertation thesis. Seoul: Konkuk university, 2004
- Барбар Мохаммад Абдел-Рахим. Женщина в арабской культуре: Дис. ... канд. на соис. уч.степ. канд. культурологии: 24.00.01. – СПб.: СПбГУ культуры и искусств, 2006.
- Matti Moosa. The origins of Modern Arabic fiction. UK: Lynne Rienner Publishers, 1997.
- Oxford Encyclopedia of Women in World History. T. 1. Editor Bonnie G.Smith. Oxford University Press, 2008
- Sueyun Kim. Tracing the Relationship between Queen Sondok of Silla and Buddhism. Thesis. Korea: the Academy of Korean studies, 2006
- Women of Korea. A history from Ancient Times to 1945. Edited and translated by Yung-Chung Kim. Seoul: Ewha Womens University Press, 1977
- Samguk Yusa. Legends and history of the three Kingdoms of Ancient Korea. Seoul: Yonsei University Press, 1972.

## References

- Imam Axmed Moxammed Ali. A study on women's status and well-being in Egypt as compared to women in Korea. Dissertation thesis. Seoul: Konkuk university, 2004
- Barbar Mohammad Abdel-Rahim. Zhenshhina v arabskoy kulture: dis. ... kand. na sois. uch.step. kand. kulturologii: 24.00.01. – spb.: spbgu kultura i iskusstv, 2006
- Matti Moosa. The origins of Modern Arabic fiction. UK: Lynne Rienner Publishers, 1997
- Oxford Encyclopedia of Women in World History. T. 1. Editor Bonnie G.Smith. Oxford University Press, 2008
- Sueyun Kim. Tracing the Relationship between Queen Sondok of Silla and Buddhism. Thesis. Korea: the Academy of Korean studies, 2006
- Women of Korea. A history from Ancient Times to 1945. Edited and translated by Yung-Chung Kim. Seoul: Ewha Womens University Press, 1977
- Samguk Yusa. Legends and history of the three Kingdoms of Ancient Korea. Seoul: Yonsei University Press, 1972.

**Әбдіхалық А.Е.**

докторант, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: nur-kazakhstan@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ РӘСІМІНІҢ ШЫҒЫСТЫҚ-ҰЛТТЫҚ  
САНА МЕН РУХАНИЯТ АРАСЫНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Бұл мақалада Қазақстан тарихындағы Ресей патшалығы тұсындағы қажылық мәселесіне қатысты архив деректеріндегі кейбір құжаттар талқыға түседі. XIX-XX ғасырлардағы қажылық мәселесі және оның рухани құндылығы, діни сананы қалыптастырудағы орны туралы баяндалады. Алдағы зерттеулерге бағыт-бағдар сілтейді. Қажылыққа қатысты маңызды мәселелерге тоқталып, оған талдау жасалады.

**Түйін сөздер:** қажылық, шығыстық, ұлттық сана, руханият, құқықтық мазһабтар.

Abdikhalyk A.E.

Doctoral student, Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak",  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nur-kazakhstan@mail.ru

**The practical value of pilgrimage rituals between the eastern national  
self-consciousness and spirituality in Kazakhstan**

This article discusses some documents from the sources of the archive relating to the Hajj in the history of Kazakhstan under the rule of Tsarist Russia. The spiritual value of the Hajj and its role in the creation of religious consciousness in the XIX-XX centuries are discussed. In addition, this article can serve as the beginning for the following research. The article focuses on the analysis of important issues about Hajj.

**Key words:** pilgrimage, Eastern, national consciousness, spirituality, legal madhhabs.

Абдихалық А.Е.

докторант, Египетский университет Исламской культуры «Нур-Мубарак»,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nur-kazakhstan@mail.ru

**Практическая ценность ритуалов паломничества между восточным  
национальным самосознанием и духовностью в Казахстане**

В этой статье рассматриваются некоторые документы из источников архива, касающиеся хаджа в истории Казахстана при власти Царской России. Обсуждается духовная ценность хаджа и его роль в создании религиозного самосознания в XIX-XX веках. Данная статья может служить началом для следующих исследований. В статье делается акцент на анализе важных вопросов о хадже.

**Ключевые слова:** паломничество, национальное самосознание, духовность, правовые мазһабы.

**Кіріспе**

Қазақстандағы қажылық мәселесі, оның тарих толқынындағы белестері мен халықтың рухани болмысы, діни дүниетанымы жайында сөз

еткенде бұл тақырыпты ең алдымен жалпылама Орта Азия халықтарымен бірге жағрапиялық тұрғыдан қарастыру маңызды. Себебі, қажылық міндетін өтейтін қасиетті орын – Мекке, Мәдина қалалары Орта Азия елдерінен ұзақ қашық-

тықта орналасқандықтан барар жолы бір болып, Орта Азиядағы түркі халықтарының бір-бірімен тоғысатын, бас қосып бірін-бірі түсіне алатын, ортақ құндылықтардың, діни түсініктің бірігіп, бүтінделіп кететіндігімен ерекшеленеді.

Негізі қажылық міндетін өтеуге дүниенің төрт бұрышынан ислам дінін ұстанатын, түрлі ұлт пен ұлыстардан тұратын мұсылман үмбеті бір жерге белгілі бір уақыт аралығында бас қосатыны белгілі. Түрлі ұзақ-жақын жерлерден алғаш рет қасиетті орындарға аяқ басып тұрған мұсылман үмбетінің көпшілік арасында өзін-өзі қалай ұстау керектігі, тілдік-діни коммуникациялық дискурсы, жеке гигиеналық тазалық мәселесі, қажылық міндеттерін өтеу кезінде талаптарға сай жүріп-тұруы сияқты көптеген өзекті мәселелер күн тәртібіне шығады.

Тақырыпқа сай көп ұзақ тарихи кезеңге кері шегінбесек те, XVIII-XIX ғасырлардағы Орта Азиядағы, оның ішінде Қазақстандағы саяси, діни әлеуметтік мәселелер сан құбылып, қиынқыстау сипаттағы оқиғалармен өріліп жатқандығы белгілі. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарих толқынындағы осы бір кезең Қазақ хандарының, билеушілерінің басым бөлігі Ресей империясына амалсыз ерік беріп, оған тәуелді бола бастауымен ерекшеленеді. Мұны арнайы сөз етіп отыруымыздың екі себебі бар. Біріншісі Орта Азиядағы барша түркі халықтарының Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы бас көтерулері тікелей болмаса да рухани күш, жігер мен үміт сыйлайтын, табан тірейтін негізгі факторы – діни сенім, мұсылмандық дүниетаным болғаны ақиқат. Осы тұста тағы бір айтатын маңызды мәселе Орта Азия халықтарының арасынан шыққан діни тұлғалар, ел басқарған хандар біртіндеп биліктен шеттетіліп, оқшаулатылса, енді бір тобы тіпті басқа елдерге бас сауғалап жер ауып кетулеріне мәжбір болды. Олар сыртта жүрсе де өз елдеріндегі отарлаудың зардаптарын, жергілікті қарапайым халықтың хал-жағдайларынан аз-көп хабардар болып, мүмкіндігінше діни ұстанымдарды басшылыққа ала отырып түркі халықтарының рухани, діни бірлігін нығайтуға атсалысты. Әртүрлі мазмұндағы шағын еңбектерді жазып, таратуға осы арқылы өздерінің мұсылмандық бірлік идеясын насихаттауға үлес қосуға талпынды. Ресей патшалығы тарапынан бұған тосқауыл қою шаралары да жүріп жатты. Сөзімізге дәйек ретінде Орталық мемлекеттік архивтегі 25 фонд, 2006 дело, 1-2 парақтардағы «1876 жылдың 17 қарашасындағы Орынбор генерал-губернаторы әкімшілігінен Торғай облысы губернаторына Түркиядан алып келінетін

шығыс тілдерінде жазылған кітаптарға қатысты цензураның қажеттігі және оларды сатуды қатаң қадағалауға алу керектігі туралы» деген орыс тіліндегі жазбаның қазақша аудармасын келтіреміз. Құжатта: «Ресей қажылары және бұхаралық қажылар Меккеден қайтып келе жатқан жолда Түркияда басылып шыққан көптеген діни кітаптарды өздерімен ала келіп, Ресей аумағында таратады. Мұндай кітаптардың мазмұны өкіметке беймәлім болды, әрі аталмыш кітаптар Ресей мұсылмандарының көзқарасына кері әсерін тигізіп, өкімет саясатына жат пікір қалыптастыру қаупі болғандықтан ішкі істер министріне, өз пікірім бойынша, шеттен келетін мұсылмандықты дәріптейтін кітаптарға жалпы шетелдік кітаптарға қойылатын цензураның қажеттігін жеткізем. Шығыс тілдеріндегі кітаптардың барлығына қосымша ретінде мазмұнын анықтайтын түсіндірменің болуы шарт, осылайша ғана қандай кітаптың рұқсат етілгенін, қайсысының үзілді-кесілді елге кіргізуге болмайтындығын анықтауға болады...» деп жазылған.

Жалпы, «Иракта пайда болған ханафилік – Аббасилер, Сәлжұқтар, Хорезмшахтар мен Османлы секілді ислам мемлекеттерінің ресми мәзһабы еді» (Әділбаев А, 2014:77). Сондықтан да кең жағрафиялық ортада өмір сүріп жатқан көптеген халықтардың діни дүниетанымы, ұстанымы, ой-санасы бір діни бағытта қалыптасқан болатын. Міне осындай ортадан қажылыққа аттанған мұсылманның әлемнің әр түкпірінен келген басқа мәзһабты ұстанған мұсылмандармен тілдік-діни қарым-қатынасқа түсуіне қарағанда өзіне етене жақын, тілі ұқсас, діни ұстанымы бірдей мұсылмандармен араласуы алыс-берісі оңай болғандығы талас тудырмайды.

Бұл Орта Азиядағы түркі халықтары ислам дінін қабыл еткен сонау IX ғасырдан бастап XVIII ғасырға дейін жалғасса, бұдан кейінгі кезеңде қажылық міндетін атқару біртіндеп Ресей патшалығының тікелей бақылауына өте бастайды. Біз мұны жоғарыда айтылған қажылық тарихының осы бір кезеңін сөз етуіміздің екінші себебі ретінде алға тартамыз. Себебі біз осы мақаланы әзірлеуде қажылыққа барған кісілердің саны, ұлты, жас мөлшері туралы статистикалық мәліметтерді келтіруде Ресей патшалығы кезінде хатқа түскен архив қорларында сақталған жазба деректерге жүгінетін боламыз. Егер біз Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттарға қарасақ, қажылық туралы көптеген жазбалар 338-фондта, 1-опись, 651-делода жинақталғандығын аңғарамыз. Біздің қазіргі зерттеуімізше олардың алғашқысы 1827

жылдың 5 ақпанынан бастап тіркелген. Десек те бұл жылдары тіркелген құжаттарда қазақтардың қажылық сапары туралы мәліметтер кездеспейді. Бірақ аталмыш архивтің 64 фондының 5329 делосында 6-8 беттерінде 1901 жылы Ақмола

облысы бойынша қажылық сапарына шығу үшін төлқұжат алған адамдардың саны уездер бойынша аты-жөндері және паспорт нөмерлері көрсетілген құжат тіркелген. Біз олардың уездер бойынша жалпы санын ғана келтірумен шектелеміз.

| Болыс атауы               | Адам саны | Болыс атауы          | Адам саны |
|---------------------------|-----------|----------------------|-----------|
| <b>Омск уезі</b>          |           | <b>Атбасар уезі</b>  |           |
| Николаевский болысы       | 22        | Кеңгір болысы        | 2         |
| Омск болысы               | 4         | Ұлытау болысы        | 1         |
| Қорған болысы             | 11        | Терсақан болысы      | 6         |
| Черчаков болысы           | 8         | Қызыл-көл болысы     | 7         |
| Покровск болысы           | 2         | Сары су болысы       | 4         |
| <b>Петропавловск уезі</b> |           | Құм-қоңыр болысы     | 1         |
| Полуденск болысы          | 7         | Деңгіз болысы        | 11        |
| Таинчин болысы            | 5         | Атбасар болысы       | 15        |
| Петропавловск болысы      | 4         | Кентүбек болысы      | 5         |
| Становск болысы           | 2         | Көкшетау болысы      | 6         |
| Пресновская болысы        | 7         | Восточная болысы     | 9         |
| Средняя болысы            | 1         | Ақыртау болысы       | 2         |
| <b>Ақмола уезі</b>        |           |                      |           |
| Қоржынкөл болысы          | 4         | Ақмола болысы        | 7         |
| Сары өзен болысы          | 12        | Қараағаш болысы      | 5         |
| Қорғалжын болысы          | 1         | Спас болысы          | 13        |
| Кен-қорғалжын болысы      | 10        | Шерубай-Нұрын болысы | 2         |
| Нұрын болысы              | 15        | Жыланды болысы       | 2         |
| Ишим болысы               | 6         |                      |           |

Штаб капитаны Давлетшиннің Хижазға жасаған іссапарының есебінде қажылыққа бару үшін алынатын төлқұжат (пасторт) мәселесі жайында арнайы тоқталып: «...Закавказье-ден шыққан қажыға баруға ниетті адамдар көп жағдайда төлқұжатты өзінің тұрғылықты жерінен алуға құқылы. Татарлар Мәскеуден, тек олардың алтауы ғана Петерборда болған, екеуі Симбирскіде, ал үшеуі Варшавада; қырғыздар Мәскеуден және Одессадан алған. Алынған төлқұжаттарға Константинопольде түрік консулдары виза шығарады. Бұл сапар шарттарының бірі болып саналған. Тіпті кейбір қажылар өздерінің ұлттық төлқұжаттарын Түрияда қалдырып кетіп отырған. Мұның басты

себебі – қажылық сапарынан қайтқан кезінде Ресейде қиыншылықтарға ұшырамау. Өзімен бірге алып келген күннің өзінде бұл төлқұжатты ешбір жерде көрсетпеуге тырысқан...» деп жазады (Штаб капитаны Давлетшиннің Хижазға жасаған іссапарының есебінен, 1899. 145). Архив құжаттарына үңіліп, кейбір қажылыққа барған Құнанбай қажы сияқты қажылыққа аман-есен барып қайтқан қазақ зиялыларының төлқұжаттарын қазірше табу мүмкін болмай отыр. Десек те қажылыққа барған алғаш қазақтар туралы М. Көпейұлы «Қазақ шежіресі» кітабында: «Қазақ қазақ болғанда бұл қазақта хажыға ілкі бастан барған уақ Нүркен бай. ... Сол Нүркеннен соң екінші қажыға барушы – Кү-



лік Самай сопы, Баянауылда дуан болып, аузы ашылғанда, указ болған ноғай Байжан хазірет – сол екеуі болған. Екеуі де сол жақта өлген. Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Мың сегіз жүз елу сегізінші жыл [1858] болса керек. ... Бұл қазақтан үшінші хажыға барушылар тобықты Құнанбай, Айдабол Қишыл, Қыстаубай, Ақмоладан, Аққұм-Қосқопадан Шекшек хажы, Атбасардан Егізбек, Жанайдар. Есіл бойындағы құлан қыпшақтан Шонты-бай, Батырқожа молда балалары, Сілеті бойындағы қыпшақтан Құрман баласы Қасен хажы, Мәмбет тоқадан Ұзынсазан ұрпағы Мұхамет Салық хажы. Өр Алтайдан Алдажұман немересі Ешмұхамет хажы. Ертіс бойындағы Апайбөріден Құдияр хажы, Көкшетаулық атығайдан Қожахмет хажы. Егізек Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа хажы, Қишыл Қыстаубаймен бірге барған Жәмеқожа, Байзолда ишан, бұларды қалдырмай жазып жатқаным, тірі қайтып келгендерінің бір сыпырасымен ауызбен-ауыз сөйлесіп, мән-жайына әбден анық болғандығымды түсіндіру үшін...» деп жазып қалдырғанын білеміз. (Көпейұлы М.Ж., 2007:5)

Осы жазба мәліметке жүгінсек, архив құжаттарының 1858 жылғы қажылыққа баруға рұқсат етілген кісілердің тізімін асықпай қайта қарауды қажет етеді. Бұл біздің алдағы уақытта нақтылауымыз тиіс міндеттердің бірі болмақ.

Архив құжаттарына жүгінсек, қажылық сапарына барып, елге қайта оралуы кезінде қажыларға қатысты кейбір талаптардың қойылғандығын аңғарамыз. Нақтырақ айтсақ, 64-фондтың 2205-описінде 1902 жылдың 5 қарашасында генерал-губернатордың жазған мәліметтері бар. Құжатқа: «Қажылық сапарын өтегеннен кейін қажылар тек Қара теңіз бен Каспий теңізінің Ішкі істер министрлігі бекіткен порттары арқылы елге қайта оралуға міндеттеледі. Аталмыш порттарда дәрігерлік-бақылаудан өту міндеттеледі. Ішкі істер министрі қажылардың төлқұжат алу үлгілерін бекітуге құзырлы. Осы құзіретке орай министр төмендегі шарттарды бекітеді:

Қажылық сапарынан қайтқан қажылар төмендегі порттар арқылы елге кіруге құқылы:

а) Қара теңіз арқылы – Феодосий карантині және Батум теңіз дәрігерлік-бақылау станциясы;

ә) Каспий теңізі арқылы – Бакин теңіз дәрігерлік-бақылау станциясы;

б) Закавказьенің Персия және Түркия елдері шекарасындағы теңіз дәрігерлік-бақылау станциясы;

2) Жаңа үлгідегі төлқұжат қолданысқа түспестен бұрын қажыларға төмендегі ескертулер тіркелген ескі үлгідегі төлқұжаттар береді.

а) Төлқұжаттың үшінші бетіне Ресейге қайта оралуға рұқсат етілген порттар тізімі жазылған парақшаны тіркеу;

ә) қажылық сапарына қайтып келе жатқан қажылардың теңіз дәрігерлік-бақылау станциясынан тексеруден өткендігі туралы белгі, бұл белгілер төлқұжаттың 12-13 беттерінде қойылады. Сондай-ақ төлқұжаттың соңғы беті кесіліп алынып, жергілікті губернаторға жіберілетін болады» – деген жазба тіркелген (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві Ф 64.Оп.2205. Б68).

Түйіндеп айтқанда, қажылық сапарына қатысты Ресей патшалығы тұсында жазылған көптеген құжаттар архив қорларында сақталған. Қажылыққа қатысты жазба деректерді саралап, оларды електен өткізіп, дұрыс мәліметке қол жеткізу үшін алдағы уақытта Ыстанбұлдағы, Сауд Арабиясындағы архив қорларынан қажылық өтеу мақсатында шекарадан кірген мұсылмандардың тізімінен өз отандастарымыздың аты-жөндерін, жылдарына қарай санын, жас мөлшерін нақтылау міндеті тұр деп ойлаймыз.

Қасиетті мекенге деген құштарлық, жергілікті мұсылман халықтың басты арман-мұраты болғаны ақиқат. Халық арасында қажылық сапары, қиссалары, діни аңыз-әңгімелердің болашаққа сеніммен қарауға, діни сананы қалыптастыру мен ұлттық руханиятқа қосқан үлесі аз болған жоқ. Қажылық міндетін өтеу кезінде әр түрлі елдерден келген мұсылмандар бірін-бірімен кездесіп, барлығы да бір қажылық жоралғыларын орындайды. Қажылыққа барғандардың барлығы да түр әлпетіне, жас мөлшеріне, қай елден келгендігіне қарамай бірдей ихрам (ақ киім) киіп, баршасы бір құлшылықты орындауы адамға ерекше әсер етіп, өзін жақсы ұстауға ықпал етеді. Мұндай сезім мұсылман баласына ең алдымен исламдағы теңдікті, сондай-ақ махшар күнін еске түсіреді. Бұл дүниенің өткінші екендігін, қиындықтарға төтеп беру арқылы, өмір сүруге талпындырады. Осылайша қажылық сапары адамның білім көгжиегін арттырып, қарым-қатынас кезіндегі көрегендігін, мейірім мен қамқорлық сезімдерін арттыруға көмектеседі деп тұжырымдауға болады. Басқаша айтқанда, қажылық адамзат баласын түр-әлпетіне, тегіне, жынысына қарамай баршаны жақсылыққа шақырып, Жаратқанға салихалы құл болуға үгіттейтін құлшылық түрі. Осы орайда, қажылықтың мұсылмандарға тигізетін әсері жайында Штаб капитаны Давлетшиннің Хижазға жасаған іссапарының есебіндегі жазбалар көңіл аудартады. Оның

пікірінше қажылар екі түрге бөлінеді. Дәлірек айтсақ, Давлетшин: «...Қажылық біздің мұсылмандарға қалай әсер етеді?» дей келе: «Мен өз Отанымда және соңғы іссапарымда қажылық сапарына барып келгендерді екі топқа бөліп қарастыруға болатынын байқадым. Бірінші топқа қажылыққа парызын өтеу үшін барып, рәсімдерін мүлтіксіз орындап еліне оралған қарапайым сана-сезімі жоғары деңгейде дамымаған, өзін қоршағандарға қарым-қатынасы жоғары емес, мақсаты тек сапардың соңына дейін жету болған егде жастағы адамдар. Олар сапар барысында бедуиндердің жасаған ұрлықтарын бір тылсым құпия көріп, қажылық сапарына тигізіп жатқан шайтандардың әрекеті деп түсінеді. Сондай-ақ санитарлық шараларды артық деп санады, өйткені тағдырдың басқа салғанынан ешқайда қашып құтыла алмайсың деген сияқты пікірлерді ұстанды. Ондай қажылардан сапардан алған әсері туралы сұралғанда жолда немесе Меккеде естіген мұғжиза қиссалардың есінде қалғанын айтумен шектеледі. Мұндай қажылар сапардан оралғаннан кейін діндар болып, қалған ғұмырын тыныш құлшылықпен өткізуді қалап, тіпті кейбірі сопы болып та кетеді. Ал екінші топқа келетін болсам, бұл топқа жататын адамдар жылдан жылға артып келеді. Олардың ойлау шеңбері кең, әр нәрсеге қызығушылықпен қарайтын, пікірталасқа түсе алатын, өз көзқарасы бар діни тұлғалар. Мұндай қажылар Ресей шекарасынан шыға салысымен барлық затқа қызыға қарап, салыстырып, алғашқыда түрлі олқылықтарға көңілі қалып, исламның басшысы – Халифтің астанасынан түңіле бастайды. Сондай-ақ мұсылмандардың арасында қандай да бір керемет қала болып саналатын Константинопольдің тар, лас көшелері, жұпыны үйлерді көріп, түрлі тәртіпсіздіктерге кездескен кезде оны Одессамен салыстыра бастайды. Әдетте Одессадан көп адам қажылыққа келетін. Түрік тәртібімен төлқұжат, виза алу кезінде кездесетін парақорлықты көрген кезде біздің қажылар бұл қаладан ол туралы басқа көзқараста шығады. Олар жол қиыншылығын тартып, парақорлықты көріп, мұсылмандар өздерін тонап жатқанын көріп жиіркене қарайды. Өйткені олардың көз алдында Ислам дінінің отаны – саналатын қалалар Мекке мен Мединеде, жалпы Хижазда барлығы ислам шариғатына сай болуы керек еді. Осылайша олардың рухани өмірі өзгереді. Қажылық сапарынан келгеннен кейін дінге берік болуға тырысады, өйткені осыған дейін жасаған күнәларынан арылып келген кезде жаңа күнәға батпау керек деген ұстанымда болады....

Бірақ бұқара халық арасында дінге селкеу түсірмес үшін өздері көрген олқылықтарды айта бермейді» деген пікір білдіреді (Штаб капитаны Давлетшиннің Хижазға жасаған іссапарының есебінен, 1899:145). Шынында да қажылық сапары кезінде жолда көптеген қиындықтар мен ислам дініне тән емес пенделік іс-әрекеттердің орын алатыны жалған емес. Жоғарыда айтылғандай қажылардың мұндай кемшіліктерді халық арасында айтпауының өзі олардың дінді дұрыс бағытта түсіне білгендіктерін, діннен емес, адамдардың өз бойындағы кемшілік деп қарауларының өзі құптарлық пікір.

Осы айтылғандарды қорытындылай келе, қажылықтың мұсылман адамға беретін рухани пайдасы көп екендігін еске сала отырып, қажылық рәсімінің шығыстық-ұлттық діни сана мен руханият арасындағы практикалық құндылығы тоқталу үшін біз жазба жәдігерлерге жүгінеміз. Қазіргі кезде осы мақалаға арқау етіп отырған кезеңдерде, яғни XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген «*Қиссаи Өндірбай қажул харамәин*» (Қазан, 1900ж), «*Хаж сапары*» атты Дүйсебай Шоманакұлының халыққа айтқан өсиеті (Верный, 1911), «*Қиссаи Өсербай*» (Қазан, 1895) сияқты т.б. көптеген араб қарпімен жазылған қисса-өлеңдер жинақтары кітапхана қорларында жақсы сақталған. Бірақ та олардың басым көпшілігі араб қарпімен жазылғандықтан әлі күнге дейін толық зерттеліп, жүйелі түрде реттеліп ғылыми айналымға түсіп үлгерген жоқ. Олардың барлығы да қажылық сапары туралы, қасиетті мекеннің қадір-қасиеті жайында өлең шумақтарымен өріліп, мазмұндық тұрғыдан бірдей болса да өзіндік қайталанбас үлгіде берілгені талас тудырмайды. Бұл еңбектердің әрқайсысы шығыстық сарында, діни түсініктермен араласып, сабақтасып бірігіп кететін діни мазмұнға ие. Тіпті осы тұста пайғамбарлар қиссасынан үзінділер келтіріліп, ескі діни астарлы сөздер жиі келтіріліп қазіргі қазақ тілді оқырмандардың бірден түсініп кетуіне мүмкіндік бере бермейтіндігін де айта кету орынды. Десек те өткен ғасырларды осы тәріздес діни қисса-өлеңдер халықтың өн бойында, санасында, сөйлеу тілінде көрініп, оларды рухани тұрғыдан байытқаны, діни сана түсініктердің бірізділігіне айтарлықтай ықпал еткені ақиқат.

Өткен ғасырларда қажылыққа бару күні бүгінгідей ұшақпен ұшып қана қоятындай оңай бола қойған жоқ. Көптеген кедергілер мен қиындықтар болды. Тіпті қажылық сапарына аттанып, хат-хабарсыз кеткен қаншама тағдыры белгісіз жандар бар. Бұл туралы халық аузында әлі күнге

дейін айтылатын аңыз-әңгімелер аз емес. Қазіргі кезде хатқа түсіп жинақталған «Жеті ғасыр жырлайды» деген сияқты кітаптарда Қазақ даласындағы кейбір ақын-жыраулар қажылық тақырыбын көтеріп, жырлау кезінде қажылық сапарына барудан да адамдарға қайырымды болудың, әсіресе ата-анаға жақсылық жасаудың артық болатындығын насихаттағандығын байқаймыз. Бұл туралы Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы) атты материалдар жинағын құрастырушы, зерттеуші Г.Р. Мухтарова сөз ете келе: «... ақын-жыраулардың қажылыққа бел байлаған ел билеушілерін қажылық сапарынан бас тартып, ел қамын ойлауға, қажылықтан ата-анаға құрмет көрсету сияқты игі істерді алдыға қойылуы, бір жағынан, орыс отарлау жүйесінің қазақ даласына орнығу үдерісінің күшеюіне байланысты сол кезеңдегі шиеленіскен саяси-әлеуметтік жағдайды көрсетсе, екінші жағынан, көшпелі халықтың мұсылман дініне деген діни дүниетанымының өзіндік күрделі күйін аңғартса керек» деп өзіндік ой түйеді (Г.Р. Мухтарова, 2009:7). Бұл пікірімен толық келісуге болады. Ол кезеңдердегі саяси-әлеуметтік жағдайдың қиындығы, жалпы өмір сүрудің, дін ұстанудың айтарлықтай қиындықтары болғаны түсінікті. Ал енді халықтың діни сауаттылық деңгейінің төмен болуы өз алдына бөлек мәселе.

**Халық арасында кең тараған Шал ақынның:** *«Мекке мен Мәдине жолдың ұшы, // Иман таба алар ма барған кісі, // Ата-ананы, мейманды құрметтесең, // Меккеңнең де нұрлы гой үйдің іші...»* -деп жырлауы, Ақтамберді жыраудың: *«Ей, азаматтар, шоралар... // Меккені іздеп нетесің, // Меккеге қашан жетесің, // Әзір Мекке алдында - //Пейіліңмен сыйласаң // Атаң менен анаңды!»* деп ата-ананы сыйлай білуге, жасы үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсетуге шақыруы түптің түбінде ислам дінінің негізгі өзегіне шақыру деп түсінген дұрыс. Негізгі діни тақырыпты сөз еткен қазақ ақын-жыраулары қажылықты түбегейлі жоққа шығармайды, керісінше дінді дұрыс түсіне білуге шақырып халықты діни ағартуға тырысады. Құран аяттарында ата-анаға жақсылық жасау мұсылман баласына міндеттелген, орындалуы тиіс амалдарға жатады. Нақтырақ айтар болсақ, «ниса» сүресінің 36-аятында: *«Аллаға құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені серік қоспаңдар. Және әке-шешеге, жақындарға, ... жақсылық жасаңдар»* деп бұйырылса, **«Ахқаф» сүресінің 15 аятында:** *«Адам баласына, әке-шешесіне жақсылық істеуді нұсқадық»* – делінсе, **«Исра» сүресінің 23-аятында:** *«Раббың, өзіне ғана ғибадат ету-*

*леріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті»* – деген мағынадағы аят кездеседі. Мұнан бөлек Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с): *«Алланың разылығы ата-ананың разылығында, Алланың ашуы ата-ананың ашуында»* деген сияқты ата-анаға жақсылық жасауға шақыратын көптеген хадистері бар екендігі белгілі. Сондықтан қажылық өтеу мен ата-анаға жақсылық жасауды бір-бірінен артық қою орынды болмайды. Екеуі де діни жоралғыларда орындалуы талап етілетін, мұсылмандық міндет болып табылады. Десек те қажылықтың парыз болуы үшін ең алдымен мұсылман болу, балиғатқа толуды, ақыл-есінің дұрыс болуы, ерікті (азат) болу, қажылық амалдарын өтеуге денсаулығының жарамды болуы және жол сапар шығындарын өтей алатындай қаражатының болуы сияқты өзіндік шарттары бар. Осы орайда, Ресей патшалығы кезінде де қажылық міндетін өтеуге ниетті адамның жолға қаражатын, қаржының мөлшері белгіленген. Давлетшиннің есебінде: «...тек Мекке қаласына бару карантиндер жоқ жылдары ең кем дегенде 300 рубльді қажет болса, егер қажы Мединеге барып пайғамбардың (с.ғ.с) мешітіне зиярат жасауға ниетті болса, онда 500 рубльге жуық ақшасы болу керек. Жалпы алғанда қажылық сапарына шыққан адам өзімен 1000 рубль алуы керек болды. Бұған қоса отбасының күнкөрісіне де дәл сондай сомадағы қаржы болуы шарифат талап ететіндігін ескерсек, 2000 рубльдей қаржы болуы қажет етілді. Міне сондықтан көп жағдайда біздің мұсылмандар үшін бәдәл қажылық жасау тиімдірек болды. Бәдәл қажылық 500-1000 рубль аралығында болды» – деген мәліметтер кездеседі (Штаб капитаны Давлетшиннің Хижазға жасаған іссапарының есебінен, 1899:145).

### Қорытынды

Мақаланы қорыта келе пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Кімде-кім Алла разылығы үшін қажылық жасап, жаман сөз бен әрекеттерден аулақ болса, анасынан туылғанда қандай күнәсіз болса, сондай болып күнәларынан арылып қайтады» – деген мағынадағы хадисін келтіре отырып, қажылықтың адамның ішкі жан-дүниесін байытуда, таза болуға, күнә істерден бойын аулақ ұстауға бейімдейтін, өмірде практикалық маңыздылығы жоғары ғибадат деп қабылдауға болады. Қажылық адам бойындағы тәкаппарлық, дүниеқорлық, шыдамсыздық сияқты жаман қасиеттерді кішіпейілдікке,

сабырлылыққа, сыйластыққа, қарапайымдылыққа алмастырып, адамның өмір сүру салтын өзгертуге қауқарлы екендігін алға тартамыз. Өткен ғасырларда қажылыққа барып-қайтқан азаматтар халық арасында діни ағартушы, тұлға ретінде танылып, қоғамда өзіндік орны болғаны талас тудырмайды. Олардың әрқайсысы өз алдына жеке зерттеу объектісі болуға лайық. Әсіресе «Қазақ мұсылман қоғамының өзіндік құндылығын, толыққандылығын түсіну үшін оның ішіндегі «теориялық исламның» төл өкілдері, ғұламалары, дінбасылары ортасын зерттеудің маңызы зор...» (Ғылмани С., 2015:8). Сондықтан алдағы уақытта елі-

міздегі қажылық мәселесіне қатысты зерттеу жұмыстарын діни тұлғалардың өмір жолымен байланыстырып бірге қарастыру ұсынылады. Ал архив құжаттары мен діни жазба жәдігерлер өз маңыздылығын жоймайды. Керісінше, бұл айтылғандар бірін-бірі толықтырып, зерттеудің жан-жақтылығына, толыққандылығына жол ашады деп есептейміз. Жалпы Қазақстандағы қажылықтың жергілікті халықтың ынымақ-бірлігіне, рухани мұрасына, сондай-ақ діни сананы қалыптастырудағы орны сонау орта ғасырдан бері қазақстандық халықты бір діни түсініктер аясына біріктіруге негіз болғандығын алға тартамыз.

#### Әдебиеттер

- Әділбаев А. Ханиф мәзһабы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» университеті, 2014. – 328 б. (77-б.)
- Штаб капитаны Давлетшиннің Хижазға жасаған іссапарының есебінен. – С. Петербург: Әскери баспахана, 1899. –145 б. Сирек қор. ҚР ҰҚО
- Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. 2-бас. Толық. – Астана: Алтын кітап, 2007. (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32 том) (5-б.)
- Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві Ф 64.Оп.2205. Б.68.
- Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы) атты материалдар жинағын құрастырушы, зерттеуші Г.Р. Мухтарова. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 592 б. (7-б.)
- Ғылмани С. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том. Жауапты шығарушылар: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк. – Алматы: Дайк-Пресс, 2015. 8 жапсырма.

#### References

- Adilbayev A. Khanif mazhabi [The Hanafi Madhhab] – Almaty: Nur-Mubarak Universiteti, 2014. 328 pp (77pp)
- Shtab kapitany Davletshinin Hijazga zhasagan is-saparynyn esebinen. S.Peterburg: Askeri baspakhana. [Staff captain at the expense of Davletshin's trip to Hijaz. S.Peterburg: The military printing house.] 1899. 145 pp. Sirek kor. KR UKO.
- Kopeiuly M.Zh. Kazakh shezhiresi. 2-basylym. Tolyk. Astana: Altyn kitap, 2007 (Kazakh etnografiyasynyn kitaphanasy, [The Kazakh Chronicle. Edition 2. Complete. Astana: Golden Book, 2007 (Kazakh Ethnography Library,] 32 tom, 5 bette)
- Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] F.64. OP.2205. B68.
- Kazakhstanadagy islam dini: kazhylyk (XIX-XX) atty materialdar zhinagyn kurastyrushy, zertteushi G.R. Mukhtarova. [The author of the collection of materials on Islamic religion in Kazakhstan: pilgrimage (XIX-XX BC), researcher GR Muhtarova] Almaty, Baspalar uii, 2009, 592 pp
- Gylmani S. Zamanamyzda bolgan gulamalardyn gumyr tarikhtary I tom. Zhauapty shygarushylar: A.K.Muminov, A.J.Frank. – Almaty: Daik-Press, [Gylmani S. Life stories of the scientists who lived in our time. Tom. Responsible for issue: A.K. Muminov, A.J. Frank -Almaty: Duke Press,] 2015, 8 sticker.



**<sup>1</sup>Жұмағұлов Қ.Т., <sup>2</sup>\*Абдукадыров Н.М.**

<sup>1</sup>т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Ph.D., доценті м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

## **ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН АЛТЫН ОРДАНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДА ҚЫРЫМ ХАНДЫҒЫ (XX ғ. 50-70 жж.)**

Орта ғасырларда Еуразия даласында өмір сүрген қуатты мемлекеттер Осман империясы мен Алтын Орда мемлекетінің тарихы әлемдік тарихтың үлкен бөлігі болып саналады. XV ғасырдың екінші жартысында осы аталған екі мемлекеттің сыртқы саясатының кейбір бағыттары бір арнаға тоғысып, ол – Қырым хандығымен байланысты болды. Бұл кезде Қырым хандығы өз бетінше дербес өмір сүруге тырысып, Алтын Ордадан бөлінді. Қырым билеушілері сырттан саяси қолдау іздеп, оны осы кезде күшейіп келе жатқан Осман империясынан тапты. Осман империясы Қырым хандарына саяси қолдау білдіріп, олармен тығыз байланыстар орнатты. Ал, бұл уақытта құлдырай бастаған Алтын Орданың хандары Қырымды ұйысынан шығармай өзіне қайта қосуға тырысты. Осылайша, екі мемлекеттің сыртқы саясатында Қырым хандығына қатысты жаңа саяси факторлар туындады. Ұсынылып отырған ғылыми мақала XV ғасырдың 50-70 жылдарында Қырым хандығына байланысты Осман империясы мен Алтын Орда арасында жүргізілген сыртқы саяси процестерді зерттеуге арналады. Қырым түбегі мен Қара теңіз аймағындағы Осман империясының саяси ұстанымдарын зерттеу ғылыми жұмыстың негізгі міндеттерінің қатарынан орын алады. Ғылыми жұмыста елшілік байланыстар зерттеліп, Осман сұлтандары мен Орда хандары арасындағы саяси ұстанымдарға талдау жасалады.

**Түйін сөздер:** Осман империясы, Алтын Орда, Қырым хандығы, Қырым түбегі, сыртқы саясат, елшілер.

<sup>1</sup>Zhumagulov K.T., <sup>2</sup>\*Abdukadyrov N.M.

<sup>1</sup>Professor, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Ph.D., al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

## **The Crimean Khanate in the Foreign Policy of the Ottoman Empire and the Golden Horde (50-70 years of the 15th century)**

In the second half of the XV century, some foreign policy directions of these two countries were tied to a single political factor that was associated with the Crimean Khanate. At this time the Crimean Khanate separated from the Golden Horde, trying to live independently. The Crimean rulers received political support from the Ottoman Empire. The Ottoman Empire rendered political support to the Crimean khans and established close ties with them. At this time, the Golden Horde was on the verge of decline, but the Horde rulers tried to reconnect to the Crimea. Thus, in the foreign policy of the two powers, the Crimean Khanate has become a new political factor. This scientific article is devoted to the study of foreign policy processes in the 50-70-ies of the XV century, between the Ottoman Empire and the Golden Horde in connection with the Crimean Khanate. One of the main objectives of the study is the foreign policy of the Ottoman Empire in the Crimean peninsula and in the Black Sea region. In the scientific work examines diplomatic contacts between countries, as well as analyzes the foreign policy positions and principles of the rulers of the two sides.

**Key words:** Ottoman Empire, Golden Horde, Crimean Khanate, Crimean Peninsula, Foreign Policy, Ambassadors.

<sup>1</sup>Жумагулов К.Т., <sup>2\*</sup>Абдукадыров Н.М.

<sup>1</sup>д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Ph.D., и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

### **Крымское ханство во внешней политике Османской империи и Золотой Орды (50-70-е гг. XV в.)**

История Османской империи и Золотой Орды является важной частью мировой истории. Данные государства существовали в средневековье в евразийских степях. Во второй половине XV века некоторые внешнеполитические направления этих двух государств были привязаны к одному политическому фактору, который был связан с Крымским ханством. В это время Крымское ханство отделилось от Золотой Орды, пытаясь существовать независимо. Крымские правители получали политическую поддержку со стороны Османской империи. Османская империя оказала политическую поддержку крымским ханам и установила тесные связи с ними. В это время Золотая Орда была на грани упадка, но правители Орды пытались снова включить в состав своего государства Крым. Таким образом, Крымское ханство стало новым политическим фактором во внешней политике этих двух держав. Данная научная статья посвящена изучению внешнеполитических процессов в 50-70-х годах XV века между Османской империей и Золотой Ордой в связи с Крымским ханством. Основной задачей научной работы является исследование внешней политики Османской империи на Крымском полуострове и в Черноморском регионе. В научной работе изучаются дипломатические контакты между Османской империей и Золотой Ордой, а также анализируются внешнеполитические позиции и принципы правителей двух стран в отношении Крыма.

**Ключевые слова:** Османская империя, Золотая Орда, Крымское ханство, Крымский полуостров, внешняя политика, послы.

### **Кіріспе**

Орта ғасырларда Еуразия тарихында түркілер құрған империялардың орны мен рөлі үстем болды. Олардың ең негізгілері Шыңғысхан империясының орнына құрылған империялар Алтын Орда, Темір мемлекеті, Моғолстан, Ұлы Моғолдар мемлекеті және Кіші Азияда құрылып әлемдік империяға айналған Осман империясы болды. Бұл империялар дүниежүзілік тарихи процестің дамуына өзіндік зор үлесін қосты, көптеген саяси өзгерістердің орын алуына себепші болды. Соның ең негізгілері бұл мемлекеттердің бір-бірімен көрші болып саяси байланыстар орнатуымен және кезі келгенде өзара соғыс жағдайында қалуымен сипатталады. Мұның бір бағыты Алтын Орда мен Осман империясының арасындағы саяси байланыстарға негізделеді. Тарихи шегініс жасайтын болсақ, Осман мемлекетінің билеушілері алғашқыда Алтын Орда мемлекетін үлкен құрметпен қараған. Оның басты себептері, алғашқы кезден-ақ осман билеушілерінің санасында бұл мемлекет Ұлы Шыңғысханның ұрпақтары құрған ірі және аса қуатты держава ретінде қалыптасты.

Екі мемлекеттің сыртқы саясатындағы басты түйіскен географиялық ортасы Қырым түбегі, яғни Қырым хандығы болды. XV ғасырдың орта тұсында Алтын Орданың әлсіреуін пайдаланған Қырым хандығы Ордадан бөлініп, дербес мем-

лекет ретінде өмір сүруі мен олардың осман билеушілеріне жақындаса бастауы аймақта саяси жағдайды өзгертіп жіберді. Бұл жағдай бірте-бірте күшейіп келе жатқан Осман империясының қызығушылығын арттырды. Алайда, Алтын Орда билеушілері өз уысынан шыққан ірілұсақты хандықтарды қайта біріктіру жолындағы саясаты Осман империясы мен Алтын Орда (Үлкен Орда) арасында өзара сыртқы саяси процестердің орын алуына себепші болды.

Қырым хандығы үшін Алтын Орда мен Осман мемлекетінің арасындағы саяси процестер бас-аяғы 20-30 жылдай уақытты қамтып, ол халықаралық байланыстардың бір бағытын құрай алды. Әлемдік тарихнамада Осман мемлекеті мен Алтын Орда қатынастарын зерттеу тарихшылар мен шығыстанушы ғалымдардың назарын өзіне ұдайы аударып келген. Бір-бірімен географиялық орналасуы бойынша, діни және тілдік тұрғыда жақын болған бұл елдердің бірнеше факторлар бойынша жақындасуы, көптеген ғылыми тақырыптардың тууына арқау болып, олардың зерттеу қажеттілігі уақыт санап арта түсті. Сондай факторлардың бірі Қырым факторы болып, ол әлемдік тарихшылар, оның ішінде түркиялық, ресейлік, еуропалық ғалымдар арасында ғылыми талқыға түсіп келеді. Өз кезегінде Осман империясының Қырым хандығы мен жалпы Қырым түбегін иелену мен оған Алтын Орданың ұстанымдары жайлы ғы-

лыми және концептуалды мәселелердің туындамауы мүмкін емес. Оның басты мысалдары кейбір ресейлік, еуропалық тарихшылардың ғылыми тұжырымдары Осман империясының Қырымды иеленуінде басқыншылық қимылдардың басым болғаны және Қырым хандығын уысынан шығармауға тырысқан Алтын Орданы елеуі жағдайларына қатысты болды. Мұндай тұжырымдар зерттеу тақырыбының өзектілігін арттыратыны сөзсіз.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысына қатысты деректерді дайындауда тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және фактілердің алуандығы есепке алынды. Тақырыптың негізгі факторлары – Алтын Орданың саяси тарихы, оның әлсіреуі, Қырым хандығының құрылуы және сыртқы саясатта қорғансыз қалған Қырымға Осман империясының жақындауы болып, осыларға қатысты ірілі-ұсақты оқиғаларды сипаттайтын деректер тақырыптың маңызын ашуға көмектесті. Тақырыпқа қатысты деректік материалдардың ең негізгілері құжаттар жинақтары болып, зерттеу жұмысын жүргізу барысында оларды барынша ғылыми талдаудан өткізу ғылыми жұмыстың басты міндеттерінің бірі болды. Олардың арасынан ғалымдар А.Н. Курат, В.Г. Тизенгаузен және басқа да авторлар тарапынан жинақталған материалдардың деректің негізі жоғары болып саналады. Атап айтқанда А.Н. Кураттың құжаттар жинағында Алтын Орда, Қырым және Түркістан хандықтарына қатысты құжаттар қамтылып, ол Стамбулдағы Топкапы сарай архивінің материалдары негізінде жинақталған (Kurat A. 1940). Бұл жинақта Алтын Орда хандарының сол тұстағы Осман империясының сұлтаны II Мехметке жазған хаттарының көшірмелері мен транскрипциясы берілген. Сонымен бірге осман сұлтанының атына Қырым хандарының жазған хаттарының көшірмелері көрсетілген. Жинақтың зерттеу тақырыбының мазмұнын ашудағы маңызы өте зор.

Келесі кезекте тақырып бойынша мәліметтер беретін деректер жинағы шығыстанушы ғалым В.Г. Тизенгаузеннің жинақтаған Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинақтары болып табылады. В.Г. Тизенгаузен өзінің жылдар бойына жинақтаған материалдарын екі томға бөліп жариялаған (Тизенгаузен В.Г. 1884, 1941). Бұл екі томдық материалдар жинағы Алтын Орда мемлекетінің тарихына, оның сыртқы саясаты мен Ордадан тараған мемлекеттердің тарихын суреттейтін ауқымды және ең негізгі деректер

базасы болып саналады. Сонымен қатар, Алтын Орда, Қырым хандығы және осы кезеңдегі Шығыс тарихына қатысты материал жинақтау әлі күнге дейін жалғасуда. Осындай материалдар жинағының бірі В.Г. Вовина, А.А. Кожанов, Т.В. Никулинаның жинақтауымен жариялаған Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинақтары болып табылады (Вовина, Кожанов, Никулина. 2003). Авторлардың бірлескен жинағында Алтын Орданың ішкі-сыртқы саясатына қатысты мәліметтер беріледі. Сол сияқты осындай жаңадан жарияланған маңызды материалдар, яғни құжаттардың көшірмелері И. Зайцевтің еңбегінде кездеседі. И. Зайцев А.Н. Кураттың және басқа да жинақ авторларының материалдарына сілтеме бере отырып, деректанулық шолу жасаған. Онда осман сұлтаны II Мехмет пен Алтын Орда хандары арасында жазылған хаттардың көшірмелері берілген (Зайцев И. 2004). Аталған құжаттар жинақтары зерттеу жұмысында қойылған ғылыми міндеттерді орындауға көмектесіп, олар Алтын Орда мен Осман империясы арасындағы Қырым хандығына қатысты жеке фактілер мен оқиғалар бойынша бөлініп талданды. Осы сияқты деректік материалдарды жариялау үшін жазылған жұмыстардың бірі И. Миргалеев пен И. Гибадуллиннің бірлескен авторлық жұмысы (Миргалеев И., Гибадуллин И. 2016) болып табылады. Авторлар бірлесіп, Осман империясының сұлтаны II Мехметтің Алтын Орда ханы Ахмет ханға жазған хатына деректанулық шолу жасаған.

Ғылыми жұмысты жазуда отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Ғылыми-зерттеудегі жалпы тарихи-салыстырмалылық, тарихи жүйелеу әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ, теориялық және методологиялық негізі ретінде, тарихи оқиғаларды баяндау кезінде саяси тарихи процестерді қарастыруда тарих ғылымының заманауи және косалқы әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысын жазу барысында соңғы жылдары дүниежүзілік тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алынды. Осман империясы мен Алтын Орданың арасындағы қатынастар мен Қырым хандығы үшін туындаған саяси факторлардың тарихын қарастыруда жершілдік пен діншілдік көзқарастар басты назарда болды. Сондықтан да, зерттеу жұмысын ұйымдастыруда еуроцентристік, ұлтшылдық, түрікшілдік және діншілдік көзқарастардан бас тартып, тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

### Тарихнамалық шолу

Осман империясы мен Алтын Орда арасында саяси қарым-қатынастар тарихы мен оның ішінде Қырым хандығы үшін орын алған саяси процестер бойынша ғылыми зерттеулер әр түрлі тақырыптар бойынша қарастырылған. Зерттеу жұмысының тарихнамасының басты бағыты тақырыпқа қатысты ғылыми мәселелер көтерген тарихшы, ғалымдардың еңбектерін талдаумен сипатталады. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми мәселелер негізінен шетелдік, оның ішінде түркиялық, ресейлік тарихшылар мен шығыстанушы ғалымдар тарапынан көтерілген. Зерттеу жұмысының тақырыбы қазіргі Түркияның тарихына тікелей қатысты болғандықтан, алдымен түрік тарихнамасына тоқталсақ, онда негізінен А. Курат, Й. Өзтүрк, Х. Иналжык және басқалар болды. Бұл тарихшылар тікелей Қырым хандығының құрылуын зерттеп, оның Осман империясының құрамына кіру тарихына қатысты тұжырымдар ұсынған. А. Кураттың ғылыми еңбегі (Kurat A. 1972) Қырымның Алтын Ордан бөлінуі мен оның Осман империясымен байланыстары зерттелген. Й. Өзтүрк Қырым хандығы мен Кафа қаласының саяси ролін және оның Осман империясы тарапынан басып алыну тарихы мен саяси алғышарттарын қарастырған (Yücel Ö. 2000). Түркияда Қырым хандығы тарихы бойынша ірі мамандардың бірі болып саналатын Халил Иналжықтың еңбектерінде Қырым хандығының құрылуы мен оның Осман империясы құрамына енуі және оған қатысты Алтын Орданың саяси ұстанымдары көрсетіледі (İnalçık H. 2017).

Посткеңестік мемлекеттердің тарих ғылымында кеңестік тарихнама аса маңызды орын иеленетіні сөзсіз. Кеңестік кезеңде Алтын Орда мен Осман империясы арасындағы саяси байланыстар мен оның Қырым хандығына байланысты тұстарына жанама түрде өз зерттеулерінде зерделеген кеңестік тарихшылар мен ғалымдар И.Б. Греков (Греков И.Б. 1975) және Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский (Греков, Якубовский. 1950) болды. Бұл ғалымдардың зерттеулері кеңестік ғылымның ірі жаңалықтары болды. Кеңестік-коммунистік қатаң цензура мен біржақты методологияға мойынсұнбауға тырысқан бұл зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары ғылымда жоғары бағаланды.

Тақырыпқа тікелей және жанама зерттеулер ресейлік тарихнамада да жүргізіліп, ол бойынша көптеген ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген. Ресей ғылымында Кеңестік кезеңде зерттеуге ілінбей қалған тақырыптар қайта көтеріле

бастады. Оның ішінде тақырыпқа қатысты мәселелер де назардан тыс қалмады. Ресей ғалымдары көбінесе Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасындағы геосаяси факторларды зерттеуге мән берді. Ресей ғылымында тақырыпқа қатысты ғылыми ізденістердің басым бөлігі Қырым хандығының саяси жағдайынан басталады. Ол туралы зерттеулерге И. Зайцев, А.Л. Пономарев, И.М. Миргалеев, В.Н. Рудаков сынды ғалымдардың зерттеулері мысал болады. Аталған ғалымдардың зерттеулері арасынан И. Зайцев (Зайцев И. 2010) пен А.Л. Пономаревтің еңбектері (Пonomarev A. 2013). Қырым хандығы мен оның тағдырына бағытталып, ол қырымдық билеушілердің еркін немесе тәуелсіз өмір сүре алуына қатысты болды. Мұнда зерттеушілер Қырымның халықаралық қатынастардағы роліне мән беріп, ол аса жоғары бағаланады. Тақырыпқа қатысты И.М. Миргалеев (Миргалеев И. 2009) пен В.Н. Рудаковтың (Рудаков В. 2014) еңбектерінде тұжырымдар жасалып, олар негізінен Алтын Орда хандарының сыртқы саяси және халықаралық жағдайы туралы зерделеген.

### Талқылаулар мен нәтижелер

*Осман империясы мен Алтын Орданың Қырымдағы саяси жоспарлары*

Фатих II Мехмет сұлтанның Константинопольді басып алуы әлемдік тарихта аса ірі оқиғалардың бірі болды. Ол сан ғасырлар бойына Батыс пен Шығысты бір арнаға тоғыстырған Византия империясының құлауымен сипатталып, сонымен бірге Осман мемлекетінің саяси өміріне де елеулі өзгерістер енгізді. Осман мемлекеті империя дәрежесіне көтеріліп, ішкі саяси құрылымдарда үлкен өзгерістер орын алды. Сонымен қоса, Стамбулдың алынуы мемлекеттің сыртқы саясатына да тікелей әсер етіп, Осман мемлекетімен әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері санаса бастады. Оның сыртқы саясаттағы бақталастары Анадолы мен Оңтүстік Еуропадағы ірілі-ұсақты мемлекеттер мен княздіктер және италиян корольдіктері (Венеция, Генуя т.б.) болды. Дегенмен бұл мемлекеттер Осман империясы үшін қауіпті емес еді. Себебі, далалық соғыс тактикалары мен әскери өнерді жетік меңгерген осман әскерлері үшін ешбір мемлекетпен соғысу қиын емес еді.

Сыртқы соғыстардан жігерленген Фатих II Мехмет сұлтанның сыртқы саясаттағы басты геосаяси жоспарларының бірі Қырым хандығы еді. Қырым хандығының территориясы өзінің географиялық орналасуымен, табиғатының көркемдігімен және ең бастысы аймақта



халықаралық сауданы дамытудағы өзіндік орнымен ерекшеленетін еді. Осындай факторлар Осман империясының сұлтаны Фатих II Мехмет сұлтанның қызығушылығын арттырды және оны барынша өзіне тартты. Осман сұлтаны II Мехмет Қырымды неге билікке келген уақыттан бері басып алуға тырыспады немесе қамалын алу қиын болған Стамбулдан бұрын неге Қырымды иеленбеді, ол үшін қандай себептер болуы мүмкін деген сан-салалы сұрақтар туындайды. Сұлтан II Мехметтің Қырымға дейінгі басты мақсаты Анадолы жерін түгелдей өзіне бағындыру және өзге ұсақ мемлекеттерден тазарту болды. Фатих II Мехметке дейінгі сұлтандар да осындай саясатты негізге алған. Тек діні мұсылман болған сұлтандықтарға ғана Анадолы жерін мекендеуге мүмкіндік беріліп, олармен көршілік қатынастар орнатқан. Бұл кезде Анадолы жерінде Осман империясына бағынбайтын ұлты мен діні басқа болған княздіктер көп еді. Солардың ең ірісі Трабзон (Трапезунд) мемлекеті еді. 1462 жылы. Трапезунд мемлекетінің құлатылуы османдардың (Kurat A. 1966: 45) Қырымға қарай жылжуына саяси алғышарт жасады.

Бұл кезеңде Алтын Орда мен оның құрамында болып келген Қырым хандығының саяси тағдыры бір-бірімен тамырлас болды. Қырым хандығы XIII ғасырдан бері Алтын Орданың иелігі болып, XV ғасырдың орталарына дейін мұнда орда хандарының әмірі жүріп келді. Алайда, XV ғасырда Алтын Орданың әлсіреуіне байланысты қырым хандары тәуелсіз қимылдар жүргізе бастады. Бытыраңқы жағдайда өмір сүрген Алтын Орданың ендігі саяси жағдайы ауыр болып, оның құрамында Қырым хандығы сияқты бірнеше дербес хандықтар пайда болды. Орыс деректері бойынша және орыс тарихнамасында Алтын Орда аумағында құрылған Үлкен немесе Ұлы Орда деп аталған мемлекет Алтын Орданың ізбасары саналды (Греков, Якубовский 1950: 421). Ол Қырым хандығы және Алтын Ордадан бөлінген басқа да хандықтарды біріктіріп, бұрынғы қалпына келтіруге тырысқан. Солардың бірі Үлкен Орда ханы Сейіт Ахмет еді. Тоқтамыс ханның немересі болған Сейіт Ахмет хан Қырымды өзіне қаратуға тырысқан негізгі билеуші болды. Ол Қырымдағы әулет өкілдерін қайта бірігуге шақырып, Алтын Орда мемлекетін сақтап қалуға әрекеттенді, тіпті бұл жолда ол соғыс қимылдарына да барып отырды. Осылайша, жаңадан дербестікке ие бола бастаған Қырым хандығына қатысты Осман империясы мен Алтын Орда сияқты өз заманының аса қуатты мемлекеттерінің ұстанған саясаты

екі түрлі болды. Атап отырғанымыздай, Осман империясының саясаты өзінің территориясын кеңейтуге бағытталған болса, Алтын Орданың басты ұстанымы әулеттік басқаруға негізделген, құлдырау жағдайында тұрған Орданы бұрынғы қалпына келтіру болды. Осы жолда бұл мемлекеттердің Қырым хандығына байланысты өзіндік саясаты қалыптасып, ол өз кезегінде екі мемлекет арасында өзара сыртқы саяси факторлардың тууына алып келді.

Қырым хандығы өзін Алтын Ордадан тәуелсіз дербес мемлекет ретінде санап, ол сыртқы сауда мен саяси мәселелерді өз алдына шешіп отыруға тырысты. 1441 жылы Қырым хандығы дербес хандық ретінде жарияланды. Алғашқы хан болып Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі болған Қажы Гирей (Хаджи Гирай) хан сайланды. Бірақ, бұл уақытта Қырым хандығының саяси жағдайы толықтай тұрақты деп айту қиын болды. Әлі іштей орталықтанып үлгірмеген хандықты егемен мемлекет ретінде ұстап тұру Қажы Гирей үшін оңай болмады. Себебі, айналадағы көршілер қауіпті болып, олар тіпті хандықтың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі әбден мүмкін болды. Қырым хандығына өзімен іргелес жатқан Генуя республикасы мен бірте-бірте күшейіп келе жатқан орыс княздіктерінің саяси ықпалы күшейіп, ол қырым билеушілерін қатты алаңдатты. Мемлекеттің сыртқы жағдайында туындауы мүмкін болған осындай қауіптің алдын алу мақсатында және тиісті жағдайда тиімді көмек алу үшін Қырым билеушілері Үлкен Орда ұлысының билеушісі Сейіт Ахмет ханмен (1432-1455) жақсы байланыстар орнатуға мәжбүр болды. Өзін Алтын Орданың ханы ретінде көрсетуге тырысқан Сейіт Ахмет хан Қырым хандарына қолдау білдіретінін, алайда жоғарыда аталғандай олардың Ордадан бөлінбей бірге өмір сүргенін қалады. Түрік тарихшысы, Халил Иналжықтың айтуынша Қырым ханы Қажы Гирей сырттан келетін қауіптің алдын алу үшін Алтын Орда ханы Сейіт Ахмет ханмен өзара байланысқанын көрсеткен. Сонымен бірге екі бөлек өмір сүріп жатқан бұл мемлекеттердің саяси бірлігінің екі мемлекет үшін де тиімділігін айтқан. (İnalçık H. 1944: 192-193). Ол үшін Қырым ханы Алтын Орданың Батыста бұрынғы уысынан шыққан жерлерді қайтаруына атсалысты.

Сонымен қатар, Қырым ханы Осман империясына да жақындай түсіп, соның негізінде қырымдықтар мен османдар арасындағы байланыстар жақсара бастады. Қырым ханының османдарға жақындасу саясаты XV ғасырдың 40-50 жылдарында басталып, ол аймақта

Осман империясының күшеюімен байланысты болды. Өз кезегінде Алтын Орданың билеушілері де Қырымға көмек көрсетуге дайын болды. Бірақ, Осман империясының Алтын Ордадан қуаты күшті болғандықтан қырым билеушілері ордалықтарға қарағанда османдармен жақсы байланыста болды. Бұл кезде Қырымда Кафа (Феодосия) қаласы маңызды сауда орталықтарының бірі саналып, ол генуялықтардың, қырымдықтар мен османдардың және орда хандарының сыртқы саясатындағы ірі саяси объект болып саналды. 1454 жылы османдар тарапынан Қырым жағалауларына және осы Кафа қамалына әскер жіберіліп, ол қоршауға алынды. Қырым хандары мен осман әскерлерінің тарапынан жүзеге асырылған мұндай саяси және әскери әрекеттерден генуялықтар шошынып, оларға салық төлеуге мәжбүр болды (Ali S, Yaşar Y. 1991:85).

Бейбіт жағдайда Алтын Орда ханы Сейіт Ахмет ханның Қырым хандарына көмектесу себебі, оларға саяси қолдау көрсете отырып болашақта Қырымды өзіне қайта қосып алу болған еді. Алтын Орда билеушілерінің саясатын түсінген қырым хандары кейіннен оларға жақындасуын азайта бастады. Алайда Қырым ханының осман сұлтанының көмегімен жасалған мұндай әрекеттері Алтын Орда билеушілерінің саяси ұстанымдарын өзгертті. Мұның негізгі себебі Қырым хандарының осман билеушілерімен жақындасуы Сейіт Ахмет ханның Алтын Орданы қайта күшейту жолындағы саясатына мүлде қайшы келді. Соның салдарынан орда билеушісі Сейіт Ахмет хан Қырым жеріне әскер кіргізді. 1455-1456 жылдары тараптар арасында соғыс өрті тұтанып ол Сейіт Ахмет ханның жеңілуімен аяқталды. Қырым ханы Қажы Гирей бұл соғыста жеңгенімен, ол өзін үлкен табысқа қол жеткізгендей сезінген жоқ. Өйткені, орда билеушілері бұл жеңілісімен тоқтамайтыны анық еді. Шыңғыс ұрпақтарының басқаруында болған екі хандықтың бір-бірімен соғысуы тараптар үшін аса маңызды бола қоймады. Екі жақ арасындағы соғыс Қажы Гирей мен оның жақтастары өзінің тәуелсіз өмір сүруге бейім екендігін, ал Үлкен Орда басшыларының әлі де болса күш-қуатының мығым және аймақта геосаяси ықпалының бар екені көрсетті. Сейіт Ахмет ханның жеңілісі оның қырым билеушілеріне дейін көрші княздіктермен соғыстарда әлсіреуімен байланысты (Горский А. 2003: 144) болды.

Бірақ, Сейіт Ахмет ханның жеңілісі Алтын Орданың Қырымға қатысты саясатын тоқтатпады. Алтын Орда хандары Қырымға күш көрсетуге дайын болды. Сейіт Ахмет ханнан ке-

йін Үлкен Орданың маңызды билеушілерінің бірі саналған Махмұт хан Қырым хандығына қарсы саясат жүргізді. Махмұт хан Алтын Орда хандарының жақын туысы болып, ол билеген тұста Үлкен Орда орыс княздіктеріне табысты жорықтар жүргізді. Мұнымен тоқтамаған Махмұд хан Қырымға да жорық ұйымдастырып, бірақ 1465 жылы Қырым ханы Қажы Гирейден жеңіліске ұшырады. Осы тұста Қырым хандығының, ондағы басқарып отырған Қажы Гирей әулетінің Үлкен Орданың алдында әлдеқайда күшейгенін байқау қиын емес.

Орда хандары Қырым хандығының күшеюінің себептерін түбекте халықаралық сауданың қызу дамығандығынан және оған Осман империясының қолдау білдіруінен деп түсінді. Бұл кезде Қырым хандары мен осман сарайы арасында аса тығыз байланыстар орнатылған еді. Осман империясының сұлтаны Фатих II Мехмет сұлтан Қырым хандығына сырттан келетін күштердің алдын алып отырды. Оның басты көріністері Қажы Гирейдің хандықты басқару кезінде және 1466 жылы оның қайтыс (Bedriye S.1934:10). болуынан кейін Қырым тағына өзге ішкі саяси күштердің таласуы кезінде көрінді. Әсіресе, Қажы Гирей қайтыс болған соң бұл әулетке қарсы болған оның бұрынғы ішкі бақталастары оның ұрпақтарының хан тағына отыруына мүлде қарсы болды. Гирейлер әулетіне қарсы болған Шыңғыс тұқымынан тараған өзге әулеттің өкілдері де хандыққа таласып, олар сырттан көмек іздеді. Мұны ұтымды пайдалануға тырысқан орда хандары оларға көмектесуге тырысты.

Осындай саяси жағдайларды басшылыққа алған Махмұт хан Осман империясының сұлтаны II Мехметке арнайы хат жолдауға мәжбүр болды. Махмұт хан 1466 жылы II Мехмет сұлтанға хат жазып, онда Қара теңіз аймағында Осман империясының беделі мен күш-қуатының зор екендігін айтты және оны аймақта тыныштықты сақтауға шақырды. Махмұт ханның жазған хатында: Адам баласы мен бүкіл әлемді жаратушы Алланың құдіретінің шексіз екеніне бас ие отырып, Алланың атымен осы хатымды бастадым. Әлемді жаратушы Алла, Мұхаммед оның елшісі деп мұсылмандық ұстанымдармен бастаған Махмұт ханның сөзінің басты мазмұны бұрыннан жалғасып келе жатқан өзара елшілік, сауда қатынастарын тоқтатпай жалғастырып, оны дамытуға арналды. Бұл істе Махмұт хан өзіне дейінгі билеушілердің Осман империясымен байланыстарын жалғастырушы ретінде ортадағы елшілер мен дипломатиялық қатынастардың

маңыздылығына тоқталады. Бұған дейін сауда-керуен қатынастарының болғаны тілге алынып, ол тараптар үшін аса пайдалы болған деп ой түйінделген. Сонымен бірге арада достық және туыстық жақындықтың ұмытылмағаны айтылады. Осы аталған қатынастарды басшылыққа алған Махмұт ханның негізгі ойы оны жалғастырып, дамытып, соның негізінде екі жақ арасында аса жақын байланыстар орнату болды.

Махмұт хан хатта жазылған өзінің сөзінде бұл туралы ойларын жеткізіп те үлгереді. Ол бұған дейінгі орда билеушілері мен осман сұлтандары арасындағы байланыстарды жалғастыруға үнемі құлықты болғанын айтып, ендігі кезекте оны жалғастырып, дамытудың маңызды екенін көрсетеді. Ол көбінесе арадағы байланыстардың үзіліп қалуына жөнелткен елшілердің уақытында жете алмай қалып, тиісті шаралардың уақытымен атқарылмай қалуымен түсіндіргісі келді. Сауда қатынастарында да осындай жағдайлар орын алып, керуендер уақытымен жете алмай қалып отырды. Әрине, мұндай жағдайлар арадағы байланыстарды салқындатып жібереді. Махмұт хан ендігі мәрте жоғарыдағы жаратушы құдайдың қалауымен тағы да байланыстар орнатылса, оны ұлғайтып, дамытатынын жеткізді. Бұл жағдай болашақта біздің арамыздағы достық қатынастарымызды дамытатын болады деп көрсетті (Kurat A. 1940: 37-43). Осман сұлтанына жазған хаты арқылы Махмұт хан мемлекеттер арасындағы байланыстарды аса бір жоғары белеске шығармаса да мемлекетаралық қарым-қатынастарды аз да болса ретке келтіре алды деп тұжырымдауға болады. Себебі, бұдан кейін біршама уақыт бойына осман билеушілері Қырымның ішкі істеріне араласуын азайтты.

Алтын Орданың Қырыммен байланысты болған сыртқы саясаты Орда ханы, Кіші Мұхаммед ханның баласы Ахмет ханның тұсында да жалғасты. Ахмет хан Орданы өзінің туысы Махмұд ханмен бірге басқарды. Ахмет хан тақта 1460-1481 жылдары отырып, ол хандықтың бұрынғы уысынан шығарып алған территорияларын қайта қосуды, оны қалпына келтіруге тырысты. Осындай саясаттың негізгі бағыттарының бірі Қырым хандығына бағытталды, Ахмет хан өзіне дейінгі билеушілер сияқты Қырым хандарына қатты шүйлікті, олардың тәуелсіз өмір сүруін қаламады. Осы мақсатпен Ахмет хан мен оның жақтастары Қырым хандығының ішкі істеріне араласты. Хандықты өзінің туының аясында ұстау үшін және Алтын Орданы қайта тіктеу мақсатында түрлі әрекеттерге барып отырды. Оның басты мысалы 1466 жылы Қажы Гирейдің

өлімінен кейін билікке келген оның баласы Нұрдәулет (Нур-Девлет) пен кейіннен оған қарсы шығып таққа таласқан Меңді Гирей (Менгли Герай) арасында таққа талас орын алған кезде байқалды. Меңді Гирей Қырымда жақтастары көп болып, ол Нұрдәулет ханды орнына түсіреді. Алайда көп ұзамай, осы 1466 жылдың өзінде-ақ Нұрдәулет оны тақтан тайдырады да билікті қолына алады (İnalçık H. 1944: 200-201). Бірақ, бұл тартыс бірнеше жылдар бойына толастаған жоқ.

### **Қырым хандығындағы ішкі саяси тұрақсыздық және тараптардың саяси ұстанымдары**

Әулеттік басқару бойынша билікке келген Қажы Гирейдің ұлы Нұрдәулет хан сыртқы саясатта барлық мемлекеттермен бейбіт өмір сүруге бел буды. Алғашқы кезде ол Алтын Орда ханы Ахмет ханға өзінің елшісін жіберіп, өз оның сенімді адамы ретінде көретінін айтты. Бұдан алдыңғы жылдары Қырым ханы мен Орда билеушілерінің арасындағы болған соғыстардың болуына қарамастан Нұрдәулет ханның мұндай ұстанымына Ахмет хан таңданыспен қарайды. Дегенмен, ол өзінің Қырымға қатысты өзінің ұстанымдарынан бас тартпайды және оны өзіне қосып алу ниетінде болады. Нұрдәулет ханның Алтын Ордамен жақындасудағы саясаты, ордалықтардың Қажы Гирейдің тұсында орын алған жеңілістерге байланысты Қырым хандығынан кек алуы мүмкін деген күдіктің алдын алу болды.

1468 жылы Нұрдәулет пен Меңді Гирей хандар арасында тартыс тағы да өршіп, бұл жолы Меңді Гирей басқа әрекеттерге көшті. Ол енді тек ішкі жақтастармен шектелмей, Нұрдәулетке қарсы генуялық билеушілерді тартады. Осы жылы Меңді Гирей Кафа қаласына келіп, онда генуялықтармен одақтасты және аймақтағы басқа да халықтардан көмек сұрады. Олар бірлескен қуатты әскер жинап Нұрдәулет ханға қарсы шықты. Меңді Гирейдің әскери қуатының көп екенін түсінген Нұрдәулет хан қиын жағдайда қалды. Ол бұл кезде аймақта үлкен күшке ие болған өзге мемлекеттер Алтын Орда мен Осман империясына сүйенуге талпынды. Қырым хандығының іштей ыдырап, соның негізінде әлсіреуін қалаған Алтын Орда билеушілері Нұрдәулет ханға қолдау көрсетпеді. Осыған байланысты, Нұрдәулет хан Осман империясының сұлтаны II Мехметке хат жолдап, онда Қырымдағы бақталастарын жеңіп билікті қолға алуға көмектесуді және генуялықтарға қарсы бірлесіп соғысуды сұрады. Есесіне осман билеушілеріне генуялықтардың Қырым түбегіндегі және басқа да



аймақтардан қоныс бөліп беру уәде етілді. Бірақ, Нұрдәулет ханның хаты Стамбулға жетіп барған жоқ. Соның салдарынан ол Меңді Гирей мен оның генуялық одақтастарымен соғысуда жеңіліске ұшырады. Бұл жағдай 1469 жылы орын алып, генуялықтармен соғыс кезінде Нұрдәулет хан өзінің үш бауырымен бірге тұтқынға түсті. Енді ол үшін мемлекетті басқару аса ауыр болып, ол тұтқыннан босап шығудың түрлі амалдарын қарастырды. Олар тұтқында болғанымен, хан тұқымынан болғандықтан оларға құрмет көрсетіліп, ешқандай артық қысым жасалмады, мұны Меңді Гирейдің өзі бақылауға (Иналджик Х. 2013а: 122) алды.

Меңді Гирей осы жылы 1469 жылы хан тағын иеленді, ол Қырым түбегінде ірілі-ұсақты мемлекеттер арасында ең қуатты елдердің бірі болды. Меңді Гирей көршілермен жақсы байланыстар орнатты. Бұл уақытта аймақта оның басты қарсыласы Алтын Орда ханы Ахмет хан еді. Сонымен бірге, Осман империясы да оның Қара теңіздегі бақталасы ретінде саналды. Бұлай дей отырып Меңді Гирейдің кезінде хандықтың күшейе бастағанын аңғару қиын емес. Бұл уақытта Осман империясы Балқан мен Кіші Азияда соғыс қимылдарын жалғастырып, ол үшін Қара теңіз жағалауын «игеру» күн тәртібінде тұрды. Саудагерлер мен саяхатшылардың Қырымға әкелген мәліметтері мен түрлі қауесеттері Қырым хандығын мазасыздандырды. Дәлірек айтқанда, Меңді Гирей Анадолы мен Балқандағы сияқты ірілі-ұсақты корольдіктер мен сұлтандықтар сияқты Осман империясының құрамына күшпен қосылып кетуден қауіптенді. Мұның алдын алу мақсатында Меңді Гирей көрші корольдіктермен өзара одақтастық байланыстар орнатып та үлгерді. Егер, Осман империясы тарапынан қандай да бір басқыншылық соғыстар туа қалса бір-біріне қол үшін беру туралы уағдаластықтар да қабылданып жатты.

Арадан көп ұзамай-ақ осы 1469 жылы османдық галиондар Қырым жағалауына келіп, әскер түсірді. Басты мақсат түбекті (Yücel Ö. 2008: 153) жаулап алу болды. Себебі, Қырым түбегінде сауда-саттық аса көлемді түрде жүріп, оның табысы өте жоғары деңгейде еді. Соғыс қимылдары басталып, әп-сәтте Кафа қоршауға алынып, халқы тұтқындалды. Қала билеушілері, яғни генуялықтар Меңді Гирейден көмек сұрады. Өз одақтасына көмек көрсетуге уағдаласқан Меңді Гирей османдарға қарулы қарсылық көрсетуден еш нәтиже шықпайтынын түсініп, олармен тек бейбіт келіссөздер арқылы ғана табысуды басшылыққа алды. Осы

мақсатпен Меңді Гирей осман сұлтаны II Мехметке хат жолдап, онда өзі және одақтастарына осман мемлекеті талаптарын қауіп төндірмеуін сұрады. Қырым билеушісінің бұл өтініші сұлтан II Мехмет тарапынан қабылданды. Дегенмен, ол Қырым хандығы мен оның айналасында өмір сүріп жатқан княздіктерді бақылауында ұстап, оларды болашақта басып алудың келесі (İnalçık H. 1991: 2) бір қолайлы сәтін күтті.

Қырым хандығында Меңді Гирей толық орныққанымен, ендігі кезекте ішкі саясатта үлкен бір мәселе туды. Ол қырымдық рулық әулеттердің ішінде ең ірісі болған Ширын әулеті бейлері (бей-мырза) арасында туған тартыстар мен тіпті олардың Меңді Гирейге қарсы әрекеттерімен сипатталды. Бейлердің ішкі және сыртқы саясатты реттеудегі рөлі зор болды, олар тіпті мемлекетте бас уәзір қызметін атқарды. Олар өздері басқарып отырған рудан және басқа да тайпалардан әскер жинады және соғысқа шықты. Мұндай рулардың ең беделдісі осы аталған Ширын руы болып, оның билеушісі Мамак бей қайтыс болған соң оның орнына рубасы ретінде інілері арасында тартыстар басталады. Мамактың інілері Қара мырза мен Әминек арасында тартыстар болып, ол мемлекеттің берекесін қашырды. Меңді Гирей Қара Мырзаны қолдап, алайда кейіннен Әминек бейдің генуялықтарды ортаға салып, олардың Қырым ханына өтініш білдіруі арқылы ол бейлікке сайланатын болды. Алайда, жағдай толық реттелмеген еді. Себебі, Әминек пен Меңді Гирей арасында тағы да тартыстар туындап, мұны енді Мамак бейдің келесі бір баласы Шейдак бейлікке таласа бастайды. Бірақ, Меңді Гирей қаншалықты өрескел әрекеттерге барғанына қарамастан Әминекті таңдады. Бұған наразы болған Шейдак та Әминек сияқты сырттан қолдау іздей бастады (Гайворонский О. 2007: 45-46).

Осылайша, Қырым хандығын басқаруда үлкен роль ойнаған Ширын әулетінің басына басшы сайлау ішкі саясатпен қатар сыртқы саясатта да тартыстардың тууына алып келді. Бейлікке таласқан Әминек генуялықтарға, Қара мырза Меңді Гирей ханға, ал Шейдак Алтын Орда хандарына сенім артты. Шейдак Алтын Орда жеріне барып, өзінің Қырым хандығына белді билеуші болуды қалайтынын жеткізді. Бұл жағдайды Орда билеушілері ұтымды пайдаланғысы келеді де түбекті түгелдей өздеріне қаратуға тырысады. Орда билеушілері Шейдақты қолдайды. Сонымен бірге генуялық жергілікті консулдар да Шейдақтың мырза болып, Қырым хандығы бойынша ең беделді (бей)



тұлға болып саналуын талап етеді. Осының салдарынан Меңді Гирей лажсыздан бейлікке Шейдақты сайлауға мәжбүр болады. Осыдан соң Эминек генуялықтардың қолдауынан айрылды.

Мұның салдарынан Қырым хандығында Ширин әулетіне бейлік қызметке сайлану сыртқы саяси мәселелердің тууына алып келді. Бұл ең алдымен Осман империясының Қырымға шүйлігіп, оны толықтай басып алуына алғышарт жасады. Мұның барлығы Ширин әулетінің басшылығына үміткер болған Эминектің қимылдарынан туындады. Эминек Меңді Гирей хан мен Шейдаққа өкпелі болып, оның ендігі үміті осман сұлтандарынан болды. Өзіне қолдау білдіру үшін ол осман билеушілеріне хат жолдайды. Оның осман билігімен аса құпия түрде жүргізіліп отырған байланыстары бар еді. Ол осман әмірлеріне жолдаған хатында Кафаны жаулап алуды ұсынады және ол үшін өзінің көмекке дайын екенін жеткізеді. Сонымен, Қырымда ішкі саяси жағдай шиеленісіп, ол Ширин әулетінің өкілдері арасында басталған тартыстардың негізінде туындаған болса, енді сырттан Осман империясынан қауіп төнді. Қырым ханы өзінің одақтасы болған генуялық консулдарды барып паналады. Қырым хандығының тағына Айдар хан отырды (Гайворонский О. 2007: 47).

#### **Аймақта геосаяси жағдайдың шиеленісуі және елшілік қатынастар**

Жоғарыда аталғандай, осман сұлтаны II Мехмет Қырымға, соғыс ашудың қолайлы сәтін күтіп, ол үшін ішінара дайындықтар жүргізіп қойған еді. Осман сұлтанының мақсаты әуелде генуялықтарға тиесілі болған сол уақыттағы Қара теңіздегі ең бай қала саналған Кафа қаласын алу болды. Сұлтан II Мехмет сыртқы саясатты Генуя корольдігімен бақталас болғандықтан, бұл жағдай османдардың Қырымға аттануын тездетті. Осман флоты мен әскерін басқарған және сол кезде Осман империясының бас уәзірі болған тәжірибелі Гедик Ахмет пашаға Кафаны және оның айналасындағы қалалар мен бекіністерді алу жүктелді. Жалпы саны қырық мың жауынгермен осман әскері Қырым түбегіне қарай жылжыды. (Hammer. 1997: 253). 1875 жылдың мамыр айының соңында Қырым жағалауына келген осман теңіз әскері генуялықтардың қамалдарына шабуыл жасап, олардың біразын иеленді. Қырымда Гедик Ахмет пашаға көмектесу үшін Эминек басқарған атты әскер келді. 31 мамыр мен 1 маусым күндері Кафа қаласы қоршауға алынды. Османдар қырымдықтардың қолдауымен қалаға жан-жақтан оқ жаудыр-

ды. Кафа қамалын қорғауда Меңді Гирей өзінің одақтасы генуялықтарға көмектесті. Ол османдарға қарсы соғысып, оларға айтарлықтай шығын келтірді. Бірақ, соңына дейін қарсы тұра алмады. Соғыс әдісін жетік меңгерген османдық артиллерия бір апта уақыт өтпей Кафа қаласына өз жалауын тікті. 9 маусым күні Кафа қаласы берілді. Бұл жағдай Қырым түбегінің Осман империясы тарапынан алғаш рет басып алынуы еді. Гедик Ахмет паша мұнымен тоқтамай, Азов, Ки-ли, Ақкерман, Балаклава, Феодора және басқа да бірқатар қамалдарды иеленді.

Османдардың Кафа мен Қырым аймағында жүргізген соғыс барысында Меңді Гирей хан қолға түсіп, ол Гедик Ахмет пашаға жеткізілді. Ешбір амалы қалмаған Меңді Гирей Гедик Ахмет пашаға өзін Осман империясы сұлтанының вассалымын деп мойындады. Бұл жағдай Қырым хандығының Осман билігіне өтуінің алғашқы баспалдағы еді. Сонымен бірге, Шыңғыс әулетінен тараған хандардың Осман империясының билігін алғашқы мойындаушыларының бірі болды. Осыдан соң, Гедик Ахмет паша оған өзінің кешірімін берді (Nur Akbaş. 2017: 21-22). Ендігі кезекте, ол өзінің жеке басының амандығын ойлап осман бас уәзірінен көмек те сұрайды. Себебі, оның Қырымда дұшпаны көп болып, оның ең негізгілері Нұрдәулет хан мен Ширин әулетінің өкілі Эминек бей еді. Гедик Ахмет паша Меңді Ахметтің өтінішін құп көріп, жеке басының қауіпсіздігі үшін оны Стамбулға жібереді. Сұлтан II Мехмет алғашында Меңді Ахмет ханды өлім жазасына бұйырмақшы болып, кейіннен елшілер мен кеңесшілердің араша түсуінің арқасында оны өлтірмей өзінің қырымдық өкілі ретінде ұстады.

Осман империясының Қырымға жасаған кезекті бұл соғысында Нұрдәулет хан да өзінің осман сұлтанының вассалы деп мойындап, ол билікті өз қолына алды. Қырым хандарының мұндай қимылдары Қырымды басқарып отырған Ширин әулеті мен хан әулеті өкілдерінің наразылығын тудырды. Ол әсіресе Ширин әулетінен шыққан Қажыке (Хажике) есімді келесі бір өкілінің түрлі саяси қимылдарға баруына мұрындық болды. Қажыке Алтын Орда (Үлкен Орда) ханы Ахмет ханнан көмек сұрады. Бұл кезде орыс княздіктеріне түрлі жорықтар ұйымдастырып, оларға алым-салықтар салып күшейіп отырған Алтын Орда билеушісі Қырым хандығын да назардан тыс қалдырмаған еді. Орда хандары Қырымдағы саяси жағдайды бақылап, Осман империясымен соғыс жағдайына бармау мақсатында оларға киліккен жоқ.

Осы тұстағы маңызды жәйттердің бірі ол қырым хандарының османдық вассалдықты қабылдауы Шыңғыс ұрпағы болып табылатын Алтын Орда билеушілерінің саяси мүддесіне нұқсан келтірді. Қырым хандарымен қанша соғыстар жүргізсе де оларды өзінің туысы санаған ордалықтардың ендігі ұстанымдары басқа болып, ол іштей бытырап жатқан Қырым хандығын Осман империясының билігіне өтпей тұрғанда өз қолында сақтап қалу болды. Осы мақсатпен Орда ханы Ахмет хан Қажыкениң саяси өтінішін құп көре отырып, Қырым хандығында ұзаққа созылған ішкі жағдайды реттеуге көмектеседі (Гайворонский О. 2007: 54-55).

Қырымда болып жатқан ішкі соғыс жағдайын көрген Ахмет хан оны әскери күшпен басуға шешім қабылдап, өзінің бауыры Жәнібек бастаған әскерді жіберді. Орда әскері ешбір кедергіге мойынсұнбай Қырымға басып кіреді. Ішкі жағдай біртіндеп реттеле бастайды. Бұл кезде Молдовада осман әскеріне көмектесіп жүрген Эминек бей бұл жағдайды біліп, Қырымға жетті. Мұны білген Ахмет хан 1476 жылы Қырымға өзі бастырып кіреді. Эминек бей Алтын Орда әскеріне қарсы соғысып, жеңіліске ұшырайды. Нәтижеде Нұрдәулет хан Қырым хандығының тағынан түсірілді, ішкі соғыс күшпен бастырылды. Ахмет хан Қырым хандығының тағына Жәнібекті хан етіп отырғызды (Иналджик Х. 2013б: 122). Осылайша, ұзақ уақыт бойы іркілістен кейін Қырым ханы аз уақыт болса да Алтын Ордаға қайта бағынды. Бұл жағдай Алтын Орданың тұрақтылығының аз да болса қайта тіктелгенін көрсетті. Енді, Қырым түбегінің солтүстік жағы Алтын Ордаға қараса, оңтүстігі Осман империясына тиесілі болды.

Осылайша, Қырым түбегіндегі саяси жағдай қатты өзгеріп, ол Осман империясы мен Алтын Орда сияқты екі ірі мемлекеттің ашық сыртқы саяси алаңына айналды. Дегенмен, тараптар түбектегі саяси жағдайды толық бақылауға алып, ол артық саяси текетіреске немесе тартыстарға баруды қалаған жоқ. Алайда, өзінің аймақтағы саяси жағдайын қайта тіктеп келе жатқан Алтын Орда үшін Қырымды қолына ұстап қалу маңызды болды. Алтын Орда ханы Осман империясымен бейбіт қатынастарды жалғастыру ниетінде болды. Бұған Ахмет ханның осман сұлтаны II Мехметпен елшілер жөнелту арқылы хат алмасуы дәлел бола алады. Деректерде 1476-1477 жылдары осман сұлтаны II Мехметпен Алтын Орда ханы Ахмет арасында үш негізгі хат алмасу көрсетіледі. Оның Қырымдағы соғыс қимылдарына қатыстысы ең негізгісі екеу

болып, оның біріншісін осман сұлтаны II Мехмет жолдайды. Хаттың жөнелтілу уақыты кішкене қиындық тудырып, алайда оның жазылған уақыты 1475 жылдың мамыры мен 1477 жылғы мамыр айы аралығындағы уақыт кеңістігі болды (Зайцев И. 2004: 92). Бұл хат негізінен 1475 жылы осман әскері Кафа қаласын алғаннан кейін жолданып, хатты Сейіт Мұхаммед есімді елші жеткізді. Жолданған хатта екі мемлекет арасындағы жалғасып келе жатқан байланыстар мен Қырымға қатысты саяси жағдай айтылады. Басты тақырып осман сұлтаны тарапынан Кафа қаласының Осман империясының меншігіне айналдырылғаны жазылды.

Бұл хатта II Мехмет сұлтан: «Менің бұл хатты жолдаудағы басты айтқым келген жағдай, біз доспыз. Бұл достық жалғасады. Біз достықты жаңартып жатырмыз. Бұл жоғары жаратушының қолдауы болып, ол бізге берілген. Кафаны алдық, көрші болдық. Осы орайда, біз сіздің жақсы, әділетті адам екеніңізді және жақсылықтарыңыз жайлы естідік. Осының негізінде сізге жақындау туралы ой туды» – дей отырып, онда өзінің Қырым жеріне басып кіру себептерін түсіндіреді. Оның себебін, Кафа мен оның айналасындағы халықтар көбінесе христиан дініне бет бұрып, олардың тіршілігіне күмән мен таңданыс пайда болғанымен түсіндіріледі. Осыған байланысты сұлтанның бұл аймақтағы өзге діндегі адамдары тұтқынға алып, дінсіздерді дінге тарту жайлы істер айтылады (Bedriye S.1934:17-18). Бұл хаттағы II Мехметтің ойы Алтын Ордамен достық қатынастарды қалай да болмасын жаңартып алу қажет болды. Хатта осман үкіметінің Қырымдағы иеліктеріне ордалық хандардың тиіспеуі алға тартылған. Осыған байланысты Алтын Орда хандары 1476 жылы Қырымға басып кірген кезде олар түбектің оңтүстік бөлігіндегі Осман империясына тиесілі аймақтарға тиіспей, тек солтүстік бөлігін ғана иемденді.

1477 жылы маусым айында Алтын Орда ханы Ахмет хан Осман империясының сұлтаны II Мехметтің атына хат жолдайды. Бейбіт қатынастарға негізделген хатын Ахмет хан өзінің Исхақ атты сенімді көмекшісі арқылы жөнелтеді. Бұл хат Топкапы сарайының мұрағатында сақталып, оны алғаш Акдес нимет Курат аудармасы мен транскрипциясын жасаған (Kurat A. 1940: 46-47). Ахмет хан хатында өзін Шыңғыс ұрпағы екенін ескертіп, ал II Мехметті мемлекет басшысы ретінде көрсетеді. Хатта Ахмет хан: «Біздің достығымыз тек жоғарыда Аллаға аян. Егер сіз қандай жолды таңдасаңыз, біз оны қолдап-қуаттаймыз»

– деп жазады. Ханның бұл сөздері өзінің текті ұрпақтан шыққанын және осман сұлтанының да жай адам емес екенін көрсетіп, онда саяси-әскери күштің басымдылығы II Мехметке берілген. Ахмет ханның жазбасынан Осман империясының Қырымдағы әскери қимылдарына қарсылық білдірмейтіні байқалады. Сонымен бірге, ханның сөзінен Осман империясы мен Алтын Орда арасындағы байланыстарды дамытуға ынталы екендігі анық аңғарылып тұр.

Ахмет хан өз хатында: «Сіздің аталарыңыз бен біздің аталарымыздың арасында достық байланыстар ұзақ жалғасқан. Елшілер арқылы байланыстар үзілмеді, ортада көптеген елшілер қатынады. Сіздің елшіңіз Сейіт Мұхаммед бізге келді, оған жаратушы жар болсын. Мен өзімнің Исхақ есімді елшімді жіберіп отырмын» – деді. Елші Исхақ үшін алдағы міндеттер оңай болмады (Зайцев И. 2004: 90-91). Осман империясы күшті және империяның аймақта беделі жоғары болғандықтан, оның билеушісінің аудиенциясында болу оңайға соқпайтыны анық еді. Бірақ, айтылатын ұсыныстар мен Қырым түбегі және Алтын Ордаға қатысты барлық талаптілектер жазылған хатта анық көрсетілді. Ахмет ханның хатында келтірілген сөздердің барлығы осман сұлтанын өзінен жоғары етіп көрсетіп, алайда мұның бәрі оның саяси амалдарының жүзеге асырылуы үшін жасалғаны көрініп тұрады.

Осман империясы мен Алтын Орда билеушілерінің арасындағы өзара хат алмасудың мемлекетаралық байланыстардың жақсы болуында маңызы өте зор болды. Екі мемлекеттің де көздегені Қырым болып, алайда ол түпкілікті Осман империясының пайдасына шешілді. Оның басты себептері мен нәтижелеріне тоқталсақ, бұған дейін-ақ қырым хандары Меңді Гирей мен Нұрдәулет хандар Осман империясының вассалы екенін мойындап қойған еді, Ширин әулетінің өкілі Әминек бей осман сұлтанымен өте тығыз байланыста болды және ең бастысы аймақта османдардың беделі үстем болды. Осындай факторлар ақыры 1478 жылы Қырым хандығының Осман империясының империялық меншігі етіп бекітілуіне алып келді. Жоғарыдағы саяси ахуалды ескере отырып Ахмет хан және өзге де Алтын Орда билеушілері Осман империясының Қырымдағы саясатын түсіністікпен қабылдады. Ол бұл жайлы өзінің жазған хаттарында да көрсеткен болатын. Демек, Орда билеушілері Қырымның Осман империясына кіретінін ілгері кезден бастап-ақ білген.

## Қорытынды

Қорыта айтқанда, XV ғасырдың 50-70 жылдары Қырым хандығы үшін Осман империясы мен Алтын Орда мемлекеті арасында туындаған геосаяси процестер бейбіт қатынастардың негізінде жүзеге асырылды. Мұсылман халықтарына құрметті аса берік ұстанған осман сұлтаны Фатих II Мехмет Алтын Орда билеушілеріне және Қырым хандарына ұдайы зор құрмет көрсетті. Бұған әрине османдар мен ордалықтар арасында өзара диалогтың берік орнауы және тілі мен діні жақын болған мемлекеттердің бір-біріне құрметі себеп болды. Осман сұлтандары мен Орда хандары Қырым үшін ашық таластартыс алаңына шықпағанымен, екі мемлекеттің де өз саясаты болды. Салыстырмалы түрде қарағанда Алтын Орда (Үлкен Орда) өзінің аймақта әлсіреп отырғанын түсінді, бірақ соған қарамастан бұрынғы мемлекетті қалпына келтіру мақсатында Қырымды өзіне қайта қосу басты стратегиялық жоба болды. Ал, Осман империясы болса, өзінің бұл аймақта күшейіп келе жатқанын біле отырып, Қырым хандығының қашан да болмасын империя құрамына кіретініне анық көз жеткізе алды. Сондықтан да империя Қырымды алуда аса үлкен асығыстық таныта қойған жоқ. Соғыс әрекеттері тек Қырым хандығының айналасындағы христиан мемлекеттеріне бағытталды. Олай деудің себебі бұл кезеңде діни фактор халықаралық қатынастарда зор роль ойнады.

Осман билеушілері өздерінің аймақта аса зор күшке ие болғанына қарамастан, Алтын Орда хандарымен бейбіт саяси қатынастар жүргізді. Оның басты мысалдарының бірі османдық және ордалық билеушілер арасындағы елшілік қарым-қатынастардың бейбіт түрде жүзеге асырылуы болды. Дегенмен, екі мемлекет арасындағы Қырым үшін жүргізілген саяси процестер өзінің нәтижесін Осман империясының пайдасына шешті. Осман империясы мен Алтын Орда арасындағы геосаяси процестің бейбіт түрде жүзеге асырылуы тарихта сирек кездесетін факторлардың қатарына жатады. Мұнда діни бір болған мемлекет басшыларының сабырлығы мен бір-бірінің ісіне орынсыз қол сұқпай құрметпен қарауын аңғару қиын емес. Қырым факторы Осман империясы мен Алтын Орда арасында аса үлкен халықаралық мәселе болмағанымен, аз уақытқа созылған өзара геосаяси процестің бірі болып тарихта қалды.

## Әдебиеттер

- Ali Sevim, Yaşar Yücel. (1991). *Klasik Dönemin Üç Hükümdarı Fatih, Yavuz, Kanuni*. Ankara: Türk Tarih Kurumu.
- Bedriye Sabit. (1934). *Kırımın Osmanlı İmparatorluğuna Eklenmesi Meselesi*. Ankara: Arkadaş Matbaası.
- Joseph von Hammer. (1997). *Osmanlı tarihi (Ata bey tercümesi) II cilt* İstanbul: MİLLÎ EĞİTİM BASIMEVİ.
- İnalcık Halil, (1944). “Yeni Vesikalara göre Kırım Hanlığı’nın Osmanlı Tabiliğine Girmesi ve Ahidname Meselesi,” // *Belleten* № 8, S. 186-229
- İnalcık, Halil. (1998). “The Question of the Closing of the Black Sea under the Ottomans.” *Essays in Ottoman History*, 415-45. İstanbul,
- İnalcık, Halil. (2017). *Kırım Hanlığı Tarihi Üzerine Araştırmalar 1441-1700*. Ankara: İş Bankası Kültür Yayınları.
- Kurat Akdes Nimet, (1940). *Topkapı Sarayı Müzeyi Arşivindeki Altın Ordu, Kırım ve Türkistan Hanlarına Ait Yarlık ve Bitikler*, İstanbul: Burhaneddin Matbaası,
- Kurat Akdes Nimet, (1966). *Türkiye ve İdil boyu*. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi.
- Kurat Akdes Nimet, (1972). *IV-XVIII. yüzyıllarda Karadeniz’in Kuzeyindeki Türk Kavimleri ve Devletleri*, Ankara: TTK Basımevi,
- Nur Akbaş. (2017). *Osmanlı Kaynaklarına Göre Gedik Ahmed Paşa’nın Kırım Seferi*. // *VAKANÜVİS- Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi* №2, Kafkasya Özel Sayısı. S. 14-26
- Yücel Öztürk. (2000). *Osmanlı Hakimiyetinde Kefe (1475-1600)*. Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları
- Yücel Öztürk. (2008). *Fatih Zamanında Osmanlı Karadeniz Politikasının Olumasi ve Sonlari*. // *Uluslararası Giresun ve Doğu Karadeniz Sosyal Bilimler Sempozyumu*. Cilt I. S. 138-164
- İnalcık, Halil. (1991). “Struggle for East-European Empire: 1400-1700 – the Crimean Khanate, Ottomans and the Rise of the Russian Empire.” // *The Turkish Yearbook*. №21, 1-16.
- Вовина В.Г., Кожанов А.А., Никулина Т.В. (2003). *История Золотой Орды* // *Сборник материалов*. – СПб.: Европейский Дом.
- Гайворонский О. (2007). *Повелители двух материков, том 1*. – Киев-Бахчисарай: Оранта.
- Греков И.Б. (1975). *Восточная Европа и упадок Золотой Орды (на рубеже XIV-XV вв.)*. – М.: Наука.
- Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. (1950). *Золотая Орда и её падение*. – М.-Л.: Изд-во АН СССР
- Горский А.А. (2003). *Москва и Орда*. – М.: Наука.
- Зайцев И. (2004). *Между Москвой и Стамбулом: Джучидские государства, Москва и Османская империя (начало XV – первая половина XVI вв.)*. – М.: «Рудомино».
- Зайцев И. (2010). *Крымское ханство: вассалитет или независимость?* // *Османский мир и османистика* // *Сборник статей к 100-летию со дня рождения А.С. Тверитиновой (1910-1973)*. – С. 288-298.
- Иналджик Халил. (2013). *Крым под властью Осман и спор о заключении соглашения: По материалам новых документов*. // *Золотоордынское обозрение*. – № 1. – С. 147-163.
- Иналджик Халил. (2013). *Крым под властью Осман и спор о заключении соглашения: По материалам новых документов*. // *Золотоордынское обозрение*. – № 2. – С. 117-127.
- Миргалеев И.М. (2009). *Золотоордынское государство в системе международных отношений*. // *Вестник Челябинского государственного университета*. № 12. История. Вып. 31. – С. 94-98.
- Миргалеев И.М., Гибадуллин И.Р. (2016). *Письмо хану Ахмаду* // *Золотоордынское обозрение*. № 4. – С. 894-898.
- Пономарев А.Л. (2013). *Первые ханы Крыма: хронология смуты 1420-х годов в счетах Генуэзского казначейства Каффы*. // *Золотоордынское обозрение*. – № 2. – С. 158-190
- Рудаков В.Н. (2014). *Монголо-татары глазами древнерусских книжников середины XIII-XV вв.* – М.: Квадрига
- Тизенгаузен В.Г. (1884). *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том I. Извлечения из сочинений арабских*. – СПб.: Типография Императорской Академии наук.
- Тизенгаузен В.Г. (1941). *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том II. Извлечения из персидских сочинений*. – М.-Л.: Изд-во Академии наук СССР.

## References

- Vovina V.G. Kozhanov A.A. Nikulina T.V. (2003). *Istoriya Zolotoy Ordy*. [History of the Golden Horde]. *Sbornik materialov*. Sankt-Peterburg: Yevropeyskiy Dom
- Gayvoronskiy O. (2007). *Poveliteli dvukh materikov, tom 1*, [The overlords of the two continents]. Kiyev-Bakhchisaray: Oranta.
- Grekov I.B. (1975). *Vostochnaya Yevropa i upadok Zolotoy Ordy (na rubezhe XIV-XV vv.)*. [Eastern Europe and the decline of the Golden Horde (at the turn of the 14th-15th centuries)]. Moskva: Nauka.
- Grekov B.D., Yakubovskiy A.YU. (1950). *Zolotaya Orda i yeyo padeniye*. [The Golden Horde and its fall]. Moskva-Leningrad: Izd-vo AN SSSR
- Gorskiy A.A. (2003). *Moskva i Orda*. [Moscow and the Horde]. Moskva: Nauka.
- Zaytsev I. (2004). *Mezhdu Moskvoy i Stambulom: Dzhuchidskiye gosudarstva, Moskva i Osmanskaya imperiya (nachalo XV – pervaya polovina XVI vv.)*. [Between Moscow and Istanbul: the Juchid states, Moscow and the Ottoman Empire (beginning of the XV - first half of the XVI century)]. Moskva: «Rudomino».



Zaytsev I. (2010). Krymskoye khanstvo: vassalitet ili nezavisimost'? [Crimean Khanate: vassalage or independence?]. // *Os-manskiy mir i osmanistika. Sbornik statey k 100-letiyu so dnya rozhdeniya A.S. Tveritinovoy (1910-1973)*. S. 288-298.

Inalzhik Khalil. (2013). Krym pod vlast'yu Osman i spor o zaklyuchenii soglasheniya: Po materialam novykh dokumentov. [Crimea under the rule of Osman and the dispute about the conclusion of the agreement: Based on the materials of the new documents, the Golden Horde review]. // *Zolotoordynskoye obozreniye*. №1. S. 147-163.

Inalzhik Khalil. (2013). Krym pod vlast'yu Osman i spor o zaklyuchenii soglasheniya: Po materialam novykh dokumentov. [Crimea under the rule of Osman and the dispute about the conclusion of the agreement: Based on the materials of the new documents, the Golden Horde review]. // *Zolotoordynskoye obozreniye*. №2. S. 117-127.

Mirgaleyev I.M. (2009). Zolotoordynskoye gosudarstvo v sisteme mezhdunarodnykh otnosheniy. [The Golden Horde state in the system of international relations]. // *Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta*. № 12. Istoriya. Vyp. 31. S. 94-98.

Mirgaleyev I.M., Gibadullin I.R. (2016). Pis'mo khanu Akhmadu. [Letter to Khan Ahmad]. // *Zolotoordynskoye obozreniye*. № 4. S. 894-898.

Ponomarev A.L. (2013). Pervyye khany Kryma: khronologiya smuty 1420-kh godov v schetakh Genuezskogo kaznacheystva Kaffy. [The first khans of the Crimea: the chronology of the troubles of the 1420s in the accounts of the Genoa Treasury of Kaffa]. // *Zolotoordynskoye obozreniye*. № 2. S. 158-190

Rudakov V.N. (2014). Mongolo-tatary glazami drevnerusskikh knizhnikov serediny XIII-XV v. [Mongol-Tatars through the eyes of Old Russian scribes in the mid-13th-15th centuries]. Moskva: Kvadriga

Tizengauzen V.G. (1884). Sbornik materialov, otnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy. Tom I. Izvlecheniya iz sochineniy arabskikh. [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde. Volume I. Extracts from the works of Arabic]. Sankt-Peterburg Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk.

Tizengauzen V.G. (1941). Sbornik materialov, otnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy. Tom II. Izvlecheniya iz persidskikh sochineniy. [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde. Volume II. Extracts from Persian works]. Moskva-Leningrad: Izd-vo Akademii nauk SSSR.

<sup>1</sup>Ем Н., <sup>2</sup>Тономура Масару

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Natalya.Yem@kaznu.kz

<sup>2</sup>Токийский университет, Япония, г. Токио, e-mail: tonomura@ask.c.u-tokyo.ac.jp

## **ОТ ТЕОРИИ АНКЛАВА К ТЕОРИИ СОЦИАЛЬНОГО КАПИТАЛА: ОПЫТ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ-КОРЕЙЦЕВ СНГ**

В странах постсоветского пространства проживает полумиллионная корейская диаспора, которая в силу исторических событий в конце XX века оказалась в пределах различных территориально-государственных границ. Если первому и второму поколениям корейцев приходилось выстраивать этническую экономику на основе теории недостатков и теории анклава, то представители третьего и четвертого поколений этнических корейцев формируют этническое предпринимательство согласно теории социального капитала этнической экономики.

На основе данных академических исследований, а также качественного анализа материалов веб-сайтов аргументируется, что для нового поколения бизнесменов коре сарам этническое предпринимательство основано на «разработке нового продукта или услуги через инновации и интернационализацию этнического бизнеса». Также предполагается, что в условиях отсутствия этнической дислокации и с учетом глобализации и интернационализации новое поколение корейцев, сохраняя традиции этнической экономики, демонстрирует модель этнического бизнеса путем построения социальных сетей, основанных на характеристиках человеческого капитала. Кроме того, данная форма предпринимательского поведения позволяет поддерживать этническую солидарность и сохранять традиционную культуру корейцев. Данная работа выполнена при поддержке Japan Foundation Fellowship 30RE003 Ref.No.: 10114610 Japan Foundation Short-Term Fellowship Program for 2018-2019.

**Ключевые слова:** корейцы СНГ, этническое предпринимательство, социальные сети, деловой клуб.

<sup>1</sup>Yem N., <sup>2</sup>Tonomura Masaru

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: Natalya.Yem@kaznu.kz

<sup>2</sup>The University of Tokyo, Japan, Tokyo, e-mail: tonomura@ask.c.u-tokyo.ac.jp

### **From the Enclave Theory to the Theory of Social Capital: Experience the Next Generation of Entrepreneurs-Koreans Cis**

In the post-Soviet countries is half a million Korean diaspora, which due to historical events in the late 20th century proved within various territorially-State boundaries. If the first and second generation Koreans had to build ethnic economy theory based flaws and the theory of the enclave, the third and fourth generation ethnic Koreans form the ethnic entrepreneurship according to the theory of social capital to ethnic economy.

Based on academic studies data, as well as qualitative analysis of Web sites, the author argues that for a new generation of businessmen KoreSaram ethnic entrepreneurship is based on “the development of a new product or services through innovation and internationalization of ethnic business”. The author suggests that in the absence of ethnic dislocation, as well as in the context of globalization and internationalization, a new generation of Koreans, keeping the traditions of the ethnic economy demonstrates the pattern of ethnic business by building social networks, based on the characteristics of human capital. In addition, this form of business conduct helps maintain ethnic solidarity and preserve the traditional culture of Koreans.

**Key words:** koreans CIS, ethnic entrepreneurship, social networking, Business Club.

<sup>1</sup>Ем Наталья, <sup>2</sup>Тономура Масару

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Natalya.Yem@kaznu.kz

<sup>2</sup>Токио университеті, Жапония, Токио қ., e-mail: tonomura@ask.c.u-tokyo.ac.jp

**Анклав теориясынан әлеуметтік капиталға: кәсіпкерлердің  
1999 жылы қыркүйек айында өткен ҚКП XV кезекті төртінші пленумда «Батыс бөлікті игеру стратегиясы» қабылданып, 2000 жылдан бастап оны жүзеге асыру көзделді. Осы 2000 жылы Шыңжаң үкіметінің жанынан «Шыңжаң Батыс бөлікті қауырт игеру кеңесі» құрылды. Кеңес «Шыңжаңды қауырт игерудің» жоспарын жасап, мақсаттарын анықтады. Қытайдың батыс бөлікті игеру стратегиясы аясындағы Шыңжаңды қауырт игеру жобасы ұзақ мерзімге жобаланған кешенді құрылыс болып табылады. Оның алғашқы жарты ғасырдағы жобасы үш кезеңнен тұрады. Оның бірінші кезеңі 2000-2010 жылдар аралығында іске асырылды. Осы мезгілде Шыңжаңның жалпы ішкі өнімінің өсуі 10 жыл бойы 10%-дан жоғары болды.

Жалпы, Шыңжаңды қауырт игеру жоспары жүзеге асырыла бастаған алғашқы жылдардан бастап экономикалық даму үрдісі байқалды. Мысалы, 2000, 2001, 2002 жылдары ішкі өнімнің жалпы құны артып, сәйкесінше 136,5 млрд юань, 148,5 млрд юань және 159,8 млрд юань болған. Сондай-ақ, тұрғындардың адам басына шаққандағы жылдық табысы айтарлықтай артқан. Мысалы, қала халқының жылдық табысы 2002 жылы 14,4%-ға артып 6941 юаньға жетсе, ауыл тұрғындарының табысы 8,9% өсіп, 1863 юаньды құраған.

Қазір Шыңжаңды қауырт игерудің екінші кезеңі (2011-2030 жылдар) жүріп жатыр. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі – бүкіл Қытай бойынша Шыңжаңды қауырт игеруге жұмылдырылды. ҚХР үкіметі 2010 жылы Шыңжаңға «шефтік экономикалық көмек көрсету» бағдарламасының басталғаны туралы шешім қабылдап, ішкі өлкелердегі дамыған 19 провинция мен қаланы Шыңжаңды игеруге көмек көрсетуге көндірді.

2010 жылға дейін Шыңжаңды қауырт игеруге Орталық үкіметтен қаржы бөлініп, ішкі өлкелерден білікті мамандар жіберіліп отырса, ендігі кезекте қаржылық, техникалық және еңбек күш ресурстары көптеп жіберілді. Содан бері аталған қалалар мен провинциялар Шыңжаңда денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй, ауыл шаруашылығы мен информатизация салаларында эксперименталды жобаларды жүзеге асырып келеді. Соңғы 3 жылда олар бұл аймаққа 24,8 млрд юань инвестиция салды, 2378 жобаны жүзеге асырды, оның 75% жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Он екінші бесжылдық (2011-2015) кезеңіндегі Шыңжаңды дамытудың басты міндеті ретінде жоспарланған жан басына шаққандағы ішкі өнім көлемін бүкілқытайлық орташа көрсеткіш деңгейіне жеткізу, Шыңжаңның оңтүстігі мен солтүстігінің даму деңгейіндегі айырмашылықты азайту, қала мен ауыл тұрғындарының кірісін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстары толығымен орындалды. Келесі кезеңде, яғни, 2020 жылға дейін, атқарылған істің жалғасы ретінде, Шыңжаңда орта дәулетті қоғам құру міндеті жүктелді. Транспорттық инфрақұрылымды жетілдіру Шыңжаңның тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды алғышарт ретінде қарастырылды. Соған байланысты Шыңжаңның инфрақұрылымдарын кеңейту мен жаңғырту жұмыстарына көп көңіл бөлінуде.

Қытай басшылығының концепциясы бойынша, Шыңжаңның географиялық орналасуын-

дағы артықшылықтарды тиімді пайдалану үшін, бірінші кезекте өлкенің тұрақты даму жағдайын қамтамасыз ету керек. Соған орай кең көлемді қаржыландырудың арқасында Шыңжаңның экономикасы бірқатар жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Мысалы, 2012 жылы Шыңжаңның жалпы ішкі өнімі 120 млрд долларды құрады. Бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 12% артық болды. Шыңжаңның сыртқы сауда айналымы 12% өсіп 25 млрд долларға жетті. Ауданда қомақты өндірістік-құрылыс базасы құрылды, оның қызметі негізінен экспорттық мақсатқа бағытталған.

2013 жылы Шыңжаң үкіметінің ресми сайтында соңғы жылы халық шаруашылығы мен әлеуметтік салада қол жеткізген нәтижелер және алдағы жылдарға арналған жоспарлар жарияланған:

– ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын жаңғырту. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және ішкі нарыққа, оның ішінде Шанхай, Пекин, Гуаньчжоу, Ухань, Хайнань нарығында шығару. Осы міндетті жүзеге асыру барысында Шыңжаңның батыс аймағында қосымша 146 мың гектар егіс алқабын игерді. Қазіргі кезде Шыңжаңдағы тамшылатып суғарылатын жер көлемі 2 млн гектарға жетті;

– әлеуметтік қолдау жүйесін енгізу. 2012 жылы Шыңжаң халқының әл-ауқатын жақсарту үшін бюджеттен 197 млрд юань бөлінді, бұл бюджеттен қоғамдық қаржыландыруға бөлінген қаржының 72% құрады;

– инфрақұрылымдық желі құрылысы. Негізгі инфрақұрылымдық жобаларға 226 млрд юань, суландыру жобасына 15,16 млрд юань, жол құрылысына 37,6 млрд юань шамасында инвестиция кұйылды. Соңғы кезде Шыңжаң басшылығы арнайы экономикалық аймақтардағы инфрақұрылымдық жобаларды кеңейтуге басымдық беруде, бірінші кезекте Қорғас еркін экономикалық аймағындағы жобалар;

– урбанизацияға қолдау көрсету. 2012-2030 жылдарға белгіленген жоспарға сәйкес, жақын жылдары қала халқы санын арттыру қолға алынады. Күтілгендей, 2020 жылға қарай қала халқының саны – 58%, ал 2030 жылы қала халқы ел халқының 66-68% құрауы тиіс. Осыған байланысты автономиялық ауданда 2020 жылға дейін 17 қалалық агломерация құрылысын аяқтау көзделген.

Шыңжаң басшылығының мәлімдеуінше, жұмыспен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде, әсіресе жоғары оқу орындарының түлектерінің жұмысқа орналасуы, әлеуметтік

қорғалуы және зейнетақымен қамтамасыз етілуі басты назарда. 2013 жылғы мәлімет бойынша Шыңжаң халқын еңбекпен қамту мақсатында жаңадан 430 мың жұмыс орны ашылды.

Шыңжаңға серіктестік көмек бағдарламасы жалғасып келеді. Бұл Шыңжаңның орталықтан және басқа да дамыған аймақтардан бөлінген қаржылық және несиелік қаражаттың есебінен дамып жатқанын көрсетеді. Тек 2012 жылдың өзінде Шыңжаңды дамытуға орталық бюджеттен 11,42 млрд юань бөлінді. Ел үкіметінің Қытайдың батыс аймағын барлық көрсеткіштер бойынша оңтүстік-шығыс провинциялардың деңгейіне дейін көтереміз деген мақсатта аймақты дамытуға жұмсалатын қаржыны мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілуде.

Қытай үкіметінің жоспарына сәйкес, 2030 жылға қарай Шыңжаң экономикалық даму деңгейі елдің оңтүстік-шығыс провинцияларымен теңесуі тиіс.

Екінші жағынан, Пекин Шыңжаңды Орталық Азиямен, одан әрі Еуропа мен Парсы шығанағын Қытаймен жалғастыратын кешенді орталыққа айналдыруды көздейді. Оған Пекиннің «Жаңа Жібек жолы» жобасын ұсынуы дәлел бола алады. Бұл мақсатта Қытай басшылығы Шыңжаңның шекара бойында жиырма шақты еркін экономикалық аймақ ашуға ниетті.

Орталық Азия аймағындағы елдердің негізгі сауда серіктесіне айналған Шыңжаң, бүгінгі таңда өзін осы елдермен байланыстыратын транспорттық-инфрақұрылымдық желіні кеңейтуде. Осының нәтижесінде, Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар даму үстінде. Шыңжаң барлығы 167 мемлекет және жекелеген аймақтармен сауда-экономикалық байланыс орнатқан. 2009 жылы Шыңжаңның сыртқы саудасының жалпы көлемі 13,8 млрд АҚШ долларына жетіп, 1999 жылғыдан 6,8 есе артқан, жылдық орта есеппен өсуі 22,8% болған, оның ішінде шекара бойындағы сыртқы сауда, жалпы сыртқы сауданың 54,5% құраған (Мұқаметханұлы Н., 2010, 83).

Соңғы жылдары Шыңжаңда жаңа типтегі индустрияландыру қарқынды жүруде. 2012 жылы қалалық өндіріс ошақтарына инвестиция тарту жұмыстары аяқталды, жалпы сомасы 298,8 млрд юань қаржы кұйылып, 33% өсім көрсетті. Индустрияландыру барысында бірқатар нысандардың өндірістік күштері жетілдіріліп, қайта жасақтаудан өтті. Олардың қатарына Үрімжідегі Мұнай-химия өндірісі компаниясын, Шыңжаң электр компаниясын жатқызуға болады. Сонымен қатар тау-кен өндірісі, құрал-

жабдық жасау, құрылыс материалдарын шығару, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және тоқыма өндірісі салаларында да индустрияландыру жұмыстары жүргізілді.

Жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту шаралары да үкімет тарапының назарынан тыс қалмаған. Соңғы жылдары жағдайы нашар отбасыларына деп 315 мың пәтер, малшыларға арналған 12,5 мың пәтердің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілген. 295 мың пәтерден тұратын қол жетімді баспана құрылысы жүргізілуде. 208 алғашқы медициналық көмек көрсету орталықтары ашылып, халық игілігіне жұмыс жасауда. Жоғары оқу орны түлектерін жұмыспен қамту деңгейі артып, 88,6%-ға жеткен. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік қамтамасыз етілу деңгейі 99,7% құрайды.

Батыс аудандарды игеру бағдарламасының жүзеге асырыла бастауынан Шыңжаңның экономикалық даму моделі өзгеріске ұшырап, ауданның даму қарқынының жеделдей түсу тенденциясы мен ҚХР экономикасындағы маңызының артқаны айқын көрінеді. 2010 және 2014 жылдары Пекинде ҚКП Орталық комитеті мен ҚХР Мемлекеттік кеңесінің шақыруымен Шыңжаңды дамыту жөніндегі орталық жұмыс кеңесі өтеді. Кеңес кезінде Қытай басшылығы Шыңжаңды ары қарай дамытудың жаңа жоспарын жариялады, алдағы жылдары туындайтын жаңа талаптарға сәйкес аймақты дамытудың стратегиясын айқындады.

Шыңжаңды қауырт игеру кезеңінде ауданның экономикалық дамуын қарқынды жүргізудің құралы ретінде көлік инфрақұрылымын жетілдіру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Шыңжаңды Орталық Азиядағы көлік-логистикалық орталыққа айналдыру мақсатында ел басшылығы әуе байланысын қалыптастыру, авто және теміржол жүйесінің құрылысы саласында ірі көлемдегі жобаларды жүзеге асыруға күш салды. Әсіресе теміржол құрылысында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бұрындары ешқашан теміржол қатынасы болмаған аймақтарда жол тартылып, жекелей сол аймақтың және жалпы Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын үдете түсуге өз септігін тигізді. Атап айтқанда, 2009 жылы Шыңжаңның солтүстігінде Боратала-Моңғол автономиялық облысын Қытайдың Қазақстанмен шекарасындағы ең ірі бақылау-өткізу пункттерінің бірімен жалғастыратын Цзинхэ – Инин – Қорғас электрлендірілген теміржол желісі пайдалануға берілді. 2010 жылдың соңында Шыңжаңның оңтүстік өңірлерімен байланыстыратын Қашқар-Хотан

теміржол желісі ашылады. Сондай-ақ, 2011 жылы Шыңжаңның орталығы Үрімші қаласы мен елдің солтүстік-батыс шекарасындағы Алашанькоу арасын жалғайтын теміржол бағытын электрлендіру жұмыстары толық аяқталады. Жаңа бағыттардың ашылуы мен бұрыннан қолданыстағы бірқатар бағыттардың электрлендірілуі Шыңжаңдағы теміржол қызметінің маңызын арттыра түседі. Нәтижесінде, 2011 жылы жолаушы тасымалы бойынша 40 млн адамдық межеге жетіп, бұрын болмаған рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Ал жүк тасымалы бойынша 2010 жылмен салыстырғанда жүк көлемі 7 %-ға артқан.

Шыңжаңның автожолдар қатынасына да ерекше көңіл бөлінуде. Автомобиль көлігі саласындағы басым жобалар қатарында 12 жоғары жылдамдықты жол салу, сондай-ақ аймақтық маңызы бар сегіз автожолды қайта жасау жұмыстары бар. Мәселен, 2012 жылдың қыркүйек айында Ганьсу провинциясының Гуачжоу өлкесінен Синсиня (ШҰАА) қаласына дейінгі жоғары жылдамдықты трасса қолданысқа берілді. Аталмыш трасса қытайдың шығысындағы Цзянсу провинциясының Ляньюньган порты мен солтүстік-батыс шекара аймағындағы Қорғас шекара бекетін жалғайтын мемлекеттік маңызы бар магистральдың бір бөлігі болып табылады. Ляньюньган-Қорғас автожолы елдің шығысынан батысына дейін (Цзянсу, Аньхой, Хэнань, Шэньси, Ганьсу провинциялары арқылы) кесіп өтіп, Шыңжаңды Қытайдың басқа аудандарымен байланыстыратын бірден-бір жол.

2011-2015 жылдары барлығы 120-140 млрд юань (19-22 млрд доллар) қаржы Шыңжаңның автожолдарының құрылысы мен қайта өңдеуіне жұмсалған. Қытай басшылығының жоспарына сәйкес, 12-ші бесжылдықтың соңына қарай осы өңірдегі автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы үштен бірге артып, 175 мың км-ге жеткен болса, ал 2020 жылға қарай елдің батыс өңірлерінде магистральдар желісі құрылатын болады.

Ал Шыңжаңның соңғы жылдардағы даму көрсеткіштеріне келетін болсақ, Шыңжаңның аймақтық үкіметінің төрағасы Шохрат Закирдің парламент сессиясының кезекті отырысында берген есебіне сәйкес, 2017 жылы ауданның Жалпы ішкі өнімі 1,09 трлн юаньді (171 млрд доллар) құраған. 2017 жылы жан басына шаққандағы таза кіріс көлемінің өсу қарқыны сақталған. Қала және ауыл-қыстақ тұрғындарының жан басына шаққандағы кірісі, тиісінше 30775 юань және 11045 юаньды құраған, бұл 10,1% және 9,9% артқандығының көрсеткіші.

Шохрат Закирдің айтуынша, 2018 жылдың соңында Шыңжаң экономикасы 7% өсіп, жан басына шаққандағы кіріс көлемі 8,5% артады. Бір айта кетерлігі, 2017 жылы аудан орталығы Үрімші қаласы тұрғындарының жан басына шаққандағы Жалпы ішкі өнім 77958 юань немесе 11549 долларды құраған.

Бүгінгі таңда, Қытайдың Шыңжаңды басты сауда-экономикалық және транзиттік-логистикалық орталыққа айналдыру жоспары біршама іске асырылды. Қытай басшылығының жоспарына сәйкес, 2030 жылға қарай Шыңжаң экономикалық даму деңгейі бойынша елдің оңтүстік-шығыс провинцияларымен теңесуі тиіс. Бұл жоспарды жүзеге асыру мақсатында Қытай үкіметі Шыңжаң экономикасын құрылымдық жаңғыртуға қажетті қаржыны бөлуге дайын. Қытай сарапшыларының болжамы бойынша, бұл мақсатқа жетуге толық мүмкіншілік бар, оған мемлекеттің қаржылық жағдайы жеткілікті және шетелден тартылған инвестицияларды пайдалануға болады.

Қорыта айтқанда, Шыңжаңның әлеуметтік дамуы 1949 жылы ҚХР құрылғаннан кейін жаңа тарихи дәуірге аяқ басты. Содан бері Шыңжаң үш үлкен әлеуметтік экономикалық даму кезеңін басып өтті. Оның алғашқы кезеңі 1949-1978 жылдардағы социалистік қайта құрулар мен жоспарлы экономикалық даму кезеңін қамтиды. Бұл тұста Шыңжаңның дәстүрлі қоғамдық құрылым жүйесі түбегейлі өзгеріп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өндірістік жүйелерінің базасы қаланды, соған сәйкес шекара өңірлерінің де қоғамдық жағдайы өзгеріп, дами түсті. Ал Шыңжаң дамуының екінші кезеңі – 1978-2000 жылдар аралы болып табылады. Бұл кезеңде Қытай жалпы реформа және даму дәуіріне қадам басты. Соған сәйкес Шыңжаңның әлеуметтік-экономикасы да қарқынды дамы-

ды, шекара өңірлерінің әлеуметтік инфрақұрылымдары айтарлықтай жақсарды, жалпы нарықтық экономиканың жүйесі қалыптасып, сыртқы сауда-экономикалық байланыстары дами түсті. Шыңжаңның әлеуметтік дамуының үшінші кезеңі – 2000 жылдан қазірге дейінгі мезгіл. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі ҚХР үкіметінің «Батыс бөлікті қауырт игеру» стратегиясы аясындағы Шыңжаңды қауырт игеру науқанымен сипатталады. Шыңжаңды қауырт игеруге бүкіл Қытай бойынша 19 қала мен провинция қаржы, техника және еңбеккүш ресурстарымен атсалысып, Шыңжаңның әлеуметтік-экономикасын айтарлықтай дамытты, әсіресе, Шыңжаңның Қазақстанмен шектесетін шекара өңірлерінің инфрақұрылымдары заманауи талаптарға сай қалыптасты.

Соның негізінде Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуы Шыңжаңның саяси экономикалық және стратегиялық маңызын арттыра түсті. Шыңжаң арқылы Қытайдың сыртқы байланыстары мен сауда-экономикалық байланыстары кең қанат жайды.

Ал Шыңжаңды қауырт игеру саясатының жүзеге асуы, шекара өңірлеріндегі тұрғындардың әл-ауқатын жақсартып, шекара қауіпсіздігін күшейте түсті. Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маңы сауда-экономикалық байланыстары мен мәдени алмасулар айтарлықтай дамып келеді.

Жалпы айтқанда, ҚХР-дың Шыңжаңды дамытуының, әсіресе, шекара өңірлерінің әлеуметтік-экономикасы мен инфрақұрылымдарын заманауи талаптарға сай құруының саяси экономикалық та, стратегиялық қауіпсіздік маңызы да зор. Сондықтан Қытайдың шекара өңірлеріне қолданып отырған стратегиялық саясаты мен әлеуметтік тәжірибесінен Қазақстан үлгі алуы керек, үйренуі қажет деп санаймыз.

## Әдебиеттер

- Мұқаметханұлы Н. XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 168 бет.
- Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы: «Тарих тағлымы», 2010. – 204 б.
- Баженова Е.С. Синьцзян и новые горизонты Великого Шелкового пути// Пространственная Экономика. – 2011. – №2. – С. 137-145.
- <https://cyberleninka.ru/article/n/sintzyan-i-novye-gorizonty-velikogo-shelkovogo-puti>
- Бондаренко А.В. Проблемы и перспективы развития Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР в начале XXI в.: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата политических наук. – М., 2007. <http://www.ifes-ras.ru/old/aspirant/Bondarenko-avtoref.pdf>
- Всемерная помощь государства в развитии Синьцзяна. /2003/09/22 <http://uz.chineseembassy.org/rus/sgxx/sgsd/t130478.htm>
- Изимов Р.Ю. Военизированные структуры Китая – кто контролирует границы СУАР. Восточное бюро ИА REGNUM. 2014г. <https://regnum.ru/news/1807314.html>



- За 10 лет по части экономики Синьцзян догнал и перегнал Казахстан <https://zonakz.net/2018/11/01/za-10-let-po-chasti-ekonomiki-sinczyan-dognal-i-peregnal-kazakhstan/>
- Зона государственного приграничного экономичного сотрудничества Инин <http://russian.cri.cn/881/2010/01/06/1s320771.htm>
- О развитии пограничной торговли в Синьцзяне. <http://russian.china.org.cn/russian/153393.htm>
- Отношения Казахстана и Китая выходят на новый уровень. <https://kapital.kz/economic/69671/otnosheniya-kazahstana-i-kitaya-vyhodyat-na-novyy-uroven.html>
- Помощь государства в развитии Синьцзяна. <http://russian.china.org.cn/russian/72393.htm>
- Фролова Ю.В. Экономическая политика КНР в Синьцзян-Уйгурском автономном районе в контексте интересов стран Центральной Азии // Проблемы национальной стратегии. – №4 (25), 2014. – С. 65-85.
- Экономические и политические реформы в Синьцзяне после прихода к власти Коммунистической партии Китая. Создание Синьцзян-Уйгурского автономного района. <https://studopedia.org/2-14857.html>
- Stanley Toops. Demographics and Development in Xinjiang after 1949. East-West Center Washington Working Papers, No. 1 <https://www.eastwestcenter.org/publications/demographics-and-development-xinjiang-after-1949>
- Statistical Communiqué of the Xingjiang Uygur Autonomous Region Statistical Bureau on 1995 Economic and Social Development. Xingjiang Daily, 27 January 1996. p. 2
- 李力安, 有林. 当代新疆简史. —北京: 当代中国出版社, 2003. —406页. (Шыңжаңның жаңа заман тарихы).
- 岳廷俊. 新疆生产建设兵团简史. —乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 2007. —327页. (Шыңжаң өндіріс-құрылыс корпсының қысқаша тарихы).

## References

- Muhamethanuly N. XX gasyrdagy Qytaidyn tarihi urdisindegi qazaqtardyn aleumettik damuy: Oqu quraly.— Almaty: Qazaq universitety, 2006. — 168 bet.
- Muhamethanuly N. Diplomatyalyq qatynastar zhane qytaitanu maseleleri. —Almaty: «Taryh tagylymy», 2010. -204b.
- Bajenova E.S. Sintsyan I novye gorizonty Velikogo shelkovogo puti// Prostranstvennaya ekonomika. -2011. №2. S. 137-145 <https://cyberleninka.ru/article/n/sintszyan-i-novye-gorizonty-velikogo-shelkovogo-puti>
- Bondarenko A.V. Problemy I perspektivy razvitiya Sintsyan-Uigurskogo avtonomnogo raiona KNR v nachale XXI v. Avtoreferat dissertatsiyi na soiskanie uchenoi stepeni kandidata politicheskikh nauk. Moskva, 2007g. <http://www.ifes-ras.ru/old/aspirant/Bondarenko-avtoref.pdf>
- Vsemernaiya pomosh gosudarstva v razvitiyi Sintsyana. /2003/09/22 <http://uz.chineseembassy.org/rus/sgxx/sgsd/t130478.htm>
- Izimov R.Yu. Voenizirovannyye struktury Kitaya — kto kontroliruet graitsy SUAR. Vostochnoe byuro IA REGNUM. 2014g. <https://regnum.ru/news/1807314.html>
- Za 10 let po chasti ekonomiki Sintsyan dognal I peregnal Kazakhstan. <https://zonakz.net/2018/11/01/za-10-let-po-chasti-ekonomiki-sinczyan-dognal-i-peregnal-kazakhstan/>
- Zona gosudarstvennogo prigranichnogo ekonomicheskogo sotrudnichestva Inin. <http://russian.cri.cn/881/2010/01/06/1s320771.htm>
- O razvitiyi pograničnoi trgovli v Sintsyane. <http://russian.china.org.cn/russian/153393.htm>
- Otnosheniya Kazakhstana I Kitaya vyhodyat na novyi uroven. <https://kapital.kz/economic/69671/otnosheniya-kazahstana-i-kitaya-vyhodyat-na-novyy-uroven.html>
- Pomosh gosudarstva v razvitiyi Sintsyana. <http://russian.china.org.cn/russian/72393.htm>
- Frolova Yu.V. Ekonomicheskaya politika KNR v Sintsyan-Uigurskom avtonomnom raione v kontekste interesov stran Tsentralnoi Aziyi// Problemy nasionalnoi strategiyi №4 (25) 2014g. 65-85 str.
- Ekonomicheskie i politicheskie reform v Sintsyane posle prihoda k vlasty Kom. Partiyi Kitaya. <https://studopedia.org/2-14857.html>
- Stanley Toops. Demographics and Development in Xinjiang after 1949. East-West Center Washington Working Papers, No. 1 <https://www.eastwestcenter.org/publications/demographics-and-development-xinjiang-after-1949>
- Statistical Communiqué of the Xingjiang Uygur Autonomous Region Statistical Bureau on 1995 Economic and Social Development. Xingjiang Daily, 27 January 1996. p. 2
- Li Lian, You Lin. Dangdai Xinjiang jianshe. -Beijing □ Dangdai Zhongguochubanshi, 2003. -406s □ (Istoriya Sintsyana novogo perioda).
- Yue Tingjun. Xinjiang shengchan jianshe bingtuanjianshi. —Wulumuqi: Xinjiang daxue chubanshi, 2007. -327s. (Istoriya proizvodstvenno stroitel'nogo korpusa Sintsyana).

<sup>1</sup>Оразақынқызы Ф., <sup>2</sup>Нұрмырза М.

<sup>1</sup>PhD, қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: madinka\_13\_94@mail.ru

<sup>2</sup>2-курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: faridak09@mail.ru

## ҚЫТАЙ ҚОҒАМЫНДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ РӨЛІ

Ұлт болашағы ел егемендігімен тығыз байланысты шешуі күрделі, өзекті мәселе екені белгілі. Ал ұлт болашағы – жас ұрпақты дүниеге әкелу, оларға ұлттық тәрбие беру міндеті жүктелген әйел-аналардың бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік хал-ахуалына тікелей байланысты. Әр елдің мәдениетінде, әдебиетінде, дінінде, ділінде әйел затының рөлі мен орны белгіленген. Ғалымдардың пайымдауынша, шығыс елдерінде әйел адамның міндеттері, дәрежесі ерте кезеңнен бастап қатал тәртіппен, ережелермен, дана сөздермен бекітіліп отырған. Қарастырып отырған мақаламызда, аспан асты елі Қытайдағы әйел адамдардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлі баяндалған.

**Түйін сөздер:** әйел, қытай, гендерлік теңдік, әлеуметтік-мәдени рөл, феминология.

<sup>1</sup>Orazakynkyzy F., <sup>2</sup>Nurmyrza M.

<sup>1</sup>PhD, associate professor, Al-Farabi Kazakh national university,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: madinka\_13\_94@mail.ru

<sup>2</sup>2 course master student, Abai Kazakh national pedagogical university,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: faridak09@mail.ru,

## Socio-cultural role of women in Chinese society

It is known that the future of the nation is closely linked with the sovereignty of the country. The future of the nation is the birth of the young generation, directly related to the social status of women in modern society, who are entrusted with national education. The role and place of women in the literature, culture, religion and mentality of each country is determined. Scientists believe that women in eastern countries have a strong commitment from an early age, with strict rules and wise words. In this article, we describe the socio-cultural role of women in Chinese society.

**Key words:** female, Chinese, gender equality, socio-cultural role, feminist.

<sup>1</sup>Оразақынқызы Ф., <sup>2</sup>Нұрмырза М.

<sup>1</sup>PhD, ассоц. профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: madinka\_13\_94@mail.ru

<sup>2</sup>магистрант 2 курса, Казахский национальный университет имени Абая,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: faridak09@mail.ru, madinka\_13\_94@mail.ru

## Социально-культурная роль женщин в китайском обществе

Известно, что будущее нации тесно связано с суверенитетом страны. Будущее нации – молодое поколение, рождение и развитие которого непосредственно связано с социальным статусом женщин в современном обществе, которым поручено национальное образование. Определяются роль и место женщины в культуре, литературе, религии и менталитете каждой страны. Ученые считают, что женщины в восточных странах имеют твердую приверженность с ранних лет к строгим правилам и мудрым словам. В статье описывается социально-культурная роль женщин в обществе Китая.

**Ключевые слова:** женщина, китайцы, гендерное равенство, социально-культурная роль, феминистка.

## Кіріспе

Қазіргі кезде қоғамдағы әйелдің рөлі мен орны туралы ұғымдар, көзқарастар, таным-түсініктер, сонымен тығыз байланыстағы әйел бейнесі жөніндегі қалыптасқан стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Бүгінде бүкіл дүниежүзінде тарихи қалыптасқан ерлердің әйелдерден басым тұру құқығы біршама өзгерістерге ұшырады. Эмансипация мен феминизм идеологиясының кең етек алуына байланысты, батысеуропалық философиядағы патриархаттық дәстүрдің әсері басылғандай болды. Патриархаттық құрылымы басым келетін философиялық ойлаудың дәстүрлі бинарлық (еркек / әйел) практикасынан бас тартып, қазіргі көпмәдениеттілік жағдайында жыныстың әлеуметтік теориясы – гендерлік ілім дүниеге келді. Өткен ғасырдың ортасынан бастап өнеркәсібі дамыған және әлеуметтік бағдар алған шет елдерде әйелдер өз құқықтары мен мүмкіндіктерінің ерлермен тең болуына іс жүзінде қол жеткізді (Леви Строс К. 1983:215).

Қоғам мен мәдениеттегі әйелдің бейнесі, әйел мен гендерлік мәселесі, жыныстың теңдігі мен арақатынасы мәселесі, әлемдік философияның тарихында ежелден бері көтеріліп келе жатқан үлкен тақырып. Бірақ, бұл мәселе өткен тарихи кезеңдердің сипатына қарай, өзінің әлеуметтік қырынан гөрі, дүниенің жаратылысын ұғындырумен байланысты болмыс туралы ілім тұрғысынан және биологиялық қырынан қарастырылып келді. Дүниенің қарама-қарсы екі жыныстық бастауы туралы пікірлер, ойлар ежелгі шығыс ойшылдарының, әсіресе қытайлық дао ілімінде, сондай-ақ антик ойшылдары шығармаларында кездеседі.

Ортағасырлық философияда бұл екі бастау діни дүниетаныммен тығыз байланыста түсіндірілді, әйел тақырыбы діни тұжырымдамалар негізінде қарастырылды. Батыстың христиандық әлемінде күнә мен әйелдің аты қатар жүретінін атап кету керек. Христиан дінтанушыларының тіпті «әйел адам ба, адам емес пе» деген мәселе көтеріп, орта ғасырларда Батыста әйелдердің «мыстан», «азғырушы», «арбаушы», «сиқыршы» деген жаламен шіркеу тарапынан тірідей отқа жағылғанын, өртелгенін тарихтан білеміз. Католик шіркеуі мен протестанттық сенім арасындағы қақтығыс кезінде ең көп зардап шеккендер қатары тағы да әйелдер болды. Ал ата-бабамыз ақылмен және еркімен қабылдаған ислам діни анаға, әйел қауымына ерекше мәртебе берді. Исламдық түсінік бойынша, адам, әсіресе

әйел дүниеге күнәһар не кесірлі болып келмейді. Керісінше, нәресте бұл дүниеге періштедей таза әрі дінге бейім болып келеді, оның жарық дүниеге келуіне себепкер ретінде ананы көреміз. Жаратушы баланы бұл дүниеге әкелу үшін оны әуелі ананың рахымында тәрбиелейді, өзінің пендесіне деген мейірімін ана арқылы береді, көрсетеді. Сондықтан Шығыста «әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Әйел мен еркектің қоғамда алатын орнын анықтайтын, олардың әлеуметтік және мәдени құрылым ретіндегі ұғымы XIX ғасырдан бастап, батыстық елдердің жаңа капиталистік нарықтық қатынастарға тартылуымен қалыптаса бастады. Капитализмге өту сатысында Батыста әйел мен баланың еңбегіне қол сұғылды, қанау жұмыстары да жүргізілді. Олардың құқықтары аяққа тапталды, еткен еңбегіне болмашы ақы төленді. Осыған орай, әйелдердің өз құқықтары үшін күресі басталып, феминизм идеологиясы мен эмансипация түсінігі өмірге енді.

Алайда, шіркеуді былай қойғанның өзінде, зиялылар, білім адамдары мен оқымыстылардың өзінде де әйелді кемсітушілік, дәрежесін төмендету ескі патриархаттық дәстүр сақталып қалды. Мәселен, философтардың бірі әйел затына «табиғаттың қателігі» деп қараған болса, Ф. Ницше «әйелмен тілдескен кезде, қолыңда қамшың болсын» деген көзқарастарын білдірген (ницше Ф. 1990:320).

Сондай-ақ әйел тақырыбы, жаңа заман философтары: И. Канттың, Г.В.Ф. Гегельдің, А. Шопенгауэрдің, З. Фрейдтің және т.б. шығармаларында сөз болды. Осы өзекті тақырып, қытай ойшылдарының да қызығушылықтарын тудырды. Шығыс елдерінің ішінде, мыңжылдық тарихы бар аспан асты елінде әйел адамның орны, рөлі әр философтың, жазушының, қаламгердің қаламына арқау бола білген тақырып болған.

Бас ию, бас ию және тағы да бас ию – әйелдің ең басты игі ісі еді. Конфуцийшілдік пікір бойынша, жер бетінде бәрінің үстінен еркектер үстемдік етіп, ал әйелдер болса, оларға бағынады, сол себепті олар үш ережені ұстануы керек: қыз күнінде әкесі мен ағаларына бойұсыну, тұрмыс құрғанда – жарына, ал жары қайтыс болғасын – үлкен ұлына бағынуы керек деп саналды (Түргенбай А.Ә., Тастанбекова С.С.2011:44). «Егер мен бір құсқа тұрмысқа шықсам, мен оның артынан ұшуым керек; егер бір итке күйеуге шықсам, ол жүрген жермен жүріп, ізін қуалауым керек; егер иесіз бір кесек жерге шықсам, мен

оның жанында отырып күзетуге міндеттімін», – деген түсінік, ата-бабаларынан қалған өнеге сөздер қытай әйелдерінің санасына сіңіріліп қалған. Міне, дәстүрлі қытай отбасындағы әйелдің орнын дәл осылай белгіленген. XX ғ. басында П. Лоуэль дәстүрлі қытайлық отбасы жайында «Өз тағындағы император үшін және өз лашығындағы қарапайым жұмысшы үшін де барлық нәрсе отбасылық жақындық идеясында болады. Империя өз кезегінде үлкен отбасын құраса, ал отбасы кішкентай мемлекет болып табылды» – деп жазған болатын (П. Лоуэль 1904:19). Мұнда да конфуцийлік отбасы қағидасының басымдылығын көруге болады. Бәріміз білетін аспанастаны елінің дәл қазіргі даму барысын ескеретін болсақ, қазіргі қытайлық отбасы және ондағы әйел адамының рөлі, орны мен қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін анықтауда дәстүрлі көзқарастарды білу өте маңызды. Осы себептер, біздің бұл тақырыпты таңдауымыздың негізгі себебі болып отыр.

### Негізгі бөлім

Көптеген жылдар бойы аспанастаны елінде әйел адамның қоғамдағы орны ер адамдарға қарағанда анағұрлым төмен болды. Тіпті, әйелдермен мүлдем санаспады. Әйел затын, адам санатына жатқызбады. Бірақ, қазіргі қытай қоғамындағы әйел жағдайын түбегейлі өзгерткен жаңа заң қабылданды. Қытайда әйелдердің мәртебесі, әйелдер мен ерлердің теңдігі заманауи жағдайда маңызды мәселе болып табылады. 1995 жылы Пекинде өткен конференцияда әлеуметтік сала бойынша міндеттерді шешу үшін қоғамдық процестің барлық қатысушыларының күш-жігерін біріктіретін – мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және коммерциялық емес ұйымдар ең өткір әлеуметтік мәселелерді шешуі тиіс деп қарастырылды. Тек қана, әйелдерге әлеуметтік қорғау көрсету ғана емес, сонымен қатар оларды жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттарға жауап бере алатындай жағдай тудырып, отбасына, әйелге, балаларға қолдау көрсету бағытында жаңа механизмдерді, әлеуметтік технологияларды жоспарлау керек екендігі айтылған.

1995 жылғы конференцияда қабылданған «Іс-әрекет платформасы» атты бастама гендерлік теңдікті алға жылжыту және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуде жаһандық қауымдастық үшін іргелі және жетекші құжат ретінде қабылданды (China Statistical Yearbook 2012). Сонымен қатар, бүкіләлемдік әйелдер федерациясы және тиісті мемлекеттік

органдар әйелдердің құқықтары туралы ұлттық бағдарламаны әзірлеп оны жүзеге асыруда. 1980 жылы Қытайда қабылданған әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияда бекітілген халықаралық міндеттемелерді де айта кету керек, онда әйелдердің жағдайын жақсартудың ұлттық тетіктері тек орталықта ғана емес, облыстық және аудандық деңгейде де жұмыс істейді. Әр облыста және ауданда Қытай Халық Федерациясы филиалдары құрылды және жұмыс істейді, олар үкіметтің және басқа да қоғамдық жұмысқа, сыйақыға, білім алуға құқықты жүзеге асыруға, елдің саяси өміріне қатысуына және т.б. мәселелер бойынша әйелдерге қатысты кемсіту жағдайларын болдырмау мақсатында мемлекеттік саясатты іске асырады.

Заманауи әлемдегі елеулі өзгерістер әйелдердің өмірінің барлық салаларындағы рөлін өзгертуге ықпал етті, оның қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысуын тездетті. Бұл отбасында да, қоғамда да әйелдердің рөліне жаңа көзқараспен қарау қажеттігін тудырды.

Әйел адамның қоғамдағы орны қандай екенін анықтауға көмектесетін біршама терминдерге тоқталар болсақ, әлеуметтік-мәдени рөл сөзінің мәнін ашып алу керек сияқты. Әлеуметтік-мәдени рөл (әлеуметтік рөл) – қоғамдағы белгілі бір мінез-құлық, белгілі бір мәртебеге ие адам жүзеге асыратын сол немесе басқа әрекеттер жиынтығы.

Қазіргі әлемде қоғам адам мінез-құлқының өзгеруін және оның қоғамдағы рөлін өзгертуді талап етеді. Өмірде, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда, әр адам өзгелерге таныс жеке имиджде басым әлеуметтік рөл атқарады. Адамның өзі үшін де, оның айналасындағы адамдар үшін де әдеттен тыс мінез-құлықты өзгерту өте қиын. Топ барған сайын ұзағырақ болса, оның мүшелерінің әрқайсысының қоршаған айналасындағы әлеуметтік рөлдері таныс бола түседі және басқалар үшін стереотиптің үлгісін өзгерту қиынырақ болады. Кез келген қоғамның өмір салты жүйесінің әлеуметтік-мәдени эволюциясын талдау оның ішкі және сыртқы даму динамикасын ескеруді білдіреді. Соңғы жылдары әйелдердің жеке және қоғамдық өміріне деген қызығушылығы және қоғамдағы өз ұстанымдары әлемде өсті. Әйелдер пәндері феминология деп аталатын жеке ғылымды зерттеу тақырыбы пайда болды. Ол әйелдердің қоғамдағы саяси, әлеуметтік және экономикалық қатынастарының жиынтығын зерттейді.

«Феминология» (латын тілінен аударғанда фемин – әйелдер және грек тілінен «логос» –



«сөз», «оқыту») – қоғамдағы әйелдердің мәртебесі мен рөлі туралы, олардың өмірінің объективті заңдарын бейнелейтін және ерлер арасындағы теңдік қағидатын жүзеге асыру болып табылатын адамгершілік қызметтің негізі туралы ғылым. Бұл ғылым бір жыныстылар арасындағы қатынастарды ғылыми зерттеу және олардың арасындағы қайшылықтардың себептерін талдау міндетін де қарастырады. Феминология ерлер мен әйелдердің толық теңдігін зерттеп, қоғамның барлық салаларында өмір сүру мәртебесін өзгертеді.

Г.И. Осадчейдің көзқарасы бойынша әлеуметтік қатынастар әлеуметтік өмірдің барлық салаларында көрініс табады (Осадчая Г.И. 1996:32). Жеке тұлғаны қалыптастырып, жақсартатын және оның өскелең қажеттіліктерін қанағаттандыратын барлық процестерді қамтиды. Әлеуметтік қатынастар адам өмірінің барлық салаларында: жұмыс, білім, бос уақыт, саясат және экономикада да көрініс береді.

Әлеуметтік қатынастарды дамытудағы маңызды фактор – мемлекет. Ол қоғамның барлық салаларын реттейді және адам құқықтарын қорғайды. Сол мемлекет ұсынып отырған саясаттың бір түрі гендерлік теңдік идеясы.

Гендерлік теңдік идеясы қоғамның тұрақты дамуының шарты болып табылады. Ғасырлар бойы екінші орында тұрған әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге еш қатысы жоқ әлсіз жыныстылар өз әлеуетін пайдаланып жатыр. Қоғамды әйелдердің қатысуынсыз демократиялық деп санауға болмайды. Өмірдің барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдау әйелдердің көзқарастарынсыз мүмкін емес. Гендерлік теңдік қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді. Ағылшын тілінен алғанда *gender* сөзі жыныс дегенді білдіреді десек, шын мәнінде гендерлік ұғымы грамматикалық санатта қолданылатын термин болып шықты.

Гендерлік зерттеулер – қоғамның қоғамдық сана мен адамның санасында әйелдердің және ер адамдардың әлеуметтік рөлдерін қалай қалыптастырып, таратып жатқаны зерттелетін білім саласы, сонымен қатар оның салдарын қарастырады. Гендерлік талдау осы кезеңде өз мемлекеттерінің тұрғысынан қазіргі заманғы қоғамды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл талдау қоғамға заманауи әлеуметтік процестер мен шарттардың түсіндірмелі модельдерін қалыптастыруға, болашақтағы дамудың дұрыс болашағын болжауға мүмкіндік береді. Гендерлік теңдікте де кемшіліктер бар. Жалғызбасты аналардың өсуі артып келеді. Бұл ерлердің эко-

номикалық тәуелсіздігі, мемлекеттік қолдау, әйелдерге арналған қолдау орталықтарының пайда болуы, ажырасулар санының өсуінің салдарынан болуы мүмкін. Осылайша, гендерлік теңдік отбасыдағы патриархалдық қатынастарды бұзады. Бір жағынан, қоғам дамуында әйел қажет, ал екінші жағынан, толыққанды отбасылар аз және бұл елдегі демографиялық саясатқа әсер етеді.

Ең ежелгі дәуірден бастап қытайлық отбасылар Орта Патшалықтың бүкіл мемлекеттік құрылысының үлгісін көрсететін. Отбасы бүкіл мемлекеттің негізін қалаған қағидаттар мен ұғымдардың шағын көрінісі болды. Әкесі мен ұлы арасындағы дұрыс қарым-қатынас билеуші мен бағынушы арасындағы қарым-қатынаста дұрыстығын қамтамасыз етті.

Қоғамның әрбір мүшесіне өз рөлі мен орны тағайындалды. Өзінің жоғары басшылығына мойынсұнуға мәжбүрлеп, тәжірибе мен білімді жинақтауға мәжбүр болған кіші лауазымды адам, ақырында, әлеуметтік баспалдаққа шығатын болған. Отбасы және бүкіл ел осындай ұғымдарға негізделген.

Дәстүрлі қытай қоғамы құқық мәселелерінде моральдық нормаларға көп көңіл бөлді. Отбасы құрылымның негізі болатын қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас сезім мен жеке көңіл-күйлер тізбегі арқылы мөрленіп, мұндай жағдайда моральдық-адамгершілік критерийлер қоғамның мүшелерін моральдық нормаларды құрметтеуге үйрететін.

Егер дәстүрлі қытай қоғамы заң мәселелерінде мораль нормаларына неге көп көңіл бөлетінін түсінгіміз келсе, онда бұл сұраққа жауапты екі тараптан іздеген жөн. Біріншісі қытайлық отбасының отағасы тұрғысынан, екінші шаруа адамның көзімен. Қоғамда отбасы негізгі құрылым ретінде қарастырылады. Мұнда заңнамалық шарттар емес, отбасылық заңдар көбірек рөл атқарған. Отбасы мүшелері арасында моральдық құндылықтар критерийлері маңыздырақ болған.

Қытай қоғамында әлеуметтік қоғам мүшелерінің қарым-қатынасын анықтайтын қытайлықтардың көзқарастары бойынша концепциялар тобы бар.

Дао (道) (іс-әрекеттердің рационалдылығы, рационалдылық) барлық істерді жүзеге асыратын ұтымды негіз ретінде және күнделікті өмірде болған оқиғалар ретінде анықталуы мүмкін.

Ли (礼) – дао және фа (法) ретінде де қолданылады және заң мағынасын білдіреді. Ли, дао секілді дұрыс пен бұрысты, шындық пен жалғандықты бөліп көрсете білетін критерий.

Ли (禮) – екінші жағынан алғанда салт-жоралғы рәсімдер дегенді де білдіреді. Негізгі рөлі адамның өмір сүретін шеңберін анықтау болып табылады.

Фа (法) – бұл заң. Мемлекеттегі адамдардың қарым-қатынастарының нормаларын анықтайды. Бұл ережелер моральдық-этикалық критерийлер негізінде жасалады. Заң Ли мен тығыз байланысты. Заң шешуші рөлін атқарады. Демек, алғашқы екі – дао және ли – көк тәңірі, екінші – ли және фа – адамдарды өзара қарым-қатынасқа бейімдейтін олардың туындылары. Қытайлық қоғамда әртүрлі мүшелері арасында, соның ішінде еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынастың қалай қалыптасқанын дәлірек түсіну үшін жоғарыда айтылған әлеуметтік заңдардың мазмұнын егжей-тегжейлі қарастырған жөн.

Үш басым қағида бойынша қоғам мүшелерінің қарым-қатынасы белгіленген моральдық-этикалық нормалар негізінде жүзеге асырылды, Конфуцийшілдік ғалымдар қоғамда үйлесімділік қажет деп санайтын бес қасиетті анықтады. Бұл бес қасиет «бес тұрақты» деп аталды: қайырымдылық, әділет, салт-жоралғы рәсім, даналық және сенім. Бұл нормалар қоғамның әртүрлі мүшелері: әкесі мен лауазымды адамы, әкесі мен ұлы, үлкен және кіші ағалары, күйеуі және әйелі, достары және т.б. арасындағы қарым-қатынаста критерий болып табылады. «Үш қолбасшы, бес тұрақты» сөзі Батыс Ханның 15-ші жылдарындағы «Шындар мен құстардың көптеген көріністері» («Chun-qu Фьюн Лью») атты дискте Дун Чун-Шудың жазбаларынан алынған (Дун Чжун-Шу 1937:115)

Дегенмен, қытай қоғамындағы адамдар арасындағы қарым-қатынаста бағыну және бағындыру моделінің тұжырымдамасы Цинь-Суньцы әулетінің танымал ғалымына тиесілі.

Дун Чуншу «Мэнцзыдың» құнды (кұрметті) ян және шамалы инь (яғни ерлер элементінің әйелге қатысты таралуы) туралы концепциясының негізінде өзінің қоғамдағы қарым-қатынас теориясын ұсынып, «үш басымдық және бес тұрақтылық» теориясын алмастырды (Дун Чжун-Шу.1937:117)

Дун Чуншу бағыныстылық принципіне негізделген, бұл аспан мен өзгерістерге ұшырамайтын адамдар арасындағы қарым-қатынастың үш маңызды түрі бар деп санайды: билеуші бастысы, лауазымды адам бағынышты; әкесі – бастығы, ұлы мойынсұнады, күйеуі – бастығы, әйелі барлығына бағынады». Бұл қарым-қатынаста билеуші, әкесі мен күйеуі Янның күші, ал ұлы мен әйелі – бұл Инь. Сунн әулеті кезінде «үш

басымдық» және «бес тұрақты» ұғымдарын Чжу Си біріктіріп, содан бері бірге қолданыла бастаған. Табиғи түрде бұл ұғым бүкіл қытайлық қоғамның негізіне – ата-аналар мен балалардың, күйеу мен әйелдің қарым-қатынасын реттейтін отбасына құрал ретінде әсерін тигізе білген.

Уақыт өте келе, бұл тұжырымдама өзінің тікелей мағынасында қолданыла бастады және «ер адам құрметтелді, әйелді жек көрді» деп айтылды. Бұл ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаста шешім Янның элементтеріне тиесілі болғандықтан, Иннің күшімен жүретін әйел заты бағынуға міндетті болды. «Әйелдерге отбасында және қоғамда кішігірім рөл тағайындалды, олар ерлерге (әке, күйеуі, ұлы) мойынсұнушылыққа негізделген өзіндік мінез-құлық кодексі, қарапайымдылық, сыпайылық және еңбекқорлық. Отбасылық жүйе қатаң тәртіппен сипатталды – әйелдердің отбасылық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығы жоқ, олардың ісі ас үйі немесе үйдің әйелге тиесілі бөлігіндегі шаруалармен айналысу болды.

Орта Патшалықтың ең беделді классикалық шығармаларынан дәйексөздерді сіңіріп алған «Пациенттің канонында»-да әйелдің күйеуіне бағынуы туралы айтылды: «Отбасылық өмірде күйеуі мен әйелінің өзара қарым-қатынасы дұрыс тәртіппен жүруі керек. Күйеуі мен әйелі ата-бабаларына, әйелі күйеуінің ата-анасына құрметпен қарайды. Күйеу адамгершілікпен әділ шешімдер қабылдауы керек, ал әйелі оған мойынсұнуы тиіс. Осы ереже сақталғанда ғана отбасылар өркендеп көркейеді.

«Шу Цзине» де күйеуі әділетсіздікпен тастап кеткен әйел туралы айтылады. Онда ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты дұрыс ұстанбағандар, бір-біріне жауға айналатындығы туралы айтылған. Сондай-ақ, ері мен әйелі ата-аналар мен балалар, бауырлар мен әпкелер сияқты қанмен байланыспағанымен, өмір байлаған жандар болып табылады. Олар жақсы күнде де, жаман күнде де, қуанышта да, қайғыда да бірге болса ғана, онда олар жақсы ерлі-зайыптылар болады. Тек олардың арасында өзара сыйластық пен сенім болған кезде, әдемі үйлесімді жұпты көруге болады, – деп көрсетілген (Электронный ресурс. // URL: russian.china.or.cn (дата обращения: 10.05.2016)

Осы дәйектемелерден байқалғандай, Қытайдағы «отбасы» ұғымының маңызды ерекшелігі: ер мен әйел арасындағы неке одағы өздерінің сүйіспеншілік пен сезімталдықтың жемісі ретінде емес, сонымен бірге «бес тұрақты» сапаға негізделген қоғамда белгіленген функ-

цияларды жүзеге асыру үшін екі түрдің қажетті тіркесімі ретінде қабылданады.

Лю Нидің ең танымал «Подстилка из плоти» романындағы кейіпкерлердің бірінің сөзімен айтсақ: «Жақсы ердің әйелі, балалары болуы керек! .. Егер сіз жақсы отбасын құрмаған болсаңыз, онда, сіз өзіңізге лайықты әйелді табуыңыз, балалар тәрбиелеуіңіз керек (Лю Ни. 2009:119).

Бұл тұжырымдардан көргеніміздей, дәстүрлі қытай қоғамында әйелдердің әлеуметтік-саяси рөлі болған жоқ. Олардың мүдделері мен міндеттерінің бүкіл ауқымы отбасылық салада шоғырланған, онда қытайлық әйел әлсіз және үнсіз отбасы мүшесі болып қалған.

Ер мен әйелдің қарым-қатынасын анықтайтын тағы бір конфуцийлік тұжырымдама бар. Ол «Ішкі және сыртқы» түсінігі. Бұл дегеніміз, әйелдің ісі үйдің ішінде, ердікі сыртында болуы керек дегенді білдірген.

Осындай ер адамның дәрежесін көтерген тұжырымдармен қатар бірнеше ғасырлар бойы Қытайда ерді көкке көтеріп, ал әйелді кемсіткен қомақты шығармалар да жарық көрген.

Әйелдің әлемі оның үйі мен отбасынан тұрады. Осындай көзқарастың кең таралуы, Сұң дәуірінде Қытай үшін жатжерлік буддизмнің кеңінен дамуы және таза қытайлық даосизмнің халық арасында танымалдығын арттыра түсті. Соның әсерінен классикалық конфуцийшілдік дағдарысқа ұшырап, ежелгі данышпандық ілім жаңаша түсіндіріп, жаңаша қабылдануының негізінде дүниеге неоконфуцийшілдіктің келгенін көре аламыз.

Бұл кезде әйелдер ешқандай жалпы отбасылық жеке меншік құқығына ие бола алмады. Ал, егер де белгілі бір себептермен, жағдайлармен жылжымайтын мүлікті бөлісу ісі жүретін болса, онда ол тек ерлер қауымы арасында жүргізілетін. Жанұяда әке ісін жалғастыратын ер азамат болмаған жағдайда ғана, қыз баласына әке мұрасы берілетін. Алайда, бұл өте сирек кездесетін жағдай. Тіпті бай-ауқатты отбасыларда да әйелдің мұрагерлік құқыққа ие болуы екіталай еді. Әйелдің көріктілігін (әсіресе, қоғамның дәулетті ортасында) оның кішкентай аяғы мен тақтайдай жалпақ көкірегімен бейнелеген. Қытайлық салт бойынша, әйелдің аяғы жаңа туған айдың немесе лалагүлдің пішініндей кішкентай доға тәріздес болуы керек. Ал егер, жасөспірім қыздың бойында осы тәрізді сұлулық белгілері болмаса, оның отбасын құруы, тұрмысқа шығуы біршама қиындықтар, келеңсіздіктер әкелетін. Сол үшін де,

аяғы доға тәріздес болуы үшін қыз баласының аяғын арнайы бинттермен байлау әдісі қолданылды. Қыздардың 6-7 жастан бастап, аяқ саусақтарын (үлкен саусағынан басқа) бүктеп, аяқ саусақтарын табанға қарай майыстырып, табан мөлшері 8-12 см болатындай бинтпен қысып орап, байлап тастайтын болған. Уақыт өткен сайын, әр аптада қыздардың аяқтары одан сайын тығыздалып байланып отыратын және бұл әдісті қолдану табанның доға пішініне айналғанға дейін жалғасатын. Қыздардың бинтпен байланған аяқтары үнемі ауыратын, тіпті бұл кейде олардың аяғының жұмыс істемей қалуына алып келетін. Осыған қарағанда, қытай халқында «Сұлулық құрбандықты талап етеді», «Бинтпен байланған әрбір жұп аяқ былау толған жаспен тең» деген мақалдар берер айтылмаған сияқты.

Қытайлық ұлы революционер-демократ Сунь Ятсеннің замандастарының сөздеріне сүйенсек, Сунь жастық шағында аяғы бинтпен байланған қарындасының қиналып, азап шеккендерін көріп өскен екен. Жандары қиналған жас қыздар түні бойы көз ілмей, байланған аяқтары ауырғаннан ыңырсып, төсекте тынымсыз қимылдап, түсініксіз сөздер сөйлеп шығатын болған. Олардың жандарына жылу сыйлайтын, ағарған танды асыға күтетін. Бірақ, бұл ауру дәл осылай күннен күнге жалғаса беретін. Қарт анасының өзі де қызының қиналғанына әрең шыдайтын, алайда, әдеттен озбау үшін, қызы бойжеткенде аяқтары доға тәрізді болу үшін, тұрмыс құрғанда аяқтары кедергі келтірмесін, қандайда бір келеңсіздік орын алмасын, үлкендер қауымы тарапынан әдеттен аттады деген сөзді естімес үшін бәріне шыдайтын. (Чжан Цзыцин. 2003:217). Әріне «бұған ешнәрсе де істей алмайсың, дәстүр солай, Аспан ұлының заңы осылай». Кішкентай күнінен, тоқтаусыз бейнет шеккен кішкентай қыз бойжеткеннен кейін де барлық үй шаруасын жалғыз өзі орындайтын болған. Тамақ жасап, үй тазалап, жібек құрттарына қарап, кесте тігіп, өрнек тоқыған. Оған артық академиялық білімнің қажеті шамалы жоқ, өйткені «неғұрлым әйел аз білсе, соғұрлым ол мейірімді, жақсылыққа жаны құмар болады» деп есептелді. Ата дәстүр бойынша, әйел мүсіні «түп-түзу мінсіз лалагүлдің үндесуі секілді жарқырап тұруы керек», және бұл үшін қыздың 10-14 жасында кеудесін арнайы көкірекше немесе ерекше желеткемен қысып бүтетін болған. Көкірек бездерінің дамуы кешейілдеп, көкірек жасушаларының жылжуы мен организмнің оттегімен қоректенуі бірден тоқтап қалатын. Бұл қыз организмнің жалпы



дамуына кері әсерін тигізгенімен оның мүсінінің «көрікті» болуына оң септігін тигізді. Ал некеге деген қатынасқа келсек, ол өз кезегінде екі жақтың қалыңдық пен күйеу жігіттің әлі кішкентай бала кезінде немесе сәби кезінде-ақ тойдың алдын ала келісуінен көрінді. Ең төменгі некелік жас дәстүр бойынша, қыздарға 15, ал ұлдарға 13 жастан қойылды (Чжэн Юнфу, Лу Мэйи. 2010:4). Ескіше қытайлық мораль жастар арасындағы нәзік, әрі сүйіспеншілік сезімдерді қолдамады; бұл керексіз, орынсыз, әдепсіз деп саналған. Жігіт пен қыздың арасында қандай да бір терең сезім болғанымен бұл ата-ана тарапынан көзге ілінбеді. Жастардың құдаласуға дейін бір-бірімен кездесуіне тыйым салынатын. Олардың жеке сезімдері ешкімді де қызықтырмады. Жарының ата-анасына қызмет етуі – жас келіншектің ең негізгі міндеті болып саналды. «Егер де әйелі еріне ұнап, бірақ оның ата-анасы тарапынан жылы көзқарасқа иеленбесе, онда ол әйелімен ажырасуға міндетті – деп пайымдалған. Ал керісінше, егер әйелі ұлының көңілінен шықпай, бірақ ата-анасының жүрегі жылыса, ондай жағдайда ері онымен ажырасуға дәті бармайтын» (Чжэн Чжилян. 2005:7). Келін отағасы немесе ұлдарының жанында емес, үнемі енесінің «қол астында» болуы керек деп есептелді. Енесінің қалыңдыққа қатыгез мінез танытуы – феодалдық қытайлық отбасының қараңғы-қапас әдеттерінің бірі. Тіпті, себепсіз өз ұлын қызғанған енесі кейде жас жұптардың бөлме есігін түнде кеңінен ашып қоюын да талап еткен және әрбір нәзік мейірімді көрген сайын ол күндіз келінін қатты сөгетін жағдайлар да орын алып отырған. Бұл тіпті қалыңдықтың өз-өзіне қол жұмсауына итермелеп, кейде оның өз енесі қолынан мерт болған жайдайларда болған (Янь Цзюньлин. 2001:3). Ерінің өз әйеліне қаншама аяусыздық танытып араласса да, әйел оның «отымен кіріп, күлімен шығуы» тиіс болды. Басқаша айтсақ, еш қарсылықсыз тағдырға бағынып, ерінің алдында бойсұнды. Ол өз ата-анасынан да, соттан да қамқорлық күте алмайтын. Ол тек қана храмға барып, күйеуі бейнеленген қағаз мүсінді іліп, құдайдан жарының оған рақым, мейірім-шапағат танытуын тілеп, оның жүрегін жұмсартуын сұрай алды. Халық арасында әйел «ерінің кіршіксіз көлеңкесі» болуы тиіс деген түсінік қалыптасты.

Күйеуі өз әйелдерін немесе күндерін сата алатын және оларды уақытша немесе мәңгілікке бере алатын. Бұған сырт көзге заңмен тыйым салынғанымен, мұндай тәжірибе кең таралды. Егер күйеуі әйеліне дөрекілік танытса, бұл үшін

ол жеңіл жаза тартумен құтылды, ал әйелі еріне дөрекі мінез көрсете қалса, ол бұл үшін қатаң жазаланды. Егер күйеуі әйеліне опасыздық жасаса, бұл тіпті де қылмыс болып саналмады. Алайда егер оның әйелі дәл осыған ұқсас әрекетке барса күйеуі оны жазасыз-ақ өлтіре салатын. Күйеуінің өз әйелімен мынадай жағдайларда өз еркімен, яғни, ешбір заңға негізделмей-ақ ажырасу құқығы болды: – егер әйелі бедеу болса; – егер ол ата-енесімен ортақ тіл табыса алмаса; – егер ол күйеуіне опасыздық жасады деген күдік болса немесе осы жағдай шынымен де орын алса; – егер өсек айтып немесе отбасында ұрыс-керіс туғызса; – егер жұрттың мазасын алатындай белгілі бір аурумен ауыратын болса; – егер ол күйеуінің рұқсатынсыз үй мал-мүлкін, дүниесін иемденсе; – егер әйелі үздіксіз дүниеге қыз баланы әкеле беретін болса, онда ол күйеуінің алдында кінәлі саналатын. Бұл кезде күйеуі «заңға негізделе отырып» өзіне ұл бала тууы үшін күн сатып алатын.

Бай-бакуатты қытайлықтар әдетте арнайы өзінің күні ету үшін сұлу қыздарды сатып алатын. Мұндай жағдайда рәсімдеу өте қарапайым жүргізілді: қыз өз қожайынының заңды әйелінің алдында үш рет жерге иіліп сәлем берген – мұндай бас июшілік ол қыздың үй бикесіне, яғни заңды әйеліне қызмет етуге дайын екенін білдірді. Сатып алынған үй қызметіндегі бұл әйел өз жанұясында артық сөз айтпай дәл сол баяғыдай үй шаруасымен айналысып жүре берді. Бірақ ол еріне ұл бала сыйласа, оның жағдайы бірден өзгерді. Егер «тікелей» әйелі дүниеден озса, онда оның орнын «жанама әйелдердің» ең үлкені басты. Күйеуінің көзі тірісінде әйелге өз жарына деген сезімдерін білдіруіне тыйым салынды. Ол тек қайтыс болған соң ғана айту құқығы берілді. Әйелдің екінші реттік күйеуге шығуы о дүниелік күйеуінің алдында ауыр күнә болып саналды. Егер жесір әйел қайта тұрмыс құруға бел буған жағдайда, ол өз ортасынан қуғындалған, марқұм болған күйеуінің ата-анасы немесе туыстары оны өлтіретін, тіпті бұдан былай заңды түрде өзгенің әйелі емес, тек күні ғана бола алды. Бұрынғы дәстүр әйелге өз жарымен о дүниелік өмірде бірге болуы үшін күйеуінің моласының басында өлуге бұйырған. Әйел мұндай шешім жайында алдын ала туыстары мен жақындарына хабарлайтын және оның бұл әрекеті өз күйеуіне деген адалдығы мен шын берілгендігінің белгісі деп қабылданды. Күйеуіне адал болған жесір дәл үйінің алдына қойылатын мақтау тақтайшасымен марапатталатын. Бұдан да артық құрмет



мадақтамасы – ағаштан жасалған салтанатты дарбаза (пайлоу) – күйеуінсіз өмір сүргісі келмеген жесірдің ерлігін білдірді. Жесір өзінің өлген адамның соңынан кететінін жариялаған кезде оны салтанатты түрде паланкинге отырғызып, туыстары, таныстары және жәй ғана қызығушылар жесір әйелді өзін-өзін өлтіретін жерге шығарып салып барады. Жесірді алдын ала арнайы дайындалған алаңға апарды, сонан соң келгендер оған бас иді. Кейін бақытсыз әйелдің мойнына ілгекті береді, оның көмегімен әйелдің жақын туыстарының бірі оны қылқындырады. Провинция губернаторлары өздерінің ресми баяндамасында императорға бұл жақсы жесірлердің өзін-өзі өлтіргендігі жайлы айтып, олардың күйеуіне деген адалдығына байланысты мадақ сұрап, салтанатты дарбаза салуды өтінген.

Бүгінде осы сынды Конфуцийлік құндылықтар негізінде құрылған отбасылар жоқтың қасы. Қазіргі Қытай қоғамы дінге көп көңіл бөлмейді. Олардың көпшілігі коммунизм идеалдарына сенбейді. Дегенмен, көп жағдайда бұл тек қалалық тұрғындарға қатысты. Ал аудандар мен ауылдарда ежелгі дәстүрлерді қолдаушылар да бар.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, жаңа мемлекеттің пайда болуымен, Конституцияның енгізілуімен, Неке туралы заңның және басқа да заң нормаларының қабылдануымен, феодалдық қалдықтар ресми түрде аяқталғанын, әйелдер ерлермен тең құқықтармен қамтамасыз етілді, бұл гендерлік теңдік тұрғысынан үлкен қадам болып табылады.

Соңғы онжылдықта гендерлік мәселелерді шешуде маңызды қадамдар жасалды. Қытайдағы әйелдердің теңдігі бәріне көрінді. Бірақ, экономикалық, саяси және әлеуметтік факторларды ескере отырып, гендерлік теңдікті дұрыс жүргізу үшін ондаған жылдар қажет болады.

Қытай гендерлік теңдікті дамыту, халықтың әртүрлі сегменттерін қолдау үшін БҰҰ-мен ынтымақтастықты нығайтуға ниетті. Мемлекет әйелдердің құқықтары мен мүдделерін құқықтық практикада қорғау туралы заңдарды қайта қарауға және енгізуге ерекше назар аударады, оларды жүзеге асыру механизмдерін бақылайды. Бұл дегеніміз әйелдердің құқығы, гендерлік теңдік шешімі бәрімізге ортақ жақсы нәтиже бере алатын үлкен мәселе дегенді білдіреді.

## Әдебиеттер

- Дун Чжун-Шу (1937) (Собрание литературных творений мудреца Дуна) // ЦШЦЧ. Шанхай, 348 с.  
 Дун Чжун-Шу (1937) (Собрание литературных творений мудреца Дуна) // ЦШЦЧ. Шанхай, 348 с.  
 Леви Строс К. (1983) Структурная антропология. – М.: Наука, 375 с.  
 Лю Ни (2009) Зарубежные исследования китайских женщин. Анализ документов и цифровых данных / Лю Ни, Хуан Юфу. – Пекин, 352 с.  
 Ницше Ф. (1990) Генеалогия морали // Соч. в 2-х т. – М.: Мысль, Т. 2. – 421 с.  
 Осадчая Г.И. (1996) Социальная сфера общества: теория и методология социологического анализа. – М., 94 с.  
 Лоуэлл П. (1904) Душа Дальнего Востока / Пер. с англ. Кн. А.О. – СПб.: Тип. Товарищества М.О. Вольф, 171 с.  
 Ситуация в области человеческих ресурсов в Китае (Белая книга) [Электронный ресурс]. // URL: russian.china.or.cn (дата обращения: 10.05.2016)  
 China Statistical Yearbook (2012) [Электронный ресурс]. // URL: <http://www.stats.gov.cn/tjsj/ndsj/indexeh.htm> (дата обращения 17.04.2016)  
 Түргенбай А.Ә., Тастанбекова С.С. (2011) Дәстүрлі Қытай қоғамындағы әйелдің орны // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4 (57)  
 Чжан Цзыпин (2003) Во дэ цзыцзы Чжан Айлин (Моя сестра Чжан Айлин). Шанхай, 300 с.  
 Чжэн Юнфу, Лу Мэйи (2010) Чжунго фунной тунши, миньгоцзюань (История женщин Китая, период миньго). Ханчжоу  
 Чжэн Чжилян (2005) Китай и Запад: специфика и единство типов культур. // Россия и АТР. – № 185.  
 Янь Цзюньлин. (2001) Ло е гуэй гэн (Опавшие листья возвращаются к корням). – Пекин.

## References

- Dong Jung-Shu (1937) (Sobranie literaturnyx tvoreny mudreca Dona) // TSSHTSC. Shanghai, 348 s  
 Dong Jung-Shu (1937) (Sobranie literaturnyx tvoreny mudreca Dona) // TSSHTSC. Shanghai, 348 s  
 Levi Stros K. (1983) Strukturalnaya antropologiya. – M.: Nauka, 375 s.  
 Lyu Ni (2009) Zarubejnye issledovaniye kitayskikh zhenshin. Analiz dokumentov i tsifrovyyh dannyyh/ Lyu Ni, Huan Yufu. Pekin, 352 s  
 Nitsche F. (1990) Geneologiya morally // Soch. v 2-h t. – M.: Misl, T2. – 421 s.

- Osadchaya G.I. (1996) Socialnaya sfera obshchestva: teoriya i metodologiya socialogicheskogo analiza. M., 94 s.
- P.Louel. (1904) Dusha Dalnego Vostoka. Per. s angl. Kn. A.O. – SPб: TIP. Tovarishstva M.O. Volf, 171 s.
- Situasia v oblasti chelovecheskyx resursov v Kitae (Belaya Kniga) [Elektronnyi resurs]. // URL: russian.china.or.cn (data obrasheniya: 10.05.2016)
- China Statistical Yearbook (2012) [Elektronnyi resurs]. // URL: <http://www.stats.gov.cn/tjsj/ndsj/indexeh.htm> (data obrasheniya 17.04.2016)
- Turgenbay A.A., Tastanbekova S.S. Тастанбекова (2011) Dasturli Kytai kogamindagy ayeldin ornı KazUU khabarshy. Shygystanu seriyası. №4 (57)
- Zhang Ziqing (2003) Vo Te Zichi Zhang Ailing (Moya sestra Zhang Ailing). Shanhai, 300 s
- Zheng Yongfu, Lou Mei (2010) Zhongguo Funyu Tongshi, Mingo Juan (Istoriya zhenshin Kitaya, period mingo). Hangzhou
- Zheng Zhilyan (2005) Kitai I Zapad: spetsifika i edinstva tipov kultur// Rossiya i ATP. № 185.
- Yan Junlin. (2001) Lo e guei gen (Opavshye listya vozvrashayutsya k kornyam) Pekin.

**<sup>1</sup>Раев Д.С., <sup>2</sup>Токмұрзаева А.Ж.**

<sup>1</sup>филос. ғ.д., профессор, e-mail: Raev\_53@mail.ru,

<sup>2</sup>3-курс докторанты, e-mail: aqbota\_zh@mail.ru

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

## **ҚАЗАҚ БИ-ШЕШЕНДЕРІНІҢ САЯСИ КӨРЕГЕНДІК ПАРАДИГМАСЫ**

Бұл мақалада біз ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы билерінің халықаралық қатынастағы дипломатиялық жүйеге қатысты саяси көреген парадигмасы ғылыми-теориялық тұрғыдан сарапқа салуға қадам жасаймыз. Бұл мәселені ғылыми теориялық әрі әдіснамалық тұрғыда қарастыру барысында, ең алдымен, қазақ билері қай заманда да өздерінің елден ерек озық ақыл-парасаты, біліктілігімен қабырғалы қалың елге көсемдік әрі көрегендік қасиеттерімен де тұлғалық болмысқа ие болғанын ескереміз. Қазақ би-шешендерінің келешекті болжайтын саяси көрегендік қызметі жөнінде айтылады. Келешекті болжау шешендік сөз өнерінің басты қызметтерінің бірі ретінде қарауға болады.

**Түйін сөздер:** дипломатия, би-шешендер, саяси көрегендік, халықаралық қатынас.

**<sup>1</sup>Raev D.S., <sup>2</sup>Tokmurzayeva A.Zh.**

<sup>1</sup>doctor of Philosophical Sciences, professor, e-mail: Raev\_53@mail.ru

<sup>2</sup>PhD student, e-mail: aqbota\_zh@mail.ru

Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World languages, Kazakhstan, Almaty

## **The paradigm of the political farsightedness of the Kazakh bi-speakers**

In this article we make an approach to the scientific and theoretical analysis of the paradigm of political foresight of biys of the Kazakh khanate of the XYII-XYIII centuries in relation to the diplomatic system of international relations. In the scientific-theoretical and methodological approach to this issue, first of all, it should be taken into account that the Kazakh Biy at any time have personal qualities, having knowledge and skills. It is also said about the political foresight of the Kazakh biys-speakers, predicting the future.

**Key words:** diplomacy, biy-speakers, political foresight, international relations.

**<sup>1</sup>Раев Д.С., <sup>2</sup>Токмұрзаева А.Ж.**

<sup>1</sup>доктор филос. наук, профессор, e-mail: Raev\_53@mail.ru

<sup>2</sup>докторант 3 курса, e-mail: aqbota\_zh@mail.ru

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
Казахстан, г. Алматы

## **Парадигма политической дальновидности казахских биев-ораторов**

В этой статье мы делаем подход на научно-теоретический анализ парадигмы политической дальновидности биев Казахского ханства XVII-XVIII веков в отношении дипломатической системы международных отношений. При научно-теоретическом и методологическом подходах к данному вопросу, прежде всего, следует учитывать, что казахские биы в любой момент имеют личностные качества, обладая знаниями, умениями. Также говорится о политической дальновидности казахских биев-ораторов, прогнозирующих будущее. Прогнозирование будущего можно рассматривать как одну из главных функций ораторского искусства.

**Ключевые слова:** дипломатия, биы-ораторы, политическая дальновидность, международные отношения.

## Кіріспе

Бұл мәселені ғылыми теориялық әрі әдіснамалық тұрғыда қарастыру барысында, ең алдымен, қазақ билері қай заманда да өздерінің елден ерек озық ақыл-парасаты, біліктілігімен қабырғалы қалың елге көсемдік әрі көрегендік қасиеттерімен де тұлғалық болмысқа ие болғанын ескерген жөн деп есептейміз. Толыбайұлы Қожаберген жырау (1663-1762) Елім-ай дастанында Әйтеке бидің өсиетіне сілтеме жасай келіп: «Сайлаған көсемдерің кемеңгер боп, халықтың болашағын шолсын деді.» (О. Әбділдаұлы, 304), – десе, С. Сейфуллин: «Ондай билер, шешендер ...топта жыр жырлап, жұртты аузына қаратқан сыншы, болжаушы, шежіре жыраулар – ...руға қасиетті, өнерлі деп саналатын» – деп жазады (Сейфуллин С., 1964, 456). Міне, бұлар жалпы адамзат тарихында елдің болашағын саралай білудегі ықтималды-болжалдық феноменнің болу заңдылығын көрсетеді. Бұл ықтималдық теорияның өмір сүру кеңістігін айқындайтын, «Біз кеше кім едік, бүгін кіміз? Ертең қай жерде боламыз?» (Ұлы Дала ұлағаттары//Егемен Қазақстан, 2016), – деген сияқты мәңгілік сұрақтарға жауап іздеген халықтың саяси стратегиялық болжалдары өрісі болмақ. Сол көрегендік пен болжалдық парадигманы тұғыр тұтқан халық даналығының асыл қоры Қазақ хандығы билерінің ақылман сөздерінде жатыр деп есептейміз. Н.Ә. Назарбаев: «Халқымыздың қадірлі қасиеттері ұшан-теңіз. Олар ата-баба дәстүрінен бастау алады» (Ұлы Дала ұлағаттары//Егемен Қазақстан, 2016), – деп жазса, енді бірде «Дана халқымыздың ұлы қасиеттері көп. Ол қасиеттер – біздің өмірлік мектептеріміз» (Ұлы Дала ұлағаттары//Егемен Қазақстан, 2016: 48), – деп жазады. Тағы бірде оның рухани кеңістігін «телегей теңіз ауыз әдебиетінің қайнарынан сусындаған ұлтымыздың ұлы тарихындағы ұлағатты белестерден» (Ұлы Дала ұлағаттары//Егемен Қазақстан, 2016:3) көреді және «біз тарихымызды тілмен де, ділмен де жазған халықпыз», – деп атап көрсетеді.

Соның бірі – ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы билерінің халықаралық қатынастағы дипломатиялық жүйеге қатысты саяси көреген парадигмасы десек артық айтпағандық. Мәселен, «Шешеннің міндеті – уақиғаны әуел бастан көре білу, оның ағысын аңғару және ол туралы басқаларға ескерту. Сонан соң әрбір істе бейқамдық, кертартпалық, түсінбестік, бақкүндестік сияқты барлық ерікті мемлекеттерге тән кемшіліктер болады. Осылардың барлығын

мүмкіндігіне қарай мейлінше азайту ... болып табылады» (Демосфен., 1954) деп көрсетеді.

Бұл қай заманда да саяси прагматикалық болжамның тұғырнамалық заңдылығын тарих дәлелдеп келеді. М. Мағауиннің: «Ғылым – болған іске ғана төреші. Алайда, ықтимал іс туралы толғам – өткенді тануға ғана емес, келешекті айқындауға да қызмет етсе керек. Ордасы қайта жаңғырып, Қазақстан Республикасы атанып, өзгеше бір өріске бет қойған шақта ұлттық тарихтың көлеңке көріністерін байыптаудың өзі игі жолға бастамақ» (Мағауин М., 1995: 51-52), – деп айтқаны соның дәлелі. Сатоу: «Дипломатияға берілген анықтамалар көп» – дей отырып, «Олардың басым бөлігі жеке тұлғаның мемлекет атынан өкілдік етуімен байланысты» деген. Өзінің әйгілі дипломатиялық тәжірибе туралы зерттеуінде дипломатияға «тәуелсіз мемлекеттердің үкіметтері арасындағы ресми қарым-қатынастарды жүзеге асыруда ақылға салып, көрегендік таныта білу» деген анықтама берген» (Р.Трагер, 2018: 36) – дейді. Оның анық сұлбасын болашақты болжай білген би бабалар Ұлы далада салтанат құрған айбынды мемлекеттердің мемлекеттік түзімі, келешегі мен әділет қағидасының тұтқасы болған. Мұның жарқын айғағын халықтың тарихи жадында сақталған көреген, болжампаз билеріміз туралы сақталған көптеген тарихи жырлар мен аңыздардан көруге болады.

Қазақ би-шешендерінің келешекті болжайтын саяси көрегендік қызметі жөнінде де көп айтуға болады. Келешекті болжау шешендік сөз өнерінің басты қызметтерінің бірі ретінде қарауға болады. Міне, осы жоғарыда келтірілген үзік ой-тұжырымдардан – Қазақ хандығы билері шешендігін қазақ даласындағы дәстүрлі қоғамның, қазақ мемлекетінің саяси тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттай алған ерекше саяси феномен деген ой қорытуға болады. Дала қоғамындағы мемлекеттік билік жүйесін сипаттау тәсілінің бірі деп айтар едік. Себебі шешендіктің өзі ең алдымен бүкіл елдік, халықтық мән-мағынаға ие болған үлкен саяси уақиғалар мен факторлардан туындағанын байқаймыз. Осыған байланысты, дала қазағы айнала қоршаған ортамен есептесіп, одан туындайтын оқиғалардың алдын алуға мәжбүр болды. Ол мәжбүрлік қазақ халқына тарихи оқиғаларға баға беріп, оған ықпал етуді үйретті. Соларға тікелей ықпал ете алатын қасиетке ие адамдардың ықпалы арта түсті. Мәселен, қазақ елі үшін ХҮІІ-ХҮІІІ ғасыр өте ауыр кезең болғаны тарихтан белгілі. Жеке-жеке хандық басшылыққа бөлінген елді шығыстан



Жоңғар, батыстан Қалмақ, түстіктен Қоқан хандары қазақтың мал-мүлкін, жаз жайлау, қыс қыстау болған ата қонысын басып алып халықты жаппай жұтқа ұшыратып, ауыр халге душар етеді. Міне осындай “қайың сауып, ши сорған”, “Ақ табан шұбырынды” заманда өз руының, ұлысының, елінің тағдырын, болашағын ойлап, оны дағдарыстан, соншама үлкен әлеуметтік-саяси апаттан алып шығудың әдіс-тәсілі мен жолын іздегендердің қатарында би-шешендер болды. Осыларды ескере келіп, осындай тұста “қара” халықтан шыққан халыққа бір саты жақын тұрған билер мен батырлар болғанын, оны аңыз-әңгімелер мен өлең-жырлар ғана емес, тарихи деректер де растайтынын айтып кеткен жөн. Демек, қазақтың шешен-билері – тап осындай қажеттілік қалыптастырған ұлан-ғайыр әлеуметтік-саяси құбылыс деп атауға болады. Қай тұста да ұлт тағдырын әріден таныған ұлы би-шешендер жан-жақтан келе жатқан қатерді қапысыз таныды. Дер кезінде жеткізе білді. Олар тығырыққа тіреліп, қатты дағдарған жалпақ қауымның өзін-өзі тауқыметтен алып шығып, құтқарып қалуға деген құлшыныс-ұмтылысынан жаралғандар.

Сондықтан, қазақ билері шешендігіндегі «көрегендік пен көсемдік» дейтін ұстаным бүкіл көшпенділер әлемінің өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасында ұстанатын бірден-бір саяси-әлеуметтік аксиомасы іспеттес болған. Қазақ даласындағы саяси тұрақтылық пен орнықтылықты немесе саяси-әлеуметтік бірқалыптылықты бұзатын да сол болған. Міне осы мәжбүрлік адамзатты өз тәжірибесіне сүйене отырып әрекет жасауға, сондай-ақ бастан кешкенге баға беруге үйретеді. Үнемі қандайда бір саяси іске дайын тұрып, сақ тұруға, бекем жүруге машықтандырады. Дүниенің қыры мен сырына бойлау барысында адамзат баласы білікпен де, білекпен де, дәлел-дәйекпен де, түсінік-түйсікпен де әрекет жасаған. Қ. Омархановтың айтуынша, қалай алып қарасаңыз да, көшпелілердің ...мыңдаған жылдық тәжірибесінен екшеліп шыққан қоғамдық ой-қисын, өмір ағысын терең болжай алатын көрегендік ...парасат-пайымын айқындап береді (Омарханов Қ., 2008: 320).

Енді осы мәселеге жалпы саяси универсум тұрғыдан қарайтын болсақ, келешекте болатын өзгерістерді болжап бағамдау және соған сай өз өмірін ыңғайлап бағыттау адам болмысына тән құбылыс. Бұл адамның өз болашағын алдын ала болжау үрдісін білдіреді. Белгілі бір қоғамдық-тарихи кезеңде (сәтте) олар толық мойындалмауы да мүмкін, бірақ олардың адам санасында өмір сүруі әртүрлі формаларда кө-

рініс тауып, өзі туралы мәлімет беріп тұрады: кейде ойлау қағидасы түрінде, кейде көркемдік образдар түрінде болып отырады. Осылар арқылы ол құбылыстар әртүрлі идеяларға бастап, адам санасын үздіксіз жұмысқа қосып отырады. Міне бұл жалпы көркем мәдениетінің, оның ішінде шешендік сөз өнерінің “профетикалық қызметінің” болатындығына негіз болса керек. Келешекті болжау сөзі күнделікті тұрмыстық сана деңгейіндегі мағынасы жағынан, сонымен бірге, белгілі бір ғылыми анықталу статусына ие болу тұрғысынан да қазіргі кезде тілдің сөздік қорының белсенді бөлігі ретінде орнығуда және қоғамдық сананы іске асыруда рухани күш ретінде қатысуда. Осыған орай адамзат тіршілігінің дамуындағы көптеген негізгі мәселелерді конструктивті, іргелі және жүйелі түрде талдау жасау, қоғам дамуының жаңа сапалы кезеңдеріне қол жеткізу сияқты жұмыстар ғалымдардың айтуынша, осындай істің болашағын алдын ала болжай білу қасиеттер мен мүмкіндіктерге, сол арқылы алда күтіп тұрған өзгерістердің бейнесін алдын ала жасау немесе болашақ қоғамдық-саяси шаралар сценарийін құрып, алдағы әлеуметтік-саяси стратогемдерді түзу сияқты істерге тікелей байланысты болатындығын айтқанымыз жөн. Бұдан бір жағынан, алдын ала көре білу, озық ойлау, болжап білу, күні бұрын болжап айту сияқты ұғымдар, екінші жағынан, академик П.К. Анохиннің өмірді алдын ала озық бейнелеу жөніндегі ғылыми теориясы арасында тікелей байланыстардың бар екенін аңғару қиын емес. Ол жануарлардың жоғары нерв жүйесі қызметін физиологиялық зерттеулерге негізделі отырып биологиялық деңгейде шындықтың алдын ала бейнесін жасау концепциясын ұсынған болатын. Бұл теорияның мәні таным процесі барысында шынайы болмыс заттары мен құбылыстарының бүгінгі күні адам санасында өткінші өмірдің жай бір елеусіз жағдайы ғана болып бейнеленетін, бірақ келешек қоғамдық-тарихи даму барысында ол өзінше бір шындыққа айналып, тәжірибеде өз бекінісін тауып жататын қырлары мен қасиеттері өзінен белгі беріп, анықталып тұрады дейтін көзқарасқа саяды. Оның пікірі бойынша, «...сыртқы әлемнің кейбір факторлары белгілі бір уақыттар аралығында қайтып оралуы және өз әрекетін жаңартып отыруы мүмкін...», яғни “...организмге сол сыртқы әлемнің қайталанып отыратын ықпалы өмірдің даму және оның сыртқы бейорганикалық әлемге қатынасына негіз болып табылады». Тірі организмнің сыртқы табиғи жағдайларға бейімделу заңдылығын айта келіп, П.К. Анохин бүкіл жан-жануарлар тари-

хы ежелден келе жатқан шындықты озық бейнелеу деген сияқты заңдылықты жандандыра түсетіндігін мойындайды. Келтірілген ғылыми тұжырымда көңіл аударатын мәселе, ол – автордың өзі ұсынып отырған тірі жаратылыстың сыртқы ортаға икемделушілік реакциясының болу принципін жасаудағы бейнелеу теориясының методологиялық маңызын арнайы көрсетуі. Бұл ғылымның саяси теорияға жәй қызығушылығын емес, автордың ғылыми бақылаулар мен тұжырымдардан кейінгі бейнелеу теориясына деген шынайы сенімін білдірсе керек. «Алдын ала көре білу» және «озық ойлау» ішкі мазмұны мен мәні тұрғысынан алғанда синоним ұғымдар болып табылады. Бұл терминдердің бүгін де ғылыми шығармашылық пен саяси эпистемалық ізденістер шындығының бір қырын анықтайтыны анық.

Билердің шешендік сөз өнеріне байланысты біздің пікірімізше, бұған образдық санаға, шындықты әлеуметтік-саяси тұрғыдан бағалау, саяси әдептану, билік философиясына, елдің келешек саяси болмысына байланысты мәселелер мен ағымдар тізбегін қосуға болады. Адам затының образды ойлау мүмкіндігі сыртқы әлемді игеруде өзіне тән ерекшелікті сақтай отырып және өзіне ыңғайлы ортада өзін-өзі көрсете отырып, адамның жеке тұлғалық, қоғамының рухани болмысының жетілуіне белсенді қатыса отырып таным процесіне араласқан деуге болады. Бұл – әр уақытта кез келген халықтың озық ойшылдарына тән болған құбылыс. Олар өз заманынан озық ойлау мүмкіндіктерімен, шешен сөйлеу және ұтымды идея айту потенциалдарымен адам санасына ықпал етуді өздерінің парызы деп санаған.

Осыған байланысты би-шешендердің болжағыштығы мен көрегендігі қауып-қатердің алдын алғызып, қазақ жұртына төне бастаған зобалаңның бұлтын бұрып жіберіп отырғандары да тарихта мәлім. Саяси-әлеуметтік контекстегі қоғамның болашағын бағдарлап, келешегін болжауға ұмтылған бұл көрегендік құбылыс Қазақ хандығы мемлекетінің ішкі және сыртқы жағдайын алдын ала сезе білумен астарласып жатты. Ол қазақтың тарихи жырлары мен тарихи аңыздарында айтылса, одан кейінгі әдеби ғылыми зерттеулерде де тілге тиек етілді. Осындай болашағын болжап, көре білген қасиет-дәстүр билердің түп атасы Майқы би Мәнұлынан басталғаны тарихтан белгілі (Төреқұл Н., 2006:12). Бұл билер біздің зерттеу нысанымыздың аясына дейінгі болғанымен көрегендік саяси-мәдени дәстүрдің бастау тарихына шолу

жасауды жөн көрдік. Өйткені мұндай саяси феноменнің қазақ даласында ертеден басталатын этноментальдық тарихи-сабақтастық тізбегі мен логикасын білу ғылыми-теориялық әрі әдіснамалық жүйенің тұтастығы заңдылығына сәйкес келеді деп есептейміз.

Біздің дәуірімізге дейінгі Майқы бидің кезінде көреген, алдын күні бұрын болжай білетін кісі болғаны тарихи аңыздардан белгілі. Сондай аңыздардың бірі бойынша, Майқы би келешек ұрпағының көзі қысық, тісі қысық жаудан гөрі, көзі шегір, өзі жемір жаудан көп қорлық көретінін болжаған. Ол: «Ұрпағымның керегесі сөгіліп, уығы сынып, шаңырағы шайқалатын кез болады екен» (Төреқұлов Н., Қазбеков М., 1993: 10), – деген болжам жасайды. Мұндағы Майқы бидің саяси көрегендігі елдің алдағы уақыттағы саяси тағдырын айқын көрсетуінде, оның саяси стратегию жүйесінің сұлбасын жасай білу қабілетінде деп айтуға болады. Енді бірде «Көрдім талай қытайды, көңілім одан жұтайды... Іші-тысы қараңғы, жымып тұрып тұтайды. ...Тағы бір жағым тор болар, көргені одан сор болар. Үндемей үңгір ішінде, көз жасың сонда сорғалар. ...Жылмандап бәрі жүргенмен, ертеңгі күні Үйсінге осының бәрі жау болар» (Төреқұлов Н., Қазбеков М., 1993: 14), – дей келіп, халықаралық саясаттың кеңістігіндегі қара бұлттың төну қаупін болжайды. Нақтырақ айтар болсақ, Майқы би сол өз дәуіріндегі сыртқы саяси саханың биполярлық кеңістігінен хабар беріп, қазақ жұртының қандайда бір күшті саяси әлемге бағыну тенденциясын анықтай түседі. Сонымен бірге, Майқы баба: «Әлі заман өзгерер, өзгергенін көз көрер. ...Жансыз арба ат болар, өз балаң өзіңе жат болар. Темірден құс болады, ұрпағымның көргені сұс болады» (Төреқұлов Н., Қазбеков М., 1993: 15), – деп дала өркениетіндегі базистік әрі конструктивті, әрі деструктивті өзгерістердің жобасын болжайды да қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік прогрестік әрі регрестік қозғалыс траекториясын анықтағандай болады. Бұдан біз қазақ би-шешендерінің шындықты озық бейнелеудегі ішкі интенциялық потенциалының қорын аңғарамыз. Мұндай келешекті алдын ала болжау әрекетінің қаншама дәл болу немесе дәл болмау дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Алайда, мұндай құбылыстар келешек оқиғалар мен фактілердің адам санасында алдын ала бейнелену заңдылығынан хабар береді.

Ал енді біздің зерттеу нысанымыздың тарихи кезеңі – ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы билерге келетін болсақ, сол келешекті болжай білген

саяси-мәдени дәстүрдің жалғасып отырғанына куә боламыз.

Осы ғасырлар аралығында ғұмыр кешкен және болашаққа болжау салған көреген саяси-әлеуметтік тұлғаның ерен өкілі – Бұхар би Қалқаманұлы (1668-1781 жж. – бұл дерек 2008 жылы жарық көрген: «Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық» еңбек бойынша алынды) болған. Бұл туралы ойды ХҮІІ ғ. Үмбетей жыраудың: «Өткіздің тоғыз ханды толғауменен, шештің талай түйін болжауменен» (Төрекұл Н., 2006:162), – деп айтқан жыр жолдарынан көреміз. Осы ойды растайтын көзқарас: «Бұхар жыраудың данышпандығын көрсететін жыр толғаулары, оның қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдайларға биік тұрғыдан қарап, көзін қырандай алысқа жіберіп, өз дәуірін ғана емес, болашақты да кең шолып толғай, болжай білгендігін байқаймыз» (Қуанғанов Ш.Т., 1992: 48), – деген тұжырымға келеді. Н. Төрекұлұлы да Бұхар биді халық көріпкел әулие, алдағыны болжап айта білетін сәуегей абыз деп жүгініп отырғанын атап өтеді (Төрекұлұлы Н., 1995: 384).

Ол Абылай ханның ақылман биі бола бастаған тұстың алғашқы күндерінің өзінде-ақ Батыстан орыстардың, Шығыстан шүршіттердің көз тігіп отырғанын сезген.

Сол Бұхар бидің көреген болжамдарына келер болсақ, осындай болжампаздықпен айтылған көрегендік идеогем жүйесінің бір парасын Асан бидің: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, заман азып, заң тозып жаман болар. Қарағайдың басына шортан шығып, бабалардың дәурені тәмам болар» (Мағауин М., Байділдаев М., 1991:384), – деген шешендік шиырын қостағандай болған Бұхар бидің кейбір саяси-философиялық шешендік нақыл толғамдарынан байқаймыз. Мәселен, елдің ертеңін ойлаған Бұхар би: «Ай заман-ай, заман-ай, түсті мынау тұман-ай, істің бәрі күмән-ай. Баспақ-тана жиылып, фәни болған заман-ай, арғымағын жоғалтып, тай жүгірген заман-ай» (Мағауин М., Байділдаев М., 1984:285), – деп өз заманын сипаттай келіп келешектің бұлыңғыр болып, өзгеруі ықтимал кейпін аңғарады. Көреген бидің бұл толғауы хандық қоғамның саяси өмірінің әлсіз, осал тұстарын байқап, бағамдап отырғанның қорытындысы деп айта аламыз. Бұл әрине, қоғамның ішкі жағдайынан өрбіген замани-дәуірлік болмыстың құбылу мүмкіндігінен хабар беретін саяси стратегиялық тұжырым болуы керек. Міне бұл Төле бидің: «Менен кейін бұзылып, хандық мирас болмайды, тұғырға қайтып қонбайды... Енді басқа әңгіме дей алмаймын, түрлі-түрлі бізден соң күн

болады» (Бабалар сөзі: Жүзтомдық. «Фолиант», 2010:408), – деген болжамдық тұжырымымен астарласып жатыр. Бұл орайда қазақ би-шешендерінің келер «кер заманның» хандық мемлекет іші саяси билік болмысының бұзылуы мен әлеуметтік бітімнің жарылуы арасындағы тура ықпалды дәл суреттейді. Осыны ескере отырып, бұл өмірдегі ақтық сәтінің алдында халқы Төле биден өзіңізден кейін хан мен халыққа ықпал жасай алатын өзіңіздей лайықты адамды айтуын өтінеді. Сонда Төле би жоғарыда айтылғандай хандық жүйенің мирас болмайтынын ескерте келіп: «Көңілің, жұртым, қалмасын... айтайын бір балларды. Біраз күннің ішінде болады Байтек салдарлы, састыратын хандарды. Өткір болар өзімнен, әттең ұзақ бармайды. ...Ақпейіл Жолан, Қожабек, елдің парқын айырып, айырмас жақсы-жаманын. Түп негізін білмеймін, Қожамжарды ұнаттым» (Бабалар сөзі: Жүзтомдық. «Фолиант», 2010:129), – деп толғайды. Бұл ең алдымен, би мен халықтың арасындағы саяси-әлеуметтік мүдделер үйлесім мен келісім грамматикасын білдіреді. Екіншіден, бұл Төле бидің қазақ халқының келер шақтағы елдің жөнін жөңдейтін рухани ұстазын болжауындағы тұлғасына сіңген көрегендік тұрғыдағы интеллектуалдық күш-қуаты деуге болады. Үшіншіден, бидің ішкі сезімдік детерминаттарына негізделген трансценденттік саяси проекциялаудың ұлттық мораль генологиясын көрсетеді. Төртіншіден, бұл – бидің саяси тұлғатанудағы халқына деген априорлық сүйіспеншілігінің көріну формасы. Бесіншіден, бұл саяси билік жүйесін жоспарлаудағы іріктеме қисыны және моральдық қоғамның әлеуетті ғылыми болжамының биік тұғырнамасы іспеттес. Сондықтан екі бидің болжап айтқандары ел жағдайын ойлауға ханды бет бұрдыруға бағытталған саяси идеологемі деуге болады.

Төле бидің саяси-әлеуметтік болжамдарын әрі қарай сабақтайтын болсақ, ол: «Мен қазақ, қырғыздың бір туғандай кезінде туылып, арасы ыдырап, бөліне бастаған тұсында дүниеден кетіп барамын, осы менің жаныма батады: алдағы күндері халқымның күні қандай болмақ деп армандаймын!» – дей келіп, дүниенің келер баянын: «Әрнәрсе енді түсіме осы биыл ағанның. Құдайберді, Әлібек, аталарым келіп жүр. Сеземін өлім хабарын, дәулет деген бір сөзді екі мән деп айтады. Әуелінде дау болып, бір басқа жетер шатағы. Төзу керек бәріне – біліктілер айтқаны» –деп болжайды. Мұнда Төле би өзінің іштейгі интеллектуалдық текетіресін білдіріп, келешек өмір өрбуіндегі Қазақ хандығының халықаралық



қатынас жүйесіндегі ментал оқиғаларға деген моральдық күмәнін жасыра алмайды. Ендігі бірде: « – Жақсылар әлі түрлі заман болар, қарағай қартаң басын шортан шалар. Тау мен тас, адыр мен шөл, сай мен дала, бұл жүрген жердің бәрін кәпір алар» деген шешендік толғау арқылы осы бір сыртқы саясаттағы өзгерісті болжаудағы өзінің моральдық наразылығын нақтылай түседі. Мұның өзін адами тұрғыдан келгенде тым саяси тұлғалық әрі тарихи ақиқаттардың мифтік «жамылғысы» іспеттес болып көрінгенімен, ғылыми контексте геосаяси үлгілік-теориялық тұғыр деп айтуға негіз бар. (Бабалар сөзі: Жүзтомдық. «Фолиант», 2010:408)

Ал осы қоғамы әлеуеттің себеп-салдарын Бұхар би халықаралық деңгейдегі саяси кеңістікке қатысты өзгерістермен байланыстыра болжауларының орны ерекше. Мысалы, оның: «Күн батыстан бір дұшпан ақырда шығар сол тұстан. Күншығысқа қарайды, шашын алмай тарады. Құдайды білмес, діні жоқ, жамандықта міні жоқ, өзі сынды бір кәпір жаяулап келер жұртыңа! Жағалы шекпен кигізіп, балды май жағар мұртыңа. Жебірлерге жем беріп, ел қамын айтқан жақсыны сөйлетпей, ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды, қағазға жазар малыңды, есепке салар барыңды, еліңді алар қолыңнан, әскер қылар ұлыңнан! Бұл айтқаным, Абылай, болмай қоймас артыңнан. Есті мұны қартыңнан» (Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық, 2008: 49) – деген шешендік толғауларының көрегендік екеніне кешегі қазақстандықтардың өмір шындығы куә. Келтірген мәтіннен бидің сол замандағы ірі мемлекеттердің қол астында қалған ұсақ елдердің тәжірибе-тағдырына ойталдау жасап, бағдарлай байқап болжағанын әрі еліне тиімді ойлар айтып, кеңес бергенін аңғарамыз. Бұхар бидің зерттеуші ғалымдардың айтуынша, оның жоғарыдағы болжамы дәл келген. Яғни, сол жылдары орыстың ғылыми зерттеу жұмысы деп сылтауратып, әскери экспедициясын қазақ даласына қапнатқаны белгілі (С.З. Зиманов, 2004: 616).

Осыған байланысты Бұхар бидің Абылай хандығының саяси институтын нығайту жолындағы идеясы орын алғанын да аңғару қиын емес. Оны Бұхар би өзінің «Тілек» деген жырында: «Алтынша тілек тілеңіз: Алпыс қанат ақ орда, ардақтаған аяулың күнінде ертең біреуге тегіннен-тегін олжа болмасқа. Жетінші тілек тілеңіз: Желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, сонан сасып тұрмасқа. Сегізінші тілек тілеңіз: Сегіз қиыр шартарап, жер тұлданып тұрмасқа. Тоғызыншы тілек тілеңіз: Төреңіз

тақтан таймасқа... Төрт құбыланды түгел қып, төрінде жатып салмақтан» (Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық, 2008), – деген шешендік ақыл-кеңесімен бекітеді. Жоғарыда келтіргендерге талдау жасайтын болсақ, Бұхар би батыстағы көршінің ұлттық-ментальдық ерекшеліктерін сипаттай келіп, олардың құпия дипломатиялық айла-амалдарын да назардан тыс қалдырмайды. Оның стратегиялық мақсат-мүддесінің анық бейнеленуі саяси герменевтикалық тұрғыда өзінің дәлдігімен ерекшеленбек. Сондықтан болжампаз бидің мақсаты, хандық мемлекетті көрші елдерге қарсы қою емес, нағыз қауіптің алдын алған қазақ билерінің превентивтік дипломатиясының үлгісі деп білеміз. Елдің қорғаныс әлеуеті мен қабілетін күшейту ниетінен туындайтын геостратегиялық парадигманың басым болғанын айта аламыз.

Бұхар бидің көріпкел әулие, алдағыны болжап айта білетін сәуегей абыздық қасиетінің тағы бір тұсы Абылай ханның көрген түсін жорып, оны елдің келешегіне байланысты талдап беруі. Тарихи аңыздарда ол былайша айтылады: «Сонда хан айтыпты:

– Бір жолбарыс келіп шатырымның алдында мойнын салып жатып алады. «Бұл не қылғаны?» деп қарап едім, әлгі жолбарысым аю болды. «Жап-жаңа жолбарыс еді ғой, аю болғаны несі?» деп қарап едім, ит-құс болды. Онан соң түлкі болды. Онан соң қарсақ па, қоян ба, әлде немене мыж-тыж бірдеме болды. Оянып кеттім. Көргенім – осы, – деді.

– Олай болса, шатырыңның алдына келіп шөккен жолбарыс – өзіңнің бақ-талайың. Сен өзің бір жолбарыс едің, оның шөгіп басын көтере алмай жатып қалғаны – жетіп жығылған жерің осы болғаны. Енді бақ-талайың көтерілмейді» (Бабалар сөзі: Жүзтомдық. «Фолиант», 2012), – деп бір түйеді. Сонан соң: «...Енді қарасаң, аю болғаны – өзіңнен соңғы заман, аюша алысып өтетін заман болады. Онан қарасаң, ит-құс болғаны – ит-құсша жұлысып өтетін заман болады. Онан қарасаң, қоян болғаны – қоянша кебектен кебекке қорғалап жүретін, жан сақтайтын заман болады» – деген болжам жасайды. Сонан соң Бұхар би көреген өзінің көрген түсін жори келіп: «Менің көрген-білгенімді айтсам, күннің көзіндегі, жердің жүзіндегі әулиеде: «Абылай өлді, соның жаназасына бара жатырмыз» деп жындай жиылып, құмдай құйылып Түркістанға бара жатыр. Қайтқаннан басқа жабдық жоқ, – деп қорытынды шығарады (Бабалар сөзі: Жүзтомдық. «Фолиант», 2012). Бұл – Бұхар бидің өмір өрбуінің номинал мәнін және келешектің



басқару объектісі фонотекасын және оның мнемосхемасын тілдік дәйектер арқылы жеткізе білудегі адалдық әрі шыншылдық атмосферасы деп айта аламыз.

Аталмыш тарихи кезеңнің тағы бір көреген болжамгері Ескелді мен Балпық билер болғанын сөз етуге тұрарлық. Ескелді би жөніндегі жазба мәліметтерге зер салатын болсақ, оның еліміздің келешек геоландшафтық сипатына берген ойларын алуға болады. Мысалы, Ескелді, Балпық үшеуі жер шалып келе жатқанда Қабылианың Айнабұлаққа келгенде таңқалып: « – Апырай, мына жердің у-шуы-ай. Бұл қалай?», – деген сұрағына Ескелдінің: «Бұл жерге жол түсіп, қала орнайды екен. Ант көп болады екен. Ерден әйел көбейіп, қырғынға ұшырайды екен», – деп, ал Дүнген деген жерге келгенде тағы Қабылиса: « – Апырай, мына жерден өкіргендей дауыс шығады ғой, бұл не?», – деген сауалына Балпық бидің: « – Бұл жерге де қала түсіп, халық көбейіп, бір түрлі өнер шығып, елді айқайымен оятады екен» (Исмаилов О., 1996: 186) – деп жауап берген дейді. Бұл айтылғандарды қазақ билерінің геоквантификациялық теориясының сұлбасы деп мойындауға болады. Екінші сөзбен айтқанда жер кеңістігіне деген нақты дискретті көзқарас негізінде келешек мемлекеттің геосаяси кенттік жүйесін қалыптастыру тұрғыдағы метатеориялық парадигма. Онысының өзі объективті шындықпен үйлесетін құдіретті эпитет деп айта аламыз.

Сөз болып отырған кезеңнің ендігі бір көреген ғұламасы – Шекті руынан шыққан Мөңке би. Ел есінде жүрген ескі тәмсілдерге сүйенсек, Мөңке бидің болжамдық-көрегендік ойтолғамдары атақты Сырым батырмен сұхбаттасу сәтінде туғаны байқалады. Көбіне Сырымның Мөңкеден бата алуы, сәлем бере келуі, түсін жорытуы тұрғысында айтылады. Мәселен Мөңкенің Сырымға түсін жорытуы туралы әңгіме бар. Мөңке би түс көріп, сол түсін Сырым батырға жорытпақ болады. Мөңке би көрген түсін былайша баяндайды.

«Бір жолы бәйгеге 40 ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. 30 ат қостым – біреуі де бәйгеден келмеді. 5 ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана қарақшыға аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түлкі шықты. Түлкіні жарғанда қоян шықты. Осыны жорып берші» (Исмаилов О., 1996: 65) – дейді Мөңке би.

Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарады. Бірақ, қыз

би үш рет шақыру жібергеннен кейін әрең келеді. Қыз түстің жайын білген соң Сырымға:

– Түсті жездеңе жорытпа, жиеніңе жорытпа, әйелге жорытпа деген сөз бар еді... Сонда да айтайын, – дейді. – Түс – адал түс, қияли түс, шайтан түс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ оның шешуі мынадай: «40 ат дегеніңіз – мұсылманның 40 парызы орындалмай қалатын заман болады екен, 30 аттың бәйгеден келмей қалатыны – 30 күн ораза ұстамайтын заман туады екен. 5 аттың төртеуі келмей, біреуі келгені – бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны – кісінікін тартып алып, ұрлап жейтін зорлықшыл заманның туатыны шығар; түлкі шыққаны – алдаушы мен арбаушы көбейетін түлкідей бұлаңдаған заманның күтіп тұрғаны шығар; қоян шыққаны – ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар» (Адамбаев Б., 1999:204). Осыны айтып болғаннан кейін Мөңке бидің қызы: – Маған түс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билейтін заман келеді. Ол заманда әйелден ұят кетеді, еркектен намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры осында еді (Адамбаев Б., 1999:185) – депті. Бұл баяндау барысы мен түйінделу дәрежесі тұрғысынан Мөңке би мен оның айналасындағы адамдардың білім-білігін саяси идеологемдік және саяси болжамдық стратогемдер тұрғысынан біршама аша алатын футурологиялық мәтін деуге болады. Нақтырақ айтатын болсақ, бұл саяси-элеуметтік болжамда қоғамның базистік бастамалары – саяси билік субъекті мен басқарылушы объект; саясат пен элеумет арасындағы қайшылықтың шиеленісуі туралы концептуальды идея көтеріледі. Демек, қазақ қоғамындағы саяси-элеуметтік кеңістік генезисінің ішкі сырынан хабар береді. Мөңке би сонымен бірге оның сыртқы факторлармен байланысты болатынына және халықаралық қатынас ландшафтың өзгеруінің салдары әрі оның өзгертуге әкелетіні тарихи континуум болатынына меңзейді. Қорытындылай келгенде, Мөңке бидің түсі мәтінінен біріншіден, қазақтың саяси ойлау үдерісіндегі контекстуальдылық тенденцияны, аталмыш жағдай тұрғысынан алғанда саяси конструктивті контексті аңғарамыз. Екіншіден, осындай тұрғыда ойлау қазақ халқындағы дәстүрлі тоистік норма болған және болжамдық ойлау – таным тілі, дүниені сезіну формасы болған дейтін ой түйге болады. Үшіншіден, бұл үдеріс ойлау мен интуиция арасындағы тепе-теңдікте болу феноменін

білдірсе керек. Төртіншіден, қазақ билері үшін интуиция – дүниетанымдық константа болған дейтін ой туады. Бесіншіден, бұл қазақ билерінің синкретті парасат палитрасы негізінде түзілген геосаяси генерациясы гаммасын көрсетеді әрі көрегендік ақыл полотносындағы қабілеттендіре айтудағы аялық білімнің тенденциялық өңірінен хабар береді.

Сонымен бірге, олар келешектің образын жасап, оған жол сілтеп, болашақ қоғамның, әлеуметтік қатынастың, адам болмысының сұлбасын қалап отырған. Мысалы, осы тұста тағы да Мөңкеге жүгінетін болсақ, қоғамның саяси билігіндегі айнаымалы жағдайды Мөңке би: «Құрамалы, қорғанды үйің болады, айнаымалы, төкпелі биің болады. Халыққа бір тиын пайдасы жоқ ай сайын бас қосқан жиын болады. ...Ертеңіне сенбейтін күнің болады. Алашұбар тілің болады, дұдамалдау дінің болады. Халықтың қанын сорған адамдар болады. ...Құны жоқ көк қағазды судау шашасың. Көлдің суы кетіп, табаны қалар, жігіттің ақылы кетіп, амалы қалар. Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар. Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар, жақсының атағы кетіп, азабы қалар», – десе, енді бірде: «Жас баладан биің болар, жас балшықтан үйің болар, ат жақсысы арбада болар, жігіт жақсысы саудада болар. Әйел – ерге теңеледі. Адам ақысыз жұмыс істемейді. Әуеден ақша қар жауса, балалардың қолында, жалман отты ағызбақ. Ақырзаман адамы, құлығына дүниенің, тегіс шығар деп еді. Қоныс болса алдыңнан, орыс шығар деп еді. Осы айтқаным бәрі де дұрыс шығар деп еді. Дүниенің жүзіне, өрен менен темірден, жол тартылар деп еді. Осы айтқанның бәрі де, Мөңке би айтқан деп еді», – деген ойды шешендік көреген жолдармен белгілейді. Мемлекеттік билік субъектісінің өзгеруі мен мемлекеттік басқару моделіндегі өзгеріс арасындағы дисбалансқа әкелетіні, идеологиялық өзгеріс әлеуметтік қатынас хаосына апаратындығы, одан әлеуметтік бағдардағы тепе-теңдік қиғаштықтарға ұшырайтыны болжанады. Мөңке би сол дәуірдегі саясаттың құпиялы мәнін ашқандай болады және оның игерілу технологиясы арқылы қоғамның жүйелік болмысын ашып көрсетеді. Міне, бұл қоғамның келешек саяси билік болмысын айқындаған конструктивті болжамның бір сұлбасы іспеттес. Ал ондай қоғамдағы әлеуметтік қатынас сипатын адамдардың өзгеріске ұшырайтын әлеуметтік болмыс мәтіні арқылы көрсетеді. Мысалы Мөңке оны: «Ішіне шынтақ айналмайтын ежірей деген ұлың болады. Ақыл айтсаң ауырып қалатын бедірей деген қызың

болады. Алдыңнан кес-кестеп өтетін кекірей деген келінің болады. Ішкенің сары су болады, берсең итің ішпейді, бірақ адам оған құмар болады, қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады. Ит пен мысықтай ырылдасқан, еркек пен қатының болады...» (Зиманов С.З., 2004: 616), – деген шешендік сипат жолдарынан аңғаруға болады. Мөңкенің әлі де зерттеліп, зерделенуге тиісті мұндай қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне тікелей қатысу үдерісінен, оның бабалық батасынан ойшыл білгірлігін, төрелік тоқтамын, өткір тілін, азаматтық арнауын, шешендік шеберлігін, болжампаздығын анық аңғарамыз. Сонымен бірге, Мөңке би: «Жақсыны алдар жезбенен, іріткі салар сөзбенен. Өзен мен көлге атақты, толтыра салар қаланы. Жер тақыр болар, халқы пақыр болар. Сарылып көлік тосасың... Орыс-қазақ қосылып, бір-біріне үйір болар. Сөйтіп заман кез келсе, түзелуі қиын болар» (Дархан Қыдырәлі, 2017), – дей келіп болашақ кенттік өркениеттің боларын болжап оған өзінің сыни көзқарасын да білдірген. Мұндағы негізгі өзекті мәселе – орыстың отаршылдық саясатына қарсы сарын болғаны анық.

Жоғарыда келтірілгендерден шешеннің ұлы парасаты сезіледі, замана ауанын аңғарған дананың алғырлығы байқалады, кешегі мен бүгінді байыптаған әділ төрешінің көсемдігі танылады, сәуегей қарттың келешекті көздеген көрегендігі байқалады. Бұл қазақ биінің саяси футурологиялық концептсферасы деуге негіз бар. Мөңке бидің осы бір көреген дүниесезімін бағалаған тұстарды айтар болсақ, атақты би Мырзағұл Шыманұлының: «Алдағы жүз жылдығын болжаған Мөңке би өткен бізден», – деген ой тұжырымын келтіруге болады. Сондықтан Мөңкенің қайраткерлік билігінен де, тауып айтар шешендігінен де дәл осы алдағыны болжай білген сәуегейлік болмысы кім-кімді болса таңғалдырғаны сөзсіз.

Ал Мөңке толғамдары белгілі бір дәрежеде солармен үндесе келе, ол осы айтылғандарды қисынды жалғастырып, Асан қайғы мен Бұқар би бейнелеген заманға тереңдей түседі, заманның зары не болмақ дегенді болжауға тырысады. Сөйтіп, сол келер саяси-әлеуметтік кеңістік болмысын болжай отырып: «Көлдің суы бітіп, табаны қалар, аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар. Жақсының атағы кетіп, азабы қалар, әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар. Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар, Сөйтіп, ақылы жоқ, санасыздың заманы болар» (Зиманов С.З., 2004: 616) – деп қауіптенеді.

Жалпы, «Кер заманның», келер заманның кейпі, болашақтың бейнесі – Мөңке би толғам-

дарының негізгі, үзілмес арқауы болғандығы ақиқат. «Кер заманның кезінде...» деп басталатын Мөңке би мұрасына зор маңыз беріп, зерттеу нысанына айналдырған белгілі ғалым, шешендік өнер танушы Серік Негимов осы толғамды «Келер заманның кейпін кемел көрегендікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Кесек ойлы кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар» (Негимов С., 1997:208), – деп бағалайды. Сондықтан, дандай да бір болар жағдайды алдын ала, төгілген поэзия ұйқастарымен болжау ұлтымыздың ұлы данышпандарының білімділігіне, өмірлік тағылым-тәжірибесіне, ең бастысы табиғатына біткен талант-қабілетіне, ішкі интенциялық дүниетанымдық қуатына байланысты. Бұл орайда Серік Негимов айтқандай оны «суреткерлік сипатына, эмоциялық-экспрессивтік қуатына» қарай бағалаумен бірге, бұлардың идеялық-мағыналық жағына көбірек көз жіберген жөн деген ой тұжырымымен келісуге болады (Негимов С., 1997:29).

Сол сияқты би-шешендердің келешек қоғам тіршілігін, ондағы адам мінезін болжаған тұстарын тағы бір айтуға болады. Мысалы: «Алдағы уақытта бір түрлі заман туар. Базарында сұйылып сүт сатылар, бекер тұрған жігіттің мойнына қыз асылар» (Төрехұллы Н., 1995), – деп толғайды Майқы би. Енді Мөңке бидің “Кер заманның кезінде...” деп аталатын сөздеріне құлақ салсақ: «Ертеңіне сенбейтін күнің болады. Бегіңнен алып түсетін інің болады. Алашұбар тілің болады. Дүдәмалдау дінің болады. Әйелің базаршы болады, еркегің қазаншы болады. Жылқы жұлдыз болады, қой құндыз болады. Кебір – жерге теңеледі, әйел – ерге теңеледі, көл – теңізге теңеледі. Сиыр – өгізге теңеледі. Ақырзаман адамы – сағынып тамақ жемейді, Ащыны – ащы демейді, Тапқанын олжа дейді, “Алхам” білгенін молда дейді. Бір-біріне қарыз бермейді, Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді. Сарылып келіп тосады, Құны жоқ қағазды судай шашады... (Зиманов С.З., 2004: 106), – деп толғанған би сөзін, әрине, әркім өзінше қабылдауы мүмкін, бірақ оны бүгінгі күннің тыныс-тіршілігінен тыс тұр деп айта алмайтыны анық. Астарына байыппен үңілетін болсақ, объективті саяси-әлеуметтік шындықты бейнелеп тұрған жаны бар саяси-экспрессивті, көреген шешендік шиырлар екендігі күмән тудырмайды. «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген

сол болса керек» (Негимов С., 1997:26) – деген Шәкәрім Құдайбердіұлының көзқарасына сүйенетін болсақ, елдің қауіпсіздік контексіндегі аймақтық және жаһандық саясаттың маңызды факторларын жауынгер ұғыммен, азаматтық алғырлықпен, қайраткерлік қуатпен жеткізе білгеніне куә боламыз.

Сол «Кер заман...» халқының әлеуметтік-саяси мінезінің тағы бір қырын Мөңке бидің: «Ақырзаман халқының шайдан басқа асы жоқ, жақыннан басқа қасы жоқ. Лағынет қамыты мойнында, Жұмыстан қолының босы жоқ. Әрқашан да олардың көңілінің хошы жоқ. Бар шаруасы түп-түгел. Енді мұның несі жоқ...» деген сөздері, болмаса: «Заман ақыр боларда – Жер такыр болар, Халқы пақыр болар. Балалар жетім болар, Әйелдер жесір болар, “Ә” десе “мә” дейтін кесір болар. Бас қосылған жерлерде, Әйел жағы ден болар, Жаман-жақсы айтса да, Өзінікі жөн болар. Орай салып бастарың Жалпылдатып шаштарың, тақымдары жалтылдап, Емшектері салпылдап, ұят жағы кем болар. Сөйткен заман кез болса, түзелуі қиын болар (Зиманов С.З., 2004), – деп толғанғаны, қалай айтсақ та, ойлантпай қоймайды. Бұл тұстағы қазақ биінің саяси көрегендігі – қоғамның белгілі бір тұтас жүйелік бүтін болатындығын мойындатып, қоғамды жүйелік тәсіл бойынша талдау концепциясын ұсынады. Сол тәсіл аясында қоғамды әртүрлі салалар мен құрылымдардың, факторлар мен жақтардың бірыңғай жүйесі ретінде қарастыратын әдіснамалық тұғырнаманы жариялайды Мөңке би. Жүйелік ұстанымға сәйкес оның әрбір құраушы элементтері арасындағы тәуелді байланысты, олардың бір-біріне ықпал жасауының қандайда бір ішкі логикасын баяндайды. Қоғамның ішкі бүтіндігі архитекtonикасына сипаттама жасайды, оның ішкі құпия мазмұны мен олардың концептуальды бірлігін ашуға тырысады. Мұның өзі бүгінгі мен келешек саяси-әлеуметтік кеңістікті концептуальды-теориялық талдаудың үлгісі деуге болады. Ал ол қоғамды талдаудағы диалектикалық-логикалық әдіснаманың сұлбасы деуге негіз бар.

Қазақ тарихындағы «зар заман» кезеңінің көрнекті өкілі болып саналатын адам Шортанбай Қанайұлы екенін қазір біз жақсы білеміз. Оның шығармаларында бір кезде Бұқар жырлап, Мөңке болжап кеткен кезеңнің суреті нақты айқындала түседі. Шортанбай бидің: «Әр нәрсенің болжалы, Бірге-бірте тарайды. Адыра қалған Сарыарқа, Болмайын деп баянды. Еділді алды, елді алды, Есілді алды, жерді алды. Енді алмаған не қалды...» (Мағауин М., Байділдаев М., 1991:292)



– деген толғанысы Мөңке сияқты, басқа да өзінен бұрынғылар айтып кеткен ақиқаттың алдыдан шыққаны емес пе?

Сондай бір кездегі болжамнан туған осы өмір шындығын беріш Мұрат Мөңкеұлының, кердері Әбубәкірдің, басқа да ақын-жыраулардың кейбір жырларынан табуға болады. Жазу-сызу үрдіске еңбеген тұстағы мұндай идеялық-стильдік ұқсастық ауыз әдебиетінің тарихи-ауыспалы сипатынан шығатыны мәлім.

Мөңке би есімі жеке-дара оқшауланып баяндалмаса да, қазақ тарихына қатысты әдебиеттерде, шежірешілер жылнамасында, ақын-жыраулар шығармаларында, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде атап көрсетіліп жүр. Мысалы, академик Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында Сары Батақұлы туралы очеркінде: «Сарының өскен ортасы басқа қазақтың мал баққан ауылындай тек құйрық пен мүйіз санап өткендер емес, өнердің де базары болды. Аталары Мөңке би өз заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған» (Жұбанов А., 2002: 440) – деп атап өтеді. Атақты Балқы Базар жырау: «Тәңірі артық жаратқан Аузына халқын қаратқан, Қара қылды қақ жарған, Алдынан топты таратқан – Мөңке, Төле, Қазыбек, Әйтеке алшын, би Кебек...» (Мағауин М., Байділдаев М., 1991) – деп толғанса, Сарышолоқ шайыр Боранбайұлы: «Тілеудің ұлы Мөңке еді, Алты Алашқа бас болған, Қара мойын серке еді, Ақылы зерек әулие, Қиянға көңіл сілтеді» (Зиманов С.З., 2004: 170) – деп жар салады, ал оны Нұрпейіс Байғанин: «Тілеуімнің ішінде Әулие өткен Мөңке би...», – деп жалғастырады.

Толғаудың баяндалу сипатына саяси көрегендік феномені тұрғысынан қарайтын болсақ және бидің айтып кеткендерін қазіргі саяси-әлеуметтік, рухани болмыспен салыстыра отырып ескеретін болсақ, саяси болмыстағы диехроникалық жағдайдың Мөңке бидің шешендік шиырларының әдіснамалық тәсілмен тәпсірленуі деп қабылдауға болады.

Бүгінгі қоғамымызда Мөңке биді танып білуге деген қызығушылықтың бар екенін ескеру қажет. Белгілі журналист Қали Сәрсенбайдың «Шал мен шенеунік» атты жарияланымы осы бағыттағы бастамалардың бірі болады. Алғаш рет «қасиет қонған қара шалдың», «тап бүгінге арнап айтылған» сөздері жарияланып, автор қара магия иесі Нострадамусты ауызға жиі алғанша, табиғатынан таза тұлға Мөңке бабамызға неге жүгінбейміз деген ой тастайды (Сәрсенбай Қ., 1999). Өз кезінде Парламент Мәжілісінің де-

путаты және Халық қалаулысы болған, қоғам әрі мемлекет қайраткері, марқұм Шерхан Мұртазаның «Абайлаңыздар!» атты мақаласында да Мөңке бидің саяси-әлеуметтік болжамының бүгінгі күн үшін аса маңыздылығын ескерте келіп, өз ойтұжырымын: «Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал баяғы Мөңке бидің айтқанының бәрі келіп тұр» (Шерхан Мұртаза, 2000), – деп көрсетуі бидің көрегендік рухани мұрасына деген жалпы жұртшылықтың өзгеше ықыласын туғызады. Оның саяси-әлеуметтік әрі әлемдік саяси тәртіптің өзгеру траекториясын болжаған зайырлы ғылымның метатеориялық нұсқасын қалдырған ғұлама деп тануға негіз бар деп есептейміз.

Мындаған жылдар бойы Қытай әлемдегі дамыған мемлекеттің бірі болды. 19 ғасырдың өзінде әлемдік экономикалық ландшафта үс-

темдік орында болды. Белгілі экономика тарихының маманы Ангус Мэддиссонның пікірінше 1820 жылы Қытайға дүние жүзілік ЖІӨ үштен бірі тиесілі болған. Бірақ 18 ғасырдағы Өнеркәсіп революциясынан кейін, Батыс мемлекеттері қарқынды дамып, ал Қытай экономикасы төменге қарай құлдырай бастады. Қытай экономикасының әлсіреуінің нәтижесінде батыс мемлекеттерімен болған соғыстарда жеңіліске ұшырап, жартылай отар мемлекет дәрежесіне түсті. Өзінің сауда жасау құқын 20 келісім шарттар негізінде шет мемлекеттерге берді. Қытайдың кедендік кірістері шет мемлекеттер бақылауына өтіп, территориялардың бір бөлігі Ұлыбритания, Жапония және Ресейге тиесілі болды.

1840 ж. опиум соғыстарынан кейін Қытай саяси элитасы мен ұлтжанды патриоттар Қытайдың бұрынғы қуатын қалпына келтіру үшін күресті. Бірақ бұл талпыныстан ешнәрсе шықпады. Дүние жүзілік ЖІӨ Қытай салмағы 5 пайызды құрап, 1979 жылға дейін төменгі дәрежеде қалып отырды.

Бүгінде Қытай табыс көзі орта деңгейдегі мемлекет болып есептеледі. 2009 жылы жан басына шаққандағы ішкі табыс /ЖІТ/ 3744 долларды құрады. 2010 жылы дүние жүзіндегі екінші экономикаға айналды. Ал тұтынушы тауарларды экспорттайтын елдердің қатарында Германияны ығыстырып бірінші орынды иеленді. Қытай бүгінде көлік шығарудан бірінші орында, ал Шанхай порты 2005 жылдан бері жүк тасмалдаудан бірінші орынды ұстап тұр. Егер Қытай осы қарқынды ұстап тұра алса, 2030 жылы немесе одан да бұрын дүние жүзіндегі ең алпауыт экономикасы бар мемлекетке айналады.

Осындай тарихи даму тұрғысынан біз Қытайдың экономикалық дамуындағы жаңа қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді талдай отырып, негізгі 5 мәселені атап өткіміз келеді.

Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы экономика бола отырып, Өнеркәсіп революциясынан кейін құлдырап төмен кетті.

1970 жылдарға дейін Қытайдың экономикалық көрсеткіштері төмендеп, реформалар мен ашықтық саясатынан кейін қарқынды дами бастады.

Реформалар мен ашықтық саясатын жүргізе отырып, Қытай экономикасы циклдік тұрақсыздыққа ұрынып отырады. Неліктен қаржы жүйесі тұрақсыз өзгеруде? Мемлекеттік кәсіпорындарды реформалау неліктен қиындықтарға бой ұруда? Неге орталық пен шет аймақтар арасындағы алшақтық күшейіп, табыс бөлудегі дисбаланс сақталуда?

Қытайдың қарқынды дамуы үшін қандай экономика салаларын реформалау қажет?

Қытайдың экономикасының дамуы шын мәнінде де қарқынды ма және ұлттық валюта қай бағытта дамуда және басқа да проблемалар қалай шешілуде, соның ішінде жаңа социалистік ауыл құру мен толыққанды дамыған қоғам құру идеясының болашағы.

Қытайдағы өзгерістер 1978 жылы ҚКП Орталық комитетінің 3 пленумының шешіміне сәйкес реформалар мен ашықтық саясатқа көшу туралы шешімнен кейін басталды. Бұл шешім Қытайдың экономикалық құрылымын өзгертіп, елдің сыртқы саудаға ашық екенін мәлімдеген болатын. Экономиканың ашықтығы әдетте сыртқы сауданың және ЖІӨ байланысты проценттің өзгеруімен байланысты. Қытайдың 1978 жылы Қытайдың сыртқы сауда айналымы 20,8 млрд. долл. болатын. Бұл көрсеткіш Тайваннан 12 % төмен еді. Импорттың көлемі ІЖӨ-нің 4,8%, экспорт 4,7% құрады. Ал сауданың жалпы көлемі 9,5 % (Цзинь Хэ, 2003). Қытай экономикасының архитекторы Дэн Сяопин ІЖӨ көлемін 20 ғасырдың аяғына таман төрт есеге дейін көтеру мақсатын қойды. Бұл көрсеткішке жету үшін Қытайдың ІЖӨ жылдық өсуі 7,2 % құрауы тиіс болды. Сол жылдары Пекин университетінде экономика теориясынан дәріс оқитын оған бұл мүмкін емес сияқты көрінді. Экономиканың тұрақты даму теориясына сәйкес, бір де бір мемлекет ұзақ мерзімге 7 пайыздық өсімді тұрақты түрде ұстап тұра алмайтын. Тек соғыстан кейін немесе табиғи алапаттан кейін ғана бұндай өсімді ұстап тұру мүмкін. Жапония мен Азиялық жолбарыстар атанып кеткен Азияның 4 мемлекеті ғана 1960 ж. бастап осындай көрсеткіштер көрсеткен еді. Бұл ерекше жағдай еді. Сондықтан да мұны Азиялық таңғажайып деп атап кетті.

1978 жылы Қытай халқының саны 1 миллиардты құраған болатын, оның 80 пайызы ауылда өмір сүріп жатты. Сауатсыздық белең алды. Сондықтанда Қытай сияқты кедей және сауатсыз елдің 20 жыл бойына 7,2 пайыз жоғарғы дәрежедегі экономикалық өсімді ұстап тұра алады дегенге ешкім сенбеді. ІЖӨ төрт есе көтеру деген, шындыққа сай келмейтін, көбінесе ұран сияқты болып көрінді. Жиырма жылдан кейін Дэн Сяопиннің алға қойған мақсаты өте қарапайым және ең төмен болып шықты. 1979 – 2009 жж. аралығындағы 30 жыл ішінде Қытай экономикасының жылдық өсімі орташа есеппен 9,9 % құрады. Бұл Дэн Сяопин көрсеткен 7,2 % пайыздан 2,7 % артық болып шықты. Бір қарағандағы бұл аз өсім Қытай эконо-

микасының 1978 жылмен салыстырғанда 18,6 есе артқандығын көрсетті. Жылдық 7,2 пайыз өсімге жоспарланған ІЖӨ 4 есе өсімінің орнына Қытайдағы ІЖӨ жеті сесеге өсті. 1978 жылдан бастап сыртқы сауданың орташа өсімі 16,3% немесе 6,4 пайызды құрады. Бұл ІЖӨ өсімінен артық болды. 2009 жылы сыртқы сауда көлемі 30 жыл ішінде 2,2 трлн. долл. болып, 107 пайызды құрады (Волохова А., 2006). Дэн Сяопин шын мәнінде нағыз мемлекеттік қайраткер және өте кеменгер адам болып шықты. Өз кезінде ҚХР алдына жүзеге асуы мүмкін емес сияқты көрінген мақсаттарды қоя отырып, ол бұл мақсаттардың нақты орындала алатынына көз жеткізді.

Қытай экономикасы жоспарының негізінде «негізінен кең көлемдегі өндіріске қажетті заттарды қайта өңдеуге басымдылық бере отырып, шикізат импортын ынталандыру», шикізатты қайта өңдеу, өндіріс заттарын құрастыру мен компенсациялық сауданы дамыту қажеттілігі тұрды. Экономикалық саясаттың алғашқы қарқынды шабуылының алдында тұрған мақсат: Қытайдың әлемдік экономикалық айналымға түскен кездегі сыртқы саудадан тәуелділігінің жағымды коэффициенті қандай болмақ. Бұл коэффициент Азиялық 4 алпауыттармен салыстырғанда 100 пайызға жоғары болуы мүмкін еді. Ал экономикасы қуатты алпауыттар үшін бұл коэффициент аз болатын. Мәселен, 100 млн адамы бар Индонезия үшін бұл тәуелділік коэффициент 1984 жылы 23 % құраған болатын (Пэн Пэн, 2005). Бұл мәліметтер «1986 жылғы әлемдік экономиканың дамуы туралы баяндамада» келтірілген болатын. Бұндай Баяндамаларды жыл сайын Әлемдік банк жариялап отырады. 2008 жылғы көрсеткіш 62 пайызды құрады. Сонымен қатар, Қытай сыртқы сауда көлемін арттырумен бірге, сырттан инвестициялар тартуды да жақсы жолға қойды. 2008 жылы шет елден тікелей инвестициялар көлемі 692 млрд. долл. құрады. Сырттан инвестиция тарту жағынан Қытай АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иеленді (Замятин Д.Н., 1996). Сондықтанда Қытай тұрақты экономикалық даму нәтижесінде, сыртқы сауда көлемін арттыру есебінен ірі валюталық резерв қорын жинақтауға мүмкіндік алды. Қытайдың қоры шамамен – 3 трлн. долл. құрайды. Бұл Қытайға халықаралық келіссөздер алаңында қосымша артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Қытайдағы реформалар мен ашықтық саясаты Қытайдың өз ішіндегі оқиғаларға ғана әсер етіп қоймай, шет елдерге ықпалы зор болды. Қытай үшін ең басты қорытынды халық

бұқарасының өмір сүру деңгейінің өсуі болды. 1980 ж. шет елден келген азаматтарға үш ірі заттарды алып келуге рұқсат берілді. Ал егер шет елдегі мерзім 6 айға ұзартылған жағдайда бұл заттардың саны алтыға көбейтілді. Ал мен 1987 жылы елге оралар сәтте 8 затқа дейін алып келуге рұқсат етілді. Бұл саясат шет елдегі оқып жатқан студенттердің елге оралуына қосымша себеп болды (Киссинджер Г.О., 2014).

Қытайдағы реформалар саясаты мен ашықтық саясатының нәтижесінде тек қана қытайлықтар ғана ұтқан жоқ, бұл көптеген елдердегі тұрмысы төмен отбасылардың өз жағдайларын жақсартуға мүмкіндік берді.

Қытайдағы реформалардың әлемдік экономикаға қосқан үлесінің қатарында 1997 жылы басталған Азия қаржы дағдарысы кезіндегі тұрақтандырушы ролін атап өту керек. Бұл дағдарыс кезінде басқа мемлекеттердің валютасы бірінен кейін девальвацияға ұшырап жатты. Мәселен, Оңтүстік Кореяның ұлттық ақшасы вон дағдарысқа дейін АҚШ долларына санағанда 770:1 ден 1700:1 деңгейіне құлдырап кетті. Тайлық бат 25:1 ден 54:1; Индонезиялық рупии 2203:1 дәрежеден 11 950:1 дәрежеге төмендеді. Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің экономикасының деңгейі Қытай экономикасымен бір деңгейде болды (Мэнь Хунхуа, 2003). Бұл елдердегі ақшаның құнсыздануы тауардың арзан бағаға өтуімен қатар Қытайдың экспорттық тауарларына өз әсерін тигізді. Сол кезде халықаралық қаржы орталықтары Қытайдың өз қаржысын да девальвациялайды деп есептеген. Себебі, Қытай үшін экспорттың маңызы зор. Бірақ юан ақшасының девальвациясы «бақталастық» девальвация үрдісін туғызар еді. Бұл өз тарапынан дағдарысқа түскен мемлекеттерді одан да қиын жағдайға түсірер еді.

Сол сияқты 2008 жылы Lehman Brothers банкроттығынан кейінгі басталған әлемдік қаржы дағдарысынан кейін, Қытай өзінің валюталық қоры мен фискалдық нарықтағы кеңістіктегі орнын пайдалана отырып, 685 млрд. долл. есептелген ынталандыру жоспарды бірден мақұлдады. Қытай экономикасы 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында қалпына келе бастады. ЖІӨ 2009 өсімі 9,1 % құрады. Ал 2010 жылы – 10,1% құрады. Ал дүние жүзілік ЖІӨ 2009 жылы 2,2 % төмендеп, 2010 жылы 3,9 % ғана өсті. Қытай экономикасының қарқынды дамуы ғаламдық экономиканың қалыптастырушы факторы болды.

Қытайдың экономикасының өсуі тек қана көрші мемлекеттердің экономикасына ғана емес, сонымен қатар басқа да елдердің экономикасы-

ның жандануына өз әсерін тигізді. Мәселен, Африка елдерінің экономикасы 5,5 % өсті. Ал үштен бірінің экономикасы 7 пайызға өсімді көрсетті. Африка мемлекеттерінің экономикасының өсуі Қытайға тікелей байланысты болды. Қытайдың шикізат импортының қарқынды өсуі, әлемдік нарықтағы бағаның өсуіне өз әсерін тигізді. Бұл өз тарапынан табиғи байлықтарға бай Африка үшін қолайлы жағдай туғызды.

Бұл, Азия мен Латын Американың көптеген елдеріне тән құбылыс болды. Мысалы, жапондық Nippon Steel Corporation алайық. 1950-1960 жылдары қарқынды дамыған компания, 1970 ж. құлдырап кетті (Замятин Д.Н., 1996). Жапониядағы құрышқалаушы өнеркәсіп жетекші болудан қалған болатын. Ал 2000 ж. компания қайтадан жандана бастады. Оның басты себебі, әлемдік нарықтағы құрыш бағасының өсуі. Ал оған халықаралық нарықтағы Қытай импортының өсуі себепші болды. Қытаймен сауда арқылы Аргентина, Бразилия, Чили сияқты Латын Америкасының мемлекеттері де ұтыста болды. Сөйтіп Қытай әлемдік экономиканың жетекші күшіне айналды. 1980-1990 ж. әлемдік экономиканың дамуына әсер ететін Қытайдан басқа дамыған мемлекеттер G 7/өнеркәсібі дамыған үлкен жетілік/ құрамына кіретін. Осы онжылдықтар ішінде Қытайдың әлемдік экономикадағы салмағы АҚШ-пен салыстырғанда 13,4 еседен 26,7 есеге артқан болатын. 2000-2009 ж. аралығында Қытай АҚШ-ты ығыстырып 4 % мөлшермен 1 орынға шықты (1-2 сурет).

Соңғы кездері Қытай экономикасының мүмкіндіктеріне байланысты әртүрлі пікірлер айтылуда. Соның арасында екі пікірмен толық келісуге болады. Біріншісі, 2030 жылы немесе тіпті одан бұрын, Қытай АҚШ-ты басып озады, екіншісі бойынша, Қытай экономикасы кез келген уақытта құлдырап күйреуі мүмкін (Joseph S. Nye, 2010).

Бұл екі пікірдің қайсысымен келісуге болады. Бұған жауап беру үшін, Қытай экономикасының анықтауыш факторларына талдау қажет деп санаймыз. Өнеркәсіптік функционалдылық тұрғысынан Қытай экономикалық өсуінің экономикалық негізгі детерминанттары төмендегідей:

*Өнеркәсіп факторлары.* Экономика теориясында өнеркәсіп факторларына табиғи ресурстар, еңбек пен капитал жатады. Егер өндіріс құралдары пропорционалды түрде өссе, сәйкесінше өндіріс те тез өседі. Қазіргі заманда табиғи ресурстардың бір мемлекет шеңберімен шектелуі тұрақты өлшем болып саналады. Еңбек ресурстарының өсуі халық санымен байланыс-



ты. Сол себепті, ең тұрақсыз және құбылмалы фактор – капитал. Реформалар мен ашық саясат кезеңінен бастап инвестициялар мен капиталдың қорлануының жылдық өсімі 40%-ды құрап отырды. Кейбір мемлекеттер үшін бұл көрсеткіш 10-15 пайызды құраса, Африка елдерінде бұл көрсеткіш 0 пайызды құрап отыр. Барлық факторлардың ішінде капитал экономикалық өсудің маңызды факторы болып саналады.

*Салалық құрылым.* Егер өнеркәсіп факторлары жоғарғы қосымша құнға негізделген өндірісте шоғырланса, өндіріс көлемі де өседі. Сондықтан да, құрылымдық фактор да экономикалық дамудың шешуші құрылымы. Егер де өндіріс факторлары жоғарғы деңгейдегі қосымша құны бар секторларға ауысқан жағдайда, ел экономикасы өндіріс факторларының есебінсіз дамиды.

*Технологиялар.* Бұл да экономикалық дамудың шешуші факторы. Техникалық прогресс жоғарғы дәрежедегі өндірісті қамтамасыз етеді. Өндіріс құрылымы мен өндіріс факторларының бір орында қалып отыруына қарамастан, жаңа технологиялар арқасында өндіріс дами түседі.

*Институттар.* Өндіріс факторлары, өндірістік құрылым мен технологиялар өндірістің көлемін анықтауға мүмкіндік бере отырып, экономиканың идеалды жағдайда дамуына себепкер (Го Сибао, 2010). Ал экономиканың жағдайы – әр түрлі институттардың дамуымен байланысты. Бұл институттар жұмыс күшінің дамуы мен табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың тиімділігін арттырады.

Осы шешуші төрт факторлардың ішінде ең бастысы технологиялар болып саналады. Қалған үш фактор осы технологиялардың қарқынды дамуымен тікелей байланысты. ҚХР-дың техникалық прогресс пен капиталдың шоғырлануы мәселесіне келетін болсақ, табиғи ресурстар өлшемелі құрылым болғандықтан, еңбек ресурстарының өсуі шектелгендіктен, техникалық прогресс болмаған жағдайда капиталдың шоғырлануы қарқынды жүрсе де, капиталдан келетін өсім төмендейді. Бұл экономикадағы заңдылыққа сәйкес болып отырады. Осыған сәйкес капиталдың шоғырлануы да тиімсіз болады. Тек қана технологиялардың қарқынды дамуы ғана, экономикадағы құлшыныс пен капиталдың шоғырлануына мүмкіндік береді.

Осы мәселеге байланысты Нобель сыйлығының лауреаты, экономист Теодор Шульцтің бірнеше тамаша еңбектері жарыққа шыққан болатын. Осы еңбектерінің негізінде Т. Шульц оған Нобель сыйлығын әкелген «Transforming

Traditinal Agricultur» (Каукенова А.С., 2008). Бұл еңбек шыққанға дейін, көптеген экономистердің пікірінше аграрлық қоғамда шаруалар иррационалды өмір сүреді, яғни қор жинамайды және ақшаны үнемдемейді. Қазіргі заманның фермерлері рационалды өмір сүреді, яғни керісінше, ақшаны іске салып, қор жинауды мақсат етеді. Мәселен бір америкалық фермер орташа есеппен 1 млн долларын ауылшаруашылық саймандарына жұмсаған екен. Осыдан кейін экономистер дәстүрлі аграрлық қоғамдағы шаруалардың негізгі проблемасы иррационалды деп есептеген.

Профессор Шульцтің пікірінше, дәстүрлі аграрлық қоғамда шаруалар рационалды өмір сүреді деп есептеген (Корчагин Ю.А., 2012). Өйткені техникалық прогресс баяу жүрген уақытта шаруалардың қоры мен инвестициялары тең болатын. Бұл орайда капиталдың қорлануы өндірістің тоқырауына алып келеді және қор жинау белді тығыз байлау деп есептелді. Бұның бәрі табыс көзі бола алмады.

Қарапайым мысал келтірейік. Қытай шаруалары күріш пен астық өндіре отырып, оны шалғымен жинайды. Дәстүрлі қоғамда әр шаруада бір шалғыдан болатын. Яғни инвестиция дегеніміз қосымша шалғы сатып алу деп түсіну керек. Екінші шалғыны, алғанымен де, ол қосымша ретінде тұрған. Сондықтан да шаруалар бірінші шалғы сынғанша екінші шалғыны сатып алмаған. Яғни шаруалардың инвестиция салуға зауқы болмаған. Міне, сондықтан да дәстүрлі аграрлық қоғамда шаруалар қор жинамады. Шаруалардың дережесін өзгерту үшін жаңа технологиялар қажет болды. Сонда ғана шаруалардың салымы өзін-өзі ақтайтын болған. Ол өз тарапынан капиталдың шоғырлануын қамтамасыз еткен.

Бұл мемлекеттермен салыстырғандағы экономикасы мүлде өзгеше Қытай реформалар кезеңінде дамуында жаңа технологиялардың көшірмесін пайдаланудың тиімділігін айқын көрсетіп берді. 1978 жылға дейін Қытайда 10 жылда Ұлыбританияны, 15 жылда АҚШ-ты қуып жетіп басып озу деген ұрандар басым болды. 1960 ж. Қытай атом бомбасын сынақтан өткізіп, ал 1970 ж. жасанды спутникті ғарышқа ұшырды (Фэн Шаолей, 2011). Сөйтіп сол кездегі екі жаңа технологияны игергендігін әлемдік қауымдастыққа көрсетіп берді. Дегенмен Қытай экономикасы алдыңғы қатардағы экономика болып есептелмеді. 1978 жылдан бастап Қытай, Шығыс Азия елдерінің жолына түсті. Яғни, технологияларды өндіріп, ел экономикасына инвес-

тициялар тарта отырып, «әлемдік экономикалық құрылымға» ене бастады. Сөйтіп, өнеркәсіп және тұтынушы товарларды көптеп өндіре бастап, валюталық қор жинауға кіріскен болатын (Каукенова А.С., 2008).

Қытай экономикасының реформалар кезеңіндегі қарқынды дамудың басты себебі, жаңа технологияларды енгізу мен оны пайдалануда аз шығын жұмсауында болды.

**Жоғарғы деңгейдегі өсім – шешуші фактор.**

Қытайдан басқа дүние жүзінің бір де бір елі 30 жыл бойына экономикалық өсудің жоғарғы деңгейін 9 % ұстап тұра алмаған (Насибов И., 2012). Қытай енді 20 жыл немесе одан да ұзақ мерзімге осы көрсеткішті ұстап тұра ала ма? «Иә ұстап тұра алады» деген жауап тек қана оптимистік баға беру үшін ғана емес, сонымен қатар елдің потенциалдық мүмкіндіктеріне негізделі айтылған.

Мэддисонның берген бағасы бойынша 2008 жылы Қытай сатып алу дәрежесі жағынан АҚШ-ғы көрсеткіштің 21 пайызын құраған (Господарик Е., Ван Син, Ковалев М., 2015). АҚШ пен Қытайдың арасындағы табыс деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері, Қытай мен дамыған мемлекеттер арасында әлі де технологиялық айырмашылықтың өте зор екендігін айқын көрсетеді. Бұл көрсеткіш сақталып отырған кезде Қытай артта қалушы мемлекеттің артықшылықтарын пайдалана алады. Мэддисон берген бағаға сәйкес Қытай мен АҚШ арасындағы қазіргі қатынасындағы айырмашылық АҚШ пен Жапония арасындағы 1951 жылға сәйкес келеді. Тайваньмен – 1975 ж., Кореямен 1975 жылдағы көрсеткіштермен сәйкесінше.

1951-1971 ж. Жапониядағы ЖІӨ даму қарқыны орташа есеппен 9,2 %, 1975-1995 ж. Тайваньда 8,3 % және Кореяда 1977-1997 ж. 7,6 пайызды құраған. 1979 ж. Қытайдың даму стратегиясы жапондық, корейлік және тайваньдық стратегияға ұқсайды. Сондықтан, Қытай да өзінің экономикалық өсуін әлі де 8 пайызда ұстап тұруға шамасы келеді. 1971 жылы Жапониядағы жеке басқа шаққандағы табыс өнімі АҚШ-пен салыстырғанда 65,5 пайыз болған. 1997 жылы бұл көрсеткіш Кореяда 50,2 пайыз, Тайваньда 1995 жылы 54,2 пайызды құраған. Бүгіннен бастағанда 20 жыл ішінде Қытайдағы жеке адам басына шаққандағы табыс АҚШ-тағы 50 пайызды құрайды деп болжануда (Господарик Е., Ван Син, Ковалев М., 2015). Бүгінгі Қытай экономикасының өлшемдері 2030 жылы АҚШ-ты екі есе басып озуы мүмкін.

Бұл сұраққа жауап іздегенде, негізгі себептер экономикалық емес факторлар болып отыр. Қытай экономикасының қарқынды дамуы бұрын-соңды кездеспеген проблемалармен ұштасып отыр. Бұл проблемалар терең зерттеуді қажет етеді.

*Қала мен ауыл арасындағы айырмашылық пен табыс теңсіздігі.* Реформалар мен ашықтық саясаттың алғашқы кезеңдерінде, Қытайдағы қала мен ауыл арасындағы және Шығыс Орталық және батыс аймақтар арасындағы айырмашылық біршама қысқарған болатын. Бірақ 1985 жылдан бастап бұл айырмашылық тез күшейіп кетті. Джин коэффициентіне сәйкес / 0-абсолютті теңдік, 1– абсолютті теңсіздік 0,31-ден 1881 жылы 0,45 2005 жылы өсіп, Латын Америкасы елдеріндегі көрсеткішке жетті (Цзинь Хэ, 2003). Конфуций айтқандай, «теңсіздік қайыршылықтан да жаман». Шын мәнінде табысы төмен адамдарда табысы жоғарғы адамдарға деген белгілі дәрежедегі реніш пайда болады. Оның үстіне білім алу дәрежесі мен денсаулық дәрежесі әлі дұрыс дамымай отыр. Сондықтан да табыс айырмашылығы әлеуметтік теңсіздікті тудырады.

*Ресурстарды тиімсіз пайдалану мен экологиялық дисбаланс.* Қытайдың экономикалық дамуына көп мөлшерде энергия мен табиғи ресурстар қажет болады. 2006 жылы әлемдік ІЖӨ 5,5 % бере отырып, Қытай әлемдік мұнайдың 9 %, алюминийдің 23%, құрыштың 28%, көмірдің 38%, цементтің 48% пайдаланған (Господарик Е., Ван Син, Ковалев М., 2015). Табиғи ресурстардың шектелгендігін ескерсек, егер Қытай өзінің даму моделін өзгертпесе, мұнда ресурстарды пайдалануы болашақ ұрпақ үшін қауіпті болуы әбден мүмкін. Оның үстіне табиғи ресурстарға деген бағаның өсуі, ҚКП жүзеге асырып отырған ғылыми стратегиясына қайшы келеді.

Қытайдың қарқынды дамуымен байланысты болып отырған экологиялық проблемалар да күрделі. Көмір шахталарындағы жиеленіп кеткен апаттар мен табиғи апаттар – қоршаған ортаның нашарлап кеткендігін көрсетеді. 1990 ж. үш алапат су тасқыны болған, олардың әрқайсысы 100 жылда бір болатын апат деп бағаланды. 100 жылда бір болатын су апатының Қытайда бір онжылдықта болғандығын қалай түсіндіруге болады. Сондықтан да Қытай үшін қоршаған ортаны қорғау мен табиғи апаттардан сақтанудың стратегиялық маңызы бар.

*Сыртқы дисбаланс пен ревальвация.* 1994 жылы Қытай ағымдық операциялар мен капиталдың даму есебінен тұрақты асальдоны иемденген болатын. 2005 жылға дейін бірінші

көрсеткіштер тұрақты болған. Бірақ 2007 жылы ол ЖІӨ 7,6 пайызына жетті. Себебі елдің сауда балансы тұрақты болған еді. Қытай ішкі валюта қорын тез жинап отырды. 1990 жылы ол 11,1 млрд. долл. құрады. Бұл Қытайдың 2,5 айлық импорт қарызын жабуға ғана жетер еді. Бүгінде Қытайдың валюталық қоры 3 трлн. долл. құрап, дүние жүзіндегі ең ірі қор болып есептеледі (Насибов И., 2012).

Қытайдың профициттік сауда балансының өсуі АҚШ сауда дефицитінің өсуімен қатар жүріп отырды. Бұл дисбаланс 2008 жылғы қаржы дағдарысына дейін мамандардың назарына іліккен болатын. 2007 жылы АҚШ конгресінде өзінің сөзінде Петерсон институтының маманы Фред Бергстен былай деген болатын: «Ғаламдық дисбаланстар АҚШ пен басқа мемлекеттердің экономикаларының тұрақтылығы мен дамуына қатты қауіпі бар» (Morrison W., 2005). Қазіргі қаржы дағдарысы кезінде, бұл Ұлы депрессия заманынан кем түспейтін дағдарысты АҚШ пен Қытай арасында ғаламдық дисбаланс тудырды деген пікірлер жиі айтылып жүр. Көптеген экономистер, соның ішінде Нобель сыйлығының лауреаты Пол Кругманның ойынша, АҚШ үлкен сауда қарызы юань бағасының АҚШ долл. қарағанда жасанды төмендеуі мен Қытайдың АҚШ мемлекеттік қарыз қағаздарын сатып алуы жылжымайтын мүлік нарығында ауадан жасалған шарлардың пайда болуына (Фэн Шаолей, 2011), ал ол өз тарапынан әлемдік қаржы дағдарысына алып келді деп дәлелдеген болатын. Ал кейбір мамандардың пікірінше юаньның ревальвациясы америка мен қытай арасындағы сауда қатынастарын тұрақтандырады деп есептейді.

**Жемқорлық.** Реформаға дейін адамдардың табысы біркелкі болған жағдайда жемқорлықты тез ажырата алуға болады. Ал реформалар заманында материалды қаржыландыру тиімділіктің басты көзіне айналған заманда, жемқорлық пен әртүрлі заңсыз кірістердің көбейіп кеткендігінен жемқорлықтың бағытын анықтау қиындай түсті. Шенеуніктер арасындағы әр түрлі дәрежедегі жемқорлық түрлерінің көбейіп кетуі, әлеуметтік топтар арасында мемлекетке деген сенімсіздікті күшейтіп, әлеуметтік наразылықты ұшықтырып жіберді.

**Білім алу.** Қытайдағы білім алу жүйесі сападан гөрі санға көбірек көңіл бөлуде. Бұл өз тарапынан мамандарды дайындау мен білім сапасына және әлеуметтік дамуға кері әсер етуде. Технологиялық инновациялардың шет елден келуі немесе НИОКР отандық болуы шарт емес, ең бастысы талантты қызметкерлер мен білім болмаса, ешқандай инновация мүмкін емес (Насибов И., 2012).

Біз көрсеткен мәселелер әлі толық емес. Әлі де болса әлеуметтік сақтандыру, төменгі технологиялық даму, жергілікті протекционизм, жаһанданудың шақырулары, заң жүйесінің сапасыздығы және т.б. саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелер мен сыртқы саяси мәселелер өз шешімін күтуде. Егер де бұл мәселелерді дер кезінде шешпесе, бұлардың әрқайсысы әлеуметтік наразылық тудырып, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың себебі болуы мүмкін. Тіпті саяси тұрақсыздықтың себебі болуы да мүмкін. Қытайдағы тұрақты саяси және экономикалық ахуалдың болмауы Қытайдың қарқынды дамуына және оның экономикалық мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыруға кедергі болуы мүмкін.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, ҚХР сыртқы экономикалық саясаты ішкі даму қарқынымен тығыз байланысты. Мемлекеттің сыртқы экономикалық бағытын айқындауда сыртқы саясат ұлттық даму міндеттерімен байланысты, сыртқы саяси принциптердің трансформациясы ішкі модернизацияның жетістіктеріне сүйенеді. Яғни, Қытай ішкі саяси басымдықтары оның сыртқы саясатының базалық негіздері болып табылады. Сол үшін Қытайға ең алдымен экономикалық өсімнің тұрақтылығы, саяси жүйенің мызғымастығы маңызды. Қытай модернизациясы үшін ыңғайлы сыртқы ортаны қалыптастыру да осы логика шеңберінде ішкі саяси мәселе болып табылады. Қытайдың шын мәнінде мүмкіндігі зор және оның алдағы 20 жыл ішінде қарқынды дамып, 2030 жылға таман дүние жүзіндегі алпауыт экономикалардың біріне айналуы әбден мүмкін. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін Қытай күрделі ішкі мәселелерді шешуі керек.

### Әдебиеттер

Әмірғалиева А.М. Қазақстан пен Қытай Халық Республикасы арасындағы ресми дипломатиялық қатынастардың орнауы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2014. – №5(102). – 213-218 б.

- Волохова А. Изменения во внешнеполитических концепциях КНР (взгляды китайских политологов) // Проблемы Дальнего Востока. – 2006. – № 3. – С. 75-82.
- Господарик Е., Ван Син, Ковалев М. Китай в мировой экономике XXI века // Банки и экономика: китайский опыт. – 2015. – № 7(585). – С. 21-26.
- Го Сибao. Почему экономика Китая растёт так быстро: анализ, основанный на теории преимуществ запаздывающего развития, 2010. [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: [www.opec.ru/1303650.html](http://www.opec.ru/1303650.html)
- Joseph S. Nye Jr. The Future of American Power. Foreign Affairs, December 2010. Перевод на русский язык подготовлен интернет-изданием ИноСМИ.ру. // Электронная публикация: Центр гуманитарных технологий. – URL: <https://gtmarket.ru/laboratory/expertize/2011/2745>
- Замятин Д.Н. Политико-географические образы и геополитические картины мира (На примере Центральной Азии во второй половине XIX века) // Полис. – 1996. – № 6. – С. 12-18.
- Корчагин Ю.А. Перспективы развития России. Человеческий капитал и инновационная экономика. – Воронеж: ЦИРЭ, 2012. – С. 244.
- Каукенова С. Китай в 21 веке: актуальные тенденции развития ключевых сфер жизни. – Алматы: Центр по изучению Китая при КИМЭП, 2008. – Т. 2. – С. 144-145.
- Киссинджер Г. О Китае / перевод с английского В.Н. Верченко. – М.: АСТ, 2014. – 635 с.
- Насибов И. Научно-технический потенциал Китая: итоги и перспективы развития // Мировая экономика и международные отношения. – 2012. – № 10. – С. 79-83.
- Morrison W. China-U.S. Trade Issues. Congressional Research Service (2011). – 2005. – 13 p.
- Мэнь Хунхуа. 变被动应对为主动谋划, 维护和拓展国家战略利益 (Сменить пассивную реакцию на активное планирование, защищать и расширять стратегические интересы государства) // 中国大战略 (Большая стратегия Китая) / Под. ред. Ху Аньган. – Ханчжоу, 2003. – С. 80-106.
- Пэн Пэн. 和平崛起论 – 中国重塑大国之路 (Концепция мирного возвышения Китая – путь к новому формированию Китая как великой державы). – Гуанчжоу, 2005. – 352 с.
- Фэн Шаолей Приватизация «по-китайски» // Свободная мысль. – 2011. – № 1. – С. 66-88.
- Цзинь Хэ Китайская модель перехода к социалистической рыночной экономике: дис. ... к.э.н.: 08.00.01 / Моск. гос. обл. ун-т. – М., 2003. – 146 с.

## References

- Amirgaliyeva A.M. Kazakstan men Kitai Halik Respublikasi arasindagi rsmi diplomatialik katinastardin ornayui// L.N. Gumi-liev atindagi EUY Habarshisi.-2014. – №5(102). – 213-218 p.
- Fen Shaolei Privatizazia «po-kitaiskii» // Svobodnaia isl. – 2011. – № 1. – S. 66–88.
- Joseph S. Nye Jr. The Future of American Power. Foreign Affairs, December 2010. Perevod na russkii yazyk podgotovlen internet izdaniem IniSmi.ru//Electronnaia publikazia:Zentr gumanitarnih tehnologii. – URL: <https://gtmarket.ru/laboratory/expertize/2011/2745>
- Go Sibao. Pochemu ekonomika Kitaia tak bistro: analiz, osnovanni na teorii preimyshestven zapaznivayushego razvitia, 2010. [electronii resurs] – rezhim dostupa. – URL: [www.opec.ru/1303650.html](http://www.opec.ru/1303650.html)
- Gospodorik E., Van Sin, Kovalev M, Kitai v mirivoi ekonomike XXI veka//Banki I ekonomika:kitaiskii opit . – 2015. – № 7(585). – S. 21–26.
- Kaukenova A.S. Kitai v 21 veke: aktualnie tendenzii razvitia kluchevih sfer jizni / Almaty: zentr po izucheniyu Kitaia pri KIMEPe, 2008. – Т. 2. –s. 144-145.
- Karchagin Y.A.Perspektivi razvitia Rossii.Chelovecheskii capital I innovazionnaia ekonomika – Voronej: ZIRE, 2012. – s. 244
- Kissindjer G.O./ perevod s angliskogo V.N.Verchenko.-Moskva:AST, 2014. – 635 s.
- Nasibov I. Nauchno-tehnicheskii potentsial Kotaia:itogi I perspective razvitia//Mirovaia ekonomika I mejdunarodnie otnoshenie . – 2012. – № 10. – S. 79–83.
- Morrison W. China-U.S. Trade Issues. Congressional Research Service (2011). –2005.– 13 p.
- Mien HunHua. 变被动应对为主动谋划, 维护和拓展国家战略利益 (Smanit passivnuyui reakziyui na aktivnoie planirovanie,zashishat n pashirit strategicheskie interesi gosudarstva) // 中国大战略 (Bolshaia strategie Kitaia) / Pod red.Hu Angan.- Hanchau, 2003. – s. 80-106.
- Pen Pen . 和平崛起论 – 中国重塑大国之路 (Konzeptzie mirnogo vozvishenia Kitaia-put k novomy formorovaniyui Kitaia kak velikoi derjavi). – Gaunzhou, 2005. – 352 s.
- Volohova A. Izmenenie vo vneshnepoliticheskikh konceptziah KNR (vzgliadi kitaiskih politologov)//Problemi Dalnego Vostoka. – 2006. – № 3. – p. 75-82.
- Zin He Kitaiskaia model perehoda k soziolisticheskoi rinochnoi ekonomike: Diss. ...k.e.n.:08.00.01/Mosk.gos.obl.un-t– M., 2003. – 146 c.
- Zamiatin D.N. Politico-geograficheskie obrazi I geopoliticheskie kartini mira (na primere Zentralnoi Azii vo vtoroi polovine XIX veka) // polis. – 1996. – № 6. – s. 12-18.



<sup>1\*</sup>Оспан Н.А., <sup>2</sup>Кокеева Д.М.

<sup>1</sup>1-курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>филос.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., \*e-mail: ospannazym@gmail.com

## ҚАЗАҚСТАНДА ТІЛ САЯСАТЫ БАҒЫТТАРЫ

Бұл мақалада Қазақстандағы тіл саясатының жалпы жағдайы, мемлекеттік және ресми тіл мәселесі, тіл саясатының негізгі бағыт-бағдарлары қарастырылады. Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Қазақ топырағы 100-ден астам этностардың басын қосты. Әрине, бүкіл этникалық көптірлілік бір ұлтқа айналу үшін басты фактор – қазақ тілі – мемлекет тілі болып табылады.

Мемлекеттік тілді білу және бірнеше тілдерді меңгеру ел азаматтарының жекелей бәсекеге қабілеттілігін арттыратындығын білдіретін, мемлекеттік деңгейде әрбір қазақстандық кем дегенде үш тілді бірдей: қазақ тілін, орыс тілін және ағылшын тілін меңгеруі тиіс деген нұсқаулар жасалды. Бұл мақалада Қазақстанның егеменділігі мен жаңа мемлекеттік тіл саясаты жағдайында жаңа тіл жағдайының қалыптасуына қатысатын құндылықтардан жастардың хабардар екендігі айтылады.

Сонымен қатар үштілділік, мағынасы бойынша мультилингвизм, сөзсіз байытатындығы жөнінде баян етіледі. Зерттеушілер мультилингвизмнің артықшылықтарын сипаттайды, мультилингвизм жаһандық менталитеттің қалыптасуының көрсеткіш факторы ретінде талқыға түседі. Бұл тек бірнеше тілде сөйлеу қабілеті ғана емес, сонымен бірге бірнеше өркениеттің мәдени құндылықтарын сіңіретін ойлаудың ерекше типі ретінде қарастырылады. Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде пәндерді оқытатын оқытушыларды дайындау келешектің кепілі. Мақсат анықталды – қашықтықтан оқу мен онлайн-оқудың дамыған жүйелерін құру, мемлекеттік тіл мен үштілділікті белсенді дамыту.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, мемлекеттік тіл, тіл саясаты, тіл мәселесі, көптілділік, қостілділік, үштілділік.

<sup>1\*</sup>Ospan N.A., <sup>2</sup>Kokeyeva D.M.

<sup>1st</sup> year PhD student, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Candidate of philosophical sciences, docent, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,  
\*e-mail: ospannazym@gmail.com

## The directions of language policy in Kazakhstan

In this article it is examined the general situation of the language policy of Kazakhstan, the problem of the state language and the main directions of the language policy of Kazakhstan. During the years of independence, no ethnic group in Kazakhstan lost its language. Kazakh land united more than a hundred ethnic groups. Of course, the main factor in uniting ethnic diversity into one nation is the state language – the Kazakh language. The knowledge of the state language and mastering several foreign languages means increasing the personal competitiveness of citizens of the country. Each Kazakh citizen is obliged to master at least three languages: Kazakh, Russian and English at the state level.

At the same time, in this work, it is stated that young people have learned about the values associated with the formation of a new language situation in the context of the independence of Kazakhstan and the new language policy.

In this article it is described that trilingualism within the meaning of multilingualism is certainly enriching the people. Researchers describe the privileges of multilingualism, multilingualism has been discussed as an indicator of the formation of a global mentality. This means not only being able to speak several languages, but also a special kind of thinking to inculcate the cultural values of several civilizations. Training of teachers of disciplines in English in higher educational institutions of the republic is a

guarantee of the future. The goal is clear – the creation of advanced systems of distance-learning and online-learning, to actively develop the state language and trilingualism.

**Key words:** Kazakh language, state language, language policy, multilingualism, bilingualism, trilingualism.

<sup>1\*</sup>Оспан Н.А., <sup>2</sup>Кокеева Д.М.

<sup>1</sup>PhD докторант 1-го года обучения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>к.филос.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: ospannazym@gmail.com

### Направления языковой политики Казахстана

В этой статье рассматриваются общее положение языковой политики Казахстана, проблема государственного языка и основные направления языковой политики Казахстана. В годы независимости в Казахстане ни один этнос не утратил свой язык. Казахская земля объединила более ста этносов. Конечно, основным фактором объединения в одну нацию этнических разнообразий является государственный язык – казахский. Знать государственный язык и освоить несколько иностранных языков означает повышение персональной конкурентоспособности граждан страны. Каждый казахстанец обязан владеть минимум тремя языками: казахским, русским и английским языками на уровне государства.

Вместе с этим, в этой работе приводятся данные о том, что молодежь осведомлена о ценностях, связанных с формированием новой языковой ситуации в условиях независимости Казахстана и новой языковой политики.

В данной статье описывается, что трехязычие как мультилингвизм непременно обогащает. Исследователи описывают привилегии мультилингвизма, который обсуждается в качестве показателя формирования глобального менталитета. Это означает не только знание нескольких языков, но и привитие культурных ценностей нескольких цивилизаций. Подготовка преподавателей дисциплин на английском языке в высших учебных заведениях республики является гарантией будущего. Цель – создание развитых систем дистанционного и онлайн-обучения, активное развитие государственного языка и трехязычия.

**Ключевые слова:** казахский язык, государственный язык, языковая политика, мультилингвизм, билингвизм, трилингвизм.

### Кіріспе

Ғасырлар бойы этносты біріктіретін құндылықтар – тіл, дін, салт-дәстүр, мәдениет, тарих. Кез келген тіл – бұл адам өмірінің пәлсапалылығын, оның құндылықтарын, өзін-өзі ұстау стилін, ойлау бейнесін қалыптастыратын мәдени құралы болып табылады. Басты саяси құндылық – мемлекет, ал басты мәдени құндылық – тіл. Тіл – ұлттың өмір сүруінің қажетті шарты, бұл туралы 18-ғасырдың өзінде-ақ неміс философы Готфрид Гердер айтып кеткен. Әрбір ұлттық тіл – бірегей. Өзінің лексикалық құрамы, білдіру тәсілі және мәдени мұрасы бойынша қазақ тілі – өте бай тіл.

Шешендік өнер қазақтарға ертеден тән, халықта сөзді шебер қолдануға бұрын да ден қойылып, бүгін де бағаланып келеді. Қазақ тілі ежелгі мәдениеттік мұра мен байлығын сақтаушы ғана емес, сонымен бірге қазақстандық тілдік полиэтникалық ортаның жүрегі болып табылады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ елімізде Қазақстанның барлық халықтарының мүддесін ескеретін, елдің барлық этностарының

тілдік құқықтарының қадағалануын, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауды қамтамасыз ететін, үйлесімді тіл саясаты жүргізіліп келеді.

2013 жылдың сәуір айының 24-жұлдызында Қазақстан халықтарының Ассамблеясының 20-сессиясында сөз сөйлей отырып, Қазақстан Президенті Н. Назарбаев айтып кетті: «Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның тілдерінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің полифониялық үндестігі сенімді үнге ұласып, өзіне тән бояулар мен сұлулыққа ие болды. Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Біз өте мұқият сақтап келеміз және тіпті ең кіші этникалық топтардың – ассириялықтардың, рутулдардың, лакталықтардың және тағы да көптеген басқалардың мәдениетін дамыту үшін барлық мүмкіндіктерді жасап отырмыз. Қазақ топырағы 100-ден астам этностардың басын қосты. Әрине, бүкіл этникалық көптірлілік бір ұлтқа айналу үшін мықты қатырғыш керек. Бүгін ұлтты қатайтатын басты фактор – қазақ тілі – мемлекет тілі болып табылады» (Сүлейменова Ә., 2009. 1-7.).

Одан ертерек Қазақстан халықтарының Ассамблеясының 17-сессиясында Елбасы атап өтті: «біз 2017 жылға дейін республика халқының 80%-ы, ал 2020 жылға дейін 95%-дан төмен емес халық мемлекеттік тілді меңгереді, 2020 жылға дейін ағылшын тілін меңгерген халық саны 20%-ды құрауы тиіс деген мақсат қойдық». Біз сонымен қатар орыс тілін, басқа қазақстандық этностардың тілдерін дамытамыз». Ел Президенті бұл ойын Халыққа Жолдауында бейнелік символдармен дамытты, онда ол мемлекеттің жаңа саяси бағытын – «Қазақстан – 2050» стратегиясын жолдады: «2025 жылға қарай қазақ тілі өмірдің барлық салаларында негізгі тілге айналып, тегіс қарым-қатынас тілі болады. Біздің егемендігіміз, біздің тәуелсіздігіміз ұлтты біріктіретін, тастай берік қылатын – ана тілімізді иеленеді. Бұл біздің мемлекетіміздің тәжіндегі негізгі *gaуһар* тасындай» (Свинчукова Е.Г., 2011-3-5.).

Стратегияда Президент, қазақ тілінің және мемлекет құратын ұлттың ұлттық құрылыс үрдісіндегі рөліне қатысты ұрандар түрінде құрастырылған бірнеше идеологиялық концептілерді ұсынды: «Қазақ ұлтының негізгі шоғырландырушы факторларының бірі жауапты тіл саясаты»; «тіл – халықты шоғырландырғыш», қазақ тілі – бұл біздің рухани өзегіміз», «қазақ халқы және мемлекеттік тіл дамушы қазақстандық азаматтық қауымдастықтың біріктіруші орталығы ретінде маңызды орынды иелене бастады» (Сулейменова Э., 2009. 1-7.).

Қазақ тілін кеңінен тарату және мемлекеттік тілді меңгермеген еліміздің азаматтарына жәрдемдесіп, оны оқытудың тиімді тәсілдерін ойлап табу және бұл жұмысқа барлық мемлекеттік және қоғамдық институттарды жұмылдыру мақсаты қойылған. Н. Назарбаев өз Жолдауында атап өтті: «қазақ тілі өмірдің барлық салаларында кеңінен қызмет етіп және негізінен мемлекеттік тіл ролін атқаратын болғанда, біз өз мемлекетімізді «Қазақ мемлекеті» деп атаймыз. Елбасы қазақ тілінің модернизациялануын ақылмен түсінуді ұсынды: тілдің дәстүрлі қалпын сақтай отырып, оның бар байлығын, оның алуан түрлі лексикалық қабаттарын дамыту қажеттігін, терминология мәселелерінде консенсусты іздестіріп, тілді қазіргі заманға сай жасау керектігін айтқан болатын. Ол кейбір қалыптасқан халықаралық терминдердің қазақ тіліне аударылу талпыныстарын сынға алды: «Дүние жүзінде бірдей қабылданған терминдер бар, олар кез келген тілді байытады. Біз өз өмірімізді, өзімізді қиындатамыз, ақылымызды шатастырамыз» (Свинчукова Е.Г., 2011.-3-5.).

Мемлекеттік тілдің интеграциялық рөлі жөнінде этникааралық қарым-қатынас саясатында маңызды факторлардың бірі ретінде республиканың Мемлекеттік хатшысы Марат Тажиннің қатысуымен өткен этносаясат бойынша жиналыста айтылды. Мемлекеттік хатшының сөзінде кез келген мемлекеттің мемлекеттік тіл мәселесіне үлкен көңіл бөлетіндігі, оған дүниежүзілік қолдау көрсететіндігі айтылды. Бүкіл дүние жүзінде, либералды саясат жүзеге асырылатын елдерде мемлекеттік тілді міндетті түрде меңгеру жөнінде қатаң заңдар қабылданады. Мұндай құбылыс Германияда да, Ресейде де бақыланады, мұнда азаматтық алу үшін және еңбек мигранттарына орыс тілі бойынша емтихан тапсыру тәртібі енгізілген. Ал Қазақстан, керісінше, бұған қатысты демократиялық және либералдық бағытталған. Тіл – өзін-өзі өндіретін жүйе, өзінің ішкі заңдарына сүйеніп дамытын тірі организм екендігі белгілі. Елде тілдердің қызмет етуін заң актілерінің күшінің көмегімен өзгерту әлеуметтік апатқа апарып соғуы мүмкін. Ол қандай да бір мөлшерде инертті болып келеді, қалыптасқан тілдік дәстүрге тәуелді. Зерттеушілер тіл инерциясының өткен кезеңде жинақталған үлкен күшін айғақтайды және іс жүзінде тілдік кеңістікте басымдық позициясын бұрынғыдай орыс тілі иемденіп келеді. Ал мұның себептері алыс тарихта емес. Қазақ тілі халықтың еншісіне тиген барлық өзгерістерге ұшырап отырған. Төңкеріске дейін патшалық империя кезінде қазақтар Ресейлік империя халықтарының ішінде халық саны бойынша алтыншы орында болған. Алғашқы кеңестік энциклопедияда қазақтар – «КСРО-ның ең ірі түркітілді ұлты» деп анықталды (Трушкина К.А., 2014.-41-49).

Ұлттық комиссариаттың Ресей Федерациясы ұлттарының ісі бойынша 1920 жылы жасалған есебіне сәйкес 1916 жылғы қазақтардың саны 5,2 млн адамға жетті. Бірақ бұл мәліметтер, ресейлік тарихшы С.М. Исхаковтың ескертуінше, жергілікті түркі тұрғындарының санын кемітіп көрсетеді. Бұл қатысты жетістіктің өзі 1930 жылдары құлады. 1926 жылы төңкеріс жылдары мен азаматтық соғыстағы шығындардан кейін қазақтар саны 6 млн 200 мыңға жетті. Зорлықпен ұжымдастыру мен аштықтың нәтижесінде 2 млн қазақтар (этностың үштен бірі) қырылды, 1 млн-ға жуығы республикадан тыс кетті, Қытайға, Иранға және тағы басқа елдерге. Тың жерлерді игерудің алғашқы жылдарында қазақтардың саны республика халқының жалпы санынан

29%-ға дейін төмендеді. Осылайша қазақтар өздерінің тарихи Отанында этникалық азшылыққа айналды. Осы жағдайларда қазақ тілі өз позициясын бірте-бірте жоғалта берді, оқуға міндетті емес тілге айналды. Қазақстанның тұрғылықты халқы өз тілдерінде сөйлеуге ұялатын жағдайға жетті. Ұзақ жылдар бойы білім дәстүрлі және бірыңғайланған кеңестік жүйемен жүргізілді (Трушкина К.А., 2014. – 41-49).

60-шы жылдары орыс тілі жоғары оқу орындары мен ғылымның негізгі тіліне айналды, қазақ тілінде білім беру мектептерінің саны қысқара берді. «Тоқырау» кезеңінде кітаптардың 95%-ы мен телебағдарламалардың 70%-ы орыс тілінде шықты, бүкіл іс-қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Бірақ тілден қатаң айырылу кезінде де алдыңғы толқын ана тілін сақтап, ұрпағына бере алды. Мұнымен бірге дәл осы қиын жылдарда орыс тілді ортада өскен ұрпақ қалыптасты. Осылайша екітілділік тарихи жағдайда қалыптасты, Қазақстанның халқының басым бөлігі екітілді қатар сөйлеп жүрді: қазақ және орыс тілдерінде. Билингвизм – бәсекелестік артықшылық, бізге ортақ өткен өмірімізден мұраға қалды және бүгін оны көптілділік күшейтеді (Сулейменова Э., 2009. – 1-7.).

Атақты ресейлік саясаттанушы Юрий Солозов атап айтады: «Қазақтардың XX ғасырдағы ұлттық тарихы трагедияға толы болғанына қарамастан, қазақ халқы ұлттық кек алудан алыс болды. Бұрынғы Кеңес Одағының көптеген республикаларының ішінде қазақ этносы Мәскеумен санасқан жоқ, кеңестік өткен өмірінен бас тартумен саяси капитал жинауды ойлаған жоқ. Қазақстан Республикасы – Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі кеңістікте қазіргі заманғы Ресейге жағымсыз көзқарас танытпаған жалғыз ел. Осыған Ресей Федерациясының қазіргі саяси басшылығы шын көңілден барлық қазақтарға және Нұрсұлтан Назарбаевқа жеке алғысын білдіреді. Қазақ тілінің жалғыз мемлекеттік тіл ретіндегі ерекше мәртебесі өте қисынды. Айтпақшы, Қазақстан Республикасы – орыс тіліне жоғары ресми мәртебе берген бұрынғы Одақтың (Ресейден басқа) жалғыз бөлігі. Қазақстан – тіл саясаты мәселелерін ащы қайшылықтар мен қақтығыстарсыз шешкен елдердің бірі. Елде «Тілдер туралы» Заң, Тіл саясаты концепциясы және 2011-2020 жылдарға тілдердің қызмет етуі және дамуының жаңа Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Мемлекет тілдердің даму үрдісін жан-жақты қолдайды, соның ішінде орыс тілінің жалпымәдени қызметін сақтау жалғасып келеді. Мемлекеттік тілмен қатар мемлекеттік

ұйымдарда, сонымен бірге жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде орыс тілі қолданылады. Ол барлық жерде оқытылады, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес оқу орындарында міндетті пән болып табылады. Орыс тілінің тарихи және дәстүрлі мықты позициясы бар. Оның дамуға, қарым-қатынасқа жол салғаны сөзсіз. Бүгінгі таңда сыртқы дүниеден ақпараттың үлкен ағынын біз орыс тілі арқылы қабылдаймыз. Орыс тілінің қызмет ету саласын сақтау Қазақстанның интеграциялық үрдістерге талпынысына жауап береді және жаһандану жағдайында Қазақстанның мықты бәсекелестік артықшылығы болып табылады (Трушкина К.А., 2014. – 41-49).

Мемлекеттік тілді білу және бірнеше тілдерді меңгеру ел азаматтарының жекелей бәсекеге қабілеттілігінің факторына айналады. Мемлекеттік деңгейде әрбір қазақстандық кем дегенде үш тілді бірдей: қазақ тілін, орыс тілін және ағылшын тілін меңгеруі тиіс деген нұсқаулар жасалды. Бұл адамның алдында өзін-өзі дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ашады, оған дүниетанымын едәуір кеңейтуге және өз еліне пайдасын тигізуге көмектеседі. Қазақстанның егеменділігі мен жаңа мемлекеттік тіл саясаты жағдайында жаңа тіл жағдайының қалыптасуына қатысатын құндылықтардан хабардар жастар өсіп шықты. Жаһандық этнотілдік жағдайдың «қиығы» көрсеткендей, сөйлеушілер саны жөнінен қытай тілінен кейін ағылшын тілі болып табылады. Жер шарының 500 млн-ға жуық тұрғыны ағылшын тілін ана тілі деп есептейді, ал 1 млрд-тан аса адам екінші тілі – макроделдал ретінде қолданады.

Үштілділік, мағынасы бойынша мультилингвизм, сөзсіз байытады. Зерттеушілер мультилингвизмнің артықшылықтарын сипаттайды: «бұл – жаһандық менталитеттің қалыптасуының көрсеткіш факторы»; «бұл тек бірнеше тілде сөйлеу қабілеті ғана емес, сонымен бірге бірнеше өркениеттің мәдени құндылықтарын сіңіретін ойлаудың ерекше типі, басқа сөзбен айтқанда, диалогқа ашық ойлау». Қазақстанның 32 жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде пәндерді оқытатын 5500 оқытушыларды дайындау басталды. Мақсат анықталды – қашықтықтан оқу мен онлайн-оқудың дамыған жүйелерін құру, мемлекеттік тіл мен үштілділікті белсенді дамыту. Оқу жылында Қазақстанның барлық мектептерінде үштілділікке көшу басталды, бірінші сыныптан ағылшын тілін үйрену енгізілді, ал одан ары – жекелеген пәндер ағылшын тілінде оқытылатын болады. Қызықты тәуел-



ділік және заңдылықты әлеуметтанушы Зарема Шаукенова тапты. Ұлттың басқа да мәдени құралдарын (дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар) игерумен қатар мемлекеттік тілді меңгеру нақты әлеуметтік жағдайдың, қандай да бір этникалық топтардың қоғамдық үрдістерге сәтті бейімделуінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Осылайша, зерттеуші жүргізген әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері көрсеткендей, қазақ тілін, қазақ және орыс тілін меңгерген азаматтар тек алға озып шығады, бұл еліміздің қазіргі таңдағы дамуына және келешегіне қатысты оптимистік баға дегенді білдіреді. Қазақтілділер арасында өмірге қанағаттану деңгейі – 73,2 %, екітілділер (билингвистер) – 71,9%, орыстілділер – 53,9 % құрайды. Мемлекеттің оптималдық тіл кеңістігін құру тілдердің функционалдық қарым-қатынасын нақты анықтауын талап етеді, бұл келесі статистикалық мәліметтерді анықтауға көмектеседі. Бірақ, ең алдымен, республиканың халқының этникалық құрылымы жөнінде статистикалық мәліметтерге көз жеткізу қажет.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылғы 1 маусымда еліміздегі халық саны 18 253300 адамға жетті, соның ішінде қалалықтар саны 10 514300 мың (57,6%), ауылдықтар 7 739000 мың адам (42,4%) болды. 2017 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда халық саны 239100 мың адамға немесе 1,3%-ға артқан. Көпэтникалық Қазақстанда 130-дан аса ұлттар мен халықтар тұрады. Олардың арасында саны жағынан ең ірілері 7 этнос – қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндықтар, ұйғырлар, татарлар, және немістер, олар елдің халқының 95,6%-ын құрайды. Қазақстанның халқының этникалық құрылымы 2012 жылы пайыздық қатынаста келесідегідей көрініс табады. Халықтың жалпы санында едәуір салыстырмалы салмақ қазақтардікі – 64,5% және орыстар – 22,35%. Басқа этностар мен этникалық топтардың үлесіне республиканың халқының 13,2%-ы тиеді. Олардың 2,96 % – өзбектер, 1, 88% – украиндықтар, 1,42% – ұйғырлар, 1,22% – татарларлар, 1,08% – немістер. Қазақстандағы халық саны 1999 жылы 14 млн 955 106 адамды құрады, ал 2009 жылы – 15 млн 982 343 адамды, 2010 жылы – 16 204 617 адам (Сулейменова Э., 2009. – 1-7.).

Санақаралық кезеңде Қазақстанның 1999 және 2009 жылдардағы жалпыұлттық санақтар арасында қазақтар саны 26,1 пайызға артқан және 10 098,6 мың адамды құраған. Өзбектер саны 23,3%-ға артып, 457,2 мың адамды

құраған, ұйғырлар саны – 6%-ға артып, 223,1 мың адамды құраған. Орыстардың саны 15,3%-ға кеміп, 3797,0 мың адамды құраған, немістер – 178,2 мың адамды құрап, 49,6%-ға кеміген, украиндар – 39,1%-ға кеміп, 333,2 мың адамды құраған; татарлар –18,4%-ға кеміп, 203,3 мың адамды құраған; басқа этностар – 5,8%-ға кеміп, 714,2 мың адамды құраған. Осылайша, әлеуметтік-мәдени, демографиялық қозғалысына қарай Қазақстанның 70 пайызын қазақтар құрайды және қазақ халқының үлесі әрбір онжылдықта өсіп келеді. Республикадағы этномәдени білім құрылымының тілдік «қиындысы» мынадай көрініс табады. 2011/2012 оқу жылдары басында республиканың қазақ тілді жалпы білім беретін мектептерінде оқушылар саны 1 590,7 мың адамды құрады, ал орыс тілді – 819,5 мың, өзбек тілді – 77,9 мың, ұйғыр тілді – 14,4 мың, тәжік тілді – 3,8 мың, неміс тілді – 0,2 мың, ағылшын тілді – 1,7 мың. Қазақстан жоғары оқу орындарында 2010/2011 оқу жылдарында ұлттар бойынша оқыды: 471,2 мың қазақтар, 102,5 орыстар, 7,1 мың украиндар, 8,5 мың өзбектер, 2,0 мың белорустар, 0,5 мың қырғыздар, 5,8 мың татарлар, 4,1 мың немістер, 18,7 мың – басқа ұлттар. Сонымен қатар статистиканың адамдардың этнотілдік тұрмысының менталдық және психологиялық негіздеріне қатысты қызықты мәліметтері де баршылық (Сулейменова Э., 2009. 1-7.).

Сонымен қоса, қазіргі таңда Жапонияның шетелдік студенттер саны көп университеттерде (Токио университеті, Васеда университеті, Цукуба университеті және т.б.) халал мәзір бар. Бірақ, айтып өту керек, таңдау шектеулі, көбіне халал тауықтан ғана жасалған тамақты халал мәзірі ретінде ұсынады. Дегенмен, Жапон уни-



верситеттерінде халал мәзірдің болуының өзі мұсылман студенттердің жыл санап көбейіп келе жатқанының дәлелі.

Жапондық ғалымдар мен жазушылардың еңбегінен «халал» концептісі әлі Жапонияда нақты зерттелмегенін, нақты қолға алынбағанын көруге болады. Бірақ, қазіргі «халал» бренді, «халал» концептісінің таралуына байланысты, тек жақсы болжамдар айтуға болады. Жапония қазір дәл үлкен өзгерістердің үстінде тұр. Туристер санының көбеюі, халықаралық некелер санының, шетелдік студенттер санының көбеюі, жапондардың қарт

адамдар санының өсу проблемасы, Жапониядағы шетелдіктер санының одан сайын өсуіне алып келеді. Соның ішінде, Жапонияға географиялық тұрғыдан жақын орналасқан, Малайзия, Индонезия, Шри-Ланка, Бангладеш, Үндістан және т.б. мемлекеттерден мұсылмандар санының өсуіне алып келеді. Ал мұсылмандардың өсуімен бірге, мұсылмандардың тағам мәдениеті – халал мәдениеті де таралады. Ал мәдениет таралса, сол мәдениеттің сөздік формасы – «халал» концептісі де тез қарқынмен дамитын болады деп болжаймыз.

### Әдебиеттер

統計で見る日本 // e-stat URL: <https://www.e-stat.go.jp/stat-search/files?page=1&layout=datalist&tstat=000001018471&cyclc=0&ctclass1=000001111515&second2=1> (accessed 18.03.2018).

Codex Alimentarius International Food Standards URL: <http://www.fao.org/fao-who-codexalimentarius/codex-home/ru/> (accessed 22.12.2018).

Halalの日本語表記について'ハラール'と'ハラル'のどちらが正しいのですか? // 日本ハラール協会 URL: <https://jhalal.com/faq> (18.03.2018).

沼尻正之 (2015) 「ハラールブームの宗教社会学: 宗教的タブーがもたらす異文化理解」, 2015年3月30日第9号, pp.57-74. 追手門学院大学社会学部紀要.

日本政府観光客 URL: <https://www.jnto.go.jp/jpn/> (accessed 18.03.2018).

鶴岡広幸 (2017) 「我が国におけるハラール食品市場の現状と課題」, 2017年3月31日, pp.417-429, 神田外国語大学紀要.

島田裕巳 (2015) 「世界はこのままイスラーム化するのか」, 幻冬舎新書.

土屋 成慶 ハラール-インバウンド: 日本における食のムスリム対応の課題と現実. デザインエッグ株式会社, 2017年.

佐々木良昭 ハラールマーケット最前線. 株式会社ブックアート, 2014年.

日坂幸司 (2014) 「航空会社におけるハラール食の現状」, pp.47-64, J.F.Oberlin University

中尾美千代 (2016) 「日本におけるハラール食: 京都の和食レストランへの調査」, 107-116, 神戸女子短期大学

Halal Gourmet Japan URL: [https://www.halalgourmet.jp/ja/list?q%5Blocation\\_id\\_eq%5D=1](https://www.halalgourmet.jp/ja/list?q%5Blocation_id_eq%5D=1) (accessed 24.12.2018).

一般社団法人ハラール-ジャパン協会 URL: <http://www.halal.or.jp/> (accessed 24.12.2018).

食肉ハラールビジネスの現状と課題 // URL: <https://lin.alic.go.jp/alic/month/domefore/2016/feb/spe-01.htm> (accessed 24.12.2018).

日本のイスラーム歴史 URL: // <https://www.islamcenter.or.jp/history-and-publications/history-of-islam-in-japan/> (accessed 31.12.2018)

### References

Codex Alimentarius International Food Standards URL: <http://www.fao.org/fao-who-codexalimentarius/codex-home/ru/> (accessed 22.12.2018).

Halal no nihongo hyouki nitsuite «halal» to «halaal» no dochiraga tadashiino desuka? //Nihon no halal kyoukai URL: <https://jhalal.com/faq> (18.03.2018).

Halal Gourmet Japan URL: [https://www.halalgourmet.jp/ja/list?q%5Blocation\\_id\\_eq%5D=1](https://www.halalgourmet.jp/ja/list?q%5Blocation_id_eq%5D=1) (accessed 24.12.2018).

Ippan shadan houjin halal Japan kyoukai URL: <http://www.halal.or.jp/> (accessed 24.12.2018).

Nihon seifu shakoukyaku URL: <https://www.jnto.go.jp/jpn/> (accessed 18.03.2018).

Nihon no islam rekishi URL:// <https://www.islamcenter.or.jp/history-and-publications/history-of-islam-in-japan/> (accessed 31.12.2018)

Nakao Michiyo (2016) «Nihon ni okeru halal shoku: Kyoto no washoku resutoran he no chousa», 107-116, Kobe joshi tanki daigaku.

Nichizaka Kouji (2014) «Kukou kaisha ni okeru halal shoku no genjou», pp. 47-64 J.F.Oberlin University.

Numajiri Masayuki (2015) «Halal bumo no shukyou shakaigaku: shukyouteki tabuga motarasu ibunka rikai», pp. 57-74, Out-emon gakuin daigaku shakaigakubu kiyo.

Sasaki Yoshiaki «Halal Market saizensen», Kabushiki Kaisha Book Art, 2014

Shimada Hiromi (2015) «Sekai wa kono mama isurumuka surunoka?», Gentoshashinsho.

Shokuniku Halal Business no genjou to kadai // URL: <https://lin.alic.go.jp/alic/month/domefore/2016/feb/spe-01.htm> (accessed 24.12.2018).

Токей де миду Нихон // e-stat URL: <https://www.e-stat.go.jp/stat-search/files?page=1&layout=datalist&tstat=000001018471&cyclc=0&ctclass1=000001111515&second2=1> (accessed 18.03.2018).

Tsuruoka Kouki (2017) «Wagakuni ni okeru Halal shokuhin shijou no genjou to kadai», pp. 417-429, Kanda gaikokugo daigaku kiyo.

Tsuchiya Masatsune «Halal inbound: Nihon ni okeru shoku no Musulim taiou no kadai to genjitsu. Designing Kabushiki kaisha, 2017.

**Чокатова А.М.**

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының 1-курс магистранты  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ch.aliya@mail.ru

## **ИРАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ИНТЕГРАЦИЯ ЖОЛЫНДА**

Бұл мақаланың мақсаты – Иран мен Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда-саттықтың дамуы, экономикалық байланыстардың интеграциялану үрдістері мен ықтимал мәселелерді айқындау.

Зерттеу әдіснамасы – ғылыми зерттеу барысында экономикалық құбылыстарды танудың жалпы ғылыми принциптері қолданылды: жүйелік, сараптау, синтездеу және экономикалық, статистикалық сараптау, дедукция және индукция әдістері, сонымен қатар, тәжірибелік-эмпирикалық әдістер де қолданылды.

Мақаланың өзектілігі – Иран мен Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық әріптестіктің даму динамикасы, өзара тиімді сауда және инвестициялық жоспарлар.

Бұл мақалада Иран мен Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда-саттықты дамыту, экономикалық байланыстардың интеграциялану үрдістері және оның аймаққа тигізер пайдасы мен мүмкіндіктері туралы айтылады. Өйткені, жаһандану ерекшеліктерінің бірі – аймақтық конвергенция, интеграция және халықаралық ұйымдарға мүшелік етуі арқылы сауданың жаһандануы және әртүрлі кедендік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттердің әрекеттестігі туралы сөз болады. Сондай-ақ, мақалада Орталық Азия елдерінің тәуелсіздік алған жылдардан бергі осы аймақтағы едәуір салмағы арта бастаған Иран Ислам Республикасымен қарым-қатынастарының, соның ішінде, сауда-экономикалық байланыстарының арта бастағаны жайында баяндалады. Басты назарда, Қазақстан мен Иран инвесторлары, трансұлттық компанияларының қатысуымен ең ірі және басым инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік қолдаудың ерекше шараларын көздейтін жекелеген инвестициялық келісімдер жасалғаны жайында айтылып, осы жобалардың одан әрі қарқынды дамуына қатысты атқарылған іс-шаралар да атап көрсетілді. Аталмыш іс-шаралардың екі елдің экономикалық әлеуетін дамытумен қатар, аймақтық, әрі әлемдік экономиканың өсуіне ықпал ету мүмкіндігін де айқын көрсетеді. Осының дәлелі, елбасымыз Н. Назарбаевтың «ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сөзсіз басымдық біздің сыртқы саясатымызға, сыртқы экономикалық байланыстарымызға және Қазақстанның өз көршілерімен, аймақтағы ердермен, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасының берік тұғырын қалыптастыруға беріледі» деген сөзі.

**Түйін сөздер:** аймақшылдық, трансұлттық, аймақтық конвергенция, аймақтық интеграция.

Chokatova A.M.

Master student, Suleimenov Institute of Oriental Studies,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ch.aliya@mail.ru

### **Iran on the way to integration with Central Asian countries**

The purpose of this article is develop of trade between Iran and the countries of Central Asia, identifying trends in economic integration and potential problems.

Research methodology - this scientific study used the general scientific principles of knowledge of economic phenomena: systems, expertise, synthesis, and economic and statistical analysis, methods of deduction and induction, as well as practical empirical methods.

The relevance of the article is the dynamics of the development of the economic partnership of Iran with the countries of Central Asia, mutually beneficial trading and investment plans.

This article is devoted trade relations between Iran and the countries of Central Asia, the integration processes of economic relations and its advantages and opportunities for the region. Indeed, one of the features of globalization - regional convergence, integration and membership in international organiza-

tions will be aimed at the globalization of trade and the interaction of states in order to eliminate various customs barriers. The relations of the countries of the region with the Islamic Republic of Iran, which have grown significantly in the region after independence of the Central Asian states, including trade and economic ties, are also considered. The main areas of cooperation were the conclusion of certain investment agreements with investors and Kazakhstan transnational companies, which provided for specific measures of state support for the largest and priority investment projects, as well as further measures to develop these projects. These events, along with the economic potential of the two countries, have a strong influence on regional and global economic growth. This is evidenced by the words of our President N. A. Nazarbayev: "The absolute priority in ensuring national security will be given to our foreign policy, our foreign economic relations and the solid position of Kazakhstan with its neighbors, countries of the region and the leading nations of the world."

**Key words:** regional, transnational, regional convergence, regional integration.

Чокатова А.М.

магистрант 1-го курса, Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ch.aliya@mail.ru

### Иран на пути к интеграции со странами Центральной Азии

Целью данной статьи является исследование развития торговли между Ираном и странами Центральной Азии, выявление тенденций в экономической интеграции и потенциальных проблем.

Методология исследования – в данном научном исследовании использовались общенаучные принципы познания экономических явлений: системы, экспертиза, синтез и экономико-статистический анализ, методы дедукции и индукции, а также практическо-эмпирические методы.

Актуальность статьи – динамика развития экономического партнерства Ирана со странами Центральной Азии, взаимовыгодные торговые и инвестиционные планы.

Эта статья посвящена торговле между Ираном и странами Центральной Азии, интеграционным процессам экономических отношений и его преимуществам и возможностям для региона. Действительно, одна из особенностей глобализации – региональная конвергенция, интеграция и членство в международных организациях будут направлены на глобализацию торговли и взаимодействие государств с целью устранения различных таможенных барьеров. А также рассмотрены отношения стран региона с Исламской Республикой Иран, которая значительно выросла в регионе после обретения независимости государствами Центральной Азии, в том числе торгово-экономические связи. Основным направлением сотрудничества являлись заключение определенных инвестиционных соглашений с инвесторами и казахстанскими транснациональными компаниями, которые предусматривали конкретные меры государственной поддержки наиболее крупных и приоритетных инвестиционных проектов, а также дальнейшие меры по развитию этих проектов. Эти события, наряду с экономическим потенциалом двух стран, оказывают сильное влияние на региональный и глобальный экономический рост. Об этом свидетельствуют слова нашего Первого Президента Н.А. Назарбаева: «Безусловный приоритет в обеспечении национальной безопасности будет отдан нашей внешней политике, нашим внешнеэкономическим связям и прочному положению Казахстана с его соседями, странами региона и ведущими нациями мира».

**Ключевые слова:** региональная, транснациональная, региональная конвергенция, региональная интеграция.

### Кіріспе

Жаһандану үдерісі әлемдік нарықты интернационалдандыру арқылы бәсекелестік орта қалыптастырады және онда жаһандануға төтеп бере алатын қуатты экономикалық бірліктер үстемдік етеді. Сондықтан, қазіргі жаһандану үдерісінде мемлекеттер аймақтық келісімдер жасауға және экономикалық конвергенцияға бет бұруда. Жаһанданудың ерекшеліктерінің бірі – аймақтық конвергенция, интеграция және халықаралық ұйымдар түріндегі сауданың жаһандануы және тарифтерді реттеу арқылы ке-

дендік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттердің әрекеттестігін айтуға болады.

Халықаралық сауда саласындағы сарапшы мамандардың пікірінше, әлемдік экономикадағы бүгінгі қалыптасқан жағдай әлемдік нарықтың жаһандану үдерісінің қарқынды жүріп жатқан көрінісі. Жаһандану түсінігі шекаралардың біртіндеп жойылып кету процесін білдіретінін айтатын болсақ, әлемдік саудада халықаралық тауар алмасулар мен өзара әріптестік әрекеттестіктер өсіп келеді. Әлемдік экономикадағы құрылымдық өзгерістер жаһанданудың нәтижесі болып табылады. Бұл экономикадағы өзара байланыс-

ты арттыруға және әлемдік экономика кеңістігін құруға жағдай жасайды (Arie, Pirax, Wienblatt 1996; p111).

Осылайша, жаһандық сауда-саттық пен өндіріс үдерісінің өсуі дамыған елдердің технологияларының әртүрлі елдердің қолданысына енуіне жол береді. Сондықтан, дамушы елдерде аймақтық экономика интеграциясы барысында отандық және шағын нарықтарда кең нарықтармен бетпе-бет келген жоғары технологияны пайдалану мүмкіндігі туады.

Мамандардың пікірінше, экономикалық ынтымақтастық – аймақтық ынтымақтастықтың ең маңызды түрі. Ол елдің экономикасының ішкі құрылымдарын нығайтуға көмектеседі. Өйткені дүниежүзі мемлекеттерінің өнімінің барлық түрін шығаратын мүмкіндігі жоқ. Осы салада олар белгілі-бір шектеулермен бетпе-бет келеді. Аймақтық қауіпсіздікте экономикалық интеграцияның әсерін теріске шығаруға болмайды. Өйткені экономикалық интеграция алпауыт құдыреттерге жетуге деген тәуелділікті жойып, аймақтағы елдердің әлеуметтік жағдайы мен қауіпсіздігін жоғары деңгейге жеткізуге мүмкіндік тудырады. Қазіргі кезде, Иранның аймақтық экономикасының дамуына қажетті ынтымақтастық деңгейін жан-жақты тереңдетуге қолайлы жағдайлар аз емес. Экономикалық пікірлесу ортақ нарықтың құрылуына, экономиканың ынтымактасу үдерісі барысында туындайтын мәселелердің алдын ала отырып, олардың оңтайлы шешілуіне, инвестиция мен ортақ өндіріске қажетті жаңа шаралар іске асыруға себеп бола алады (Ashrafzadeh Seyyed Hamid Reza; 1382; p2-4).

Интеграциядағы функционализм теориясы негізі бойынша интеграция басқа әлемге де таралады. Ол үшін мемлекеттер осы салада шынайы жігер танытып, жан-жақты интеграцияны әділ түрде қолдаулары қажет. Экономикалық интеграция үлгілерінің бірі Батыс Еуропадағы интеграция болып табылады. Функционалистік теоретиктердің пікірінше, іскерлік-экономикалық қарым-қатынастардың кеңеюі экономикалық өзара әрекеттестікті арттырады, басқа салалардағы қатынастарды дамытуға да негіз болады (Puchala, ( 1972:253).

Иран Ислам Республикасының сыртқы саясатында Орталық Азия маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Иран аймақтың геосаяси маңызына көңіл бөліп, аймақ елдерімен қарым-қатынасты жандандыруға мүдделі болып отыр. Иранның осы аймаққа көшбасшы боларлық қуаты жоқ, әйтсе де, ол діни және мәдени жақындықты пайдаланып аймақта бел-

гілі бір дәрежеде болсын өз ықпалының басым болғанын қалайды. Өйткені Иранның аймақтағы беделі оның халықаралық аренадағы салмағына оң сипат береді, сонымен қатар, өз мүддесін арттыруға ықпалын тигізеді. Иран аталмыш аймақ елдеріне энергетика тасымалдауға, ашық теңізге шығуға мүмкіндік беретін өткел рөлін атқара алады. Дегенмен, оның Батыс алыптарымен қарым-қатынасы шиеленіскен болғандықтан, Орталық Азия елдерімен аймақтағы логистиканы дамыту сияқты жобаларды іске асыруда кедергілерге де кездесіп жатады.

Иранның Орталық Азия елдерімен интеграциялануы

Аймақтық қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың қажеттілігі мен мүмкіндігін анықтау үшін бірнеше интеллектуалды және практикалық теориялар мен бағыттар пайда болған. Осындай теориялардың бірі – функционализм, бұл маңызды мәселелерді түсіндіруде өте перспективті болуы мүмкін теориялардың бірі. Функционализм либералдық теорияларды енгізу арқылы елдер арасындағы трансұлттық ынтымақтастықты кеңейтуге оптимистік көзқараспен қарауға көмектеседі.

Аймақтық конвергенция – көрші аймақтар елдердің өзара кең және ұзақ мерзімді қарым-қатынасқа қол жеткізудегі басты мақсаттарының бірі. Соның ішінде, тауар алмасу, тасымалдау желісін жақсарту және ортақ экономикалық жобаларды іске асыру, өзара ынтымақтастықты тереңдету мақсаттары көзделеді. Сауда мен экономиканың басым бөлігі болып табылатын бұл өңірлік үдеріс 1980 жылдары, әсіресе жаңа аймақтық деп аталатын толқындармен ерекшеленді. Демек, аймақтық интеграция саяси, әлеуметтік, қауіпсіздік және мәдени өлшемдер бойынша экономикалық ынтымақтастықты көздейтін көп өлшемді үдеріс ретінде қарастырылуы керек. Әрине, конвергенция теориясында әртүрлі анықтамалар мен жорамалдар да бар, бірақ маңыздысы, оның ең бастапқы нысанындағы конвергенция нүктесінен басталады, содан кейін эволюциялық үдеріс неғұрлым іргелі кезеңге өтеді, содан соң оның ең толық формасына жетеді (Shakibaei, Alireza and Kabri Bata, Fatemeh 2009; pp.23-47).

Экономикалық интеграция саласындағы озық үлгілерінің бірі Оңтүстік-шығыс Азиядағы интеграция үдерісі болып табылады. Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің одағы (АСЕАН) аймақтың дамуын ілгерілетуге бағытталды. Бұл одақ мүше елдерінің ортақ қатысуымен аймақтың бейбітшілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз



етіп, ынтымақтастықтарын кеңейтіп, бірте-бірте басқа елдермен де қарым-қатынастары мен ынтымақтастықтарын дамытты. Аталмыш ұйымға мүше елдер басшыларының еркін сауда аймағын құрып, аймақтың табиғи ресурстарына байланысты бұл одақты аймақтың маңызды ұйымына айналдырды.

Иранның аймақтық экономикасы соңғы жиырма жылдың көлемінде осы елдің сыртқы саясатындағы басым бағытының бірі болып табылады. Қазіргі таңда Иран Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы сияқты бірнеше аймақтық экономикалық ұйымдарға кіруімен қатар, сондай-ақ Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы, Д-8 елдері, Иран Әріптестік Ұйымы деп аталатын біршама ислам елдері ұйымдарына да мүше ел.

Өткен онжылдықта, соның ішінде 90-шы жылдардан бастап, әлем елдерінің арасындағы аймақтық келісімдер саны айтарлықтай артты. Қазіргі таңда біршама елдер көптеген аймақтық сауда келісім-шарттарына қатысып, әртүрлі ұйымдарға мүшелік етуде. Интеграция еркін нарыққа ұмтылмайтын елдерді халықаралық экономиканың және сыртқы сауда қиындықтарының шешімі ретінде аймақшылдық жүйеге итермелейді. Шынында да, сыртқы аймақтық интеграция Иран сияқты экономикасы жүйелі дамып келе жатқан мемлекет үшін сауда-саттықтың халықаралық деңгейіне шығудың маңызды әрекеті болып саналады.

Жаңа нарықты игеруде мемлекеттердің арасында бәсекелестіктің өсуі жаһандық экономиканың негізгі ерекшеліктерінің бірі болып саналатынын ескерсек, соңғы жылдары халықаралық сауда біршама деңгейге көтерілді.

Орталық Азия елдері егемендігін, тәуелсіздігін жариялап жатқанда, бұл елдермен діни және этникалық жақындығы бар Иран бұл процеске белсене араласып кете қоймады.

Осы ел де Орталық Азиямен интеграциялану ниетін білдірді. Діни, тарихи және мәдени жақындықты пайдаланып, Орталық Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас жасауды көздеді. Сол кезеңдерде Иранның діни қоғамы мен Орталық Азияның зайырлы қауымы да ымырашылдықта бола алмады.

Орталық Азия елдері ішіндегі Иранмен ең терең байланыс жасап отырған елдердің бірі Қазақстан мен Түрікменстан. Оған екі елдің шекаралас болуы үлкен әсер етті.

Осы орайда, аймақтағы парсы тілдес ел Тәжікстан мен Иран арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастар жақсы дамыды. Алайда

екі елдің арасындағы сауда-экономикалық байланыстар салыстырмалы түрде төмендеу екенін байқауға болады. Себебі, екі елдің арасында ортақ шекараның болмауы. Сонда да, Иран тарапы Тәжікстан экономикасына инвестиция салудан алдыңғы қатардағы елдердің бірі. Түрлі ірі мемлекеттік жобаларға, әсіресе су электр станциясын салуға қатысты құрылыстарға Иран жағынан инвестиция бөлініп отыр.

Аймақтағы аграрлы-индустриялды саласы жақсы дамыған ел Өзбекстан болып табылады. Бұл елдің Иранмен арақатынастары жоғары деңгейде дамыған деп айта алмаймыз. Сыртқы саясатында басқа елдермен одақтасуға байыппен қарайтын бұл ел Иранмен де терең ықпалдастыққа асығатын емес. Соған қарамастан, Иран мен Өзбекстан арасындағы саяси-экономикалық байланыстарды жоқ деп айтуға болмайды. Аталмыш елдер арасындағы құрылыс, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік логистикасы және дәрі-дәрмек салаларында әріптестік дамыған. Дегенмен екі елдің арасындағы экономикалық қатынастар мемлекеттердің бұл саладағы мүмкіндіктерін толық пайдаланбай отыр.

Орталық Азия елдерінің бірі Қырғызстанның Иран Ислам Республикасымен қарым-қатынастары да қажетті деңгейде жолға қойылмаған. Дегенмен Қырғызстанның жол, үй салу сияқты құрылыс салаларына Иран инвестициясы тартылған.

Иранның Орталық Азиямен бұл аймақта геосаяси маңызы біртіндеп артып келеді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алған ортаазиялық мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан ЕСО ұйымына мүше болып кірді. Бұл ұйым арқылы сауда, энергетика, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы мен транспорт салаларында жаңа қарым-қатынастар орнатылды. Аймақ елдерінің интеграциясы, ортақ мүдделері және энергетикалық ресурстарға ие болуы мен аталмыш ұйымға мүше елдер арасындағы қарым-қатынас экономикаларын әлемдік экономикамен үйлестіруге мүмкіндік тудырып, нәтижесінде экономикалық интеграцияға мейлінше жақындады. Бұндай экономикалық интеграция саяси және қауіпсіздік ынтымақтастығына ұласады. Сондай-ақ, осы аймақтың ішкі саудасын дамытып, мүше елдердің экономикасын көтеріп, көршілес алпауыт елдерге деген тәуелдікті азайтып, ынтымақтастықпен қауіпсіздік деңгейі жоғары жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанынын байқауға болады. Осылайша, мұндай ынтымақтастықтар Иран мен аймақ елдері арасындағы мәдени,

қоғамдық және тарихи ортақ мүмкіндіктерге сүйеніп, Иран мен Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігінің жарқын екенін дәлелдейді.

Иран Ислам Республикасы өзінің ұлттық және трансұлттық мүмкіндіктерін ескере отырып, әлем елдерімен, әсіресе, көршілес елдермен әрқашан ынтымақтастық пен халықаралық қатынастарды дамытуды көздейді. Орталық Азия елдері мен Иранның арасында терең мәдени және тарихи байланыстар үлкен маңызға ие (Fuller, ( 1998:74.

«Иран-Түрікменстан-Қазақстан» темір жолдары аймақтағы өте маңызды жоба болып табылады және ол үш елдің өзара қарым-қатынастарын нығайтумен қатар, аймақтық қарым-қатынастарды да дамытуға және Орталық Азиядағы конвергенцияны қалыптастыруға үлесін қосатыны анық. Қарастырылып отырған темір жолдары желісі секілді өңірлік экономикалық құрылымдардың қалыптасуы Орталық Азия елдерінің экономикасының дамуына өзіндік әсерін тигізе отырып, аймақтық өзара байланыстарды нығайту мен жақындасу бағытына көшуге негіз бола алады.

Бұл темір жол желісі үш елдің өзара және басқа да Орталық Азия елдерінің саяси, қауіпсіздік және экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуде шешуші фактор бола ала ма деген сауал туындайды. Әрине, егер тараптар осы жобаның маңыздылығын күшейтуге байыппен күш салып, инфрақұрылым, жүк және жолаушылар тасымалы қуатын арттырса, әсіресе, Иран Ислам Республикасының Орталық Азия елдерімен аймақтық интеграциялау үрдісінде бұрылыс нүктесі ретінде қарастыруға болады.

«Иран-Түрікменстан-Қазақстан» теміржолы Иранның Орталық Азиямен аймақтық ынтымақтасу үдерісіне қосылуының тағы бір маңызды факторы болғандықтан, экономикалық ынтымақтастықты аймақтық функционализм арқылы жүзеге асыру қажеттілігі ретінде атап өтуге болады. Екінші жағынан, Иранның Орталық Азия елдерімен ортақ тарихы мен құндылықтары да аз емес, бұл аймақтық конвергенция қажеттілігін анық көрсете алады. Осы Шығыс Каспий теміржолын ортақ мұқтаждықтарды қанағаттандыру, экономикалық бірлікке ұмтылу, бар кемшілік-олқылықтарды біртіндеп бірігіп жою үшін маңызды фактор ретінде қарастыруға болады.

«Иран-Түрікменстан-Қазақстан» теміржолының салынуы 2009 жылы үш ел президенттерінің кездесуімен және осы мәселе бойынша ын-

тымақтастық-әріптестік туралы меморандумға қол қоюларымен басталды. Үш ел президенттері меморандумға қол қойғаннан кейін, 2011 жылы жобаны жүзеге асыру шаралары басталды. Темір жол салу істері аяқталғаннан кейін 2014 жылдың желтоқсанында Инче-Бурун қаласында Қазақстан-Иран-Түрікменстан президенттерінің қатысуымен ашылу рәсімі өтті және жоба ресми түрде эксплуатацияға ұсынылды. Каспийдің шығысындағы бұл теміржол желісі 930 км-ді қамтиды, соның ішінде, Түрікменстан арқылы 700 км, Қазақстан аумағымен 120 км және Иран жері арқылы 80 км-ден астамы өтеді. «Иран-Түрікменстан-Қазақстан» теміржолының бұл стратегиялық жобасы – аймақтағы екінші ірі дәліз болып саналады. Иран халықаралық көліктік және транзиттік дәліздің тоғысқан жері. Каспийдің шығыс бөлігін Шығыс-Батыс және Солтүстік-Оңтүстік бағыттарына ашу Иран мен Орталық Азия елдерінің арасындағы тауарлар айналымы мен жолаушылар қатынасының халықаралық, өңірлік және транзиттік саудасаттығының маңыздылығын арттырып қана қоймай, бұл темір жол желісі Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан мен Ресей үшін Парсы шығанағы мен ашық теңіздерге шығуға мүмкіндік беретін ең қысқа бағыт бола алады (Mohammad Mohaddesin, Islamic fundamentalism. Washington. Seven Locs Press, 2001. 67-бет).

Қазіргі таңда аталмыш темір жол жылына 3 миллионнан астам тоннаға дейін жүк тасымалдауды жоспарлап отыр, оның өндірістік қуатын жылына 6 млн-ға, сұраныс артқан жағдайда тіпті 10 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл теміржол Қазақстаннан өтіп, Түрікменстан аумағына кіреді де, Инче-Бурун шекарасы арқылы 700 км қашықтықты жүріп өтіп, оны Иранның темір жол желістеріне қосады. Каспийдің шығысындағы бұл теміржол желісінің басқа атауы «Солтүстік-Оңтүстік» трансұлттық темір жол өтпесі. Темір жолдың жылына 5 миллион жолаушы тасымалдау әлеуеті бар. Бұл теміржолдың жоғары жүру жылдамдығы 120 км/сағ, бұл Қазақстан мен Парсы шығанағының арасындағы жол жүру уақытын 25 сағат ішінде 3000 км-ге қысқартады. Қалай болғанда да, Каспий теңізінің шығыс теміржолы бағыты Иран мен Орталық Азия елдерінің арасындағы аймақтық ынтымақтастық пен қарым-қатынастарды дамыту үшін айтарлықтай мүмкіндік көзі болары сөзсіз.

Орталық Азия елдерінің тәуелсіздікке қол жеткізуі Иранның геоэкономикалық кеңістігінің өсуіне жаңа мүмкіндіктер әкелді, өйткені

ні, Иран осы аймаққа басқа мемлекеттер сияқты өз ықпалын тигізіп, өзінің стратегиялық жоспарларын іске асыруды көздеді. Осы мақсатта, Иран осы аймақтағы болашақ сауда-экономикалық әріптестеріне экономикалық қиыншылықтардан жеңіл өтулеріне атсалысып, көмек көрсететінін білдірді. Сонымен қатар, бұл аймақ Иранды жаһандық нарықтармен байланысу барысында сол аймақтың географиялық ерекшеліктерін, тиісті байланыс жолдарының артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Орталық Азия елдері егемендіктерін жариялаған кезден бастап, 2004 жылға дейінгі аралықта Иран осы елдермен 200-ден аса келісімдер жасап, өзара түсіністік меморандумдары мен хаттамаларға қол қойған. Олардың басым бөлігін экономикалық ынтымақтастық туралы құжаттар құраған. SWAP мұнай жобасы, құрылыс саласындағы әріптестік, гидроэлектр-станциялар салу, суару жүйелерін жүргізу, атап айтқанда, бөгет құрылысы, жол, теміржол желілерін салу Иран мен аймақ елдерінің экономикалық интеграциясының маңызды бағыттарының бірі болды. Иранның мемлекеттік және жеке меншік компанияларының технологиялық мүмкіндіктерінің шетелдік өндірушілерімен салыстырғанда тауар және қызмет көрсету бағаларының конъюктурасы ескерілген жағдайда, Иран мен Орталық Азия елдерінің экономикалық конвергенциясын екі жақты тиімді әрекет ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл, сонымен қатар, аталмыш елдер арасындағы өркениеттік және тарихи-мәдени мұрасы мен тарихи жақындасуының негізгі алғышарттарының бірі болары ықтимал. Коммунистік жүйені бастан кешкен Орталық Азия елдері ұлттық зияткерлік пен құндылық көздерін сақтап қала алған.

Иран мен Орталық Азия елдерінің ынтымақтастық перспективті бағыты алдында проблемалар да жоқ емес. Шын мәнінде, Иранның Орталық Азия аймағына ықпалы кейбір елдермен салыстырғанда аз. Бұл келесі мәселелердің орын алуымен түсіндіріледі: біріншіден, иран халқы Исламның шииттік, ал Орталық Азияның басым бөлігі – Исламның сунниттік бағытын ұстанушы мұсылмандар. Екіншіден, батыс елдерінің Иранға қатысты ұстанған агрессорлық саясаты Иранның сыртқы сауда қатынастарында біршама мүмкіндіктерін шектеп отыр. Орталық Азия мен Кавказ елдерінің экономикалық дамуы батыстық әріптестікті қажет етеді.

Жоғарыда айтылған теміржол желісінің іске қосылуы осы үш елдің жаңа геоэкономикалық кеңістіктігінің іргесін қалауына мүмкіндік береді.

Яғни, осы елдердің әлемнің басқа нарықтарына қол жеткізуге бағытталған алаң болып табылады. Осылайша, бұл бағыт Оңтүстік Парсы шығанағы елдері-Иран-Шығыс Азия-Оңтүстік Азия-Тынық мұхиты елдері арасындағы жанама сауда байланыстарын орнатуға ыңғайлы бағыт болары анық.

Орталық Азия елдері тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап, жаңа нарыққа бейімделу, аймақтағы өз мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында аймақтық-үкіметаралық сауда-экономикалық келісім-шарттарға қол қойып, әртүрлі инвестициялық жобаларды іске асыру сияқты аймақ көлемінде бірқатар іс-шаралар атқара бастады.

Еліміздің астық өндіру потенциалын ескере отырып, қазақстандық астықты Иран бағытында экспорттауды арттыру мақсатында «Ақ Бидай-Терминал» Акционерлік Қоғамы (Қазақстан) мен «Бехдис Теджарат Альборз» Жабық Акционерлік Қоғамы (Иран) бірлесіп салған «Амирабад Грейн Терминал Киш» астық терминалын ерекше атап өтуге болады. Бұл терминал Қазақстанның Каспий аймағындағы сыртқы сауда қатынастарының дамуына айтулы ықпалын тигізіп отырған үлкен бірлескен алғашқы жобаларының бірі. Каспийдің оңтүстігіндегі Амирабад айлағында бой көтерген бұл ірі астық терминалы 2010 жылдың маусым айында Қазақстан мен Иранның ауыл шаруашылығы министрлерінің қатысуымен ресми түрде іске қосылды. Бұл терминалдың астықты уақытша сақтау сыйымдылығының көлемі 53 мың тоннаны құраса, кеме босату, астықты жүк тасымалдау көліктеріне тиеу сияқты жанама қызмет көрсету жұмыстары да жолға қойылған. Терминалдың кеме босатудағы өндірістік қуаты сағатына 500 тонна, ал тәулігіне 4 мың тоннаны құрайды.

Бұл жоба Қазақстанның астық өнімінің экспорт мөлшерін арттырып қана қоймай, еліміздің аймақтағы, соның ішінде, Каспийдің шығысындағы экономикалық мүдделік үлесін айқын көрсетеді. Астық, дәнді дақыл өнімдерін тұтынуда импорт көзіне тәуелді Иран үшін де, бидай, арпа, майлы дәнді дақылдар өніміне бай Қазақстан үшін де бұл жобаның тиімділігі тараптардың ортақ мүддесіне айналып отырғанының айқын дәлелі. Қазіргі таңда, қазақстандық арпаның ең ірі тұтынушыларының бірі Иран нарығы болып табылады, осы отандық өнімнің Иран нарығында алатын пайыздық көрсеткіші шамамен 80-90 пайызды құрайды. Иранға және басқа да Каспий маңындағы елдерге астық

жеткізудің жылдам, әрі арзан тәсілі астықты су көлігімен тасымалдау болып табылады. Демек, астық саудасы екі ел арасындағы аймақтық экономика ынтымақтастығының перспективті бағыттарының бірі.

Қазақстанның сауда-экономика бағытындағы сенімді серіктесіне айналған Иранмен 2017 жылы екі ел арасындағы қарым-қатынасты жан-жақты дамытатын, бірлескен жобалар жүзеге асып, екі елдің өзара сауда-саттық мөлшері айтарлықтай өсті. Тауар айналымының негізгі бөлігі қазақстандық экспортқа тиесілі болғандықтан, өткен жылы құны жарты млн. долларды құрайтын отандық өнім Иран мемлекетіне жеткізілген. Қазіргі таңда жалпы көлемі 2 млрд. доллар болатын екі жақты инвестициялық жаңа жобалар жүзеге асырылу қарастырылуда.

Қазіргі таңда Қазақстан Ирандағы алтын өндірісіне инвестиция құйғаны белгілі, ал бұл күндері Иран еліміздегі тау-кен өнеркәсібін қаржыландыруды қолға ала бастады. Қазіргі таңда екі ел арасында ауылшаруашылығы, құрылыс, туризм және денсаулық салаларында бірқатар жаңа жобалар жүзеге асқан. Ирандағы Бандар-Аббас айлағында Қазақстанның консулдығының ашылуы екі ел арасындағы сауда-саттықты одан әрі өркендетуге жол ашады. Бұл айлақтың маңыздылығын Иранның Қазақстандағы елшісі Моджтаба Дамирчилу «Қазақстан үшін экономикалық тұрғыда аса маңызды стратегиялық шешім» – деп атап көрсетті (<https://www.inform.kz/>. Халықаралық ақпарат агенттігі. 2014 жылғы 25 шілде).

Сондай-ақ әуе – кеме, теміржол арқылы өзара тауар алмасу елдеріміз арқылы Еуропа мен Азия құрлықтарына өтетін транзиттік жүк тасымалы мүмкіндігін арттыратын келісімдер жасалды. Қазақстан өз тарапынан астық пен майлы дақылдарды Иранға жөнелту бойынша жаңа келісімдерге қол жеткізді. Сондай-ақ тауар айналымын ұлғайту қамында бірқатар әкімшілік кедергілер жойылып, тарифтер жеңілдетілді.

### Қорытынды

Жоғарыда аталған теміржол желісі «Жібек Жолы экономикалық белдеуінің» негізгі көлік дәліздерінің бірі ретінде аймақтағы тікелей әрі жанама сауда байланыстарының кең ауқым алуына мүмкіндіктер береді. Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары энергетикалық аймақ Өзеннен басталатын бұл теміржол бағыты Түрікменстан жері арқылы Иран территориясының солтүстіктегі Горган аумағына келіп жетеді.

Осылайша, жалпы ұзындығы 930 километрге созылған аталмыш бағыт осы аудандар аралығын 600 километрге дейін қысқарта отырып, көлік шығының әлдеқайда азаюына мүмкіндік береді. Осыған орай, «Иран-Түрікменстан-Қазақстан» темір жолын пайдалану осы үш елдің, сонымен қатар Орталық Азияның басқа елдерінің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарын кеңейтумен қатар, олардың саяси, қауіпсіздік және мәдени байланыстарының да артуына себепін тигізіп, елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтумен қатар, тұрақтылығы пен қауіпсіздігін де арттыратыны анық.

Осылайша, «Иран-Түрікменстан-Қазақстан» темір жолдарының басты артықшылығы осы үш елдің транзиттік бағыттарын жеңілдету, көлік логистикасын жетілдіру, сауда айналымдарын арттыру және экономикалық өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі уақытта аталмыш теміржол желісінің жылдық жүк тасымалы әлеуеті 5 млн. тонна және бұл көрсеткіштің 12 млн. тоннаға дейін өсу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, осы үш елдің арасындағы сауда айналымының жылдық көлемі 2020 жылға қарай 20 млн. тоннаға дейін өседі деген болжамдар бар. Бұл теміржол желісінің тікелей және жанама байланыстары Еуразия кеңістігіндегі коммерциялық және экономикалық қатынастардың да өркендеуіне жол ашады.

Биылғы Астана экономикалық форумында назарға алынатын тақырыптардың қатарында Қазақстанның сыртқы саудадағы ең үлкен әріптесі – бірыңғай экономикалық кеңістік мемлекеттері мен Иран арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың бүгіні мен болашағы талқыланады. Жаңа келісім неғұрлым терең, тиімді және көпжүйелендірілген сауда-экономикалық өзара әрекеттестік үшін жанама екпін болады деген болжам бар.

«Қазақстан Иранмен өзара тиімді шарттарға құрылған жоспарланған әрекеттестікке әрқашан ұмтылып келген. Географиялық тұрғыдан алғанда, Қазақстанға ең жақын орналасқан Парсы шығанағына шығатын теңіз порттары Иранның иелігінде. 20-ғасырдың соңында басталған сауда байланыстарының нәтижесінде, Қазақстан мен Иран арасындағы тауар айналымы айтарлықтай көрсеткішке қол жеткізді. 2010 жылы Иранға қарсы салынған санкциялар мемлекеттің әлемдегі қаржылық резервтерін бұғаттаумен қатар, жаңа келісімдердің жасалуына тосқауыл болды. Бұл өз кезегінде, Иранның шет мемлекеттермен, соның ішінде Орталық Азия елдерімен байланысына кері әсерін тигізді» – деп, Қазақстан страте-



гиялық зерттеулер институты басшысының орынбасары Санат Көшкімбаев атап көрсетті (<https://aikyn.kz/2018/05/16/52735.html>. Айқын газеті. «Дәуір» баспасы. No74 (3342). Мамыр 16, 2018).

Еуразиялық экономикалық аймақ пен Иран арасында бірнеше тауар түрі бойынша сауда айналымын жеңілдетуге бағытталған бірнеше келісімдер бар. Осы орайда, екіжақты саудасаттықтағы әртүрлі тарифтік кедергілер азайып, экономикалық ынтымақтастық арта түсуде. Экономикалық одақ пен Иран арасында еркін сауда аймағын құру туралы идеялар бұрыннан айтылып келді. Әртүрлі зерттеулер жаңа келісім ЕАОЭ-ның Иранға экспортын 1,4 млрд доллар өсіруге мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр. Оның жартысына жуығы (508 млн доллар) – Қазақстанның Иран нарығындағы қосымша экспорттық потенциалы. Қазақстан еркін сауда аймағы арқылы Иранға шикізат өнімдерін тасымалдай алады. Бұл қадамның маңызы өте зор. Соңғы жылдардың көрсеткіштері бойынша Қазақстан мен Иран арасындағы сауда 552 млн доллар құраған. Бұл – соңғы алты жылдағы ең төмен көрсеткіштердің бірі екендігін Тұңғыш Президент қоры жанындағы Халықаралық экономика және саясат институтының сарапшысы Ж. Сарабеков айтты (<https://aikyn.kz/2018/05/16/52735.html>. Айқын газеті. «Дәуір» баспасы. No74 (3342). Мамыр 16, 2018).

Иран Қазақстан үшін – стратегиялық маңызы жоғары нарық. Иран астық өндіру саласы өнімдерінің экспортын жолға қоюға жақын орналасқан ірі нарықтардың бірі болғандықтан да маңызды болып табылады. Қазір бұл мем-

лекетке металлургия саласы өнімдерін экспорты да біртіндеп жолға қойылуда. Иран Парсы шығанағына шығатын ең бір ыңғайлы бағыттардың бірі. «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» темір жолының әріптес мемлекет үшін де маңызы бар екенін жоғарыда айтып өттік. Ол Иранды Қытай нарығымен байланыстырады. Бүгінде бұл теміржол арқылы тауар айналымы енді қолға алынып, оның әлеуетін асыруда жаңа шаралар қарастырылып жатыр.

Егер батыстық санкциялар кең ауқымда қолданылатын болса, Иранмен сауда-саттық жасайтын кейбір компанияларға кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Өйткені америкалық санкциялар экстерриториалды түрде қолданыла береді. Бұл АҚШ өз компанияларынан бөлек, өзге мемлекеттің кәсіпорындарына да экономикалық қысым шарасын қолдана алатынын білдіреді. Осы себепті, инвесторлар тартып, ирандық компаниялармен тығыз жұмыс жасағысы келетін сауда компанияларының қызығушылығы төмендеуі мүмкін. Дегенмен, санкциялар экономиканың барлық саласына бағытталмағанын айта кеткен жөн. Бүгінге дейін санкциялар бұғауында болған Иранмен сауда байланыстарын жүргізіп отырмыз.

Қазақстан мен Иран стратегиялық одақ құру туралы емес, экономикалық байланыстарды дамытуға бағытталған келісімге қол жеткізетініне үмітіміз бар. Одан бөлек, Еуразиялық экономикалық аймақ пен Иран арасындағы еркін сауда аймағын құру туралы келісім бастапқыда үш жылға уақытша негізде жасалғанын ескерсек, екіжақты қарым-қатынастың ары қарайғы болашағы белгілі болады.

### Әдебиеттер

- Bayram Sinkaya. Turkey-Iran Geopolitical Competition Over Central Asia and the Caucasus. [http://www.academia.edu/1002007/Turkey-Iran\\_Geopolitical\\_Competition\\_Over\\_Central\\_Asia\\_and\\_the\\_Caucasus](http://www.academia.edu/1002007/Turkey-Iran_Geopolitical_Competition_Over_Central_Asia_and_the_Caucasus)
- Dozens of Iranian companies operating in Kyrgyzstan: ambassador. <http://www.tehrantimes.com/economy-and-business/2112-dozens-of-iranian-companies-operating-in-kyrgyzstan-ambassador-https://aikyn.kz/2018/05/16/52735.html>. Айқын газеті. «Дәуір» баспасы. No74 (3342). Мамыр 16, 2018.
- <https://www.inform.kz/>. Халықаралық ақпарат агенттігі. 2014 жылғы 25 шілде. Into EurAsia. Monitoring the EU's Central Asia Satretgy. (Brussels: CEPS; Madrid: FRIDE, 2010), P.112.
- Mohammad Mohaddesin, Islamic fundamentalism. Washington. Seven Locs Press, 2001. 67-бет.
- Peridy, N. (2005); "The Trade Effects of the Euro-Mediterranean Partnership: What Are the Lessons for ASEAN Countries", Journal of Asian Economics, vol. 16, pp 125-139.
- Pradumna, B. Rana (2007); "Economic Integration and Synchronalization of Business Cycles in East Asia", Journal of Asian Economics, vol. 18, Issue 5, pp 711-725.
- Ruttgers, D. , Fabe, A. , Grote, U. (2010); "The Canola Oil Industry and EU Trade Integration: A Gravity Model Approach", Series Proceeding of the German Development Economics Conference, vol. 32.
- Демократические преобразования – вектор развития Казахстана: Интервью Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева // Мир Евразии. – 2004. – № 7. – С.23-25. Региональное сотрудничество как фактор мира и стабильности в Центральной Азии. – М.: РЦПДЦА, 2015. – 254 с.

Парсы тіліндегі әдебиеттер:

اشرفزاده، سيد حميد رضا؛ 1382 "يکپارچگی اقتصادی در کشور های در حال توسعه «  
پایان نامه دوره دکتری، تهران، دانشگاه تربیت مدرس  
رحمانی، میترا؛ عسگری، منصور و عابدین، محمدرضا. 1385. «دستاوردهای تجاری تشکیل  
بلوک منطقه ای در مرکز آسیا»، پژوهشنامه بازرگانی، ش. 8، صفحات 236 - 213  
شکبایی، عل رضا و کبری بطا، فاطمه 1388. "مگرایی اقتصادی در منطقه آسیای  
جنوب غربی"، فصلنامه پژوهشنامه بازرگانی، ش. 53، صص 47 - 23  
فتحی، یحی 1381؛ موانع تعرفه ای و غیر تعرفه ای صادرات ایران در بازار های هدف، چاپ  
اول، مؤسسه مطالعات و پژوهشهای بازرگانی

References

- Bayram Sinkaya. Turkey-Iran Geopolitical Competition Over Central Asia and the Caucasus. [http://www.academia.edu/1002007/Turkey-.TURKEY-IRAN\\_RELATIONS\\_IN\\_THE\\_1990S\\_and\\_the\\_Role\\_of\\_Ideology](http://www.academia.edu/1002007/Turkey-.TURKEY-IRAN_RELATIONS_IN_THE_1990S_and_the_Role_of_Ideology).  
Iran\_Geopolitical\_Competition\_Over\_Central\_Asia\_and\_the\_Caucasus  
Dozens of Iranian companies operating in Kyrgyzstan: ambassador.  
<https://aikyn.kz/2018/05/16/52735.html>. Айқын газеті. «Дәуір» баспасы. No74 (3342). Мамыр 16, 2018.  
<https://www.inform.kz/>. Халықаралық ақпарат агенттігі. 2014 жылғы 25 шілде.  
Into EurAsia. Monitoring the EU's Central Asia Satretgy. (Brussels: CEPS; Madrid: FRIDE, 2010), P.112.  
Mohammad Mohaddesin, Islamic fundamentalism. Washington. Seven Locs Press, 2001. 67-бет.  
Peridy, N. (2005); "The Trade Effects of the Euro-Mediterranean Partnership: What Are the Lessons for ASEAN Countries",  
Journal of Asian Economics, vol. 16, pp 125-139.  
Pradumna. B. Rana (2007); "Economic Integration and Synchronalization of Business Cycles in East Asia", Journal of Asian  
Economics, vol. 18, Issue 5, pp 711-725.  
Ruttgers, D. , Fabe, A. , Grote, U. (2010); "The Canola Oil Industry and EU Trade Integration: A Gravity Model Approach",  
Series Proceeding of the German Development Economics Conference, vol. 32.  
Демократические преобразования – вектор развития Казахстана: Интервью Президента Республики Казахстан Н.  
Назарбаева // Мир Евразии. – 2004. – № 7. – С.23-25.  
Региональное сотрудничество как фактор мира и стабильности в Центральной Азии. – М.: РЦПДЦА, 2015. – 254 с.  
Литература на персидском языке  
Ashrafzadeh Seyyed Hamid Reza; 1382 "Economic Integration in Developing Countries" 1. PhD thesis, Tehran, Torbat Modares  
University.  
Fathi Yahya 1381; Tariff and Non-Tariff Barriers to Iran's Export to Target Markets, Print.  
First, the Institute for Business Studies  
Rahmani Maetra; Asgari Mansour and Abedin Mohammad Reza .2008 "Business Achievements Formation. Regional Bloc in  
Central Asia, "Commercial Journal, Sh. 8, pp. 236-213.  
Shakibaei, Alireza and Kabri Bata, Fatemeh 2009: "Economic Launch in the Asia Region.  
Southwest ", Journal of Commercial Law Research, S. 53, pp. 47-23

**<sup>1</sup> Керімбаев Е.Ә., <sup>2</sup>Чжан Цзян Хуа, <sup>3</sup>Шарыпказы Н.**

<sup>1</sup>3 курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com

<sup>2</sup>профессор, Пекин педагогикалық университеті,  
Қытай, Пекин қ., e-mail: <zhangjh171@foxmail.com

<sup>3</sup>оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

## **ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫТАЙЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастардың бір ерекшелігі дамыған елдердің өзінің ұзақ мерзімдік халықаралық стратегиясын жүзеге асыру үшін жұмсақ күш тәсілін қолдануы. Мұны соңғы кезде қарқынды дамып, әлемдік қауымдастықтың назарын өзіне аударып отырған ҚХР-дан анық аңғаруға болады. Мақалада ҚХР-дың жұмсақ күш саясатының бір құралы ретінде кеңінен қолданып отырған қоғамдық дипломатиясының теориялық негізіне, өзіндік ерекшеліктері мен бағыттарына сараптама жасалған. ҚХР-дың жүргізіп отырған қоғамдық дипломатиясын жан-жақты қарастыру, оның бүгінгі ұстанып отырған сыртқы саяси принциптерін түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** қоғамдық дипломатия, ҚХР, жұмсақ күш, сыртқы істер, АҚШ, Еуропа, қытайлық дәстүрлі мәдениет, Конфуций институты, тіл, мәдениет.

<sup>1</sup>Kerimbaev Y.A., <sup>2</sup>Zhang Jian Hua, <sup>3</sup>Sharypkazy N.

<sup>1</sup>3<sup>rd</sup> year PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com

<sup>2</sup>Professor, Beijing Normal University, China, Beijing: e-mail: zhangjh171@foxmail.com, 13701356373

<sup>3</sup>Lecturer of Oriental Studies Faculty, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

### **Social Diplomacy and its Chinese Experience**

One of the features of international relations in the 21st century is the use of soft power by developed countries to implement their long-term international strategy. This can be seen in the foreign policy of the PRC, which has recently been developing dynamically and attracting the attention of the world community. The article analyzes the theoretical foundations of PRC public diplomacy, its features and development trends, widely used by China as an instrument of soft power policy. A comprehensive consideration of the public diplomacy of the People's Republic of China makes it possible to understand its current foreign policy principles.

**Key words:** public diplomacy, PRC, soft power, international relations, USA, Europe, Chinese traditional culture, Institute of Confucius, language, culture.

<sup>1</sup>Керімбаев Е.А., <sup>2</sup>Чжан Цзян Хуа, <sup>3</sup>Шарыпказы Н.

<sup>1</sup>PhD докторант 3 года обучения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com

<sup>2</sup>профессор, Пекинский Педагогический Университет, Китай, г. Пекин, e-mail: zhangjh171@foxmail.com

<sup>3</sup>преподаватель кафедры китаеведения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

### **Социальная дипломатия и ее китайский опыт**

Одной из особенностей международных отношений в XXI веке является использование мягкой силы развитыми странами для реализации своей долгосрочной международной стратегии. Это можно заметить по внешнеполитической деятельности КНР, которая в последнее время

динамично развивается и привлекает внимание мирового сообщества. В статье анализируются теоретические основы публичной дипломатии КНР, ее особенности и тенденции развития, широко используемые Китаем в качестве инструмента политики мягкой силы. Всестороннее рассмотрение вопросов публичной дипломатии Китайской Народной Республики позволяет понять ее нынешние принципы внешней политики.

**Ключевые слова:** общественная дипломатия, КНР, мягкая сила, международные отношения, США, Европа, китайская традиционная культура, Институт Конфуция, язык, культура.

## Кіріспе

Адамзаттың тарихында дипломатия әртүрлі топтың адамдары түрлі туындаған мәселелер мен қақтығыстарды шешу үшін, арадағы қарым-қатынасты реттеу үшін бір-бірімен араласып, келіссөздер жүргізе бастаған кезден-ақ туындаған. Әлемнің барлық халқына және тарихтың барлық кезеңіне қатысы бар оның тамыры өте тереңде жатыр.

Дипломатияның анықтамасы мен түрі өте көп. Мемлекеттік дипломатиямен салыстырғанда қоғамдық дипломатия «қырғи-қабақ соғыс» кезінде пайда болған жаңа термин. Дипломатияның бір категориясы ретінде кең етек алған қоғамдық дипломатия (public diplomacy) қазіргі заманғы әлеуметтік ғылымдардағы талқыға көп түсетін және қайшылыққа толы саласы болып отыр. Бұл терминді алғаш рет ғылыми қолданысқа 1965 жылы Флетчер құқық және дипломатия мектебінің деканы Э. Гуллион енгізді. Бастапқы кезде «насихат» сөзінің орнына қолдану үшін ұсынылған бұл термин, бертін келе біршама эволюцияға ұшырап, мағыналық жағынан байи түсті. Алайда, бертін келе «үгіт-насихат өзара сенімге негізделмеген, көп жағдайда ол саналы түрде алдауға жатады» деген түсінікпен, қоғамдық дипломатияны үгіт-насихаттан бөлек қарастыра бастады. Э. Гуллионның өзі классикалық дипломатия мен қоғамдық дипломатияның айырмашылығын былай деп түсіндіреді: «қоғамдық дипломатия шет елдегі қоғамдық пікір мен көңіл-күйді зерттеу арқылы, сол қоғамдық пікірді қалыптастыратын адамдарды ақпаратпен қамтиды және соларға ықпал ету арқылы ұлттық мүддені алға жылжытады, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді» (Edmund Gullion [http://publicdiplomacy.wikia.com/wiki/Edmund\\_Gullion](http://publicdiplomacy.wikia.com/wiki/Edmund_Gullion)).

Саяси тәжірибенің жемісі ретінде қоғамдық дипломатия әзірге тұжырымдамалық деңгейде және қолданбалы зерттеулер тұрғысынан ғана сараптамаға түсуде. Халықаралық дискурста мұндай түсініктің пайда болуы трансшекаралық байланыстардың әртараптану үрдісі-

не және қазіргі заманғы мемлекеттердің әлемдік қауымдастық алдында өз сыртқы саясатының тартымдылығын арттырудағы белсенділігіне байланысты (Gao Fei. 2010: 3-4). Ол ХХІ ғасырдағы ең бір маңызды саяси мәселелердің бірі болып отыр. Дәстүрлі дипломатия мемлекет пен халықаралық қатнастардың ресми өкілдері арасындағы қарым-қатынас болса, қоғамдық дипломатия әдетте жалпы шетелдік қауымдастыққа ықпал ету арқылы адамдар арасындағы диалогқа күш салады. Түрлі мемлекеттердің үкіметі мен зерттеуші ғалымдары қоғамдық дипломатияға қатысты өз анықтамаларын береді.

Қоғамдық дипломатияны зерттеуде, оның түрлі механизмдерін ойлап табуда және оны тиімді қолдануда алдына жан салмай отырған АҚШ мемлекеті болғанымен, соңғы кезде басқа да елдердің ғалымдары мен сарапшылары осы бағытта өздерінің ұлттық тәжірибесін табысты дамытып отыр.

Бүгінгі күні әлемде халықаралық қатынастар саласына қатысты өзіндік түсінік пен теориясын алға тартып отырған мемлекеттердің бірі ҚХР. Бұл мақалада біз ҚХР «жұмсақ күш» саясатын жүргізудегі саяси-дипломатиялық бағытының ерекшеліктеріне тоқталдық.

## Негізгі бөлім

ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастардың бір ерекшелігі дамыған елдердің өз ұзақ мерзімдік халықаралық стратегиясын жүзеге асыру үшін жұмсақ күш тәсілін қолдануынан байқалады. Мұны соңғы кезде қарқынды дамыған Қытай мемлекетінен анық аңғаруға болады.

Қытайдың соңғы жылдары қарқынды дамуы, әсіресе әскери қаражатының жыл сайын артуы басқалардың күдік-күмәнін тудырып, «Қытай қаупі» деген мәселе көтерілді. Соған байланысты Қытай әлемнің өзіне деген күдігін сөйілтуді және өзара сенімді қатынас орнатуды маңызды орынға қойып отыр (Кәріпжанов Ж., Мұқаметханұлы Н. 2013: 62). Бұған дейін «Қытай қаупі» дегенде көбінесе оның демографиялық қысымы назарға алынатын. Кейін келе Қытай экономикасының



қарқынды дамуына байланысты әлем оның экономикалық экспансия жасауынан үрейлене бастады. Ал Қытайдың әлеуметтік комплексті қуатының өсуі одан қауіптенуге негіз болды.

Қытайдың әскери және экономикалық потенциалының артуы әлемде бұрыннан қалыптасқан күштердің балансын өзгертті. Сондықтан ҚХР үкіметі әлемге «қытай қаупі» болмайтынын айтты, «Қытайдың бейбіт өрлеуі» ешкімге қатер төндірмейтінін уағыздап, Қытайдың бейбітшілік ел екендігіне сендіру үшін жұмсақ күш тәсілдерін қолдануды жөн санады.

Қытай өзінің бай тарихи, рухани, мәдени мұрасы мен қазіргі тандағы әлеуметтік-экономикалық дамуына, аса зор қаржылық байлығына арқа сүйей отырып, өздері жөнінде қалыптасқан көзқарасты өзгертіп, әлемді шарпыған батыстың мәдени ықпалын тежеуге немесе онымен бәсекелесуге өзінің ұлттық мәдениетін әлемге шығарды.

ҚХР төрағасы Си Цинпин бір сөзінде «Қытай қай кезде болса да даналық пен ақыл-ой күшін өзінің дәстүрлі мәдениетінен алады; біздің мемлекетіміз бүкіл әлемнің алдында күш-қуатқа ие ел ретінде танылып, өз күшіне деген сенімі зор болуы керек. Кез келген нәрсені батыстың құндылықтарымен өлшеп, соған ыңғайлана бермеуіміз керек. «Ортадан оқшауланбай, онымен тіл табыса білу» принципіне сәйкес өз мәдениетіміз бен көзқарастарымызды насихаттағанымыз абзал» (Мэнди Ли. <http://cul.sohu.com>) дегенді.

2007 жылы ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао ҚКП-ның XVII съезінде ҚКП «қытай халқының төл мәдениетін, оның құқығы мен мүдделерін сақтау үшін Қытайдың жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыру керек» (Цинь Яцин. Жэньминь Жибао) деп атап көрсетті. Ол қазіргі әлемде түрлі мәдениеттер қақтығысқанда өз елінің мәдениетін, оның қайталанбас бірегейлігін дамыту қажет (Цинь Яцин. 2015.2.) деп санады. Осы съезде ҚКП мәдениеттің жұмсақ күш әлеуетін арттыру міндетін алға қойды.

«Жұмсақ күш» қолдануда Қытай үкіметі ұлттық тілі мен мәдениетін әлемге тарату арқылы мақсатқа жетуді көздеді. Оның бұл саясатын әлем елдерінің оңай әрі тез қабылдауының басты себебі, Қытайдың экономикалық ықпалының әлемде арта түсуінде, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі елдермен сауда-экономикалық байланыстарының дамуы мен өзара мүдделілігінің артуында. Сондықтан әлем елдерінің Қытайға деген қызығушылығы артты, оның тілі мен тарихи мәдениетін білуге немесе қытайтануға ынтасы күшейді.

Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының тағы бір маңызды бағыты қоғамдық дипломатия болып отыр.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістермен қатар Қытайдың статусының нығаюы оның сыртқы саяси бағыты мен дипломатиясында жаңа геосаяси концепциялар мұқтаждығын туғызды. Сыртқы саясаттағы мәселелерді шешуде жаңа амал-әрекеттерге баруы «Қауіпсіздіктің жаңа концепциясы», «Дамудағы жаңа көзқарас», «Гармониялды әлем» сияқты құжаттарда көрініс тапты және «Жаңа дипломатия» деген атқа ие болды. Дэн Сяопиннің елге стратегиялық бағыт беретін 28 иероглифтен тұратын концепциясы Қытайдың «Жаңа дипломатия» принциптерінің негізі болды. ҚКП-ның жоғарғы билігінде отырғандарға арналған құжатта «Байыппен бақыла, майданға табаныңды мықтап тіре, байсалдықпен төтеп бер, қорғануға шебер бол, аптығып алға шықпа, өзінді жасыра біл, ісінді ілгерілете түс» («冷静 观察, 稳住阵脚, 沉着应付, 善于守拙, 决不当头, 韬光养晦, 有所作为» деген үндеу бар (Усов В.Н. 2009: 842).

Қытайлық саясаттанушы Су Чанхэнің айтуынша Қытай дипломатиясындағы жаңаша ойлау «ашық есік саясаты» басталғаннан-ақ түзіліп, жан-жақты институционалды тетіктердің негізінде жаһандық және аймақтық проблемаларды шешу стратегиясы біртіндеп қалыптаса бастады. 1979 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Қытай дипломатиясының дамуын шамамен үш кезеңге бөлуге болады. Яғни, ашықтық реформалары басталғаннан, 1992 жылы Дэн Сяопиннің Қытайдың Оңтүстігіне барғанда сөз сөйлеген аралықты бірінші кезең деп, 1992 жылдан ҚХР Әлемдік Сауда Ұйымына мүше болған 2001 жыл аралығын екінші және 2001-ден бүгінгі күнге дейінгі аралықты үшінші кезең деп қарастырсақ болады (Су Чанхэ. 2005:11).

XXI ғасырдың басында Қытай үкіметі мен халықаралық байланыс саласының мамандары жаһандық, аймақтық мәселелерге жауап ретінде дипломатиялық практикада «дипломатиядағы жаңаша ойлау» (中国外交新思维) концепциясын енгізуді және іс жүзінде қолдануды қажет деп тапты (Су Чанхэ. 2005: 16).

ҚКП XVI съезінде ұсынылып, XVII съездің даму идеяларында жалғасын тапқан «дипломатиядағы жаңаша ойлау» концепциясы «халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, өзара дамуға ықпал етуге», сонымен қатар, ҚХР ұлттық мүддесін көздеуге шақырады. Ол біріншіден экономикалық дамудың өзегі болса, екіншіден, ұлттық біртұтастықты көздеді. Қытайдың

саясаттанушы ғалымы Ян Цзямянның айтуынша әлемдегі өзгерістер мен дамудың жаңа үрдістері Қытай тарапынан «дипломатиядағы жаңаша ойлау» стратегиясын енгізуді талап етіп отыр (Ян Цзямянь. [www.fmprc.gov.cn](http://www.fmprc.gov.cn)). Қытай стратегиялық өзара сенімді арттыру мақсатында достық және татукөршілік қарым-қатынас ұстануды және өзінің ұлттық мүддесін қорғауды жалғастыра береді. ҚХР сыртқы істер министрі Ван Идің айтуынша, қытайлық жаңаша дипломатияның ерекшелігі, сыртқы саясат жүргізуде басқа үлкен мемлекеттердің ұстанып отырған дәстүрлі жолынан бөлек, өзіндік жол ұстануы болып отыр. Оның пікірінше, қытай халқының социалистік жүйе мен елдің даму жолын, Қытайдың коммунистік партиясының басшылығын және қытайлық ерекшелігі бар социализмді қолдауы, жаңа дипломатияның негізі болып отыр (Ван И. [www.huanqiu.com](http://www.huanqiu.com)).

Қытайдың сыртқы саясатты жүргізудегі негізгі дипломатиялық құралдары мен тетіктері Қытайдың «жұмсақ күш» концепциясы мен оның ҚХР сыртқы саясатындағы рөлін зерттейтін мамандардың қызығушылығын туғызып отыр. Бұған қатысты ғалымдар «табиғи» және «жасанды» деп екі жолды көрсетеді. «Табиғи» жол дегені, мемлекет өзінің экономикадағы, мәдениет пен ғылымдағы жетістігіне, ел ішінде және халықаралық аренада жүргізіп отырған саясатының заңдылығына байланысты, өзінің әлемдік қауымдастық алдындағы имиджін автоматты түрде жақсартады. Екінші жағдай, мемлекеттің халықаралық имиджін арттыруға бағытталған ақпаратқа, жарнамаға және үгіт-насихатқа негізделген түрлі амалдар мен әрекеттерге баруды меңзейді. Яғни, мақсатты түрде өзінің «жұмсақ күшінің» бет-бейнесін қалыптастырады. Әдетте ол мемлекеттік дәстүрлі дипломатия, қоғамдық дипломатия және шет мемлекеттердің дамуына көмектесетін түрлі бағдарламалар мен гуманитарлық көмек көрсету арқылы үш бағытта жүзеге асырылады (Радиков И., Лексютин Я.. 2012: 2).

Біз мақалада қарастырайын деп отырған қоғамдық дипломатия концепциясын Қытайда әр түрлі түсіндіретіндіктен, алдымен осыған қатысты терминдерді бір шолып шығайық. Әдетте, Қытайда қолданылатын 对外宣 – *duìwàixuān* немесе 外宣 – *wàixuān* терминдері сыртқы үгіт-насихатты білдіреді және ол Қытайдың жеткен жетістіктерін жарнамалауға, елдің имиджін қалыптастыруға бағытталған. Қытай тілінде, басқа тілдерге қарағанда үгіт-насихат сөзі «жаңалықтар тарату», «идеология қалыптасты-

ру» деген сияқты жағымды коннотацияға ие. Кейбір кездерде 民间外交 – *mín jiān wài jiāo* «халықтық дипломатия» немесе 非传统外交 – *fei chuān tōng wài jiāo* «дәстүрлі емес дипломатия» деген сияқты сөздер қолданылады. Соңғы кезде ең көп қолданылып жүрген термин 公共外交 – *gōng gòng wài jiāo* тіркесі.

Бүгінгі күні бас-аяғы қалыптасқан ҚХР-дың қоғамдық дипломатиясы төмендегідей бір қатар мақсаттарды көздейді:

Сыртқы экспансия емес, өз азаматтарының өмірі мен тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған, үйлесімді қоғам құруға бет алған елдің имиджін қалыптастыру. Дэн Сяопиннің өзі, қытай қоғамын жаңғыртудың негізі ретінде, бакуаттылықтың төменгі деңгейін көздейтін ежелі Қытайдың «小康 – *xiao kang*» тұжырымдамасын қолданды. Бұл міндет ҚКП-ның XII және XVII съездерінің құжаттарында бекітілді.

Өзара өркендеуге септігін тигізетін, тұрақты да сенімді серіктес елдің бет-бейнесін қалыптастыру. Бейбіт жолмен өрлеу (和平崛起) концепциясы Батыста етек алған қытай қаупі идеясына қарсы қоятын құрал ретінде пайда болды. Осы идеяның шеңберінде Қытай агрессивті амалдарға жүгінуге ниетті емес, керісінше, достық пен түсіністік негізінде, тең құқылы ынтымақтастық пен қарым-қатынас орнатуға ұмтылатын ел екенін көрсету. Қытай экологиялық, түрлі аурулармен және кедейшілікпен күрес сияқты жаһандық мәселелерді талқылау мен шешуде белсенділік танытып отыр.

Қытай мәдениетін әлем мәдениетін толықтыруға қабілетті ежелгі де бірегей мәдениет ретінде таныту. Бұл бағыттағы саясат Қытай туралы түрлі қатып қалған стереотиптардан ада мәліметтерді таратуға күш салу арқылы ғана, басқа елдердің түсіністігі мен құрметіне қол жеткізуге болатынына негізделген.

ҚХР-дың қоғамдық дипломатиясының маңызды бағыттарының бірі, өзінің ішкі аудиториясына бағытталған іс-шаралар өткізу. Осылайша, Қытай халқының өз еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, осы саясаттың бөлінбес бөлшегі (Кривохиж С.В. 2012: 3).

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін ҚХР басшылығы қоғамдық дипломатияның БАҚ, интернет ресурстары, басылымдар, халықаралық мәдени іс-шаралар сияқты қоғамдық құралдарын қолданумен қатар, «Конфуций институты» сияқты өте сәтті шыққан жобаны да кеңінен қолдануда. Бұл құрылымның мақсаты – «басқа елдермен арада достық қарым-қатынас орнату және қытай тілін оқитындардың арасында қытай

мәдениеті мен тілін түсінуді тереңдету» (english.hanban.edu.cn). 2016 жылдың желтоқсан айындағы мәлімет бойынша, әлемнің 140 мемлекетінде 512 Конфуций институты мен 1073 Конфуций сыныптары өз жұмыстарын жүргізіп отырды. Оның ішінде Азияның 32 мемлекетінде 115, Африканың 33 мемлекетінде 48, Еуропаның 41 мемлекетінде 170, Американың 21 мемлекетінде 161 және Тынық мұқиты аймағының 3 мемлекетінде 18 институт бар. Қытай мен қытайлықтардың жағымды бет-бейнесінің қалыптасуына студенттік алмасулардың да тигізген әсері зор. 2010 жылдың өзінде әлемнің 194 елінен 260 мың студент Қытайға оқуға келген. Қытайға оқуға ең көп студент жіберетін елдердің бестігіне Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония, Тайланд және Ресей кіреді. Және бір айта кететін мәселе, қытай тілін оқуға келген студенттердің басым бөлігі Қытайда қалып, жұмыс істеу мақсатын көздеп келгендер (news.xinhuanet.com).

Қытайдың қоғамдық дипломатиясының тағы бір маңызды бағыты, түрлі шет тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдар жүйесін дамыту. Бүгінгі күні Қытайдың халықаралық радиосы белсенді жұмыс жасап жатыр, Синхуа агенттігі бірнеше тілде хабар жүргізіп отыр, Қытайдың мемлекеттік тележүйесі (CCTV) соңғы кезде шетелде хабар тарату ауқымын біршама кеңейтті. Онымен қоса, Пекинде жұмыс жасайтын шетелдік корреспонденттердің саны жылдан-жылға артып келеді. Шет елдерге шыққан ҚХР басшылары жиі-жиі ашық пресс-конференциялар өткізуде. Ал, шетелдік журналшылар Қытайда өтетін түрлі ресми жиындар мен отырыстарға еркін қатыса алатын мүмкіндікке ие болды. Осы мақсатта кейінгі кезде интернетті де белсенді пайдалана бастады. Практика жүзінде тікелей қоғамдық дипломатияны жүргізетін басым бағыт ретінде, мемлекет ақпараттық кеңестікті дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Халықаралық экономикалық форумның жылғы ақпараттық технологиялар бойынша берген есебінде Қытай 2001-2002 64-орында болса (hasp.axesnet.com), 2005-2006 жылы 50-орынға көтерілген (www.unctad.org), ал 2010-2011 жылғы көрсеткіш бойынша 36 шығып, Италия, Бразилия, ОАР және Ресей сияқты елдерді артқа тастаған (www3.weforum.org).

Ауқымды халықаралық іс-шаралар ұйымдастыру да ҚХР-дың қоғамдық дипломатиясының құрамдас бөлігі. Мысалы, 2001 жылы Шанхайда өткен АТЭО саммитін, 2008 жылы Пекинде өткен жазғы Олимпиада ойындарын, 2010 жылы Шанхайда өткен Халықаралық ЭКСПО

көрмесін, 2010 жылы Гуанжоу қаласында өткен жазғы Азия ойындарын атап өтсек те болады. 2001 жылы Берлинде өткен Қытай мәдени апталығы, 2004 жылғы Франциядағы Қытай мәдениетінің жылы, 2007 жылғы Ресейдегі Қытай жылы сияқты екі жақты мәдени іс-шаралар да өте белсенді түрде өткізілуде. Мұндай іс-шаралардың елге туристер тартуға үлкен септігі бар, сонымен қатар, мәдени іс-шаралар шетелдіктерді қытайлықтардың өмір салтымен, тұрмыс-тіршілігімен, менталитетімен және бай мәдениетімен таныстыратын керемет мүмкіндік.

Қытай мәдениетін тарату мен Қытай туралы қатып қалған стереотиптерді өзгертумен қатар, ҚХР үкіметі әлемнің артта қалған аймақтарын дамытуға да қомақты қаржы салып отыр. Оның ішінде дамушы мемлекеттердің мамандарын оқыту, кедей елдердің студенттеріне грант беру, еріктілерді тарту сияқты бір қатар әрекеттер бар. Табиғи апаттарда көрсетілетін көмектің де ауқымы кеңейді. Осылайша, ҚХР әлемдік қауымдастықтың жауапты бір мүшесі деген имиджін қалыптастыруда. Өйткені, қоғамдық дипломатияның үгіт-насихаттан айырмашылығы да сол, әлемдік жүйеде лайықты орынға таласы бар екенін нақты іс-әрекетімен дәлелдеп отыруы керек.

ҚХР қоғамдық дипломатиясын қарастырған кезде, тағы бір мән беру керек мәселе, Батыспен Қытайдың қоғамдық дипломатияға қатысты түсініктерінің әр түрлі болуы. «Жұмсақ күш» концепциясы мен «қоғамдық дипломатия» түсінігі әу баста, Батыстың халықаралық қатынастар теориясында пайда болғандықтан, кейбір кезде батыстық және қытайлық қоғамдық дипломатияны салыстыруда немесе баға беруде белгілі қиындықтар туындайды. Мысалы: ҚХР қоғамдық дипломатиясымен айналысатын институттардың рөлі мен статусына қатысты сұрақтарға жауап табу қиын. Батыстық түсінікке салсақ, қоғамдық дипломатия басқа елдің халқына бағытталған, мемлекеттің саналы түрде жасайтын амал-әрекеттері. Тиісінше, қоғамдық дипломатиямен айналысатын институттар мемлекеттік болуы керек немесе мемлекетке бағынышты болуы керек. Осылайша, қазіргі кездегі ҚХР қоғамдық дипломатиясының мақсаты мен міндеттерін қалыптастыруда және оны жүзеге асыруда ҚКП шетелдегі үгіт-насихат Департаменті мен Мемлекеттік кеңестің Ақпараттық Орталығы негізгі рөлді ойнап отыр. Сонымен қатар басқа мемлекеттерге барып, қарапайым бұқара халықпен кездесіп, белсенділік танытып жүрген Төраға мен премьер

министр сияқты ҚКП саяси лидерлері де Қытайдың қоғамдық дипломатиясына өз үлестерін қосып отыр. Мысалы, 2007 жылы Вэнь Цзябао Жапонияға барған сапарында фермерлермен бірге қызанақ егіп, студент жастармен бейсбол ойнады (SiegL.www.chinadaily.com.cn). Қытайдың қоғамдық дипломатиялық стратегиясын қалыптастыруда ҚХР Сыртқы істер министрлігі көп араласа бермейтіндей көрінгенмен, бұл бағыттағы жобалар осы мекеме арқылы атқарылады. 2000 жылы ҚХР СІМ жанынан ең алғашқы халықаралық пресс-орталық құрылды.

Әдетте Қытайдың қоғамдық дипломатиясын қарастырып жүрген батыстық зерттеушілер жоғарыда атап өткен мекемелермен ғана шектелмей, оған ҚХР қоғамдық ұйымдарын да қосады. Өйткені, батыстық түсінікпен мемлекеттік емес акторлар бұл мемлекетке тәуелді емес, өз мүдделері үшін, өз атынан жұмыс жасайтын ұйымдар. Ал, енді қытайлық түсінікке салсақ, қоғамдық ұйымдар толығымен мемлекеттік емес болып саналмайды. Қытайда жұмысын жүргізіп отырған мемлекеттік емес ұйымдар мемлекеттің саясатын түзуде белгілі бір деңгейде ықпал етеді, алайда, сонымен қатар оларды мемлекет те бақылауында ұстап отырады. Осылайша, қоғамдық ұйымдардың басым бөлігі біршама автономдық құқыққа ие, мемлекет маңызды деген шешімдерді қабылдағанда ғана қолдау білдірумен шектеледі (Yiyi Lu. www.chathamhouse.org). Қытайлық зерттеушілер осы қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік мекемелерден айырмашылығы деп 3 факторды атап көрсетеді.

Біріншіден, олар мемлекеттің бастамасымен, мемлекеттің күш салуымен құрылған жоқ;

Екіншіден, олар өз қызметтерін мемлекеттен бөлек жүргізуде;

Үшіншіден, олар ұйымның жарғысында бекітілген мүдделерге қызмет жасайды;

Кейде, батыстық зерттеушілер қытайлық қоғамдық ұйымдардың жұмысын қоғамдық дипломатияға жатқызады. Мысалы, «Қытайдың шетелмен достық халық қоғамы». Ал, қытайлық

ғалымдар мұндай ұйымдардың қызметін ҚХР үшін дәстүрлі болып есептелетін халықтық дипломатия (民间外交 – min jian wai jiao) саласына жатқызады. Қытайлықтар бауырлас қалалар арасында қарым-қатынас орнату, жергілікті мемлекеттік емес достық қоғамдарын құру, театр труппалары арасындағы барыс-келіс, көркемөнер көрмелері мен шығармашылық ұжымдар арасындағы қарым-қатынастар сияқты іс-шараның барлығын халықтық дипломатияға жатқызады.

Сондықтан, ҚХР қоғамдық дипломатиясын қарастырған кезде, Қытай мен батыс елдері арасындағы саяси құрылымның айырмашылығы, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатқа қатысты мәселелерді зерттеудегі айырмашылықтар сияқты факторларды назарға алу керек.

### Қорытынды

Қытайлық ерекшелігі бар «жұмсақ күштің» түйінді элементтеріне қатысты Қытайдың ғылыми ортасында белең алған белсенді айт-тартыс, осы концепцияны мемлекеттік деңгейде қалыптастыруға түрткі болды. Қытайлық зерттеушілер мен үкіметі осындай сыртқы саясатта артықшылығы бар тетіктерді барынша тиімді пайдалану үшін, елдің өзіндік ерекшелігін негізге алған модель жасап шығу керек екенін жақсы түсініп отыр. «Жұмсақ күш» концепциясының көп тұсы Қытайдың сыртқы саясаттағы дәстүрлі ұстанымдарына жақсы келетін болғандықтан, ол сыртқы саясаттағы көптеген алдыға қойған мақсаттарына жетуге септігі тиетін бірден-бір ресурстарының бірі болып отыр. «Жұмсақ күштің» қарқынын үдететін негізгі құрал ретінде, қоғамдық дипломатия да Қытайдың қазіргі кезде ұстанып отырған сыртқы саясаттағы бағытымен үйлесім тауып отыр. Дипломатияда қалыптасқан дәстүрлі амал-тәсілдер мен ҚХР тән халықтық дипломатиямен бірлесіп қоғамдық дипломатия да Қытайдың сыртқы саясатын жүргізудегі негізгі құралдарының біріне айналуы мүмкін.

### Әдебиеттер

Edmund Gullion [Электронный ресурс]. URL: [http://publicdiplomacy.wikia.com/wiki/Ed-mund\\_Gullion](http://publicdiplomacy.wikia.com/wiki/Ed-mund_Gullion) (дата обращения: 20.09.2011).

Gao Fei. Discussion papers in diplomacy. The Shanghai Cooperation Organization and China's New Diplomacy. Netherlands, 2010. P. 3-4.

Global informational technology report 2001-2002 [Электронный ресурс]. URL: <http://hasp.axesnet.com/contenido/documentos/harvard%20global%20it%20readiness.pdf> (дата обращения: 20.02.2012).



- Global informational technology report 2005-2006 [Электронный ресурс]. URL: [http://www.unctad.org/sections/wcmu/docs/c3em29p005\\_en.pdf](http://www.unctad.org/sections/wcmu/docs/c3em29p005_en.pdf) (дата обращения: 20.02.2012).
- Global informational technology report 2010-2011 [Электронный ресурс]. URL: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_GITR\\_Report\\_2011.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_GITR_Report_2011.pdf) (дата обращения: 20.02.2012).
- Introduction to the «Confucius Institute» Project [Электронный ресурс] // Website Hanban. URL: <http://english.hanban.edu.cn/market/HanBanE/412360> (дата обращения: 12.11.2011).
- [http://www.hanban.edu.cn/confuciousinstitutes/node\\_10961.htm](http://www.hanban.edu.cn/confuciousinstitutes/node_10961.htm)
- Ministry of Foreign Affairs of the People's Republic of China. 2013.11.01. (Ян Цземьянь. Новое стратегическое мышление в дипломатии Китая. Ян Цземьянь на мероприятиях, посвященных публичной дипломатии в Сянгане // Министерство иностранных дел КНР. 01.11.2013) [Электронный ресурс]. URL: [http://www.fmprc.gov.cn/mfa\\_chn/zwbdt\\_602255/t1094988.shtml](http://www.fmprc.gov.cn/mfa_chn/zwbdt_602255/t1094988.shtml)
- Number of foreign students in China rise in 2010 [Электронный ресурс]. URL: [http://news.xinhuanet.com/english2010/culture/2011-03/04/c\\_13760778.htm](http://news.xinhuanet.com/english2010/culture/2011-03/04/c_13760778.htm) (дата обращения: 12.11.2011).
- Sieg L. 'China's Wen has Hard Sell on Thaw in Japan, at Home, 12 April 2007 [Электронный ресурс] // Reuters; and China-daily.com. URL: [http://www.chinadaily.com.cn/china/2007-04/12/content\\_849014\\_4.htm](http://www.chinadaily.com.cn/china/2007-04/12/content_849014_4.htm) (дата обращения: 12.11.2011).
- Yiyi Lu. The growth of civil society in China, key challenges for NGOs [Электронный ресурс] // Chatham house, Asia programme, February 2005. URL: <http://www.chathamhouse.org/sites/default/files/public/Research/Asia/china.pdf> (дата обращения: 12.11.2011).
- Ван И. Итоги 2014 года: успешный год дипломатии Китая [Электронный ресурс] // Хуаньцюань. 25.12.2014.) URL: [http://opinion.huanqiu.com/opinion\\_world/2014-12/5290371.html](http://opinion.huanqiu.com/opinion_world/2014-12/5290371.html) (дата обращения: 08.03.2015).
- Кәріпжанов Ж., Мұқаметханұлы Н. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013, -62-б.
- Кривохиж С.В. «Мягкая сила» и публичная дипломатия в теории и внешнеполитической практике Китая // Вестник Санкт-Петербургского Университета. 2012. – Выпуск 3.
- Мэнди Ли. 习近平为何要求仔细读孔子 [Электронный ресурс] = Почему Си Цзиньпин велит нам изучать Конфуция // Хайвай-ван. 2013. 29 нояб. URL: <http://cul.sohu.com/20131129/n390995638.shtml> (дата обращения: 28.07.2014).
- Радиков И., Лексютин Я. «Мягкая сила» как современный атрибут великой державы // Мировая экономика и международные отношения. 2012. – №2.
- Су Чанхэ. Изучая новую китайскую внешнюю политику: многосторонние международные институты и новое китайское мышление в дипломатии // Мировая экономика и политика. – 2005. № 4. – С. 11-16.
- Усов В. Н. Дэн Сяопин и его время. – М.: «Стилсервис». 2009. – 842 с. - ISBN 978-5-93712-009-0
- Цинь Яцин. Теория международных отношений должна развиваться разносторонне / Цинь Яцин // Жэньминь Жибао, 11 февраля, 2015 秦亚青. 国际关系理论亦需多元发展//人民日报
- Цинь Яцин. Теория реляционности в международной политике / Цинь Яцин // Мировая политика и экономика. – 2015. – №2. – С. 6 秦亚青. 国际政治的关系理论//世界经济与政治.

#### **Paidalanylğan ádebietter:**

- Edmýnd Gýllion [Elektronnyı resýrs]. URL: [http://publicdiplomacy.wikia.com/wiki/Ed-mund\\_Gullion](http://publicdiplomacy.wikia.com/wiki/Ed-mund_Gullion) (data obrasheniia: 20.09.2011).
- Gao Fei. Discussion papers in diplomacy. The Shanghai Cooperation Organization and China's New Diplomacy. Netherlands, 2010. P. 3-4.
- Global informational technology report 2001-2002 [Elektronnyı resýrs] URL: <http://hasp.axesnet.com/contenido/documentos/harvard%20global%20it%20readiness.pdf> (data obrasheniia: 20.02.2012).
- Global informational technology report 2005-2006 [Elektronnyı resýrs] URL: [http://www.unctad.org/sections/wcmu/docs/c3em29p005\\_en.pdf](http://www.unctad.org/sections/wcmu/docs/c3em29p005_en.pdf) (data obrasheniia: 20.02.2012).
- Global informational technology report 2010-2011 [Elektronnyı resýrs] URL: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_GITR\\_Report\\_2011.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_GITR_Report_2011.pdf) (data obrasheniia: 20.02.2012).
- Ian Tszemian. Regýlrovanie kitaiskoi diplomaticheskoi strategii na novom etape [Elektronnyı resýrs] // 21ccom.net. 20.03.2014. URL: [http://www.21ccom.net/arti-cles/qqsww/zlwj/article\\_20140320102736.html](http://www.21ccom.net/arti-cles/qqsww/zlwj/article_20140320102736.html) (data obrasheniia: 07.03.2015).
- Introduction to the “Confucius Institute” Project [Elektronnyı resýrs] // Website Hanban. URL: <http://english.hanban.edu.cn/market/HanBanE/412360> (data obrasheniia: 12.11.2011).
- Káripjanov J., Muqamethanuly N. Qytaidyń syrtqy saiasaty jáne Qazaqstanmen qatynasy (2000-2010 jyldar). – Almaty: Qazaq ýnversiteti, 2013, -62-b.
- Krivoij S.V. «Miaakaia sila» i pýblichnaia diplomatiia v teorii i vnesnepoliticheskoi praktike Kitaia // Vestnik Sankt-Peterbýrgskogo Ýniversiteta. 2012. Vypýsk 3.
- Mendi Li 习近平为何要求仔细读孔子 [Elektronnyı resýrs] = Pochemy Si Tszinpin velit nam izýchat Konfýtsia // Haivai-van. 2013. 29 noiab. URL: <http://cul.sohu.com/20131129/n390995638.shtml> (data obrasheniia: 28.07.2014).
- Ministry of Foreign Affairs of the People's Republic of China. 2013.11.01(Ian Tszemian. Novoe strategicheskoe myshlenie v diplomatii Kitaia. Ian Tszemian na meropruiatiiah, posviaennyh pýblichnoi diplomatii v Siangane // Ministerstvo inostrannyh del KNR. 01.11.2013) [Elektronnyı resýrs]. URL: [http://www.fmprc.gov.cn/mfa\\_chn/zwbdt\\_602255/t1094988.shtml](http://www.fmprc.gov.cn/mfa_chn/zwbdt_602255/t1094988.shtml) (data obrasheniia 07.03.2015).

Number of foreign students in China rise in 2010 [Elektronnyy resýrs] URL: [http://news.xinhuanet.com/english2010/culture/2011-03/04/c\\_13760778.htm](http://news.xinhuanet.com/english2010/culture/2011-03/04/c_13760778.htm) (data obrasheniya: 12.11.2011).

Radikov I., Leksiytina Ia. «Miagkaia sila» kak sovremennyy atribút velikoi derjavy // Mirovaia ekonomika i mejdýnarodnye otnosheniya. 2012. №2.

Sieg L. ‘China’s Wen has Hard Sell on Thaw in Japan, at Home, 12 April 2007 [Elektronnyy resýrs] // Reuters; and Chinadaily.com. URL: [http://www.chinadaily.com.cn/china/2007-04/12/content\\_849014\\_4.htm](http://www.chinadaily.com.cn/china/2007-04/12/content_849014_4.htm) (data obrasheniya: 12.11.2011).

Sý Chanhe. Izýchaia novýy kítaiskýy vneshniýy politiký: mnogostoronnie mejdýnarodnye institúty i novoe kítaiskoe myshlenie v diplomati // Mirovaia ekonomika i politika. 2005. № 4. С. 11-16.

Tsin Iatsin. Teoriia mejdýnarodnyh otnosheni doljna razvivatsia raznostoronnie/Tsin Iatsin// Jenmin Jibao, 11 fevralia, 2015 秦亚青. 国际关系理论亦需多元发展//人民日报

Tsin Iatsin. Teoriia relatsionnosti v mejdýnarodnoi politike/Tsin Iatsin// Mirovaia politika i ekonomika. –2015. –№.2. –С.6 秦亚青. 国际政治的关系理论//世界经济与政治.

Van I. Itogi 2014 goda: ýspeshnyi god diplomati Kítaia [Elektronnyy resýrs] // Hýantsývan. 25.12.2014.) URL: [http://opinion.huanqiu.com/opinion\\_world/2014-12/5290371.html](http://opinion.huanqiu.com/opinion_world/2014-12/5290371.html) (data obrasheniya: 08.03.2015).

Yiyi Lu. The growth of civil society in China, key challenges for NGOs [Elektronnyy resýrs] // Chatham house, Asia programme, February 2005. URL: <http://www.chathamhouse.org/sites/default/files/public/Research/Asia/china.pdf> (data obrasheniya: 12.11.2011).

Ýsov V. N. Den Siaopin i ego vremia. — М., «Stilservis» 2009. — 842 б. — ISBN 978-5-93712-009-0

2-бөлім  
**ФИЛОЛОГИЯ**

---

Раздел 2  
**ФИЛОЛОГИЯ**

---

Section 2  
**PHILOLOGY**

<sup>1</sup>Керім Ш.Т., <sup>2</sup>Альмухаметов А.Р.

<sup>1</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: dr\_shams2006@yahoo.com

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: alirauf210@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

### **ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕН ШЫҚҚАН АРАБ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ БІЛГІРІ, ҒҰЛАМА, ИМАМ ТАДЖ АД-ДИН ӘЛ-ЖЕНДИДІҢ «ӘЛ-МАҚАЛИД» КІТАБЫ**

Сыр бойындағы Жент қаласының тумасы Таж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди (700/13001 ж.қ.б.) араб тілі морфологиясына арналған бағалы еңбектер қалдырған тілші ғалым болып есептеледі. Әл-Жендидің біз заманымызға аман-есен жоғалмай жеткен туындыларының бірі – «әл-Мақалид» әл-Мутарризидің «әл-Мисбах» атты кітабына жасалған шарх. Имам Наср ибн Әби әл-Мукаррам Әбд ас-Саии бин Әли Әбу әл-Музаффар әл-Мутарризи (610/1213 жылдар шамасында қ.б.) Хорезмнен шыққан аса көрнекті тілші ғалым. Әл-Жендидің «әл-Мақалидте» әрбір сөзді егжей-тегжейлі, реттілікпен зерттеу тәсілін қолданған, негізгі дәлелдің қайнар көзі Құран мен хадис және әдеби мәтіндерге сүйенген. Еңбекте ең көп қолданған әдіс оқырманға ойындағы диалогтар пен сұрақтар ұсынып, осы сауалдарға жауап ретінде ережелер мен үкімдерді келтіруінде. Кітап ғылыми бағытының айқындылығымен және жеңілдігімен ерекшеленеді. Жұмыста синтаксис ілімінің ережелері мен оның мағыналары толыққанды қамтылған. Автор адамның ақылына қуат беріп, әсерін тигізу үшін, танымдық ойлау жүйесін дамыту мақсатында және өзгелерге үйрету жолында әрбір мәселенің мән-жайын ашып, ап-айқын түсіндіру жолын ұстанған. Сөз бен сөйлемдерді қолдану формасы өте анық, қызықты және түсініктемелері де оңай әрі құрылымы жағынан аса жүйелілікпен жазылған. Сондай-ақ синтаксис қағидаларындағы пәлсапаға да орын берген. Осылайша өте терең логикалық аналогияларға талдау жасай алған. Сөйтіп мәселенің түпкі мәні мен мазмұны байыпты түрде айқындалғанша баяндайды. Кей тұста тұжырымдарды қайталап өтеді де, кітапты оқып отырған оқушы еш шүбәсіз қабылдап, қанағаттанғанға дейін дәйектемелерді келтіріп оның себебі мен салдарын нақты түсіндіреді.

**Түйін сөздер:** әл-Женди, имам, ғалым, «әл-Мақалид», Құран мәтіндер, араб тілі, грамматика, синтаксис, сөз.

<sup>1</sup>Kerim Sh.T., <sup>2</sup>Almuhametov A.R.

<sup>1</sup>Doctor of philology, professor, e-mail: dr\_shams2006@yahoo.com

<sup>2</sup>Doctor of philosophical science, assistant professor, e-mail: alirauf210@mail.ru

Nur-Mubarak Egypt for islamic culture university, Kazakhstan, Almaty

### **The book “ Al-Makhalid” by the distinguished, famous Arabic grammarian, imam Tadge ad-din al-Zhendi from Kazakh land**

The article analyzes the book of a native of the ancient Syrdarya city of Gent, an expert in Arabic grammar, Imam Taj ad-Din al-Zhendi “al-Makalid.” Taj ad-din Ahmed ibn Mahmoud ibn Omar al-Zhendi is considered to be one of the Arab grammar experts in the modern scientific community. The book “al-Makalid” is a commentary on the work of “al-Mishbah” by a famous linguist al-Muzaffar al-Muttarizi from Khorezm. Al-Makalid is notable for the ease of presentation of the analyzed textual material from the Qur’an, Hadith, Arabic literature, etc. The author dwells on the study of the basic syntactic rules of the Arabic language, a detailed analysis of the syntactic principles, forms of using words and phrases. The form of presentation of the material, which consists in the formulation of rules and principles by solving the questions of interest through a dialogue with the reader, is of great interest too.

**Key words:** al-Zhendi, imam, scholar, “Al-Makalid”, Koranic texts, Arabic, grammar, syntax, word.



<sup>1</sup>Керім Ш.Т., <sup>2</sup>Альмухаметов А.Р.

<sup>1</sup>доктор филологических наук, профессор, e-mail: dr\_shams2006@yahoo.com

<sup>2</sup>кандидат философских наук, доцент, e-mail: alirau210@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нұр-Мұбарак, Казахстан, г. Алматы

**Сочинение «аль-Макалид» уроженца казахской земли, непревзойденного знатока арабской грамматики, ученого имама Тадж ад-дин аль Женди**

В статье анализируется книга выходца из древнего сырдарьинского города Джент, знатока грамматики арабского языка, имама Тадж ад-дин аль-Женди «аль-Макалид». Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмуд ибн Омар аль-Женди считается современным научным сообществом, одним из знатоков арабской грамматики. Книга «аль-Макалид» является комментарием к труду «аль-Мисбах» известного ученого-лингвиста из Хорезма аль-Музаффар аль-Муттариизи. «Аль-Макалид» отличается легкостью изложения анализируемого текстового материала из Корана, хадисов, произведений арабской литературы и др. Автор останавливается на исследовании основных синтаксических правил арабского языка, детальном анализе синтаксических принципов, формах использования слов и словосочетаний. Также интересна форма подачи материала, которая заключается в формулировании правил и принципов путем решения интересующих вопросов через диалог с читателем.

**Ключевые слова:** аль-Женди, имам, ученый, «Аль-Макалид», коранические тексты, арабский язык, грамматика, синтаксис, слово.

**Кіріспе**

Орта ғасырларда Қазақстанда Ислам дінінің орнығуымен бірге араб филологиясы ілімдері дамыды. Сыр бойындағы кіндік қаны тамған Тадж ад-дин әл-Женди араб тілі морфологиясына арналған бағалы еңбектер қалдырған тілші ғалым болып есептеледі.

Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмуд ибн Омар әл-Женди жайлы Қазақстанда алғаш рет профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» (Дербісәлі, 2008:144) атты кітапта сөз етті, кейін «Руханият және өркениет. Зерттеулер мен мақалалар» атты еңбегінің «Орта ғасырлардағы Женд және жендітік ғалымдар» деген бөлімінде алдыңғы кітабында ұсынылған мәліметтерін толықтыра түскен (Дербісәлі, 2016:218-225). Ғұламаның туған жылы туралы дерек табылмады, тек зерттеушілер оның 700/1300 жылы қайтыс болғандығын айтады. Ғалымның «Тадж ад-диннен» басқа «Шараф ад-дин» атты лақабы Хұсам ад-дин ас-Сығнакидің (1314 ж.қ.б.) «әл-Муассал» атты кітабында (Ахмад, 1998:3), әл-Итқанидің «Рисала фи рафаил иад индә р-руку уә индә рафа ир-раас минһу фис-салат уа адаму жауазиһи» (Намазда руқұға және одан басты көтергенде қолды көтеру және оған рұхсат етілмейтіндігі туралы) атты трактатында (Керім, 2017:24), Абу Абдаллаһ Мұхаммед бин Ахмад аз-Заһабидің (848/1447 ж.қ.б.) «әл-Муштабиһ фир-рижал асмаһим уа ансабиһим» (Кісі аттары мен олардың ныспыларындағы ұқсастықтар) атты еңбегінде аталып өтеді (Заһаби, 1962:181).

Тарихи-ғұмырнамалық кітаптарда әл-Жендидің есіміне қатысты екіұштылық көрініс тапқан. Сондай-ақ туған жеріне де байланысты қарама-қайшылықтар туындаған. Кейбір ғалымдар Женд

кентіне теліп, «әл-Женди» деп атаса, келесі бір ғұламалар Худженд аймағында дүниеге келгенін айтып, «әл-Худженди» деген. Ғалымның Худженд өлкесінен екендігі тек «Кәшф әз-зунун» атты еңбекте аталып өткен (Хажи Халифа, 1941:112).

Бұны Карл Брокельман Хажи Халифаның қатесін жөндеген сәтте тілге тиек етеді. Өйткені Карл Брокельман әл-Жендидің 751 жылы қайтыс болғандығын айтқан. Ғалым «әл-Мисбах» кітабына түсіндірме жазған Ахмад ибн Махмуд ибн әл-Женди (Махмуд ибн Умар әл-Хужнади). Кітабының аты: «әл-Мақалид». Әл-Женди 700 жылы дүниеден озды» дегенде Махмуд ибн Умар әл-Худженди деген есімді жақшаның ішіне жазу арқылы басқа кісі туралы сөз қозғап жатқандығын, яки әл-Жендидің осы атпен де танылғандығын аңғартқысы келген сынды.

Хажи Халифа «Кәшф әз-зунун» атты кітабында ғалымның аты-жөнінің бірнеше формада келгенін қуаттау үшін нұсқадағы жазылғаны бойынша жеткізген. Сондықтан мұндай қарама-қайшылықтардың пайда болуына әсер еткен негізгі себептердің бірі көшірме жасаушылардың қателікке бой алдыруынан туындауы әбден мүмкін. Шын мәнінде ең дұрыс пікір – әл-Женди. Мұның бірнеше себептері бар. Олар:

Ғалымдар «әл-Женди» деген ныспысына бірауыздан келіскен. Бұл пікірді Хажи Халифа да айтқан. Сондай-ақ тарихи-ғұмырнамалық кітаптары да әл-Женди екендігін қуаттайды. Мысалы 848/1447 жылы дүниеден өткен замандасы аз-Заһабидың «әл-Муштабаһ мин әр-рижәл» кітабын айтып өтсек болады. Имам аз-Заһаби өз сөзінде: «Шараф ад-дин Ахмад ибн Махмуд әл-Женди – білгір ғалым, бірнеше еңбектері бар

және ерекше қадір-қасиетке ие тұлға», – деп сипаттаған (Заһаби, 1962:217).

Ғалым – Жент кентінің тумасы, жалпы бұл кент Бұхара өлкесіне кіреді. Сондықтан әл-Женди ныссымен әл-Бұхари да телінуі мүмкін. Оқымысты «әл-Иқлид» атты еңбегінің бір бөлігін Бұхара шаһарында болған кезінде жазған. Әл-Жендидің өзі «әл-Иқлидінде» осы кітабының бірінші жартысын Бұхарада 666/1268 жылдың жумади әл-ахира айында аяқтағаны келтірілген. Бұдан шығармасының қалған бөлігін басқа қалада жалғастырғандығын аңғара аламыз. Қалай болғанда ғалым сол кездегі ислами білім мен ғылымның үлкен орталығы болған Бұхара қаласында біршама уақыт тұрған. Десек те бұл ныспы оқымыстының сол қалада тұрғандығы үшін емес, Бұхара аймағынан шыққандығына байланысты қойылған деп топшылаймыз.

Ең алдымен Шыңғыс ханның ойраны, одан кейін билеушінің балалары мен немерелерінің таққа таласуы сияқты Мәуэрәннәһр аймағында орын алған саяси тұрақсыздық, сондай-ақ Бағдаттың күйреуі, әсіресе, соңғысы сол кезеңдегі ислам әлемін шайқалтқан қатты соққы еді.

Сонымен қатар әл-Жендидің шарифат, араб тілі ілімдеріне, оның ішінде синтаксис (наху) ілімін терең игеруге көңіл бөлді.

Жалпы ғұламаның өміріне, жеке басының сипаттарына қатысты деректер тым аз. Әл-Жендидің мәдениеті тәркідүниелік (*zyhd*) пен тақуалықтан тұратын, сопылық жағы басым діни мәдениет болған. Оны әл-Жендидің мына бір шумақ (*байтайни*) өлеңінен байқауға болады:

تَرَضُّ مِنْ الدُّنْيَا بِقُوْتٍ وَخِرْقَةٍ ثَوَارِيكَ  
وَاعْلَمْ أَنَّكَ الطَّاعِمُ الْكَاسِي  
فَكَمْ مِنْ دَوِيٍّ جَرَّصَ لِقَوَا سَكْرَةَ الرَّدَى عَطَاشًا  
وَمَا أَبْقُوا سِوَى فَضْلَةِ الْكَاسِ

Аз азық пен шүберекке разы бол,  
Тамағы, киімі бар болғаныңа шүкір ет!  
Қара суға зар болып,  
артына дүние қалдырмай  
Небір дүниеқұмарлар да өтіп ед...

Бұл өлең жолдарынан әл-Жендидің алуан әдеби стильдерді де шебер қолданғанын көруге болады. Сондай-ақ оның өзін-өзі бағалау, сұраншақтық пен сараңдықтан аулақ болу сияқты қасиеттері де байқалады.

Әл-Жендидің діндарлығын «әл-Иқлидтің» кіріспесінен де байқауға болады: «...алдынан да, артынан да жалған келмейтін Алланың сөзін

бұрмалауға тырысқан адамға өлім келсін!» және тағы бір жерінде «...ол Құрандағы заңға бағынбайтындарды меңзеген...» деген.

Жоғарыдағы сөйлемдерден әл-Жендидің тағы бір діни ұстанымын көруге болады. Ол – захирилік (*шариғи мәтіндерді тура мағынасында түсіну*) ұстаным. Егер оның жоғарыда айтылған сопылық ұстанымын ескерсек, әл-Жендиді жан-жақты, барлық нәрсеге әділ көзқараспен қарайтын ғалым болған деп айта аламыз. Сондай-ақ аталған сипаттар оның иманы да, білімі де мол болғанын көрсетеді.

Оқымысты бір жағынан қасиетті Құранды өз ойларына, философияға сүйеніп теріс тәпсірлейтіндерді құптамаған. Екінші жағынан тәркідүниелікті (*zyhd*), қанағатшылдықты насихаттаған.

Осы себептен, кейбір кітап жазушылар (*қуттаб*) мен кітап көшірушілер (*нуссах*) әл-Жендиді «шейх, имам» деп атаған. Бір ғана «әл-Иқлид» кітабының өзі-ақ әл-Жендидің әлгі атақтарға әбден лайық екенін дәлелдейді. Ғұлама хижра жыл санауы бойынша 700 жылы, яғни біздің қазіргі қолданысымыздағы жыл санауымызға сәйкес 1301 жылы дүниеден өткен.

Ғалымның ұстаздары мен шәкірттері хақында да деректер табу қиын. Әл-Жендидің өмірбаянына қатысты әлі де болса нақты баяндауды қажет мәселе тәлім алған ұстаздары мен шәкірттері айқын мәліметтер жетпеген, тек жалпылама түрде баяндалған ишараттар ғана бар.

Десек те ас-Сығнаки «әл-Муассал» атты еңбегінің алғысөзінде осы кітабына «екі тамаша имамның» екі шархының ықпалы тигендігін: «оның біріншісі – «әл-Иқлид» халықтық ғылым салаларының терең ғалымы, шарифат негіздерін қара сөзбен де өлеңмен де, толық баяндау мен таратудың шебері, ардақты, қайратты, кемеліне жеткен Шараф ад-дин Ахмад ибн Махмұд ибн Умар әл-Жендиге тиесілі, оған Алланың рахымы (тиіп), жаннаттың сауабы (бұйырсын)», екінші шархтың авторы әл-Фахр ад-дин әл-Әсфандариге тоқталып, одан әрі осы шарх авторларының «екеуімен де көзі тірісінде кездескенін» баяндап өтеді (Ахмад, 1998:3).

Әл-Итқанидің «Рисала фи рафаил иад индә р-руку уә индә рафа ир-раас минһу фис-салат уа адаму жауазиһи» (Намазда рукуғда және одан басты көтергенде қолды көтеру және оған рұхсат етілмейтіндігі туралы) атты трактатынан «ғалым, зерделі, ықыласты зерттеуші, өз саласының білгірі, сөз шебері», «ұстазы» Әбу Қасым ибн Ахмад ибн Мұхаммад әл-Хасани әл-Ақили әл-Ансари-

дің «әл-Иқлидтің» авторы Шараф ад-дин әл-Жендидің шәкірті» екендігін білеміз (Керім, 2017:24-25).

Еңбектері:

1. «Әл-Иқлид»/8;9/;

2. «Әл-Мақалид»;

3. «Уқуд ул-Жауһир фи илм ти тасриф (Морфология ілімі бойынша жауһарлар алқасы). Қасида түріндегі бұл туынды туралы Хажі Халифа «Кәшф әз-зунунда» «алдымен Аллаға мадах айтылған» дейді, бес бөлімнен тұрады, ең алдымен поэзия түрінде қағазға түсіріп, кейін шәкірттерге жеңіл болу үшін қара сөзге айналдырып қайта жазғандығын көрсетеді;

4. «Шарх ул Кафия фин-наху» (Грамматикадағы «әл-Кафия» (кітабына) түсіндірме);

5. «Ужалла фи тафсир әл-Жаллалат» العجالة – في تفسير الجلالة. Трактатта Алла тағалланың есіміне қатысты ғалымдардың пікірлері топтастырылған. Дамаск университетінің араб тілі бойынша профессоры, доктор Мухаммад Ахмад әд-Дали бұл трактат туралы қалам тартып, мәгінін жариялай келіп, оны әл-Жендидікі деп, алғысөзінде оқымысты жайлы мәліметтер ұсынады. Шығарма қолжазбасы Берлин кітапханасында 2406 нөмірімен санымен сақталған (Мұхаммед, 2011). Қолжазба насх үгісінде жазылған, көшірушінің аты жөні, уақыты көрсетілмеген, жәдігерліктің бас жағында сол жақ бұрышында «Ужалла фи тафсир әл-Жаллалат. Құрастырған – әл-фақир ила Аллаһи Ахмад бин (Махмуд) әл-Хужанди, ыфа анһу» деген жолдар бар. Осы жолдарға сүйенген Мухаммад Ахмад әд-Дали туындыны әл-Жендиге телиді, өйткені ғұламаның шығармаларының кейбір қолжазбаларында әл-Женди әл-Худжендікі екендігі жазылған (Мұхаммед, 2011). Біздің ойымызша, бұл дәйек «Ужалла фи тафсир әл-Жаллалаттің» авторлығын айқындауға әлі жеткіліксіз, сондықтан әлі де қосымша зерттеулер жүргізуде анықталмақ.

«Әл-Мақалид» – әл-Жендидің біздің заманымызға аман-есен жоғалмай жеткен туындыларының бірі. Шығарманың қолжазба нұсқалары негізінде 2012 жылы Египеттің Айн-Шамс университетінде Мустафа Салим Милад әл-Мазук докторлық диссертация жазып, қорғаған (Мұстафа, 2012). Біз осы бөлімді жазу кезінде осы диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен түйіндеріне сүйендік.

«Әл-Мақалид» – әл-Мутарризидің «әл-Мисбах» атты кітабына жасалған шарх. Имам Наср ибн Әби әл-Мукаррам Әбд ас-Саии бин Әли Әбу әл-Музаффар әл-Мутарризи (610/1213

жылдар шамасында қ.б.) Хорезмнен шыққан аса көрнекті тілші ғалым.

Басқа салалар секілді тілді үйренудің өзіне тән ұғымдары мен әдіс-тәсілдері бар. Тілді үйрену белгілі бір ой-пікір мен логикалық тұжырымдарға сүйенеді. Сондай-ақ арнайы грамматикалық ережелері болатындығы мәлім. Әл-Мутарризидің «әл-Мисбах» кітабының кіріспесінен автордың осы шағын еңбегін жазудағы мақсатын, ой тұжырымдарын және оқыту әдіснамасын анық аңғарамыз. Шын мәнінде кіріспе өте көркем түрде жазылған. Әрине, бұл шәкірттердің кітапты жан дүниесімен қабылдауына өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар адамдарға пайдасы тию үшін өзінің (автордың) тарапынан еңбегіне қатысты мақтау сөздер баяндалған. Бұны жалпы қалам тартқан авторлардың әдейі қолданатын әдісі десек те болады. Еңбекті егжей-тегжейлі емес ұзақ сонар созбай, қысқа да нұсқа ету автордың өз көздегені болғаны да аталып өткен. Өз баласын мадақтап, сондай-ақ осы еңбегін соған арнап жазып отырғанын ауызға алып, бұл еңбекті жазудағы негізгі мақсаты болғандығын көрсеткен: «Қадірлі менің балам «Мұхтасар әл-Иқнағ» атты еңбекті жаттап, еңбектегі жекелей баяндалған сөздерді барлығын есте сақтап және синтаксистегі сөздік, мағыналық ұғымдарды терең меңгерді. Сондықтан мен баламның имам, зерттеуші ғалым Әбу Бәкір Абду әл-Қаһир ибн Абдуррахман әл-Журжанидың ой-пікірлері мен көзқарастарының дәмін татуын (оқып, танып-білуін) қаладым. Бұлай істеуімнің себебі, (ұлымның) ғалымның жан-дүниесімен байланыста болып, одан туындаған көркем сөздерді білуі үшін еді. Өйткені ғалымның сөздерінен синтаксис (наху) ілімінің қайнар көзі бұрқылдап атқылап тұр. Осылайша әл-Журжанидың ауқымды жазылған еңбектеріне емес, шағын, қысқа-нұсқа баяндалған қолжазбаларға көз жүгірттім. Имамдардың арасында реттілікпен айтылған көбінесе «әл-Миәту», «әл-Жумәлу», «әт-Тәтиммәту» еңбектері еді. Осы кітаптар негізінде тек қажетті мағлұматтарды жинақтап шағын еңбек дайындадым. Пайдалы болуы үшін және қайталап оқуға қиындық туындатқандықтан барлық қайталанған мәселелерді алып тастадым. Тек пайдасы бар дүниелерді ғана қостым».

Автор кіріспеді рифмалы проза (сәжғ) тәсілін ұстанған.

Сондай-ақ «әл-Мисбах» еңбегі балаларды тәрбиелеу, оқыту жолындағы нұсқаулық десек те болады. Сол замандарда балалары ілімді әкелері-

нен алатын. Әкелері балалары үшін арнайы кітап әзірлейтін. Мінеки, бұл еңбек үйренушілер, ілімді талап етушілер үшін әдіснама мақсатында жазылған. Осылайша ой-өрістеріне сай синтаксистік ережелерге талдау жүргізеді.

Бұл – шәкірттердің тілді түсінуі үшін және (тілді) күнделікті өмірде ешбір қатесіз қолдану үшін арнайы жазылған, ілім талап етуші шәкірттер үшін синтаксис қағидаларын үйренуге нұсқаулар өте айқын баяндалған кітап. Автор түсініксіздік пен шатасушылық және мәселелердің ұзақ болып кетуіне жол бермеу үшін кейбір тақырыптарға мән бермей, қалдырып кеткен.

«Әл-Мисбах» кітабы ілім мәжілістеріне оқыту әдіснамасы ретінде дайындалған. Лингвистер бұл еңбекті жатқа оқып, түсіндірмелер жазып және шәкірттерге дәріс түрінде қолданған. Еңбектегі талап етілген мәтіндерді ұсыну арқылы мәселелер кең ауқымда қарастырылады.

Әл-Жендидің «Мақалид» атты еңбегінің кіріспе сөзінде: *«әл-Мисбах» кітабындағы ең пайдалы, таңдаулы дүниелерді жинап, ықшамды, қысқа-нұсқа еңбек жазуымды бірнеше кісі қатты өтінген еді* – деген.

«Әл-Мақалидтен» риторикалық ерекшелік, ой-тұжырымдардың мазмұндылығы, интерпретациялар және синтаксистік дәйектер айқын көрінеді. Автор «әл-Мисбахты» шархтау барысында маңызды, егжей-тегжейлі түсініктемелерге, тілдік үкімдер мен синтаксистік дәлелдерге көңіл бөлген. Еңбектегі негізгі дәлелдер Құран мәтіндерінен, өлең-жолдары мен поэзиялардан және түрлі тәмсілдерден алынған. Бұған кітаптың ілім қуған шәкірттердің өздерінің ізденіс жолындағы тіл біліміне қатысты негізгі еңбектерінің біріне айналуы айғақ болады. Шын мәнінде «Мақалид» кітабынан лингвист ғалымдар аталмыш туындыдан тіл қағидаларына қатысты көпшілік аңғара бермейтін сырларға қанығып, білігін арттыруға қол жеткізеді. Әл-Женди «әл-Мисбахтағы» әл-Мутарризидің әдісін бұзбай шығарманың көп бөлігін синтаксис іліміне арнаған. Туындының әрбір бетінен әл-Мутарризидің көзқарастарын оқи аламыз. Кітапты осылайша кіріспеге және бес тарауға бөлген. Олар:

1. Синтаксис іліміне қатысты терминдер;
2. (Мағына үстейтін) аналогиялық/сөздік демеуліктер;
3. (Мағына үстейтін) практикалық/сөздік демеуліктер;
4. Мағыналық демеуліктер;
5. Араб тіл білімінің тармақты мәселелері.

Бесінші тарауды (тармақты мәселелерді) тағы да 4 бөлімге бөліп қарастырған. Олар:

1. Жалпы (накира) және жалқы (марифа) сөздер;
2. Музаккар және муаннас сөздер;
3. Тауабиғ (айқындауыш);
4. Иғраб асли (негізгі) және ғайру асли (негізгі емес).

«Әл-Мақалид» пен «әл-Иқлид» еңбектерінің жазылу тәсілі мен әдістемесі бірдей. Бұл – әрбір сөзді егжей-тегжейлі, реттілікпен зерттеу машығы. Мінеки, осы тәсілді бағдар етіп, негізгі дәлелдің қайнар көзі Құран мәтіндері мен қырағат түрлеріне сүйенген. Одан кейін дәйек ретінде өлең жолдарын, араб тіліндегі түрлі мысалдар мен классикалық сипаттағы кейбір ғалымдардың көзқарастарын баяндаған. Грамматикалық терминдерді ұсыну барысында басралық мектептің терминологиясын қолданғандығына қарамастан куфалықтардың термин ретінде пайдаланған сөздерін жоққа шығармаған. Бұл әл-Жендидің «Мақалид» кітабының негізінде «синтаксистік талдаудың белгілері» деген тақырыпшада кеңінен саралаған. Ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан куфалық мектепке қарсы пікірлерін де жасырып қалмайды. Сондай-ақ оның еңбектің ықшамды болуын, тым кеңейіп кетпеуін ескергендігін алғы сөзде де тілге тиек етумен бірге қорытындыда: *«Мына қысқа еңбекте толықтай баяндап шығу қиынға соғады»* деп қоса кеткен. Еңбек ғылыми бағытының айқындылығымен және оңайлығымен ерекшеленеді. Кітапта синтаксис ілімінің ережелері мен оның мағыналары толыққанды қамтылған. Автор адамның ақылына қуат беріп, әсерін тигізу үшін, танымдық ойлау жүйесін дамыту мақсатында және өзгелерге үйрету жолында әрбір мәселенің мән-жайын ашып, апайқын түсіндіру жолын ұстанған. Сөз бен сөйлемдерді қолдану формасы өте анық, қызықты және түсініктемелері де оңай әрі құрылымы жағынан аса жүйелікпен жазылған. Сондай-ақ синтаксис қағидаларындағы пәлсапаға да орын берген. Осылайша өте терең логикалық аналогияларға талдау жасай алған. Сөйтіп мәселенің түпкі мәні мен мазмұны байыпты түрде айқындалғанша баяндайды. Кей тұста тұжырымдарды қайталап өтеді де, кітапты оқып отырған оқушы еш шүбәсіз қабылдап, қанағаттанғанға дейін дәйектемелерді келтіріп оның себебі мен салдарын нақты түсіндіреді. Ал енді негізгі сүйенген дәлелдеріне тоқталар болсақ, алдымен Құран мәтіндері мен мысалдарды келтірген. Бұл дәйек-



темелер – мәтіннің мазмұнын ашатын ең басты құралдар. Дәлелдерді көбінесе Құран мәтіндерінен, түрлі тәмсілдерден және хикметті сөздер мен өлең жолдарына табан тіреген. Түсіндірмесі өте көркем түрде берілгені сондай зерттеу нысанына қатысты кейбір сөздерді түсіндірген сәтте жүректер тыныштық тауып, тіл білімінің өзіндік құдіреттілігін (дәмін) сезген адам әсерге бөленеді. Ой-пікірінің өткірлігі мен зеректігі тіл ғылымының бақшасымен сипатталды. Оқыған адам ол жерден жеміс-жидектерді алады. Автор ой жүгірту үшін ақылға толыққанды мүмкіндік берді. Бұл – теңіздің тамшысы іспеттес. Аталмыш ескертпелерге әл-Жендидің «Мақалид» еңбегінің негізіндегі синтаксистік талдау ерекшеліктері» атты тараушада тоқталған.

Кітап кіріспесінде лексикаға қатысты жазылған еңбектерге (мысалдарын келтіру арқылы) шолу жасалады. Мысалы, әл-Жауһаридың «ас-Сихах» атты еңбегіндегі: «Кез келген сөйлемде (بين – бәйна) сөзі қолданылуға жарамды саналса, оның формасы/мағынасы (وسط – уәстун), ал егер (بين – бәйна) сөзін сөйлемге кіріктіруге мүмкін болмаса, мұндай жағдайда (وسط – уәсәтун), яғни ортаңғы әрпі фатха харакасымен жазылады», – деген мысалды баяндаған. Синтаксис іліміне қатысты Сibaуайһидің «әл-Китаб» атты еңбегіндегі: «Сibaуайһидің пікірінше, истисна (жалқылаушы шылау) жалпы сөзден (тәнкир) кейін келген сөзді морфологиялық талдауға, жіктеуге (сарф) кедергі етеді», – деген пікірді жеткізеді. Сондай-ақ «әл-Китаб» еңбегіндегі: «Шын мәнінде мына бастапқы сөздер (إن) мағынасын береді», – деген тұжырымын баяндаған. Сонымен қатар Ибн Хажибтың «әл-Идах фи шархи әл-Муфассал» атты кітабындағы: «Хижри алғашқы үш ғасырдан кейін келген ғалымдар бірінші қырағатты құптады. Есімдік «Рум» сөзі үшін қолданылса, негізгі «масдар» (есім сөз) толықтауышпен (мафғулмен) тіркеседі (мудаф болады). Бұл жағдайда бастауыш айтылмайды. Ал «وَهُمْ» сөзіндегі есімдік (дамир) «Рум» сөзі үшін және «غلبهم» мәтініндегі есімдік (дамир) «мажус» (отқа табынушы) сөзіне арналса, бастауышпен тіркесіп ілім септігін құрайды. Бұл жағдайда керісінше толықтауыш баяндалмайды. Аталмыш екі жағдайда да «سَيُغْلِبُونَ» сөзіндегі есімдік «وَهُمْ» мәтініндегі есімдікпен байланысты. Себебі ол оның баяндауышы», – деген мысалды егжей-тегжейлі келтірген. Әл-Журжанидың «әл-Муқтасид фи шархи әл-Идах» атты еңбегіндегі мысалды былайша баян етеді: «Шынтуайтында «وَمِنْ» септеулік

шылауы мекендік мағынаны білдіреді. Бұл – дұрыс көзқарас. Өйткені көпшілігі осы пікірді ұстанған. Сондықтан «وَمِنْ» шылауынан белгілі бір мекен, орын мақсат етіледі. Ал заман мен уақыт ұғымына қатысты сөзге жалғанса, тек метонимиялық бағытта қолданылады». Әл-Женди кейде кітабындағы деректерді нақты кімнен жеткізгенін тілге тиек етеді. Ал аз-Замахшариге ешқандай жауап қайтармастан оның көзқарасынан хабардар етумен шектелген. Етістікке «белгілі бір заманмен, уақытпен байланысты орын алған жағдай» деп анықтама берген. Әл-Фарисиден де мысалдар жеткізген. Мысалы, Зәйдті яки (إما) Амрды жолықтырдым (кімді кездестіргені белгісіз). Бұл тұста «إما» етістік пен толықтауыштың арасында келіп тұр. Ал ол толықтауыш – Зәйд. Сондай-ақ түрлі мысалдарды жинақтаған кітаптарға да тоқталған. Әл-Миданидың «Мажмағ әл-әмсәл» атты еңбегін атап өтсек болады. Аталмыш кітаптағы кейбір тәмсілдер мен олардың түсініктемелеріне шолу жасап, кітабындағы барлық дәлелдерді әл-Миданиге теліген.

Әл-Жендидің «әл-Мақалид» кітабында диалектілерге қатысты маңызды мәселелер бар. Ол кейде диалектілерге қатысты әр тайпаның есімдерін атап, сөздердің әр тайпадағы қолданыстарын айтып өтеді, мысалы «سَفْعَال» сөзінде карсаны қолданып мәбни қылуды хиджаздықтардың диалектісіне жатқызуы және осы өлшемдегі «ра» әрпінен басқа әріптермен аяқталатын сөздерді мәбни қылуды тәмим руының диалектісіне жатқызады. Әл-Мутарризидің «мысалы хузам, кутам сөздері, оларда екі түрлі мазхаб бар» деген сөзін түсіндіру барысында екі сөзді хижаз түріне жатқызады:

«Ра» әрпін есептегенде, осы өлшемдегі сөздердің соңғы әрпінің қасраны қабылдамауы (манғ ас-сарф) тәмим руында. Өзгермеудің себебі – жалқы есім болуы және негізгі өлшемінің өзгеруі. Осы арқылы «мамнуғ мин ас-сарф» болды (соңғы әріптің қасраны қабылдамай орнына фатханың келуі).

Осы өлшемдегі сөздердің қасрағы мәбни болуы хижаз тұрғандарының қолданысында. Мысалы «хазами» сөзі «назали» сөзінің өлшемінде тұр, сукун мен харекеттеріне дейін ұқсас. «Назали» сөзі «инзил» етістіктің бұйрық райының мағынасын береді.

«Хадари» секілді соңы «ра» әрпімен аяқталған сөздерде хижаздықтар, тәмим руы секілді, қасраға мәбни қылады. Себебі «ра» әрпі ауыр әрі діріл әрпі болып есептелгендіктен, жеңілдетіп айту талап етіледі. Бұл мәбниде ғана, өйткені

мәбни, муғраб секілді емес, бір қалыпты сақтап қалады, қасраға мәбни болу сукунды жылжыту үшін жасалады.

Кейде рулардың есімдерін атамай кейбір арабтар, көпшілік арабтар деген тіркесті қолданады. Мысалы: саласа ыашарата сияқты тіркестердегі «шин» әрпін көпшілік арабтар сукунды қылып «саласа ыашрата» деп қолданады. Себебі әйел тегі тармақ болып келеді, ал негіз ер тегі, сукунды қолдану лайықтырақ. Бұл жердегі «айн» әрпін сукун қылу мүмкін болмайды, өйткені екі сукун қатар келуі мүмкін емес. Кейбір арабтар «айн» әрпін сукунды қылып, «шин» әрпін қасралы етеді. «айн» әрпін сукунды болу себебі бірнеше харекетті әріптердің қатар келмеуі үшін, ал «шин» әрпін қасралы ету бірнеше фатхаларды қатар келтірмес үшін, өйткені сөйлеуде екі бірдей харекетті дыбыстау қиын келеді.

Байқағанымыздай, әл-Женди осы келтірілген үлгіні қай диалектілерге қатысты екенін көрсетпеген. Бірақ аз-Замахшари секілді ғалымдар қай диалектіде екенін атап өткен болатын. Аз-Замахшари өзінің «әл-Муфассал» кітабында айтады: Хижаз халқы ыашара сөзіндегі «шин» әрпін сукунды қылады, ал тамим тайпасы қасра етеді (Ахмад, 2002:270). Ибн Яғиш те өзінің бір еңбектерінде ыашара сөзіндегі «шин» әрпін тамим тайпасының қасралы және хижаздықтардың сукунды қылатынын айтқан. Бірақ бұлар керісінше, себебі хижаз халқы сандардан басқа сөздерді айтуда екінші әрпін қасралы етіп, тамим тайпасы сукунды қылады. Мысалы хижаздықтар «набиқа» десе, тамим «набқа» деп дыбыстайды. Ал санды айту барысында жағдай керісінше өзгереді. Кейбір арабтар «шин» әрпін фатхалы қылады. Соның бірі Құранның әл-Ағмаш қырағатындағы «исна ашарата» сөзі.

Енді бірде әл-Женди диалектінің орнына тіл деп көрсетеді. Оның мысалын жалқы есімдерді қысқарту жайында, луғату ман иантазир уа луғат ман ла иантазир жайында (үштен көп әріптен құралған жалқы есімдерді қысқартқанда сөздің сөзін дамма харекетімен аяқтайтын немесе түсіп қалған әріптің алдындағы әріптің харекетін сақтап қалатын екі әдіс) сөз қозғағанда айтады. Әл-Жендидің ойынша: «оның (жалқы есімдерді қысқарту) шарттарының бірі жалқы есім әріптері санының үштен асуы, өйткені егер үш әріптік сөзден аз болса, толық есімнің формасына келмей қалады, әрі араб тілінде екі әріптен құралатын толық сөз кездеспейді. Әсіресе сөздің сөзін дамма харекетімен аяқтайтын топ. Мысалы, «харис» сөзін қысқартқанда бұл сөз бір тілде

(диалектіде) «хару» болады, себебі оларда соңғы әріпті түсіргенде, алдыңғы әріптің харекетіне қарамастан даммалы қылады. Бұл тіл луғат ман ла иантазир деп аталады, яғни түскен әріпке қарамаушы. Екінші тілде «хари» болады, өйткені мұнда әріптің харекеті сақталады да, «луғат ман иантази», яғни әріптің халіне қараушы».

Сонымен қатар кейбір диалектілердегі сөздерді шешен сөзге жатқызбайды. Мысалы тамарбутаға тоқтау жайлы сөз қозғағанда, ғұрфатун сөзіне тоқтаған кезде тамарбута һә әрпіне айналады. Ондағы мақсат етістегі та әрпімен шатастырмау үшін. Кейбір диалектілерде кездесетін тамарбутаға тоқтағанда та әрпін айтуды әдеби тілге жатпайды деп айтып өтеді. Мысалы ғұрфатун сөзін ғұрфат деп оқу. Бұны раджз жайында сөз қозғағанда айтып өтеді.

Осындай диалектілер жайлы әңгімеден түйіндейтініміз: әл-Женди "әл-Мақалид" кітабында диалектілер жайлы арнайы зерттеу арнамаған. Сонымен қатар диалектілердің қай жерде қолданылатынын да жиі ескермейді. Бұл тақырыпты кітаптарының әртүрлі жерлерінен теріп аламыз, арнайы бір жүйе жоқ.

Диалог – әл-Жендидің «әл-Мақалидтегі» ең көп қолданған әдісі. Ол оқырманға диалогтар мен сұрақтар ұсынады. Олардың ойына келетін ережелер мен үкімдерді келтіреді. Содан кейін қойған сұрақтарына жауаптарын береді. Ол «Егер ... деп сұрасаң, мен ... деп жауап беремін», «Егер ... деп сұраса, біз ... деп жауап береміз немесе жауабымыз ... болмақ» деген сияқты үлгіде келеді. "Әл-Мақалид" кітабында барлығы шамамен осындай елу сұрақ-жауап қамтылғандығына көз жеткіземіз.

«Әл-Мақалидте» кітап авторының риториканың қыр-сырын жетік білетіндігі көрінеді. Ол риторика ғалымы Абдулқаһир әл-Журжаниге еліктеген. Оны «әл-Муктасид» кітабынан «Кітаптың авторы «мин» (-дан; -ден; -тан; -тен;) жалғауы орынға қатысты» деп айтқан. Бұл – дұрыс. Себебі көбіне солай. Егер ол уақытқа қатысты болса, метафораның бір түрі болады» деп үзінді келтіріп, өз пікірін білдіргенінен байқауға болады.

Сондай-ақ ол риторикалық ұйақтарды қолданған. Оның ең жақсы үлгісі – «әл-Мақалидтің» кіріспесі. Кіріспенің сөз саптауы көркем, тіл байлығы мол, тартымды, көбіне көркем әдеби әдістермен қатар, ғылыми этикалық әдістерді де пайдаланған. Кіріспесін Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтумен бастап, әуелі оқылатын кітаптың кіріспесі болғандықтан, бір жағынан,

оқырманға тартымды болу мақсатында оны қысқа да, нұсқа етіп берген. Ол онда «ұйқас» (سجع), «антитеза» (مقابلة), «теңеу» (تشبيه) сияқты риторика әдістерін ұстанған. Сөйлемдердегі соңғы сөздердің соңғы әріптерін бірдей етіп, яғни сәжд үлгісінде, мысалы, «Юқаууаму әл-Лисан, ... Назм әл-Куран», «Фи хабириһа, ... уа ғадирриһа», «Зә әл-Қанун, ... ған ән-Нун». Міне мынау кіріспесінің бір сөйлемі: «әл-Хамду лилләһи ғала жазили ниуалиһ, уа әс-Салату ғала набиһи Мухаммадин уа алиһ» деп ұйқастырған.

Сол сияқты «теңеу» (سجع) әдісін де қолданған. Ол автордың «Тамақтың тұзы сияқты» деген сөзін түсіндіріп: «Бұл – керектігі, қажеттігі жағынан айтылған теңеу. Яғни, сөйлеудегі синтаксистің маңыздылығы тамақтағы тұздың маңыздылығы сияқты. Бұдан, біреулер айтып жүргендей, аз ғана тұз тамаққа жеткілікті болғаны сияқты, аз ғана синтаксис сөйлеуге жарайды деген сөз шықпайды» деген.

Сондай-ақ ол тілдегі «метонимия» (کنایة) мағынасын түсіндіріп: «Метонимия деген – бір нәрсені атамай, оған қатысты нәрсе арқылы көрсету. Мысалы, «Пәленшенің қыны ұзын» деген сөз. Бұл оның бойының ұзын екенін білдіреді» – деген.

Әл-Жендидің тілдік зерттеулер жүргізіп, көптеген сөздердің сөз жасамына, құрылымына және мағынасына саралаған. Оның тіл ілімінде өзіндік көзқарастары бар екендігі байқалады. Мысалы, ол «әл-Мақалидте» әл-Мутарризидің сөзіне қатысты: «әл-Мутарризи «әл-Мисбахта» былай деп айтты: «Уа ғинда уасти әд-дар» (ауланың ортасында). Мен айтамын: «уаст (وسط) пен уасаттың (وسط) айырмашылығы (біреуі сукунді, екіншісі фатхалы) – біріншісі белгісіз, екіншісі

белгілі затқа қатысты» деген. Ол ««Егер ауланың ортасында (уаст) құдық қаздым» десең, әйтеуір бір жерінді қазғандығың. Ал егер ауланың ортасында (уасат) құдық қаздым десең, қас ортасында қазғаның» деп айтқан.

Әл-Женди кітабында негізінен басралықтардың терминдеріне сүйенген. Ал куфалық мектептің өкілдерінің терминдерін өте сирек пайдаланған. Мысалы, сөздің үшінші түрін «харф» (حرف) деген. Бұл – ең көп тараған термин. Ал куфалықтар оны «әдәт» (أداة) деп куфалықтардың терминімен атаған. Оны «сила» (صلة) деп атағандар да бар.

Сол сияқты ол басралықтардың «жар» (جر) терминін пайдаланған. Куфалықтар болса, оны «хафд» (خفض) деп атайды. Бірақ әл-Женди куфалықтардың терминін қолданбағанымен, оны жоққа да шығармай: «куфалықтар оны «хафд» (خفض) деп атайды» деп жазған. Терминде талас болмайды.

Әл-Женди «әл-Мақалид» кітабы – араб тілі грамматикасына арналған Хорезм өлкесінен шыққан әл-Мутарризидің «әл-Мисбахты» шарықтаған жұмыс. Бұл құнды еңбек жоғалмай біздің заманымызға аман жетіп, зерттеу өзегіне айналып отыр. Әл-Жендидің «әл-Мақалидте» әрбір сөзді егжей-тегжейлі, реттілікпен зерттеу тәсілін қолданған, негізгі дәлелдің қайнар көзі Құран мәтіндері мен қырағат түрлеріне сүйенген.

Еңбекте ең көп қолданған әдіс оқырманға ойындағы диалогтар пен сұрақтар ұсынып, осы сауалдарға жауап ретінде ережелер мен үкімдерді келтіруінде. Кітап ғылыми бағытының айқындылығымен және жеңілдігімен ерекшеленеді. Жұмыста синтаксис ілімінің ережелері мен оның мағыналары толыққанды қамтылған.

## Әдебиеттер

- Абдулла Мұхаммед ибн Ахмад аз-Заһаби. (1962). Әл-Муштабаһ фи әр-рижал әсмәһиним уә әнсәбиһим. Аширбек Муминов. (2008). Присирдарьинские ханафиты в VI–VIII / XII–XIV веках. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. – Алматы.
- Әбсаттар қажы Дербісәлі. (2016). Руханият және өркениет: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы.
- Әбу әл-Қасым Замахшари. (2006). Әл-Муфасссал фи сунғати әл-иғраб. Редакция: Халид Исмайыл Хассан. – Каир. Мактабату әл-әдәб.
- Қауам ад-дин әл-Иткани әл-Фараби. (2016). Әл-қасида маусума би лалали әл-масунат фи сарф уа шархиһа. – Алматы.
- Махмұд ибн Умар әл-Женди. (2005). Әл-Икклид фи шарх муфасссал. Редакция: Мұстафа Салим. – Ливия.
- Махмұд ибн Умар әл-Женди. (2002). Әл-Икклид шарх әл-муфасссал. Редакция: Махмұд Ахмад. – Сауд Арабиясы.
- Махмұд ибн Умар әл-Женди. (2012). Әл-Мақалид фи шарх әл-Муттаризи. Редакция: Мұстафа Салим. – Египет.
- Муминов А.К. (2015). Ханафитский мазһаб в истории Центральной Азии. – Алматы.
- Мұхаммед Ахмад. (2011). Әл-Ажалату фи тафсир әл-жәләла. – Дару ән-науадир.
- Хажжи Халифа. (1941). Кашфу әз-зунун. – Мекке. Дару әл-фикр.
- Хусам ад-Дин ас-Сығнақи. (1998). Әл-Муассал фи шарх әл-муфасссал. Редакция: Ахмад Хасан Ахмад Наср. – Сауд Арабиясы, Мекке.

- Шамшәдин Керім. (2017). Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын. – Алматы.  
Шамшәдин Керім. (2012). Сығанақ саңлағы. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы.  
Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. (2008). Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы.

#### References

- Abdulla Muhammed ibn Ahmad az-Zahabi. (1962). Al-Mushtabah fi ar-rijal asmaihih ua ansabihih.  
Ashirbek Muminov. (2008). Prisirdarinskiye hanafiti v VI–VIII / XII–XIV vekah. Islamtanu jane arab filologiyasi meseleleri. – Almaty.  
Absattar kazhy Derbisali. (2016). Ruhaniyat jane orkeniet. Zertteuler men makalalar. Almaty.  
Abu al-Kasym Zamahshari. (2006). Al-Mufasssal fi sungati al-igrab. Redaksiya: Halid Ismail Hassan. – Kair. Maktabatu al-adab.  
Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi. (2016). Al-kasida mausuma bi lalali al-masunat fi sarf ua sharhiha. – Almaty.  
Mahmud ibn Umar al-Jendi. (2005). Al-Iklid fi sharh mufasssil. Redaksiya: Mustafa Salim. – Liviya.  
Mahmud ibn Umar al-Jendi. (2002). Al-Iklid sharh al-mufasssal. Redaksiya: Mahmud Ahmad. – Saud Arabiyasi.  
Mahmud ibn Umar al-Jendi. (2012). Al-Makalid fi sharh al-Muttarizi. Redaksiya: Mustafa Salim. – Egypt.  
Muminov A.K. (2015). Hanafitskii mazhab v istorii Centralnoi Azii. – Almaty.  
Muhammed Ahmad. (2011). Al-Ajalatu fi tafsiri al-jalala. – Daru an-nauadir.  
Haji Halifa. (1941). Kashfu az-zunun. – Mekke. Daru al-fikr.  
Husam ad-din as-Sygnaki. (1998). Al-Muassal fi sharhi al-mufasssal. – Redaksiya: Ahmad Hasan Ahmad Nasr. – Saud Arabiyasi, Mekke.  
Shamshadin Kerim. (2017). Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi – gulama galym, akyn. – Almaty.  
Shamshadin Kerim. (2012). Syganak sanlagy. – Almaty. Nur-Mubarak baspasy.  
Sheih Absattar kazhy Derbisali. (2008). Islamnyn zhauharlary men zhadigerlikteri. – Almaty.



**<sup>1</sup>Оразақынқызы Ф., <sup>2</sup>Герай Фидан, <sup>3</sup>Анипина А.К.**

<sup>1</sup>Ph.D., филол ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>профессор, Анкара Хаджи Байрам Вели Университеті, Түркия, Анкара қ.

<sup>3</sup>докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

## **ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Адамзат қоршаған әлемді және өзін тіл арқылы таниды, себебі тілде жалпыадамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибе бекітілген. Қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың өзінің өткен кезеңіне, ұлттық мәдениетінің шыққан көзіне деген қызығушылығы олардың тілге мұқият назар салуына әкеліп соғуда. Ерте заманда қоғамда болған әртүрлі жағдайлар қазір біз күнделікті қолданып жүрген мақал мен мәтелдерде көрініс табады. Мақал-мәтел – ата-бабаларымыз қысқа да нұсқа сөйлемдер арқылы адамгершілік заңдылықтары мен бай мән-мағынаға толы тұжырымдарын кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде қалдырып кеткен өзіндік микроәлем. Мақал-мәтелдер – халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстардың бейнелеп сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай сөздік құрам. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін, ойын мақал-мәтел ретінде өзінің кейінгі ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы кейінгі ұрпақты елін-жерін, отанын сүюге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға шақырып, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді жаман қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелеген. Сондықтан мақал-мәтелдердің тілдегі алатын орны ерекше, ал оларды лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде алу өте өзекті болып табылады. Зерттеу жұмысының өзектілігі болып генеологиялық тілдер тобы жағынан екі түрлі топқа жататын қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ортақ және айырмашылықтарын табу қажеттілігі болып саналады. Екі тілдің мәдениет пен тіл тұрғысынан өзара байланысын көрсету негізінде әлемдік тілдік бейне арқылы көрінетін ұлттық дүниетанымды терең түсінуге мүмкіндік беріледі.

**Түйін сөздер:** мақал, мәтел, фразеологизм, паремия, дағдылы сөздер, фраза, идиома, тұрақты тіркес.

<sup>1</sup>Orazakynkyzy F., <sup>2</sup>Geray Fidan, <sup>3</sup>Anipina A.K.

<sup>1</sup>Ph.D, candidate of philology, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>professor, Ankara Hadji Bayram Veli University, Turkey, Ankara

<sup>3</sup>doctoral student, Al-Farabi Kazakh national university,

Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

### **Structural and semantic features of proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages**

A person is able to understand the world and himself thanks to a language in which social and historical experience is consolidated – both human and national. The interest of modern man to his past, the sources of his culture makes him scrutinize the language closely. The echoes of the past years are preserved today in proverbs, sayings, idioms. These are peculiar micro-worlds that contain “both moral law and common sense, expressed in a brief utterance, which the ancestors bequeathed to the leadership of the descendants”. Proverbs and sayings are a rich vocabulary that describes various periods of a people’s social life, their interrelationship and social phenomena, offering skillful and understandable ideas. Consequently, the ancient people, through proverbs and sayings, transmitted life realities, set an example to their younger generations. Through these language units, you can educate the next generation to love your homeland, work without lies, learn, be honest, be humble and refrain from bad qualities, gossip and pride. That is why proverbs and sayings occupy a special position in the language, and

their study as an object of linguistic research is relevant. The relevance of the research topic is due to the need to identify the general and specific in proverbs and sayings on the material of Kazakh and Chinese languages and their theoretical understanding in the aspect of the problem of the relationship between language and culture, which will contribute to a deeper understanding of the national world view reflected in the world language picture.

**Key words:** proverb, saying, idiom, proverb, stable expressions, idiom, phrase.

<sup>1</sup>Оразакынкызы Ф., <sup>2</sup>Герай Фидан, <sup>3</sup>Анипина А.К.

<sup>1</sup>Ph.D, к.филол.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>профессор, Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Турция, г. Анкара

<sup>3</sup>докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

## Структурные и смысловые особенности пословиц и поговорок в китайском и казахском языках

Человек способен понимать мир и самого себя благодаря языку, в котором закрепляется общественно-исторический опыт – как общечеловеческий, так и национальный. Интерес современного человека к своему прошлому, истокам своей культуры заставляет его внимательно всмотреться в язык. Отзвуки давно минувших лет сохраняются сегодня в пословицах, поговорках, фразеологизмах. Это – своеобразные микромиры, содержащие в себе «и нравственный закон и здравый смысл, выраженные в кратком изречении, которые завещали предки в руководство потомкам». Пословицы и поговорки – это богатый словарный состав, который описывает различные периоды общественной жизни народа, их взаимоотношение и социальные явления, предлагая умелые и понятные идеи. Следовательно, древние народы через пословицы и поговорки передали жизненные реальности, показали пример своим молодым поколениям. Через эти языковые единицы можно воспитать в последующем поколении любовь к родине, жить без лжи, учиться, быть честным, быть смиренным и воздерживаться от плохих качеств, сплетен и гордости. Именно поэтому пословицы и поговорки занимают особое место в языке, а их изучение как объекта лингвистического исследования является на сегодняшний день очень актуальным. Актуальность темы исследования обусловлена необходимостью выявления общего и специфического в пословицах и поговорках на материале казахского, китайского языков и теоретического осмысления их в аспекте проблемы взаимосвязи языка и культуры, что будет способствовать более глубокому пониманию национального мировосприятия, отраженного в языковой картине мира.

**Ключевые слова:** пословица, поговорка, фразеологизм, паремия, устойчивые выражения, идиома, фраза.

## Кіріспе

Қандай ұлт болмасын, олардың тарихынан сыр шертер мол мұра – сол ұлттың қолданатын мақал-мәтелдері арқылы көрініс табады. Мақал-мәтелдер – халықтың өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас мен қоғамдық жағдайларды бейнелеп сипаттайтын, адам көңіліндегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырымдар жасайтын, мән-мазмұнға бай сөздік құрам болып табылатыны сөзсіз. Кез келген халық өзінің өмір шындығын, ойына түйгенін, көңілін мақал-мәтел ретінде өзінің кейінгі ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Ғ. Жандыбаев «Сөз мәйегі» атты еңбегінде: «Мақал-мәтелдер – тағылым, тәрбие, даналық мектебі, сондай-ақ сонау ерте замандарда туған мақалдар барлық ұрпақтармен бірге жасасып, күні бүгінге дейін біздің де құлағымызға жағымды, санамызға сіңімді, тілімізге жатық қалпын сақтап келеді. Осылай

бола да бермек. Бұл мақал-мәтелдердің ескірмес, көнермес асылдығын көрсететін қасиеті», – деп тілдік қорды байытатын ел мұрасының мәнді, айшықты, зор талғаммен ерекшеленіп алынған сөз тізбегі екендігіне, олардың ерекше қасиетіне мән береді (Ө. Тұрманжанов, 2007:115).

## Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттей отырып, олардың мазмұны жағынан ұқсастықтары мен ұлттық сипатын ашу. Аталған тілдік бірліктердің семантикалық құрамындағы ортақ тұстары мен ерекшеліктерін және олардың себеп-салдарын айқындау. Зерттеу жұмысының міндеттеріне мақалада генетикалық және типологиялық құрылымы жағынан әр түрлі қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің шығу тарихы, қолданыс аясы, мақал-мәтелдердің екі тілдегі негізгі мазмұны, тақырыбы жайлы анықтау жатқызылады.

### Материалдар

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Кеңес дәуірінде 1948 жылдарға дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген, екінші кезең – оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің қалыптасу кезеңі. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ш. Уәлиханов пен Н.Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың 50 жылдарында ел аузынан жазып, жинақталып топтастырылған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақал-мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы. Алтынсарин, В. Радлов, Ә. Диваев, Ш. Ибрагимов, М. Терентьев, т.б. сынды ағартушы ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған монографиялық зерттеулер де, мақалалар да жетерлік. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі жанрлық ерекшеліктерін, мағыналық топтарын анықтады. М. Ғабдуллин “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” деген еңбегінде қазақ халқының кәсібін, шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындап көрсетсе, С. Нұрышев оларды даму тарихы жағынан зерттеген. Мақал-мәтелдер тура ойды әртүрлі сөздермен айтуды үйрену үшін керек мәлімет.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің бірнеше мың жылдық тарихы бар. Олар адамдар бір-бірімен тіл арқылы араласуды үйренгенде пайда бола бастаған. Жазудың пайда болуымен олар қағаз бетіне түскен. «Ицзин», «Мэнцзы», «Цзочжуань», «Гоюй», «Шицзи» сияқты әдеби мұраларда халықтық сөздер туралы айтып кеткен. Сун дәуірінде алғашқы мақалдар жинағы пайда болды, қазіргі күнге дейін ең толық мақалдар сөздігі – Цин дәуірінде Вэнлан құрастырған «Ежелгі халықтық өлендер мен сөздер» сөздігі болып есептеледі. Бұл сөздікке ежелгі дәуірден бастап, Мин дәуіріне дейінгі әдеби мұраларда кездесетін халықтың сөздері енген.

Мақал мен мәтелдің құрылысы, түрі, сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас болып келеді. Алайда олардың арасында өзара айырмашылығы да жоқ емес. Басты айырмашы-

лығы – бұлардың мазмұнында болып табылады. Кез келген халықтың мұрасы осы мақал-мәтелдердің өзіне ғана тән ерекшеліктермен, халықтың мінезіне, табиғатына лайық туындап отырғанын көптеген зерттеушілер кезінде көрсетіп, айтып кеткен еді. Ә. Диваев «Тарту» атты еңбегінде: Қазақ «мақалдарының көбі өзінің дәлдігі, өткірлігі жөнінен суретшінің қыл қаламына ілігуге сұранып тұрғандай. Өйткені онда қазақтың көшпенді де еркін өмірін қамтитын тірі келбеті тұр», – деп олардағы халық тіршілігі бейнеленетінін нақты суреттейді. Мақал – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтың бейнелі поэтикалық жанрының бір түрі, көне заманнан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де беріледі. Мысалы, қазақ тілінде «Күлме досқа келер басқа»; «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос»; «Адамды досына қарап таны»; «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» мақалдар кең танымал. Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын болып келеді, оның сыңар тармағы десек болады. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, қазақ тілінде «Оң көзіңе сол көзің қарауыл болсын»; «Жыланның уы басында, бейқамның жауы қасында»; «Алажағым кетсе де, Айт-ашағым кетпесін»; «Аузы күйген айранды да үрлеп ішер»; «Бір кісі мың кісіге олжа салар»; «Ер мойнында қыл арқан шірімес»; «Екі жарты – бір бүтін» және т.б. мәтелдер жиі қолданысқа ие.

Қытай фразеологиясында фразеологизмдер 熟语 Shúyǔ терминімен аталады. Қытай лингвисті Ма Гофань фразеологизмдердің бес негізгі түрін бөліп көрсетеді: 成语 Chéngyǔ – идиома; 谚语 Yànyǔ – мақал; 歇后语 Xiēhòuyǔ – астарлы сөздер; 惯用语 Guànyòng yǔ – фразеологиялық тіркес; 俗语 Sùyǔ – мәтел. Фразеологиядан жазылған соңғы еңбектерде мақал мен мәтелді ортақ 谚语 Yànyǔ терминімен атайды (Афанасьева М.П. 2016). Қытай мақал-мәтелдерінде бірқатар стилистикалық әдістер қолданылады және оларға өзіндік құрылымдық-семантикалық, құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктер тән болып келеді. Бұл ерекшеліктер олардың шығу тегіне, күнделікті өмірде қолданылуына байланысты сан алуан. 谚语 Yànyǔ – қытай тілінде «мақал мен мәтел» деген мағына береді. 谚语 Yànyǔ

фразеологиялық бірлік ретіндегі қасиеті – қайталанып айтылуында, мағынасының тұтастығында, құрылымының тұрақтылығында, көркемдігінде. Олар – ауызекі тіл, көркем әдебиет, аңыз әңгімелерден шыққан. Бірақ мақал-мәтелдер шығу көзіне қарамастан, қазіргі тіл қағидаларына бағынады. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі айырмашылығы – семантикалық жағынан екі жақтылығы, яғни тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолданылады.

Қытай тілінде фразеологизм, паремия, мәтел, мақал деген ұғымдармен байланысты терминдердің бір-бірінен айырмашылығы бар. Цыхай редакциясымен жасалған «辞海. 上海: 上海辞书出版社» сөздігінде паремияға (熟语): 熟语是语言中定型的词组或句子。使用时一般不能任意改变其组织。包括成语、谚语、格言、歇后语等 (夏征农. 2000: 295) / мынандай түсінік береді: «Паремия – тұрақты тіркес және тұрақты сөйлем болып табылады. Паремияны қолданғанда оны өздігінен өзгертуге болмайды». Паремияға фразеологизм, мақал, мәтел, афоризмдер, 歇后语 (фольк. *сехоууй* – айтылатын ой толық бітпеген, екі бөліктен тұрады) жатқызылады (Афанасьева М.П. 2016: 871).

Осы сөздікте фразеологизмге былай түсінік берілген: (成语Chéngyǔ): 熟语的一种。习用的固定词组。在汉语中多数由有四个字组成。组织多样, 来源不一。所指多为确定的转义, 有些可从字面理解 (Афанасьева М.П. 2016: 285)... / «Паремия типінің бір түрі болып табылады; үнемі қолданылатын тұрақты тіркес; қытай тілінің фразеологизмі негізінен 4 иероглифтен тұрады; құрылысы күрделі және қайнар көзі әртүрлі...».

Мақал (谚语Yànyǔ) термині былай анықталады: 熟语的一种。流传于民间的简练通俗而寓意丰富深刻的语句, 大多反映人民的生产和生活经验 (Афанасьева М.П. 2016: 1264)... / «Паремия типінің бір түрі; қысылған, қолданысы кең, бай және терең мораль иеленген халық арасында қолданылатын тұрақты тіркестер; көбінесе халық өмірі мен өндіріс тәжірибесін бейнелейді».

惯用语Guànyòng yǔ – «дағдылы сөздер, фраза, идиома, тұрақты тіркес» деп аударылады. Оған берілген түсінік: 熟语的一种。惯常作为完整的意义单位来运用的固定词组。其整体意义不是各组成成分个体意义的相加, 而是通过比喻等手段造成的一种修辞意义; 口语色彩较浓 (Афанасьева М.П. 2016: 432). / «Паремия типінің бір түрі, тұрақты тіркес; оның бірліктері тұтас мағына береді; оның тұтас мағынасы оның компоненттерінің

мағынасынан құрылмайды, метафорлы мағынадан құрылады, ауызекі тілдің интенсивті белгісі болып табылады».

### Тарихнамаға шолу

Көп жағдайда мақалдар әдеби шығармалардан алынады. Бірақ әдеби шығармалардан алынған сөздер мақал болуы үшін, олардың әдеби шығармалармен байланысы үзіліп, адамдар арасында халықтық сөздер ретінде қабылдануы қажет. Бірақ әдеби шығармалардағы мақал-мәтелдер де ауызекі тілден алынуы мүмкін және керісінше кейбір халықтық сөздердің қайнар көзі ұмытылып кеткен әдеби шығармалар болуы мүмкін.

Мысалы қытай тіліндегі 入境问禁, 入国问俗[Rùjìng wèn jìn, rùguó wèn sú] «Шекарадан өткенде заңдары туралы сұра, мемлекетке кіргенде дәстүрлері туралы сұра» мақалының шығу көзі – «Салт-жоралар кітабынан» (礼记).

上有天堂, 下有苏杭 [Shàng yǒu tiāntáng, xià yǒu sū háng] – «Көкте жұмақ, жерде Суйчжоу мен Ханчжоу», бұл мақал да халық ауызынан таралған.

Қытай тілінде қанатты сөздер көбіне мақал-мәтелмен бірге сөздіктерге енгізіледі, өйткені олар да аяқталған грамматикалық пайымдау түрінде болады, қысқа әрі нұсқа өсиеттік, дидактикалық мәні болуы мүмкін.

Мысалы, әйгілі Ду Фудың өлең жолы:

朱门酒肉臭, 路有冻死骨 [Zhūmén jiǔròu chòu, lù yǒu dòng sǐ gǔ] – «Бай үйдің қақпасында ет пен шараптың иісі, ал жолда үсіп қалғандардың сүйектері». Қазақ тіліндегі «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» мақалына келеді.

Әйгілі ойшыл Кун Цзының «Луныюй» еңбегінен алынған келесідей мақал бар: 三人必有我师 [Sān rén bì yǒu wǒ shī] – «Басқалардан әрқашан үйренетін нәрсе бар» (Бірге кетіп бара жатқан үш адамның ішінде, менің ұстазым бола алатыны бар).

Қытай тілінің мақал-мәтелдері қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер сияқты, халық даналығының және оның өмірлік тәжірибесінің көрінісі болып табылады. Мақал-мәтелдерде сол мақал-мәтелдерді қалыптастырған халықтың өмірі жан-жақты бейнеленеді. Олар әртүрлі жағдайлар мен құбылыстарға байланысты ақпаратты тасымалдаушы негізгі құрал. Мысалы, тарихи жағдайлар, ежелгі тұрмыс-салт, діни наным-сенімдер, адамдар арасындағы қарым-қатынас, адамның табиғатқа деген көзқарасы. Осы тұрғыдан қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің қазақ тіліндегі баламасы табылып жатады.



Мысалы:

远亲不如近邻 [Yuǎnqīn bùrú jìnlín] – «Алыстағы туғаннан жақындағы көршің артық».

大意失荆州 [Dàyi shī jīngzhōu] – Ұқыпсыздықтан үлкен шығынға ұшырау.

秋菊春桃，物各有时 [Qiū jú chūntáo, wù gè yǒushí] – Әр нәрсе өз уақытымен.

不受磨练不成佛 [Bù shòu mó liàn bù chéng fó] – Сыннан өтпей, әйгілі болмайсың.

(Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).

Қазіргі қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі қазіргі ауызекі тіл нормаларымен құрылған. Бірақ көне жазба тіл вэньян қағидаларымен құрылған мақал-мәтелдер де кездеседі. Қазіргі қытай тілінде, ежелгі жазба тілдің нормаларымен құрылған мақал-мәтелдердің болуының өзі бір қарағанда мүмкін емес нәрсе секілді.

Бұл құбылыстың себебін қытай тілінің даму тарихынан іздеу керек. Әдеби тілдің екі түрінің – байхуа мен вэньян, ғасырлар бойы Қытайда қатар дамығаны белгілі. Бұл тілдердің бүкіл қарама-қайшылықтарына қарамастан, олар бір-біріне әсер етпей қоймағанын байқауға болады. Қазіргі қытай әдеби тілі өз ішінде екі ішкі жүйенің байхуа мен вэньян қағидаларымен біріктірілген. Демек, вэньяның тілдік құралдарын қолданатын мақал-мәтелдердің болуы тілдің бүкіл даму жолымен негізделген өте қалыпты нәрсе.

Қытай және қазақ тілдерінде мақал-мәтелдердің бәрі негізінен жай сөйлем түріндегі тұрақты сөз тіркестеріне жатады, яғни олар тұлғасы жағынан ұзақ уақыттан бері қалыптасып, белгілі бір формада тұрақталған, мазмұны жағынан біртұтастыққа ие болған жай сөйлем типтері. Құрылымы жағынан қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің өзара ұқсастықтары жиі кездеседі:

### 1. Бұйрық райлы сөйлемдер:

1) 趁热打铁 [chèn rè dǎ tiě]

«Темірді қызғанда соқ».

2) 量久为出 [liàng jiǔ wéi chū]

«Көрпене қарай көсіл».

3) 近朱者赤，近墨者黑 [Jìn zhū zhě chì, jìn mò zhě hēi]

«Көршің соқыр болса, бір көзінді қысып жүр»

4) 三思而后行 [Sānsī ér hòu xíng]

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес»

5) 人看行为鸟看飞 [Rén kàn xíngwéi niǎo kàn fēi]

«Жігіттің түсіне қарама, ісіне кара»

### 2. Болымсыз түрдегі бұйрық рай, яғни тыйым салу;

1) 今日事今日毕，施到明天不足取 [Jīnrì shì jīnrì bì, shī dào míngtiān bùzú qǔ]

«Бүгінгі істі ертеңге қалдырма»

2) 为灭跳蚤，烧掉皮袄 [Wèi miè tiàozǎo, shāo diào pí ǎo]

«Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа»

3) 挖坑者自陷，玩火者自焚 [Wā kēng zhě zì xiàn, wán huǒ zhě zì fén]

«Біреуге ор қазба, өзің түсесің»

4) 凡事不宜先夸口 [Fánshì bù yí xiān kuākǒu]

«Асатпай жатып құлдық деме».

### 3. Шартты райлы сөйлем түрінде:

1) 死神无情 [Sǐshén wúqíng]

«Ажал ажалға қарамайды»

2) 欲享乐，须工作 [Yù xiǎnglè, xū gōngzuò]

«Атқа мінгің келсе, еріңді сайла»

3) 同时做两件事，一事无成 [Tóngshí zuò liǎng jiàn shì, yīshìwúchéng]

«Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді»

### 4. Болымсыз жай сөйлемдер түрінде:

1) 灿烂者非皆黄金 [Cànlàn zhě fēi jiē huángjīn] (Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).

«Жарқырағанның бәрі алтын емес».

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданады. Тіпті кейде сөз тастап кетіп отырады. Мысалы: «Ақыл – жастан, асыл – тастан» дегенде «шығады» сөзі қалып қойған.

Мақал-мәтел құрылысы жағынан сырттай ұқсас болып келгенмен, олардың мазмұнды түйіндеуінде, ойды шешуінде өзіндік ерекшелігі байқалады.

Мақалдарда бір-біріне сай қарама-қайшы ұғымдар мен нәрселерді салыстырып, шендестіру арқылы ой-пікірді айқындау тәсілі басым болып келеді.

Мысалы:

| Қытай тіліндегі баламасы                       | Қазақ тіліндегі баламасы                                     |
|------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 柔语能拆断骨头<br>[Róu yǔ néng chāi duàn gǔtōu]       | «Жақсы сөз жұбатар, жаман сөз жылатар»                       |
| 宁为鸡口，不为牛后<br>[Níng wéi jī kǒu, bù wéi niú hòu] | «Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол» |
| 不怕慢，只怕站<br>[Bùpà màn, zhǐ pà zhàn]             | «Ештен кеш жақсы»                                            |

|                                                                                                   |                                       |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|
| 价廉质劣，价高货好<br>[Jià lián zhì liè, jià gāo huò hǎo]                                                  | «Сырты жылтырауықтың, іші қалтырауық» |
| 福兮祸所倚，祸兮福所伏<br>[Fú xī huò suǒ yī, huò xī fú suǒ fú]                                               | «Жаман айтпай, жақсы жоқ»             |
| 多言不如少言，少言不如无言<br>[Duō yán bùrú shǎo yán, shǎo yán bùrú wú yán] (Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013). | «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын»     |

Мақал-мәтелдердің әртүрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияларға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін *инварианттар* деп атаймыз. Мақал-мәтел инварианттары бірде олардың компоненттеріне инверсия жасау арқы-

лы, бірде оларды түсіріп, иллипсис түрінде айту арқылы, бірде дербес екі түрлі мақал-мәтелдердің элементтерін өзара шебер қиыстыру арқылы, т.б. жолдармен жасалады.

Компоненттерін өзгертіп *айтуға байланысты инварианттар*:

|                                                         |                                                                              |
|---------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|
| Қырық жұт қырғын болса да ажалды өлер.                  | Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз адам тірі қалар деген...                   |
| 急急忙忙，让人笑话<br>[Jí jí máng máng, ràng rén xiàohuà]        | 急急忙忙，招人笑断肠<br>[Jí jí máng máng, zhāo rén xiào duàncháng]<br>(叶芳来. 2005: 221) |
| Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам, Есенеі оңай түсінді...  | Қазақ айланының құйрығы бір-ақ тұтам                                         |
| 与坏人为伍，就会同流合污<br>[Yǔ huàirén wéiwǔ, jiù huì tóngliúhéwū] | 近朱者赤，近墨者黑<br>[Jìn zhū zhě chì, jìn mò zhě hēi]<br>(叶芳来. 2005: 237)           |

Мақал-мәтелдердің жеке элементтері ғана сақталатын инварианттар:

人多智广. – 集思广益. [Rén duō zhì guǎng]. – [Jísiguǎngyì].

Бір кісінікі мақұл, екі кісінікі ақыл.

Жазда маңдайы терлемегеннің, қыста қазаны қайнамайды. – Қыс күніңді жаз ойла.

Компоненттерінің орнын ауыстыруына байланысты инварианттар:

– Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

– Уай, жарандар! Бұл түстен кейін маңырайтын ақсақ қой дейсіңдер зой. (М. Әуезов. Абай жолы, 1-том, 82-бет)

### Талқылаулар

Мақал-мәтелдерден біз белгілі бір халықтың этнос болмысын, оның рухани-заттық мәдениетін, дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімін, т.б. туралы жан-жақты мағлұмат табамыз.

Қытайда Чжоу дәуірінен бастап Аспанға табыну басталды. Аспан Қытайдың негізгі құдайы болды, моральді-этикалық қызмет атқарды (Зеленев Е.И., Касевич В.Б. 2013).

Осының нәтижесінде мынандай мақалдар пайда болды:

天监其德 [Tiān jiān qí dé] – «Аспан өзінің табынушыларын көреді»

天命不愒久矣 [Tiānmìng bù tāo jiǔ yǐ] – «Аспан өз шешімін ұзақ ойланбайды»

天祚明德 [Tiān zuò míng dé] – «Аспан мейірімділерге бақыт сыйлайды» (叶芳来. 2005).

Ерте заманда Қытайда басымдылықта шаруалардың экономикасы, өндіріс болды, бұлардың негізі табиғи шаруашылық болды. Осыған байланысты, қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі «шаруаларға» арналғаны айқын көрінеді.

农十百行本 [Nóng shíbǎi xíng běn] – «Шаруалардың еңбегі – жүз мамандық негізі».

人不欺地皮，地不欺肚皮 [Rén bù qī dìpí, dì bù qī dùpí] – «Адам жерді ренжітпейді, жер адамды ренжітпейді».

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде теологиялық тақырып та жиі қолданылған. Ондай мақал-мәтелдерде әртүрлі жоғарғы күш иелері туралы айтылады, ондай мақал-мәтелдерге мыналар жатады:

鬼功神力 [Guǐ gōng shén lì] – «Жынның еңбегі мен құдай күші» (Жақсы ұста жайлы айтылады)

神工鬼力 [Shén gōng guǐ lì] – «Құдай шебер, жын күшті» (Талантты адам жайлы айтылады)

拘神遣将 [Jū shén qiǎn jiàng] – «Құдайды ұстап, оны басқаруға жіберу» (Талантты адам жайлы айтылады) [4].

Қытай тіліндегі көптеген тақырып нақты құдайлар мен рухтарға арналған, мысалы, Үй құдайы (Цзаован), Тозақ иесі (Баогунь), Бала тудырушы (Буддалық әйел құдайы), Ұзақ ғұмыр құдайы (Шоусин), т.б.

灶王老爷上天 – 没了住处 [Zào wáng lǎoye shàngtiān – méiliǎo zhùchù] – «Үй құдайы аспанға көтерілді – үйінен айырылды» (еш жерге сыймайды)

阎王嫁女儿 – 鬼来抬 [Yánwáng jià nǚ'ér – guǐ lái tái] – «Жер асты патшалығының құдайы қызын тұрмысқа береді – шайтан алғыр» (шайтандар жасасын);

寿星老叫门 – 肉头到门 [Shòuxīng lǎo jiàomén – ròu tóu dào mén] – «Ұзақ ғұмыр құдайы есік тоқылдатты – етті бас үйге кірді» (ақымақ) (叶芳来 . 2005).

Қытайда ең көп тараған дін – Буддизм. Буддизм Қытайға Орта Азия арқылы тарап, өзінің бастапқы үнділік формасынан әлдеқайда өзгерістерге ұшыраған.

Төменде қытай халқына діни жүйенің қалай әсер еткені жайлы мақалдарды көруге болады:

求佛求一尊 [Qiú fú qiú yīzūn] – «Буддадан бір цзунь сұрау. Басқалардың көмегіне жиі жүгінбейтіндер жайлы»

佛是金妆, 人是衣妆 [Fú shì jīn zhuāng, rén shì yī zhuāng] – «Буддада алтын киім, адамда – жәй киім» (Біреуді сыртқы түріне қарап бағалау; Киіміне қарай қарсы алу) [4].

Даосизм – қытайлықтардың дүниетанымына әсер еткен және қытай менталитетінің негізгі тірегі болған дін. Даосизм терминін европалықтар ойлап тапқан, ол оқу және (Дао мектебі) дінге табыну мағынасын береді.

Даостық философия адам қабылдауына күндізгі циклде кіреді. Бұл шексіз өлім мен күннің қайта тірілуі, мәңгілік өмір идеясын тудырды.

Даосизм мистикаға толы. Қытайда магиялық күш иеленген таулы жерлер немесе аралдарда тұратын сегіз өлмейтін – даостық қасиеттілер жайлы мәтелдер өте көп.

张果老到驴 – 永不见出生的面 [Zhāng guǒ lǎo dào lú – yǒng bùjiàn chūshēng de miàn] – «Чжан Голао есекте артқы жағымен кетіп бара жатыр – малдың бетін ешқашан көрмейді» (қарым-қатынасты үзу).

傻喜儿赶鸭子 – 全来了 [Shǎ xǐ er gǎn yāzi – quán lái le] – «Сиэр ақымақ барлық қазды қуды – барлығы келді» (叶芳来 . 2005).

Конфуцийшілдық дін – Қытайдың негізгі ұстанатын діндерінің бірі. Конфуцийшілдық дін өзара қарым-қатынас, саясат, этикет пен отбасыдағы қарым-қатынас жағынан негізгі доминант болып есептеледі. Бастапқыда бұл дін этика-саяси емес, әлеуметтік-психологиялық ілім болып табылған.

Конфуций ерте заманның ойшылдарының бірі болып саналады, оның көптеген сөздері қанатты сөздерге айналған, ол қанатты сөздерді қытайлар осы күнге дейін қолданады.

言辞足以表达意思就可以了 [Yáncí zúyǐ biǎodá yìsī jiù kěyǐle] – «Сөздер мағынаны білдірсе, сол да жеткілікті».

有得必有失 [yǒu dé bì yǒu shī] – «Бір нәрсеге қол жеткізу үшін, жоғалту керек; жеңу үшін, жеңілу керек» (叶芳来 . 2005).

Келесі пікір көптеген жылдар бойы жоғарыда аталған факторлардың әсерінен болған қытайдың өзіне ғана тән ерекше қасиеттеріне арналады.

Қытайлықтарда негізгі екі борыш болды: аспанға ризашылық пен ата-бабаларына ризашылық. Және де қытай халқы әрқашан қарттықты сыйлаған және құрметтеген. Келесі мақалдар соның дәлелі болады:

树老根多, 人老智多 [Shù lǎo gēng duō, rén lǎo zhì duō] – «Кәрі ағаштың тамыры көп, кәрі кісінің ақылы көп».

家有一老人, 如有一宝 [Jiā yǒu yī lǎo, rú yǒu yī bǎo] — «Үйде кәрі кісі болса, үйде құнды дүние бар деген сөз».

Қытайлықтарда басқа ұлттарда жоқ қасиеттер бар. Солардың бірі – 面子, бетінен, беделінен айырылу. 面子 – бұл адамгершілік өлшемі, қытайлықтар оны қатты ұстанады. Беттен, беделден айырылу – өзіне деген құрметтен, сенімнен айырылу деген сөз.

Қытайлықтарда сонымен қатар билікке деген қорқыныш бар. Ерте заманнан қарапайым халық билікпен қатынасы тығыз болған сайын, олар одан одан бетер қорқатын болған. Бұның бәрі аспанға табыну мен рухтарға деген құрметпен байланысты.

人怕春明, 猪怕壮 [Rén pà chūnmíng, zhū pà zhuàng] – «Шошқа үшін семіз болған қауіпті, адам үшін танымал болған қауіпті».

人要脸, 树要皮 [rén yào liǎn shù yào pí] – «Адамға беделінен айырылмау маңызды, ағашқа қабығы маңызды».

Қытайлықтар өте еңбеккор халық. Бұл көп уақыт «күріш өркениеті» деп аталатын кедейлік-

те өмір сүргеннің нәтижесі және де конфуцийшілдік еңбек этикасына байланысты:

世上无难事，只怕有心人 [shì shàng wú nán shì zhǐ pà yǒu xīn rén] – «Жүзеге асыра алмауым мүмкін деген істі аяқтау үшін, талмай еңбек ету қажет».

窮則變，變則通 [qióng zé biàn biàn zé tōng] – «Егер сен кедей болсаң, өзгер, сонда бәріне қол жеткізесің».

有志者，事竟成 [yǒu zhì zhe, shì jìng chéng] – «Егер адамда арман болса, ісі де алға жүреді» (叶芳来. 2005).

Мақал-мәтелдердің ерекшелігі – ұлттың менталитетіне, тарихи тәжірибесіне, дініне, дәстүріне байланысты. Қытай тілінің мақал-мәтелдері қоры өте көп. Семантика жағынан, құрылысы мен пайда болу деректері жағынан әртүрлі.

Қытай тіліндегі мәтелдердің пайда болу дерегі – қазіргі ауызекі тіл нормаларымен жасалған сөз тіркестері, – тірі ауызекі тіл. Алайда олардың пайда болуы одан да ерте кезді қамтиды. Көптеген 俗语Súyǔ, 惯用语Guànyòng уй қазіргі тілде кең қоданылады, себебі олар тарихи және әдеби ескерткіштерден табылған, оларда «俗Sú, 俚俗Lǐsú, 俚语Lǐyǔ» жазбасымен тіркелген, – «қарапайым» (Васильев Л.С. 2014).

Көне деректерде кездесетін, қазіргі кезде өзінің тілдік формасын сақтаған, қазіргі тілдік жүйемен айтылатын мәтелдер аз емес. Соларға тоқталатын болсақ.

掉书袋 – дәйексөздер жаудыру, өзінің оқығандығын көрсетуден бас тартпау (кітап салынған мөшектерді тастау).

登龙门 – жоғары қызмет немесе атаққа ықпалды адамдар арқасында қол жеткізу; мемлекеттік қызметке емтиханды сәтті қорғау (Айдаһар қақпасынан өту)

戴高帽儿 – біреуге жағымпаздану, мадақ сөздер айту (біреуге биік бас киім кигізу)

戴绿帽子 – көзіне шөп салу (біреуге жасыл бас киім кигізу)

Адамның күнделікті өмірі, олардың айналасын байқауы мен баға беруі, қоршаған орта жайлы, адамдардың қарым-қатынасы жайлы, дәстүрлері мен әдеттері жайлы әртүрлі жағдайлар туралы ойларын білдіріп отырады. Бұндай ой-пікірлер уақыт өте келе тұрақталып, өңделіп мақал не мәтелге айналады. Мысалы:

拉老婆舌头 – өсек айту, әйелдердің өсегі (кемпірді тілінен тарту)

下软蛋 – әлсіз, қорқақ, боқмұрын (жұмсақ жұмыртқа басып шығару)

近水楼台先得月 – жеңілдік шарттарын өз жеке мүддесіне жұмсау; жеңілдік шарттарының болуы (жағалау маңындағы мұнара айды бірінші қарсы алады).

Әртүрлі аңыздар мен дәстүрлер мақал-мәтелдің негізгі дереккөзі болып табылады.

露马脚 – өзін ұстап беру; құпияның әшкереленуі (жылқы аяғын көрсету) (Кравцова М.Е. 2011).

Көптеген мақал-мәтелдер жалпы қолданысқа әртүрлі кәсіби саладағы қарым-қатынас арқылы енген.

#### **Әскери сала**

车轮战 – күшінің бәрі сарқылғаннан кейін басып алу (дөңгелек тактикасы)

包饺子 – қоршау, дөңгелетіп қоршауға алу (тұшпара жасау)

#### **Медицина саласы**

害软骨病 – жігерсіз, әлсіз (шеміршек ауруына ұшырау, хондропатия)

打预防针 – сақтық шараларын жасау (профилактикалық укол салу)

#### **Коммерция, сауда, қаржы саласы**

金字招牌 – сыртқы жылтыр; маңдайша, марка; фикция (дүкеннің алтын жалатылған маңдайшасы)

散摊子 – жабу, тарату (ұйым, мекеме); құлдырау, ыдырау (науаны бөлшектеу)

#### **Көлік саласы**

开倒车 – бастапқыдан тайку (сөз, іс-әрекет); артқа шегіну (артқа шегіну)

开绿灯 – рұқсат беру; жол ашу; кедергі жасамау; жасыл көше жасау (жарық); (жасыл шам жағу)

#### **Дін саласы**

数世主 – құтқарушы; кез келген жағдайда көмекке даяр тұратын адам (әлем құтқарушысы)

惊山神动土地 – барлығын мазалау; барлығының көңілін бұру (тау құдайының мазасын алу; жергілікті құдайдың мазасын алу)

#### **Театр саласы**

唱对台戏 – бәсекелесу, жарысу (қарама-қарсы сахнада тұрып өлең айту)

跑龙套 – статист болу; барып кел, шауып кел болу; ұсақ тапсырмаларды орындау (свита немесе күзетшіні орындау, статист)

#### **Математика, есеп саласы**

不管三七二十一 – бәріне түкіру; қолын бір сілтеу; (үш жердегі жеті жиырма бір екеніне де қарамау)

三下五除二 – бір-екі дегенде бәрі бітті; бірден; ешнәрсе емес (бестен үшті алсаң екі болады)

#### **Спорт, ойындар**

擦边球 – тәртіп бұзуға сәл қалу; тәуекелге бас тігу (үстел теннисінде «үстел шетінде тұрып қалған доп»)



三级跳 – жылдам мансап; тез өсу (үш секіріс) (Кравцова М.Е. 2011).

Қытай тілінде мәтелдердің негізгі шығу дереккөздері диалектілер болып табылады. Өр диалект немесе сөз өз арсеналында мәтел болып табылады, олардың қолданысы сол диалект шеңберінен шықпайды. Мысалы, 吃排骨 – «сынға ұшырау; бір нәрсеге кінәлі болу» (қабырғаларды жеу) тұрақты тіркесі тек Цзянсу провинциясының солтүстігі мен Шаньдун провинциясының оңтүстігінде ғана қолданылады.

Оңтүстік диалектілерден қытай тіліне 空心汤圆 – «мағынасыз жұмыстар; бос сөздер; бір көрініс; шиш» (іші бос тұшпара) тіркесі келді. 汤圆 сөзі оңтүстік диалектіде 元宵 мағынасымен бірдей – күріш ұнынан жасалған ішінде қоспасы бар дөңгелектер.

扯闲白儿 – бос сандырақтау (ешнәрсемен айналыспау, ешқандай мақсат болмауы) – бұл тіркес пекин диалектісіне тиесілі, 打牙祭 – «дәмді тамақ ішу; бүкіл әлемге мереке жасау (тіске құрбандық ету) – сычуань диалектісіне тиесілі.

Кейбір диалектілі мәтелдердің лексика-грамматикалық құрылысы аса ерекшеленбейді, ондай мәтелдер ортақ тілге бейімделіп, өзінің «жергілікті» ерекшелігін жоғалтып, қай диалектіден шыққан дерегі ұмытылады. Мысалы, 煮夹生饭 – «істі соңына дейін аяқтау; бастаған істі бітіру» (толық піспеген ботқаны толық пісіру) – Шэньси провинциясынікі, 打马虎眼 – әдейі іс-

теу; екіжүзді болу; көзілдірігін сұрту; тек көрініс жасау» (түсінбеген кейіп таныту) – солтүстік диалектінікі.

### Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысында мақал мен мәтелге жалпы анықтама беріліп, қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің шығу тарихына, қолданылу аясы жайлы қарастырылды. Мақал-мәтелдер – халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі, даналығы мол көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленетін тілдік бірліктер болып табылады:

– мақал көп жағдайда үлгі, өнеге, өсиет айтуға құрылады. Ал мәтел, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты орамды сөйлемше түрінде келіп, көңілдегі ойды емеурін арқылы жеткізеді және нақты тұжырым, қорытынды пікір жасалмайды;

– қытай тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара-жігі нақты ажыратылмай, біртұтас тұрақты тіркес ретінде қарастырылады;

– мақал-мәтелдер өзге тұрақты сөз орамдарына (қанатты сөз, нақыл сөз т.б.) қарағанда, тұлға жағынан ықшам, мазмұны жағынан тұтас, әмбебап болады;

– мақал-мәтелдердің тұлғасының тұрақтылығы мен тілде бұрыннан «дайын» материал ретінде қолданылатын сипаттары оларды фразеологизмдер қатарына қосып, осы салада зерттеуге толық мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

- Тұрманжанов Ө. (2007) Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: «Білім».
- Афанасьева М.П. (2016) Поговорки как отдельный класс изобразительных средств во фразеологической системе современного китайского языка. – Тамбов: Грамота., №4(58), в 3-х ч. Ч.2.
- 夏征农 (2000). 辞海. 上海: 上海辞书出版社, . 6155 页
- 叶芳来 (2005). 俄汉谚语俗语词典. – 北京. 商务印书馆. -394页.
- Зеленев Е.И., Касевич В.Б. (2013). Введение в востоковедение: Общий курс. Ред. – СПб.: КАРО.
- Васильев Л.С. (2014) История религий востока: [электронный ресурс]. URL: [http://www.plam.ru/hist/istorija\\_religii\\_vostoka/p18.php](http://www.plam.ru/hist/istorija_religii_vostoka/p18.php)
- Кравцова М.Е. (2011) История культуры Китая. 4-е., испр. и доп. – СПб.: «Издательство ПЛАНЕТА МУЗЫКИ»; Издательство «Лань».
- Абай энциклопедиясы (1995). – Алаты: Атамұра. 434 б.
- Хасенов Әмеди (1996) Тіл білімі. – Алматы, 173 б.
- Вайцехович И.В. (2007) Практическая фразеология современного китайского языка. – М.: АСТ: Восток-Запад.
- 赵亚娜 (2010). 谚语中女性传统观念及其历史地位的变迁. 海南师范大学学报. 第24卷: ‘夫为妻纲
- 金明华(2010). 中韩谚语中的女性文化透视. 语言学研究.
- 唐静(2010). 西汉谚语文化透视. 西南科技大学外国语学院: 中国科教创新刊.
- 王娟. 哈萨克族谚语中的妇女传统形象 论文.
- 耿静静(2010). 谚语中的中国古代女性文化透视.
- 蒋 静(2013). 论中日传统谚语中的女性文化观. 文教资料.

### References

- Ö.Turmanjanov. (2007). «Kazaktyñ makaldary men mätelderі». Almaty. «Bílím».
- Afanas'eva M. P. (2016). Pogovorki kak otдел'nyy klass izobrazitel'nykh sredstv vo frazeologicheskoy sisteme sovremennogo kitayskogo yazyka. Tambov: Gramota., №4(58), v 3-kh ch. CH.2. s. 72-76.
- Xià zhēng nóng (2000). cí hǎi. shàng hǎi: shàng hǎi cí shū chū bǎn shè,. 6155 yè
- Yè fāng láí ( 2005). é hàn yàn yǔ sù yǔ cí diǎn□– běi jīng□shāng wù yìn shū guǎn□-394yè
- Zelenev E.I., Kasevich V.B. (2013). Vvedenie v vostokovedenie: Obshchiy kurs. Red.– SPb.: KARO., – S. 397-401.
- Vasil'ev L.S. (2014). Istoriya religiy vostoka: [elektronnyy resurs]. URL: [http://www.plam.ru/hist/istorija\\_religii\\_vostoka/p18.php](http://www.plam.ru/hist/istorija_religii_vostoka/p18.php)
- Kravtsova M.E. (2011). Istoriya kul'tury Kitaya. 4-e., ispr. i dop. – SPb.: «Izdatel'stvo PLANETA MUZYKI»; Izdatel'stvo «Lan'», – S. 194 – 279.
- Abaj énciklopediâsy (1995). A.: Atamýra. 434 B.
- Qudaybergenova K. Quzirılıq – tulğa damwınıñ sapalıq krıteriyi // «Bilim sapasın baǵalawdıñ мәseleleri: “әdisnamalıq negizi jәne praktikalıq nәtijesi” attı ǵılımi-praktikalıq konferenciya materialdarı. – Almaty, 2008. – 30–32s.
- Turğanbaeva B.A. “Damıta oqıtw texnologiyaları”. – Almaty, 2000. – 71 – 72s.
- Mishlanov S L. Metody sistemnogo pedagogicheskogo issledovaniya: ucheb. posobiye / pod red. N.V.Kuz’minoy. – L.: Izd-vo LGU, 1980. – 46–47s.
- Kharchenko Yu. V., – «kommunikativtik mamandyk, tar» Vysshye obrazovaniye segodnya. – Shkatova 2001. № 11. 81–89s.
- Muxanbetjanova. Ä.M., Quzirettilik turǵıdan bastawısh bilim berw мәselesi. – Almaty, 2011. 11–12s.

<sup>1</sup>Кажатова Р.Н., <sup>2</sup>Ахапов Е.А.

<sup>1</sup>магистрант, эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Ph.D., доцент м.а. эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: raigul.07@mail.ru

### **ЖАПОН ҚОРЫНЫҢ «МАРУГОТО. ЖАПОН ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІ» ОҚУЛЫҒЫНА ШОЛУ**

Мақала жапон тілін оқыту стандартымен және сол стандарт негізінде құрастырылып отырған «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» оқулығын таныстыруға арналады. Сонымен қатар, Жапон Қорының әлемде жапон тілін таратудағы қызметіне шолу жасалынады. Мақалада Жапон қорының жыл сайынғы әлемдегі жапон тілі туралы зерттеулері сарапталынып, жапон тілі оқыту стандартының ерекшеліктері қарастырылады. Мақаланың мақсаты – жапон тілін оқыту стандарты мен «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» оқулығын шетелдіктерге қазақ тілін оқып-үйретуде үлгі ретінде қарастыру болып табылады. Жапон тілін оқыту стандарты мен стандарт бойынша құрастырылған оқулықтың өзіне тән ерекшеліктерін анықтау, тіл үйретудегі арнайы жүйе мен сол жүйеге сәйкес келетін оқу құралының маңыздылығын көрсету.

**Түйін сөздер:** Жапон Қоры, жапон тілі, JF жапон тілін оқыту стандарты, Маругото.

<sup>1</sup>Kazhatova R.N., <sup>2</sup>Akhapov E.A.

<sup>1</sup>master course student, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Ph.D., associate professor, al-Farabi Kazakh national university,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: raigul.07@mail.ru

### **Review of the coursebook of Japan Foundation «Marugoto. Japanese language and culture»**

The article is focused on the standard for teaching Japanese language and on the coursebook “Marugoto. Japanese language and culture” based on the standard. Moreover, a brief overview of the activities Japan Foundation in the dissemination of the Japanese language in the world. This article analyzes the annual report of the teaching Japanese language worldwide and describes main features of the Japanese language standard. The purpose of the article is to examine the standard of teaching Japanese language and the coursebook “Marugoto. Japanese language and culture” as an example of teaching the Kazakh language for foreigners. To highlight the importance of a certain language learning system and training materials that is suitable for this system by determining the features of the standard of teaching Japanese and the coursebook based on the standard.

**Key words:** Japan Foundation, Japanese language, JF Standard for Japanese-Language, Marugoto.

<sup>1</sup>Кажатова Р.Н., <sup>2</sup>Ахапов Е.А.

<sup>1</sup>магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Ph.D., и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: raigul.07@mail.ru

### **Обзор учебника Японского Фонда «Маругото. Японский язык и культура»**

В статье рассматриваются стандарты преподавания японского языка, а также учебник, составленный на основе стандарта «Маругото. Японский язык и культура». Проводится краткий обзор деятельности и вклада Японского Фонда в распространение японского языка в мире. В статье анализируется ежегодное исследование преподавания японского языка в мире и рассматриваются особенности стандарта японского языка. Цель исследования –



показать важность системы используемой при изучении языка и соответствующих учебных материалов, определив особенности стандарта преподавания японского языка и учебника, составленного на основе стандарта.

**Ключевые слова:** японский Фонд, японский язык, JF стандарт преподавания японского языка, Маругото.

## Кіріспе

Қазіргі жаһандану заманында әрқайсымыз үшін өзге тілді меңгеруге мүмкіндігіміз жоғары екені анық. Әрине, шет тілін үйренуде ең маңызды талап ол – адамның сол тілді үйренуге деген құлшынысының болуы. Сонымен қатар, қандай тіл болмасын, оны жоғары дәрежеде меңгеру үшін үйренуші де немесе сол тілді үйретуші маман да әртүрлі оқу құралдарына жүгінетіні сөзсіз. Себебі, оқу құралдары ол – белгілі бір нәтижеге жетуге жол нұсқаушы болып табылады. Әрине, тілді үйрену мен үйретудің сан түрлі жолдары бар. Дегенмен, арнайы оқулыққа сүйенбей, өздігінен тіл меңгеру мүмкін емес. Жоғары оқу орны немесе тіл үйрету орталығы болмасын, тіпті еркін тіл үйретуші адам да (репетитор) арнайы оқулыққа жүгіну арқылы ғана дәріс бере алады.

Сонымен, тілді меңгеруге я болмаса оқытуға арналған оқу құралы қандай болу қажет? Оқулық сол тілдің грамматикасынан бөлек меңгеріп жүрген тілге байланысты елдің мәдениетін де ұштастыра білсе әлдеқайда пайдалы болады. Өйткені, тіл үйрену арқылы сол елдің мәдениетінен де хабардар болу тілді меңгерудегі құлшынысты жоғарылата алады деген ойдамыз. Осыған орай, Жапон Қорының шетелдердегі жапон тілін үйренушілеріне арнайы жасап шығарған «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» (жапон тілінде – まるごと日本のことばと文化, келесі – Маругото) оқулығын үлгі ретінде ұсынуға болады.

Қазіргі таңда Жапонияның әлем бойынша экономикасы дамыған мемлекеттер қатарында екені бәріне мәлім. Сонымен қатар Жапония тек экономикасына ғана көңіл бөліп қоймай, өз мәдениеті мен тілін берік ұстанған санаулы елдер қатарына жатады. Жапония өз елінде ғана емес, өзге шет мемлекеттерде де жапон тілі мен мәдениетінің қарқынды дамуына арналған жұмыстар жасауда. Осы орайда әлем бойынша Жапонияны таныту мақсатында жүзеге асырылып отырған бағдарламалардың негізгі орындаушысы – Жапон Қоры (жапон тілінде – 国際交流基金, ағылшын тілінде – Japan Foundation, келесі – JF) болып табылады. JF жапон мәдениеті мен жапон тілін шетелдерге таныстыру мақсатында

жұмыстар атқарып отырған Жапониядағы іргелі ұйымдардың бірі болып табылады. JF ұстанған негізгі бағыттарының бірі – жапон тілін үйренушілер санын көбейту. Халықтар арасындағы өзара байланысты орнатуда тіл көпір рөлін атқаратындықтан, дәл осы бағыт барынша маңызды аспект болып саналады. Жалпы Жапонияның танымалдылығы мен оның мәдени, экономикалық, саяси және т.б. түрлі аспектілеріне деген қызығушылықтың арта түсуі жапон тілін үйренушілер санының көбеюіне септігін тигізуде. Қазіргі таңда JF әлемдегі ірі мәдени инвесторлардың бірі болып саналады. Жапон тілін үйренушілер санын арттыру мақсатында JF әлемнің 190 мемлекетіндегі жобаларға демеушілік көрсетіп отыр. Сонымен қатар шет елдерге жапон тілі оқытушыларын жіберіп, шетелдік жапон тілі оқытушыларына біліктілікті көтеруге арналған тағылымдамаларды ұйымдастырады. Жапон тілі институттарына қолдау көрсетіп, жапон тілі деңгейін анықтау емтиханын өткізеді. Оқу материалдарын жасау мен тарату жұмыстарына қатысып қана қоймай, Жапониядан тыс мемлекеттердегі жапон тілін оқыту жайлы мәліметтер мен талдауларды жинауға атсалысады (Japan Foundation. Official site).

Әлем бойынша Жапон тіліне деген қызығушылықтың артып жатқандығын байқағандықтан, JF жапон тілін үйрету жолдарын көбейтуде. Осылайша JF жапон тілін үйренушілер мен Жапония және жапон тілі арасындағы байланыс көпірі рөлін атқарып отыр десек болады. JF құрастырып отырған оқу құралдары әлем бойынша жапон тілін оқыту орталықтарында, университеттерде негізгі немесе қосымша оқулық ретінде қолданылуы оның сапасының және нәтижелілігінің жоғары екендігін дәлелдейді.

## Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты тіл үйрену мен оны үйретуде маңызды роль атқаратын оқу құралы, соның ішінде JF-тің шетелдіктердің жапон тілін үйренуіне арнап құрастырып шығарған Маругото оқулығын таныстыру болып табылады. Зерттеу жұмысының міндеті ретінде аталмыш оқулықтың қазақ тілін үйретуде өзімізге қажет тұстарын көрсету негізге алынды.

Осы орайда, зерттеу жұмысында JF ресми сайтындағы статистикалық мәліметтер мен баяндамалар, сонымен қатар жапондық зерттеушілердің оқулық жайында жазылған ғылыми жұмыстары қолданылды.

### Бастапқы зерттеулер туралы

JF-тің шетелдерде жапон тілін оқыту ұйымдары жайлы жүргізген зерттеулеріне (2012 ж.) сүйенетін болсақ, әлемнің 136 елінде жалпы саны 3985669 (2009 жылдың есебімен салыстырғанда 9,2%-ға көбейген) жапон тілін үйренуші 16046 (2009 жылмен салыстырғанда 7,5%-ға артты) әртүрлі ұйымдарда жапон тілін меңгерген. Ал жапон тілі оқытушылар саны 63805 оқытушы болып, бұл көрсеткіш 2009 жылға қарағанда 28,1%-ға артқанын

байқауға болады. Сонымен қатар, төменде көрсетілген 1-кестеден 2015 жыл бойынша жүргізілген зерттеулердің қорытындысы да берілген. 2015 жылдардағы жапон тілін үйренушілер саны 2012 жылға қарағанда керісінше азайғанын байқаймыз. Осы орайда, баса назар аударатын мәселе зерттеуге тек Жапон Қорының ұйымдастырылумен құрылған жапон тілін оқыту ұйымдары және Қормен байланыстағы тіл институттарында жапон тілін меңгеріп жүрген оқушылар саны берілген. Егер өздігінен үйреніп жүрген тіл үйренушілер санын да қосатын болсақ, нәтиже әлдеқайда жоғары болуы мүмкіндігін алға тартады. Себебі қазіргі таңда қандай да бір тіл орталықтарына бармай, интернет ресурстары арқылы тілді меңгеріп алу мүмкіндігі жоғары.

**1-кесте.** Жапон Қоры зерттеулерінің нәтижесі

|                         | 2009      | 2012      | 2015      |
|-------------------------|-----------|-----------|-----------|
| Жапон тілін үйренушілер | 3,651,232 | 3,985,669 | 3,655,024 |
| Жапон тілін оқытушылар  | 49,803    | 63,805    | 64,108    |
| Институттар             | 14,925    | 16,046    | 16,179    |

Дерек көзі: <https://www.jpf.go.jp/e/project/japanese/survey/result/index.html>

Ескерту: Кестеде тек JF-тің әр мемлекетте орналасқан тіл үйрету базаларындағы жапон тілі үйренушілер саны енгізілген. JF қарамағына жатпайтын тіл үйрету орталықтарының және өздігінен жапон тілін үйренушілер саны есепке алынбаған.

JF мамандары жүргізген JF халықаралық орталығының зерттеулеріне қатысқан әр мемлекеттің жапон тілі оқытушыларының баяндамаларындағы жапон тілін оқыту жағдайларына назар салатын болсақ, «тіл үйренушілердің грамматика тұрғысынан білімдері жоғары болғанымен, ауызекі сөйлеуге келгенде тосылып қалады», «иероглиф (канджи) пен грамматиканы меңгеру көп уақыт алатындықтан тіл үйренушілердің оқуға деген құлшыныстарын бір деңгейде ұстап тұру қиын», «жапон мәдениеті мен күнделікті жапон тыныс-тіршілігі жайлы мағлұмат алуға мүмкіндік аз» деген мәселелер ұзақ уақыт бойы айтылып келе жатты. Осындай мәселелер туындаған соң JF «өзара түсіністікке арналған жапон тілі» ұстанымы негізінде жапон тілін оқыту, оқу, жеткен нәтижені бағалау мақсатында «Жапон Қорының жапон тілін оқыту стандартын» жариялап, кейіннен сол оқыту стандарты негізінде «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» атты оқулығын шығарады. Бұл жапон тілі курсына арналған оқулықта жапон тілін оқыту мазмұны мен тәсілдері жинақталған.

Маругото оқулығы JF-тің жапон тілін оқытуда негізгі оқу құралы ретінде ұсынылғаннан бері оқулықтың құрылымы, ерекшеліктерін айқын көрсететін мақалалар көптеп кездеседі. Оқулықтың негізгі авторлары Kijima Hiromi, Shibahara Tomoyo және Hatta Naomi-дың «JF日本語教育スタンダード準拠コースブックの開発」(2012 ж.), «『まるごと日本のことばと文化』における海外の日本語教育のための試み」(2014 ж.) еңбектерінде оқулықтың құрастырылуының себептері мен ерекшеліктері атап көрсетіледі. Бұл мақалалардың басым бөлігі JF зерттеу орталықтарының зерттеулеріне сүйене отырып жазылған мақалалар мен өткізілген семинарлар есептері болып саналады.

JF жапон мәдениеті мен тілін тарату, халықаралық байланыс орнату мақсатында 3 негізгі бағыт бойынша жұмыс атқаратынын жоғарыда атап көрсеткен болатынбыз. Шетелдерде жапон тілін оқытуға байланысты JF 1970 жылдардан бастап тіл үйретудегі негізгі оқулық, видео-оқулықтар, материалдар жинағы, интернет арқылы оқыту сияқты әртүрлі мазмұндағы

оқу құралдарын құрастыруда. Мысалы, 1981 жылы негізгі оқулық рөлін «日本語初歩» (Nihongo shoho. авторлары: Suzuki Shinobu, Kawase Ikuro. JF-ның жапон тілі халықаралық орталығы баспасы) атқарса, 1990 жылғы «日本語中級» (Nihongochukyu. авторлары: Suzuki Shinobu, Kawase Ikuro. JF-ның жапон тілі халықаралық орталығы баспасы) оқулығы бойынша жапон тілін үйрете бастады. Соңғы жылдары және қазіргі таңға дейін жапон тілі оқыту ұйымдарының көпшілігінде «みんなの日本語» (Minanoniingo. Three Air Network баспасы) оқытылып келеді (The Japan Foundation Japanese-Language Institute, Urawa. Official site).

JF жапон тілін оқыту стандартын жоспарлау 2005 жылы басталып, 2010 жылы алғашқы нәтижелері жариялана бастады. «JF-тің жапон тілін оқыту стандарты» – JF-тің негізі идеясы «халықаралық мәдениет алмасу» және «өзара түсінушілік» ұғымдарын байланыстырып, Еуропаның CEFR (Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assesment) жүйесін негізге ала отырып құрастырылған жапон тілін оқыту стандарты болып табылады. Бұл оқыту стандарты «Маруготоны» құрастырып шығаруда негізгі роль атқаратындықтан мақалада толығырақ сипатталады.

### **«Маругото» оқу құралын енгізудің алғышарттары**

JF-тің жапон тілін үйрету бағытында JF өз кезегінде көптеген жұмыстар атқарды. Жапон тілін үйрену неғұрлым нәтижелі болу үшін аудио, видео оқуларды есептемегенде өзге де оқу құралдары аз емес. Қазіргі уақытта JF-тің шет елдердегі ұйымдастырылған жапон тілін үйрену курстарында «Маругото» оқу құралы қолданылып жүр. Ол тек қана жапон тілінің грамматикасын үйретіп қана қоймай, күнделікті өмірде жиі орын алатын жағдайларға орайластырып құрастырылған. Сонымен қатар жапон мәдениеті жайлы мәліметтер де көп кездеседі. Бұл арқылы жапон тілін үйренушілер жапон тілімен қоса жапон мәдениетін жапон тілінде оқу мүмкіндігіне ие бола алады.

JF стандарты «өзара түсіністікке арналған жапон тілін» құрастыру үшін негіз ретінде басқа адамдармен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын жапон тілі мен мәдениет айырмашылығын түсіне алуды алға тартады. Маругото оқулығын жарыққа шығарушылар ұжымы жоғарыда көрсетілген мақсаттарды негізге ала отырып жаңа оқу құралын жасап шығарды. Ал бұл оқу құралының кеңінен қолданылуының себебі JF-тің оқулықты

жасауда әлемде жапон тілін оқыту практикасына сүйенуінде.

Оқулықты құрастырушылардың негізгі мақсаты – халықаралық мәдени алмасу немесе пікір алмасу жағдайларында өзара түсіністікті қалыптастыру. Сонымен қатар, тіл үйренудің алғашқы күндерінен бастап тілдік барьерді жою позициясы тұрғысынан да қарастырылып, өзге мәдениетті түсінудегі қиыншылықтар мен өзара байланыстың жапон тілі арқылы жүзеге асуын алға тартады. Оқулықтың ерекше көрсетіп кететін тұсы, ол оқулық тіл үйренушінің жапон еліне, оның мәдениетіне деген қызығушылығын тудыру мақсатында құрастырылғанын байқауға болады. Оқулықтағы әр тақырып күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлармен қамтылып, әртүрлі мәдениет өкілдерінің жапон тілін қолдану аясында кездесумен анықталады.

Келесі кезекте JF-тің «Маругото» оқулығын шетелдіктерге жапон тілін үйретуде негізгі оқулық ретінде құрастырылуының алғышарттары төмендегідей.

Оқулықтың алға қойған мақсаты: өзара түсіністікке арналған жапон тілі.

JF-тің жапон тілін үйретуде негізгі мақсаттарының бірі ол – халықаралық мәдени алмасу арқылы екіжақты түсіністік орнату болып табылады. Жапон тілін үйренуші тілді үйреніп қана қоймай, сол елдің мәдениетімен таныса алуы, өз елінің мәдениеті арасындағы айырмашылық пен ұқсас тұстарын ажырата біліп, соны жеткізе алуы қажет. Яғни, сөз бен мәдениеттің екеуі де маңызды рольге ие болады. Сол себепті, «Маругото» жапон тілін ғана емес, сонымен қоса жапон мәдениетін де оқытатын оқулық ретінде құрастырылды. Жапон тілін тек жапондықтармен қарым-қатынасқа түсу үшін емес, жалпы ортақ қарым-қатынас тілі ретінде қолдануды мақсат етеді.

Жапон тілін үйренушілер: жалпыға ортақ жапон тілі

«Маругото» оқулығы JF базасына енетін тіл үйрету орталықтарында әлемнің әр түкпірінде жас ерекшеліктері әртүрлі тіл үйренушілерге арналады. Жалпы жапон тілі оқулықтарының оқу жоспары Жапонияда оқи алу, жұмысқа орналасу немесе жапон тілі емтиханын сәтті тапсыру сияқты мақсаттарды негізге алып құрастырылған. Дегенмен JF-тің шетелдерде жапон тілін оқыту ұйымдарының 2009 жылы жүргізген зерттеулеріне сүйенетін болсақ, жоғарыда аталған мақсаттардан бөлек басқа себептерге байланысты жапон тілін үйреніп жүргендердің басымдығын алға тартады. Яғни, жай ғана тілге

деген, жапон тілінде сөйлей алу, аниме, манга, жапон тарихына, мәдениетке деген қызығушылықтары бар болғандықтан жапон тілін үйреніп жүргендердің көп екендігін көрсетеді. Бұл оқулық жапон тілін практикалық тұрғыдан ғана емес, жапон тілін жеңіл түрде үйрену мен Жапонияға қызығушылық тудыру арқылы шетелдіктерге жапон тілін үйретуді мақсат тұтады. Өзара түсіністікке арналған жапон тілін оқытуды ұсыну аясында көптеген адамдардың жапон тілін үйрену мүмкіндігін тудырудың маңыздылығы артады.

JF-тің жапон тілін оқыту курстарының оқулығы ретінде

«Маругото» оқулығы JF-тің шетелдердегі негізгі тірегі болып саналатын жапон тілін оқыту курстарына арналған оқу құралы ретінде құрастырылып шығарылған. Яғни, өзіндік мазмұны, оқыту тәсілі мен жүйесі бар арнайы жапон тілі курстарында қолданылатын оқу құралы болып табылады. Мысалы, бұған дейін қолданылып келген бастапқы деңгейдегі жапон тілі «日本語初歩», «日本語中級» оқулықтары құрылымдық оқу жүйесіне негізделген болатын. Нақтырақ айтқанда, белгілі сөйлем құрылымы беріліп, оқулықтағы жаттығулар мен диалогтар сол берілген сөйлем құрылымы аясында ғана құрастырылып отырған. Ал жапон тілін оқыту курстарындағылар сол берілген тәсіл бойынша ғана жапон тілін үйренетін. Алайда, бұл оқулық арқылы әртүрлі жастағы үйренушілер үшін қажет жапон тілін үйренуге мүмкіндік аз болды. Өйткені тек қана грамматика мен иероглифтерді үйрену, сол грамматикаға ғана негізделіп жасалған сөйлемдер мен диалогтарды қарастыру жапон тілін үйренушілер үшін қиындықтар туғызды. Ал «Маругото» оқулығы көбіне жапон тілін үйретуде жеңіл тәсілдерді ұсынады. Мысалы, оқулықта шетелдік үйренушілерге қиындық тудыратын иероглифтерді үйретуді негізгі мақсат ретінде қоймай, оның орнына жеңіл диалогтарды құрастырып үйретуді жөн санайды. Барлық жағынан алып қарағанда шетелдік жапон тілін үйренушілер үшін тілді үйрену жеңіл болуы қажет. Мұндай оқыту тәсілі арқылы үйренушілердің тілге деген қызығушылығы жоғалмайды.

JF жапон тілін оқыту стандартына сәйкес оқу құралы

Тіл мен қатар сол елдің мәдениетін үйрену, күнделікті тұрмыс-тіршілікте сол тілде оңай қарым-қатынасқа түсе алу – бұл JF жапон тілін оқыту стандарты негізінде құрастырылған оқу құралының негізгі мақсаты. Яғни, бұл идеяны ұстанып жапон тілін үйрету дегеніміз, өзара тү-

сіністікке арналған жапон тілін қолдану арқылы «тапсырмалар орындай алу» мен әртүрлі мәдениеттерді тоғыстыра отырып «мәдениет айырмашылығын түсіне алу» мүмкіндігін туғызады (Kijima, 2012: 8).

### JF-тің жапон тілін оқыту стандарты туралы

Жоғарыда атап өткеніміздей, JF-тің жапон тілін оқыту стандарты шет тілдерді үйретуде қолданылатын CEFR жүйесі негізінде құрастырылды. CEFR (*Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assessment – Шет тілдерді меңгерудегі жалпыеуропалық құрылым: үйрену, оқыту, бағалау*) – бұл Еуропада бекітілген шет тілдерді оқыту стандарты болып табылады. 2001 жылы құрылғаннан бері бұл стандартқа тек Еуропа мемлекеттері ғана емес, сонымен қатар әлемнің басқа елдері де көңіл аударып келеді. Ал бұл стандарттар қазіргі уақытта әлемнің 40-тан астам тіліне, атап айтатын болсақ, ағылшын, неміс, француз, испан, түрік, араб, орыс, корей және т.б. тілдеріне қолданылып отыр. Сонымен қатар, осы стандарт бойынша тілді үйретуді қолға алған ұлттық ұйымдар CEFR жүйесінің таратылуына жауапты (Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). Official site).

«The JF Standard for Japanese Language Education 2010» (JF 2010. JF Standard for Japanese Language Education. Official site.) деректеріне сүйенетін болсақ, бұл стандарт жапон тілін қалай үйрену және үйрету, білім деңгейін қалай бағалау қажеттілігін анықтайды. JF жапон тілін оқыту стандарты төмендегідей секциялардан құралған.

Тіл үйренудегі алты деңгей

*Can-do көрсеткіші*

*JF-тің жапон тілін оқыту стандартының ағашы (the tree of the JF Standard)*

Портфолио

Аталмыш стандарт тіл үйренушіге өзінің жапон тілі деңгейін білуге септігін тигізеді, яғни әр үйренуші өздігінен жапон тілі деңгейін бақылай алады.


JF жапон тілін оқыту стандартында көрсетілген тілді игеру дағдылары CEFR стандарты сияқты 6 негізгі деңгейге бөлінген. Деңгейлер ең төменгі A1-ден басталып, ең жоғарғы деңгей C2-ден аяқталады. A1 деңгейінде үйренуші алдын ала жатталған сөздерді қолданып қысқа сөйлемдерді айта алу, өзін таныстыра алу сияқты дағдыларды меңгерсе, ең жоғарғы C2 деңгейдегі үйренуші аудитория алдында күрделі



тақырыптарда сөз қозғай алатындай дәрежеге жетеді. Бұл деңгейлер жапон тілін үйренушілердің қаншалықты грамматиканы немесе иероглифтерді (канджи) игергеніне негізделіп емес, олардың жапон тілін қолдану арқылы қаншалықты тапсырмаларлы орындай алуына негізделіп бөлінеді.

Бағалау жүйесі ретінде Can-do көрсеткіші қолданылады. Көрсеткіште жапон тілін үйренуші әр курстың соңында қандай дағдылар мен білімді игеріп үлгеру қажеттілігі жөніндегі мағлұматтар жазылған. Бұл Can-do-лар «I can» деп басталып, әр деңгейде тіл үйренуші қандай дағдыларды меңгергенін сипаттайды. JF стандартында қолданылатын Can-do CEFR стандартындағы Can-do мен JF стандартының

Can-do кестесін қамтиды. CEFR стандартындағы Can-do көпмақсатты абстрактілі дескрипторлар болса, JF стандартындағы Can-do әртүрлі жағдайларда қолданылатын жапон тіліне арналған практикалық сабақтар болып келеді. Can-do көрсеткішіне қарай отырып, жапон тілін үйренуші өзінің жапон тілі деңгейінің қаншалықты жоғарылағанын және болашақта қандай жағынан тілді дамыту керек екенін саралай алады. Төмендегі берілген 1-суретке назар аударатын болсақ, жапон тілін үйренудегі негізгі мақсат – жапон тілінің практикалық жағына көп көңіл аудару, яғни жапон тілін үйренушілер жапон тілін басқа адамдармен коммуникацияға түскенде қаншалықты қолданатынына көңіл бөледі десек қателеспейміз.



Дерек көзі: <https://jfstandard.jp/summaryen/ja/render.do>, Жапон Қорының ресми сайтынан алынды.

**1-сурет.** CEFR стандарты негізінде құрылған Can-do көрсеткішіндегі тіл деңгейлері

*JF жапон тілін оқыту стандартының ағашы (the tree of the JF Standard)*

Жапон Қоры жапон тілін оқыту стандартының ағашында коммуникативті тілдік құзіреттілік (communicative language competences) пен коммуникативті тілдік қызмет (communicative language activities) арасындағы байланысты көрсетеді.

Коммуникативті тілдік құзіреттілік ағаштың тамырлары ретінде бейнеленген және олар тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуді қолдайды. Коммуникативті тілдік құзіреттілік төмендегідей компоненттерден құралған:

1. Тілдің лексикалық, грамматикалық, фонологиялық, орфографиялық және т.б. элементтерге қатысты лингвистикалық құзыреттілігі.


2. Тілдің қандайда бір жағдайға немесе ортаға байланысты қолданылатын социолингвистикалық құзыреттілігі.

3. Тіл үйренушілердің сөздерді дұрыс қолдана алу, мағынасын түсіну дағдыларына негізделген прагматикалық құзыреттілік.

Коммуникативті тілдік қызмет коммуникативті тілдік құзіреттілікке негізделіп ағаштың бұтақтары сияқты жан-жаққа тарайды. Комму-

никативтік тілдік қызметтің қолданылу аясы өте ауқымды болғандықтан, оларға төмендегідей классификация жасаса болады (Minna no Can-do. Official site.):

- «қабылдайтын іс-әрекеттер» (оқу және тыңдау),
- «өнімді әрекеттер» (сөйлеу және жазу)
- «интерактивті әрекеттер» (әңгімелесу).



Дерек көзі: <https://jfstandard.jp/summaryen/ja/render.do>, Жапон Қорының ресми сайтынан алынды.

**2-сурет.** Жапон Қоры жапон тілін оқыту стандартының ағашы

Сонымен қатар бұл 3 санат бір-бірімен «мәтін» арқылы байланысса, әр санаттағы іс-әрекеттер бір-бірімен «стратегиялар» арқылы байланысатынын аңғарамыз. Ағаштың неліктен осылай ойластырғанын түсіндіре кететін болсақ, ол жапон тілін оқу мақсатына байланысты. Өйткені адамдар жапон тілін әртүрлі мақсатта үйренгісі келеді. Кейбіреуі жапон технологиялары жайлы білгісі келсе, басқалары жапондықтармен сөйлесу мақсатында үйренуі мүмкін. Ал үшіншілері жапон тілінде манга оқи алуды қалағандықтан жапон тілін үйреніп алуды жөн санайды. Міне, жапон тілін үйрену мақсаты әртүрлі болғандықтан сол мақсатқа жетудің жолдары да түрлі болатыны сөзсіз.

JF жапон тілін оқыту стандартының ағашы да жапон тілін үйренушілердің назар аударуы

қажет нақты тілдік құзыреттіліктерді анықтап, сол бойынша өздерінің мақсаттарына жетуге негізделген жапон тілін үйренуге байланысты оқу жоспарын құрастыруға болады.

### Портфолио

Портфолио – әрбір тіл үйренушінің оқу үдерісін көрсететін негізгі құрал болып табылады. Портфолио құрылымына келетін болсақ, JF жапон тілін оқыту стандартындағы портфолио үш түрлі компоненттерден тұрады: «бағалау кестелері», «лингвистикалық және мәдени тәжірибелер туралы жазбалар» және «оқу жетістіктері». Жапон тілін үйретуші мамандар жоғарыда аталған үш компонентті мақсаты мен қажеттілігіне сәйкес біріктіру арқылы портфолионы өз еріктерімен құра алады.

Портфолионы құрастырудың негізгі пайдасы – оқушылар өздерінің жапон тілін меңгеру деңгейін бағалай алып және оны оқу үрдісінде көрсете алады. Сонымен қатар, егер жапон тілін үйренуші бір оқу орталығынан басқасына ауысқан жағдайда осы уақытқа дейін қол жеткізген білім деңгейінен бастап жапон тілін меңгеруді жалғастыра алады.

#### «Маругото» оқулығының құрылымы

Бұл оқулық түрлі жастағы жапон тілін үйренушілерге арнап құрастырылады. Жалпы Маругото оқулығы A1 деңгейінен бастап B2 деңгейін қамтып, қазіргі таңда соңғы қалған деңгейлерге арналған оқулықтар жасалынуда. A1 деңгейіне арналған оқулық жинағы 2013 жылдың қыркүйек айында жарыққа шықса, A2 деңгейінің оқулығы 2014 жылдың маусымында жапон тілі орталықтарына қолданысқа беріледі. Ал B1 және B2 деңгейінің оқулықтары толықтырылу үстінде. Оқулықтың әрқайсысы 18 сабақтан тұрып, 1 сабақ 120 минутты құрайды. Сонымен бірге, әр курстың ортасында және соңында бақылау тестері жүргізіледі. Осылайша әр деңгей курсы 20 сабақты құрайды. «Маругото» бойынша өткізілетін сабақ ең алдымен сабаққа байланысты қойылған сұрақтан басталады. Бұл сабақтың мазмұнын қандай болатынын елестетуге және соған дайындалуға көмектеседі. Әрі қарай лексика, иероглифтерді өтіп, соңында берілген тапсырмалар орындалынады. Оқулық әртүрлі тақырыптарға бөлінген және бір тақырып екі сабақ бойы қарастырылады (Marugoto. Official site).

«Маругото» оқулығында жапон тілін оқуға қажетті барлық аспектілер енгізілген: тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу, монологтық және диалогтік сөйлемдер және т.б. Аудио, видео, бақылау тестері материалдарының бәрі Marugoto Plus сайтында көрсетіліп, кез келген жапон тілін үйреніп жүрген адам сайтқа тіркелу арқылы қажетті материалдарды жүктей алады. Сонымен қатар бұл сайтта әркім өзі жапон тіл білімі деңгейін тексеріп, өткен материалды қорытындылау мүмкіндігіне ие.

Әр деңгейдің оқулығы екі кітаптан құралады. Бірі түсіну үшін арналған болса (*Rikai*), екінші кітап Жапон Қоры жапон тілін оқыту стандарты ағашында көрсетілген басқа жұмыстарға арналған (*Katsudou*).

*Rikai* кітабында үйренуге қажет негізгі оқу материалдары жинақталған. Атап айтсақ, жаңа сөздер топтамасы, хирагана және катакана әліпбиі, иероглифтер (канджи), грамматика және сөйлем құрылымдары енгізілген.

*Katsudou* кітабына негізгі мәтіндік және суретті тапсырмалар енгізілген. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы жапон тілін үйренушілер *Can-do* көрсеткішінде жазылған қажетті коммуникативті дағдыларын жоғарылата алады (Kijima, 2014: 10).

#### Қорытынды

Сонымен, JF жапон тілін оқыту стандарты қазіргі таңда әлемге танымал тілдік стандарттар қатарында. CEFR жүйесі бойынша еуропалық және еуропалық емес бірнеше тілдер үйретілсе, ал JF жапон тілін оқыту стандарты бүкіл әлем бойынша жапон тілін шет тіл ретінде үйретуге арналған. JF бірнеше жылдар бойы жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, CEFR жүйесі – тілді оқып-үйретуде басқа тілдік стандарттармен салыстырғанда барынша ыңғайлы әрі жеңіл жүйе болып табылады. Сол себепті, Жапон Қоры CEFR жүйесін жапон тілін оқыту стандартын құрастыруда негіз ретінде алуы соның дәлелі десек болады. Ал JF жапон тілін оқыту стандарты бұл – JF-тің жапон тілін үйретудегі басты бағыт-бағдар көрсетуші құралына айналып отыр.

Ал «Маругото» тек жапон тілімен шектелмей, мәдениет жайлы ақпараттарды да қамтиды. Бастапқы деңгейден бастап адамдар арасындағы өзара мәдени түсінушілікті орнатуды көздейді. Осылайша «Маругото» оқулығы түрлі тақырыптар мен материалдар қамтылған жапон тілін оқытудың бірде-бір таптырмас құралы болып саналады. Бұл оқулықты негізгі оқулық ретінде де немесе қосымша ақпарат құралы ретінде де қолдануға болатынына көзіміз жетті деген ойдамыз. Ал JF-тың жапон тілін үйренуге ұсынған оқыту стандарты бойынша тілді меңгеру үйренушінің қабілетін одан сайын арттыруға мүмкіндік береді. Себебі, тілді үйрену барысында өзінің жетістіктері мен әлі де жетілдіру қажет осал тұстарынды бірден анықтау тиімді.

Бұндай оқыту жүйесін қазақ тіліне де қолдануға болады ма? Қазақстан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқу орындарында үштілділікті қолға алуда. Әрине, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруге қандай да бір бірыңғай оқыту жүйесі қажет екені сөзсіз. Бұл тарапта, арнайы құзырлы ұйым үш тілдің ерекшеліктерін ескере отырып бәріне тиімді оқыту стандартын жасап шығаруы қажет. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, орыс және ағылшын тілдері CEFR стандарты бойынша оқытылады, ал қазақ тілін үйретуді қазіргі таңға дейін еуропалық оқыту стандарты

қолданылмағанын еске сала кетейік. Сол себепті, қазақ тілінің еуропа тілдерінен ерекшелігін еске ала отырып, JF-ның жапон тілін оқыту

стандарты үлгісінде өзіміздің қазақ тілін оқыту стандарты мен сол стандарт негізінде оқыту құралын жасап шығаруға болады деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер

Japan Foundation. Official site. <https://www.jpf.go.jp/e/>. Accessed 15 December 2018.

The Japan Foundation Japanese-Language Institute, Urawa. Official site. <https://www.jpf.go.jp/e/urawa/>. Accessed 15 December 2018.

来嶋 洋美、柴原 智代、八田 直美 (2012) 「JF日本語教育スタンダード準拠コースブックの開発」国際交流基金日本語教育紀要, vol. 8, pp. 103-117.

Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). Official site. <https://www.coe.int/en/web/common-european-framework-reference-languages>. Accessed 15 December 2018.

JF Standard for Japanese-Language Education. Official site. <https://jfstandard.jp/top/ja/render.do>. Accessed 15 December 2018.

Minna no Can-do. Official site. <https://jfstandard.jp/cando/top/ja/render.do>. Accessed 15 December 2018.

Marugoto. Official site. <https://www.marugoto.org/en/>. Accessed 15 December 2018.

来嶋 洋美、柴原 智代、八田 直美 (2014) 「『まるごと 日本のことばと文化』における海外の日本語教育のための試み」国際交流基金日本語教育紀要, vol. 10, pp. 115-129.

#### References

Kijima Hiromi, Shibahara Tomoyo, Hatta Naomi (2012) JF nihongo kyōiku sutandādo junkyo kōsubukku no kaihatsu. Kokusaikōryūkin nihongo kyōiku kiyō, vol. 8, pp. 103-117.

Kijima Hiromi, Shibahara Tomoyo, Hatta Naomi (2014) “Marugoto Nihon no kotoba to bunka” ni okeru kaigai no nihongo kyōiku no tame no kokoromi. Kokusaikōryūkin nihongo kyōiku kiyō, vol. 10, pp. 115-129.



**<sup>1</sup>Кайранбаева Н.Н., <sup>2</sup>Қабадайы Ж.**

<sup>1</sup>филология ғылымдарының магистрі, оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com

<sup>2</sup>PhD докторанты, Қыршехир Ахи Эвран Университеті, Түркия, Қыршехир қ. аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ceren.oguz@ahievran.edu.tr

**ҚОСТІЛДІ ТЕХНИКАСЫ АРҚЫЛЫ ТҮРІК ТІЛІН ҮЙРЕТУ ТӘЖІРИБЕСІ**

Қостілді техника – студенттің негізгі шығыс тілін үйренуімен қатар, ағылшын тілін жетілдіруге мүмкіндік беретін шет тілін үйретуінде жаңа әдіс. Бұл әдісті қолдана отырып, «Түрік тілінің практикалық грамматикасы» пәні бойынша бір семестр бойы түрік пен ағылшын тілдерінің грамматикасын үйретуде зерттеу жұмыстарын өткіздік. Зерттеуде «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша оқып жатқан 1-курс студенттері қатысты. Басты мақсатымыз қостілді техникада ағылшын тілін құрал тілі ретінде, ал түрік тілін негізге ала отырып, студенттердің түрік тілінің негізгі грамматикасын үйрету, түрік тілінде сөйлеу қабілеттілігін дамыту; екі тілді бір деңгейде көтеру; қостілді техникасын тәжірибе ретінде алғаш рет қолданып, оның екі тілде де артықшылықтарын көрсету. Қостілді техника қолдану мәселесінің өзектілігі күмән туғызбайды, өйткені бұл тәсіл шет тілін оқытуда осы уақытқа дейін қазақстандық оқу орындарында зерттеу жүргізілмеген. Зерттеу барысында салыстырмалы-салғастырмалы және талдау әдістерін қолдандық. Теориялық тұрғыдан мақаламызда педагогика, психоллингвистика, нейролингвистика, әлеуметтік лингвистика, методология саласындағы шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне сүйендік. Мақала сабақ кезінде берілген тапсырмалар, қостілді техниканың артықшылықтары, осы бағытта кездесетін мәселелер, ағылшын мен түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасын үйрету ерекшеліктері, зерттеудің нәтижесі мен жасалған ұсыныстарды қамтиды.

**Түйін сөздер:** қостілді техника, билингвизм, билингв, қостілді сабақ, психоллингвистика, салыстырмалы грамматика, ағылшын тілі грамматикасы, түрік тілі грамматикасы.

<sup>1</sup>Kairanbayeva N.N., <sup>2</sup>Kabadayi C.

<sup>1</sup>Master of Human Science, a teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com

<sup>2</sup>PhD student, Kirsehir Ahi Evran University, Turkey, Kirsehir, teacher of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: ceren.oguz@ahievran.edu.tr

**Practice of teaching turkish language using bilingual technique**

Bilingual technique is a new method of teaching a foreign language, which helps to improve English and basic oriental language as well. a study was conducted in teaching Turkish grammar with a comparison of English by using given approach for first-year students on specialty «Foreign Language Studies». Aims of our study were to teach the basic grammar and to develop a communication skill of Turkish through English; to increase level of two languages at the same time; to use the technique of bilingualism at first time; to show positive results in both Turkish and English languages using bilingual technique. There is no doubt of the relevance of study, since this approach of teaching a foreign language has not been applied previously in educational institutions of Kazakhstan. During the study, there were used comparative and analytical methods. Theories, which we had relied on, were based on the research of Kazakh and foreign scientists in the field of pedagogy, psycholinguistics, neurolinguistics, social linguistics, and methodology. The article includes advantages and some problems of bilingual techniques, different tasks based on bilingual techniques, differences between English and Turkish grammar, the results of research and recommendations made by the authors.

**Key words:** bilingual technique, bilingualism, bilingual person, psycholinguistics, comparative grammar, English grammar, Turkish grammar.

<sup>1</sup>Кайранбаева Н.Н., <sup>2</sup>Кабадайы Ж.

<sup>1</sup>магистр филологических наук, преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com

<sup>2</sup>докторант PhD, Университет Кыршехир Ахи Эвран, Турция, г. Кыршехир, ст. преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ceren.oguz@ahievran.edu.tr

### Практика преподавания турецкого языка с помощью техники двуязычия

Техника двуязычия – это новая методика преподавания иностранного языка, которая дает возможность улучшить английский язык при изучении основного восточного языка. Используя данную методику, было проведено исследование преподавания грамматики турецкого языка с сопоставлением английского языка для студентов 1 курса по специальности «Иностранная филология». Целью нашего исследования было развитие разговорный навык и обучить основную грамматику турецкого языка; поднять уровень двух языков одновременно; впервые использовать технику двуязычия; показать положительные результаты как в турецком, так и в английском языках. Исследование, несомненно, актуально, так как данный метод преподавания иностранного языка ранее не был изучен в казахстанских учебных заведениях. Во время исследования были использованы сравнительно-сопоставительные и аналитические методы. С теоретической точки зрения мы опирались на исследования зарубежных и отечественных ученых в области педагогики, психолингвистики, нейролингвистики, социальной лингвистики, методологии. В статье рассматриваются задачи, поставленные на занятиях, преимущества проблемы техники двуязычия, различия грамматики английского и турецкого языков, результаты исследований и рекомендации, сделанные авторами.

**Ключевые слова:** техника двуязычия, билингвизм, билингв, психолингвистика, сравнительная грамматика, грамматика английского языка, грамматика турецкого языка.

### Кіріспе

Билингвизм – қостілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдарының психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы (Жантану атауларының түсіндірме сөздігі, 2006: 27). Біздің елімізде екі емес, үш тіл бір деңгейде дамып келе жатыр. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған соңғы жолдауында былай деген: «Біз үштілділікті дамыту қарқынын үдетіп отырмыз. Бұл ойдан шығарған дүние емес, қажеттілік. Қазірдің өзінде қазақстандықтардың 20 пайызы ағылшын тілін меңгерді. Яғни, үш тілді меңгеру, білу – бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі. Жаһандық әлемде біздің балаларымыз «Планета азаматы» болады. Сондықтан да олар әлемнің кез келген өңірінде жұмыс істеп, күнін көре алатын болады. Яғни, бүгінгі күрделі әлемде біздің балаларымыз өздерін «судағы балықтай» сезінуі керек, біз соған жағдай жасап жатырмыз ([www.government.kz](http://www.government.kz))).

Көптілділік заманауи әлемнің қызметі мен тіршілік етуінің ажырамас бөлігі. Бірнеше шет тілдерді меңгеру қазіргі таңда тек экономикалық жағынан ғана емес, тұлғаның жалпы саяси, мәдени дамудың факторы ретінде жалпы білім аспектілерімен байланысты.

Шетел тілдерін білу, оларды жоғары деңгейде меңгеру, шетелде білім алып, өз отаны-

мызға абыройлы қызмет ету – еліміздің барлық оқу ұйымдарының басты мақсаттары екені бәрімізге мәлім. Сондықтан да әрбір студент бірнеше тілдерді қатар алып жүруі тиіс. Әсіресе бірнеше шет тілдерімен жұмыс істейтін факультеттер (шығыстану факультеті, халықаралық қатынастар факультеті) үшін бұл өзекті мәселе. Осыған орай, екі не одан да көп тілдерді үйрену қиын болғанмен де, қазіргі таңда әрбір студент үшін оның мүмкіндігі орасан зор.

Соңғы уақыттарда қостілділік тақырыбы психология, педагогика, методология салаларындағы өзекті мәселелерінің бірі. Кейбір авторлардың пікірінше, мұндай әдіс адамның ақыл-ойын кеңейтсе, енді басқа топ ғалымдар сенімнен гөрі күмәнданады. Дегенмен, екі шет тілде бір уақытта дәріс беру, тіпті негізгі шығыс тілін (түрік тілі) үйрету мақсатында екінші шет тілін (ағылшын тілі) құрал тілі ретінде үйрету техникасы бұл уақытқа дейін мүлдем қолданбаған әдіс. Ұсынылып жатқан техника ЖОО-да түрік тілін үйрететін оқытушылар тарапынан сынға тартылуы мүмкін. Түрік тілін үйренгісі келетін студенттер қазақ тілін жақсы білсе, тез әрі озық түрде игеретіні сөзсіз анық. Алайда жасалынған тәжірибе мен оның нәтижесі негізінде қостілді (ағылшын тілі мен түрік тілі) дәріс беру әдісі келешекте зор қолданысқа ие болады. Алайда оған көзіміз жетуі үшін түрік пен ағылшын тілдерінің грамматикалық пен лексикалық айырмашылықтарын, топтың ынталығы мен тіл деңгейін,

сағат санын және осындай сияқты басқа да ерекшеліктерді ескерткеніміз жөн.

Тәжірибемізді теориялық тұрғыдан дәлелдеу мақсатында педагогика, психолингвистика, нейролингвистика, әлеуметтік лингвистика, методология саласындағы шетелдік және отандық ғалымдарының зерттеулеріне сүйендік. Солардың ішінен көптілді пен монотілді адамдардың айырмашылығын, оның ми жүйесіне пайдалы болуы жайлы зерттеген М. Эрард мен француз ғалымы Ф. Гросжанның зерттеулеріне, Е.М. Верещагин, В.Ю. Розенцвейг, У. Вайнрайх сияқты ғалымдардың билингвизмнің психологиялық-әдістемелік сипаттамалары жайлы еңбектеріне сүйендік. Методология саласынан Е.Н. Соловова, К.В. Фокина, т.б. орыс ғалымдардың шет тілін үйрету методикаларына жасаған зерттеулері мен ағылшын әдістемесін жазған Дж.Скривинердің еңбектерін қарастырдық.

Қостілді техникасы арқылы түрік тілін үйрету тәжірибемізде «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша оқып жатқан 1 курс студенттері (қазақ бөлімі – 6 адам, орыс бөлімі – 1 адам) қатысты. Бұл әдісті қолдана отырып, «Түрік тілінің практикалық грамматикасы» (3 кр.) мен «Базалық шығыс тілі» (2 кр.) пәндері бойынша бір семестр бойы түрік пен ағылшын тілдерінің грамматикасын үйретуде зерттеу жұмыстарын өткіздік.

«Қостілді техникасы» дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап бермес бұрын, шет тілін үйретуде әдістің анықтамасын еске алайық. Әдіс – бұл шет тілін үйретудің жолы. Белгілі бір әдістемені таңдау – оқытушының амалдарына байланысты, яғни оқытушы пәннің мақсатын, нысанын, оқыту техникасын, тапсырма жүйесін, студенттермен байланыс құру мен бағалау жолдарын біліп анықтауы тиіс (Scrivener, 2012: 31). Қостілді техника – студенттің негізгі шығыс тілін үйренуін мақсат етіп, екінші шет тілін (ағылшын тілі) жетілдіруге мүмкіндік беретін шет тілін үйретуінде жаңа әдіс. Қостілді техникасын қолданған дәріс қарапайым семинар сабақтардан едәуір айырмашылығы бар. Біріншіден, қарапайым дәріс негізгі шығыс тілін игеруді алдына мақсат етсе, қостілді дәрісте ағылшын мен түрік тілдерін бірге алып, студенттің сабақта да, өзіндік жұмыстарында да, әсіресе бақылау жұмыстарында барша ынтаны, жігерді оятып, жылдам түсіну, шапшаң жауап беру, тез пайымдау, жылдам еске алу сияқты дағдыларды талап етеді. Бір қарағанда бұл күрделі, қиын үдеріс болғанмен де, тәжірибеміздің нәтижелері көрсеткендей, студенттің жылдам ойлау, тез жауап беру дағдыларын,

топтағы студенттерден артта қалмай, бір қатарға ілесу уәждемесін, оқуға ынтасын оятады. Ал студентті сабаққа қызықтырып, пайымдауды үйрету – біздің, яғни ЖОО оқытушыларының басты міндеті. Екіншіден, ЖОО-ның оқу кешенінде ағылшын тілі төрт жыл бойы үздіксіз оқитын пән, тіпті сол пән жыл сайын күрделеніп, ұлғаяды. Бакалавр бағдарламасында шет тілінің міндетті пәні ретінде «Шет тілінің практикалық курсы (B1 деңгейі)» («Practical Foreign language (Pre-Intermediate level)»), «Шет тілінің практикалық курсы (B2 деңгейі)» («Practical Foreign language (Intermediate level)»), «Арнайы мақсаттарға арналған шет тілі» («Foreign language for special purpose»), «Кәсіби мақсаттарға арналған шет тілі» («Foreign language for professional purpose») т.б. ағылшын тілін әр түрлі бағытта оқытады. Демек, қостілді дәріс алу – студенттің өздері үшін қолайлы, пайдалы, әрі мүдделі болып табылады.

### 1. Қостілді техникасы қолданылған тапсырмалар мен жаттығулар.

Тәжірибе барысында студенттерге әр түрлі қостілді тапсырмалар мен жаттығулар берілді. Әр тапсырмада қостілді техникасы қолданылып, бір семестр бойынша жүргізілетін семинар сабақтарының оқу материалдары, студенттің өзіндік жұмыстары мен оның әдістемелік нұсқаулығы, Midterm емтихан бағдарламасы, қорытынды емтихан бағдарламасы, тесттік жүйелер, топтық жұмыстар, карточкалар мен ойындар пәннің оқу әдістемелік кешенінде алдын ала дайындалды. Соның ішінде төмендегі тапсырмаларды ерекше атап көрсетуге болады:

- мәтін оқу мен мазмұндау;
- шығарма жазу;
- сұрақ-жауап әдісі;
- студенттің өзіндік жұмысы;
- антонимдер мен синонимдер;
- ойындар.

Тәжірибе барысында қостілді техниканың үлгерішіл тапсырмаларының бірі – мәтін оқу мен оны мазмұндау. Мәтіннен қажетті ақпарат алып, оқу кезінде сөйлеу әрекетінің өзіндік түрін қызметін атқарады. Е.Н. Соловованың пікірінше, оқуды үйретудің басты міндеті – «оқушы оқу технологияны пайдалана отырып, оқыған мәтіннен керекті көлемде ақпаратты алуды үйрету (Соловова, 2008:142)». Қазіргі методология саласында мәтінмен қалай жұмыс істеу керектігі жайлы көп әдістемелік нұсқаулар берілген. Кейбір шет тілінің әдіскерлері мәтіннің жаңа сөздерін үйрену, мәтіннен кейін жаттығулар жасау, сұрақтарға жауап беру сияқты ұсыныстар беріп

жатыр. Алайда, біздің зерттеу жұмысымызда қолданған әдістің дәйектемесі ретінде мынандай түйіндемеге келдік: қиын берілген мәтінді жеңілдетіп беру, мазмұндауды жеңілдетіп жазу, өз сөзімен айтып (paraphrasing) түсіндіру – студенттің тек сөйлеу қабілеттілігін шапшаң түрде арттыра ғана қоймай, оқитын шығыс тілінде жазуға да икемдейді.

Мәтін оқу мен мазмұндау тапсырмасының қостілді техникада көрінісі – мәтін ағылшын тілінде берілген жағдайда, аудару мен мазмұндалуы негізгі шығыс тілінде тапсырылады, немесе керісінше студенттің негізгі шығыс тілінде берілген мәтінді толық түсінгенін қадағалау үшін ағылшын тілінде сұрақтар берілуі мүмкін. Бұл тапсырма студенттің лексикалық қорын байыту ғана емес, сонымен қатар өз еркін дұрыс жеткізу, екі тілде де сөйлем құрылымын сөйлеуде қолданып, ажырата білуді үйретеді. Тәжірибедегі семинар сабақтарында түрік және ағылшын тілдерінің ауызша сөйлеу дағдыларын арттыру мақсатында сегіз көркем туынды мен мәтін берілді. Бұл мәтіндер әйгілі ағылшын жазушысы О. Генридің қысқартылған көркем туындылары мен А1 деңгейіне арналған түрік тілінде шығармалардың үзінділерін қамтиды. Тапсырма бойынша әрбір мәтін шет тілінен аударылып, түсініп, негізгі шығыс (яғни түрік тілі) тілінде жазбаша мен ауызша мазмұндалуы тиіс еді. Мәтінде кездескен барлық лексикалық бірліктер қостілде жаттатқызылды. Ең бастысы әрбір мәтіннің жаңа сөздері мен сөз тіркестері төрт тілдік сөздік дәптеріне көшіріліп аударылды. Кейінгі сабақтардың алғашқы 5-10 минутта немесе соңғы 10 минутында барлық лексика оқытушымен тексерілді. Тәжірибе нәтижесінде осындай тәсіл – студенттердің сөз қорын жетілдіруде ең тез әрі үдемелі амал деп кепіл беруге болады.

Семинар сабақтарын жазбаша қабілеттілігін арттыру мақсатында қостілде шығармаларды жазбаша тапсырмалары да берілді. Бұл – студенттің өзіндік жазба тілін қалыптастырмас бұрын арналған дайындық кезең деп те атауға болады. Шет тілінде емес, өз ана тілінде жазба икемділігін қалыптастырып, игеруге көп уақыт керек. Сондықтан оқытушы тарапынан осындай шығарма жазу, сұраққа жазбаша жауап беру сияқты дайындық кезеңнің тапсырмаларына қадала көңіл бөлінуі тиіс. Өкінішке орай, студенттің өз ана тілінде жазба икемділігі, дерек-көздермен жұмыс істеу, жоспар мен тезис құру, мәтінді қысқартып, не ұлғайту, мәтіннен кілттік сөздер таба білу, қажетті үзінділерді теру, т.б.

сияқты маңызды қырлары ескерілмей, жоғары оқу орындарының жоғарғы курстарында белгілі бір тақырыпқа доклад, эссе, мақала жазу жұмыстары тапсырылады (Соловова, 2008:199).

Зерттеу жұмысымыз барысында түрік пен ағылшын тілінде жазу дағдысын игеруінде пәннің оқу жоспарында бекітілген грамматикалық тақырыптарға қарай төмендегідей қостілді шығармалар берілді: «My family» («Benim ailem»), «My favourite fruit/vegetable» («Benim en sevdiğim meyve/sebze»), «My favourite subject» («Benim en sevdiğim ders»), «My best friend» («Benim en yakın arkadaşım»), «What do I do in my leisure time?» («Ben boş zamanımda ne yapıyorum?»), «Where will I be after 10 years?» («Ben 10 yıl sonra nerede olacağım?»), т.б. тақырыптар. Ал студенттердің сөз қорын жетілдіру мақсатында тапсырма бермес бұрын, тақырыпқа орай екі тілде де алдын ала дайындалған сөз тізімі берілді. Мысалы, оқу жоспарында «Осы шақ» (Present Simple-Şimdiki Zaman) тақырыбы өтілсе, оқытушы топқа күнделікті өмірде қолданылған етістіктерді беруі тиіс: to wash – yıkamak, to brush – teeth dişleri fırçalamak, to wear clothes – giyinmek, to cook breakfast – kahvaltı hazırlamak, to have breakfast – kahvaltı yapmak, to have lunch – öğle yemeğini yemek, to have dinner – akşam yemeğini yemek, т.б.

Семинар сабақтарын ауызша қабілеттілігін арттыру мақсатында «сұрақ-жауап» әдісі елеулі үлес қосты. Оқытушы студенттерге әр түрлі тематикада ағылшын тілінде құрылған сұрақтар мен алдын ала дайындалған жауаптарды берді. Жауаптар ең аз үш сөйлемнен құрылғаны өте маңызды. Бұл студенттің өз-өзін тыңдауға, аудиторияда еркін сөйлеуге, негізгі шығыс тілінде өз ойын еркін жеткізе алатынына көз жетуін қамтамасыз етеді. Оқытушы бұл сұрақтарды «warm up» жаттығуы ретінде әр сабақта қолдануға болады.

Студенттің өзіндік жұмыстарында (СӨЖ №1-5) студенттердің лексикалық қорына ерекше көңіл бөлінді. К.В. Фокина өзінің «Методика преподавания иностранного языка» оқулығында студенттің лексикалық дағдысына көңіл бөледі. Шет тілін енді оқып жатқан оқушының белсенді сөз қоры ең аз 350-ден астам сөз қамту керек (Фокина, 2008:82). Зерттеу жұмысы 1 курс студенттерімен жасалғандықтан, А1 деңгейдің лексикалық бірліктерін негізге алдық. Студент тематикалық сөз қорын жетілдіру үшін әрбір студент жеке-жеке тақырыпқа кемінде жиырма сөз теріп, оны қостілде (қалауларынанша төрт тілде – түрік, ағылшын, қазақ, орыс тілдері) аударып, оны ауызекі тілде қолданыста енгізуі



керек. Сонда жеті студенттен құрылған топ жеті түрлі тематикалық тақырыпты қостілде меңгере алатынына көз жеткіздік. Осындай өзіндік жұмыстың нәтижесінде бір тапсырма арқылы студенттің сөз қоры көлемі шамамен 140-қа жуық лексикалық бірлікке ұлғаяды. Мысалы, бір студентке «табиғат (doğa/nature)» деген тақырып берілсе, тақырыпқа қатысты сөздерді теріп, төрт тілге аударуға болады: *yaprak* – leaf – жапырақ – лист, *ot* – grass – шөп – трава, *çiçek* – flower – гүл – цветок, *deniz* – sea – теңіз – море, *river* – nehir – өзен – река, *göl* – lake – көл – озеро, *şelale* – waterfall – сарқырама – водопад, т.б.

Жоғарыда ескеркеніміздей, қостілді техникасын бір дәрісте қолдану – қиын, әрі машақатты жұмыс. Барлық студенттер оны тез, бірден игере алмауы да ықтимал. Дегенмен, оның жүзеге асыруы мүмкін. Осындай бірден игерген тағы бір маңызды әдісі – лексикалық бірліктің антонимдері мен синонимдерді түсіндіріп жаттатқызу. Сөз қорын жетілдіру үшін сөздің өзін және оның аудармасын жаттау жеткіліксіз. Е.Н. Соловова «Методика обучения иностранным языкам» оқулығында синонимдер мен антонимдердің көмегімен студент жаңа сөзбен қатар, оның семантизациясын тез үйренеді (Соловова, 2008:92).

Қостілді техникасын қолдануында, жалпы тіл үйретуде ең негізгі көмекші құрал – ойындар болып табылады. Шет тілдерде ойындар – қандай да бір төтенше жағдайда қолайлыққа үйренген миды шынықтырып, шет тілде сөйлеу ғана емес, сол тілде ойлауға мәжбүрлейді. Шет елдерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, бірнеше себептерін анықтауға болады: ойындар студенттің қызықтырмайтын грамматикасын қызықтандыруы мүмкін; қызығушылықты сақтау үшін ынта мен жігердің тудыруын қамтамасыз етеді; тілдік ойындардың түрлі мақсаттарына байланысты студенттің түсінбеген тілдік ақтандықты толықтыра алады (Thiagarajan, 1999: 233).

## 2. Түрік-ағылшын тілдерінің грамматикасын үйретудегі кейбір ерекшеліктер

1-курс студенттерге түрік тілін үйретуде түрік тілін мақсат тілі (*hedef dil/target language*) деп, ал ағылшын тілін құрал тілі (*araç dil/native language*) ретінде грамматикасын түсіндіруге тырыстық. Тәжірибе кезінде келесі грамматикалық ерекшеліктерді түсіндіруде қиындық туғызды:

1. Түрік тілінің септік жұрнақтары мен ағылшын тілінің префикстердің (*prepositions*) айырмашылығы. Түрік тілінің септік жұрнақтары әйгілі түрік грамматикасын негізін қалаушысы

бірі Мухеррем Ергиннің классификациясы бойынша жеті түрін эквивалент ретінде ағылшын тілінің префикстерімен (50-ден астам түрі бар) салыстырдық. Мысалы, түрік тілінің «*-la/-le, -da, /de, -dan/-den, -i/-ı/-u/-ü*» сияқты жұрнақтары ағылшын тілінде «*with, in/at/on, from, to*» т.б. сияқты префикстерімен салыстырып қарастырдық.

2. Түрік-ағылшын тіліндегі осы шақтардың топтастырылуы. Түрік тілінде осы шақтың екі түрі (ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ) мен ағылшын тіліндегі осы шақтың төрт түрімен салғаластырылды: ауыспалы осы шақ (*present simple*), нақ осы шақ немесе созылыңқы осы шақ (*present continuous* немесе *present progressive*), аяқталған осы шақ (*present perfect simple*), аяқталмаған созылыңқы осы шақ (*Present perfect continuous*). Жоғарыда көрсеткеніміздей, екі тілдегі осы шақтың түрлері әр түрлі болып келеді. Түрік тілі мен ағылшын тілінде сәйкес келетіндері: ауыспалы осы шақ (*Present simple*) пен нақ осы шақ (*Present continuous*).

3. Түрік тіліндегі кез келген шақтың болымсыз-сұраулы түрі ағылшын тілінің бірнеше нұсқауларымен берілуі. Ағылшын тілінде әрбір шақтың болымсыз-сұраулы түрімен («*tag-question / disjunctive question*») құрастырылып, жай сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырады. «*Tag-Question*» – екі сөйлемнен тұрады: оның біріншісі – болымды болса, екінші сөйлемі – болымсыз-сұраулы сөйлем. Мысалы, *You work with him, don't you?* немесе *Don't you work with him?* деген сұраулы сөйлем түрік тілінде нақ осы шақтың болымсыз-сұраулы сөйлеммен (*Şimdiki Zamanın Olumsuz-Soru*) беріледі: *Sen onunla çalışmıyor musun?* Дегенмен тура мағынада аударма «*değil mi*» деген хабарлы сөйлемнен кейін растау мағынасында қолданылатын сөз орамын көп қолданылады: *Sen onunla çalışıyorsun, değil mi?* Кейбір жағдайларда екі сөйлемнің біріншісі – болымсыз, ал екіншісі болымды-сұраулы бола алады. Мысалы, *You don't know him, do you?* *She doesn't want to go, does she?* Мұндай жағдайда түрік тіліне аударғанда да ешқандай өзгеріс болмайды: *Siz onu tanımıyor musunuz? Siz onu tanımıyorsunuz, değil mi?*

«*Tag-question*» ағылшын тіліндегі барлық грамматикалық шақтарда қолданыла алады. Мысалы:

– жедел өткен шақта: ағылшын тілінде «*You worked with him, didn't you?* (*past simple*)», түрік тілінде *Sen onunla çalışmadın mı?* (*Belirtili Geçmiş Zaman*);

– келер шақта: ағылшын тілінде *He will not come, will he?* (*future simple*) немесе *Won't he come?*,

түрік тілінде *O gelmeyecek mi? (Gelecek Zaman)*

– нақ осы шақта: ағылшын тілінде *We are preparing to the exams, aren't we? (present continuous)*, түрік тілінде *Biz sınava hazırlanmıyor muyuz? (Şimdiki Zaman)*

4. Түрік-ағылшын тілдерінде өткен шақтың эквиваленттерінің айырмашылығы. Осы шақ

сияқты түрік тілінде өткен шақтың екі түрі (Belirtili Geçmiş Zaman ve Belirtisiz Geçmiş Zaman) эквивалент ретінде ағылшын тіліндегі жедел өткен шақпен (Past Simple) салыстырылған. Жалпылама алғанда, екі тілдің грамматикасында да негізгі өткен шақтан басқа да өткен шақтың түрлері бар (1-кесте).

**1-кесте.** Түрік-ағылшын тілінде өткен шақтың негізгі түрлері:

| Түрік тілі               | Жасалу жолы        | Мысалы                                              | Ағылшын тілі         | Жасалу жолы                 | Мысалы                                       |
|--------------------------|--------------------|-----------------------------------------------------|----------------------|-----------------------------|----------------------------------------------|
| Belirtili Geçmiş Zaman   | F+DI+şahıs eki     | Siz geçen sene bu üniversitede okumayı seçtiniz.    | Past Simple          | V <sub>2/ed</sub>           | You decided to study at this university.     |
| Belirtisiz Geçmiş Zaman  | F+mİş+şahıs eki    | Siz geçen sene bu üniversitede okumayı seçmişsiniz. |                      |                             |                                              |
| Şimdiki Zamanın Hikayesi | F+yor+du+şahıs eki | Sen aradığında yemek yapıyordum.                    | Past Continuous      | Was/were + V <sub>ing</sub> | I was cooking when you called me.            |
| Geniş Zamanın Hikayesi   | F+Ar+dl+şahıs eki  | Küçükken futbol oynardım.                           | Modal Verb "used to" | used to + V <sub>1</sub>    | I used to play football when I was a little. |

Кестеде тек түрік тілінің А1-деңгейіне арналған грамматикасын қамтитын өткен шақтың түрлері мен оларға қатысты ағылшын тілінің эквиваленттері берілді. Тәжірибе тек 1 курс студенттердің А1 деңгейінде оқытылғандықтан өткен шақтың негізгі осы түрлері салыстырылды.

5. Түрік-ағылшын тілдерінде сөйлем құрылымында айырмашылық. Ағылшын тілімен салыстырғанда, түрік тілінің сөйлем құрылымы «бастауыш-толықтауыш-баяндауыш» болып көрсетіледі. Сонымен қатар, басқа да сөздің орналасуында зат есімнен кейін жалғанған жұрнақтар, негізгі етістіктен кейін қолданылатын модальдық етістіктер, зат есімнің алдында тұратын есімшелерді ескерту керек. Осындай айырмашылықтар ағылшын тілінен түрік тіліне немесе керісінше түрік тілінен ағылшын тіліне аударма жасаған кезде студенттер тарапынан құрмалас сөйлемнің құрылымын дұрыс орналастыру кезінде қиыншылық туғызады.

6. Зерттеу жұмысы барысында студенттердің бірқатар фонологиялық қиындықтар туғызды. Ол бірнеше себептерден туындалды: екі тілдің оқылуы мен жазылудың айырмашылығы. Мысалы, «спорт» сөзінің ағылшын тілінде «sport» (спорт) деп оқылса, түрік тілінде «spor» (sıpor) деп оқылады. Осыған орай ағылшын тілінде көптеген омонимдер кездескендіктен, көптеген студенттер

сөздің нақты мағынасын табуға шатасып қалады. Мысалы «support» (демей) сөзі де «sport» сөзінің оқылуына ұқсас болғанмен де, мағынасы мүлдем өзгеше. Осындай грамматикалық ерекшеліктермен қатар, ағылшын тілі мен түрік тілінің айырмашылықтары бар. Түрік тілі ағылшын тіліне қарағанда, басқа да түркі тілдері сияқты сингармонизм заңына бағынуы, оқу айырмашылығы, мәдениет өзгешелігі сияқты мәселелер осыған анық мысал бола алады.

### 3. Зерттеу жұмысымыздың артықшылықтары мен кездесетін мәселелер

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде, қостілді техниканың қолданылуында жақсы жақтары мен кейбір мәселелерге тап болдық. Қостілді техниканың артықшылықтарына көз салатын болсақ, төмендегідей қорытындыларды көрсетуге болады:

Қостілді дәрістердің басты әрі маңызды ерекшеліктерінің бірі – екі шет тілді бір кезде үйреніп жатқан студенттің ойлау қабілеті қарқынды түрде жұмыс істеп, жылдам болады. Билингвизмнің нейролингвистикасына келгенде, «қостілді мидың» «тілдік құрылымы» мен оның монолингвтердің ми жүйесінен қалай ерекшеленетіні жайлы көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудыратын. Көптеген тәжірибелерде

билингвтердің бас миының сол жартышарында не екі жартышарларында сөйлеу үдерісі кезінде өзгешелік анықтау үшін тәсілдер қолданылды. Осындай бақылау мен тәжірибенің негізінде монолингвтерге қарағанда билингвтер тілдік қызметі үдерісінде бас миының оң жақ жартышарымен көбірек қолданатыны дәлелденді (Гросжан, 1997:103).

Екі шет тілін үйреніп жатқан студенттің есте сақтау қабілеті өзге топтарға қарағанда жоғары болады. Екі шет тілін үйрену – ми жүйесін шынықтырудың айрықша тәсілі. Зерттеу нәтижесі бойынша монолингвистер күніне орта есеппен бес сөзді жаттаса, екі тілден көп білетін адамдардың жаттау қабілеті екі есе артық. Ең бастысы екінші тілдің белсенді қолдануы адам миындағы «ақ заттың» саулығына кепіл береді ([www.theoryandpractice.ru](http://www.theoryandpractice.ru)). Лингвистика мен риторика саласындағы PhD-докторы М. Эрард өзінің «Феномен полиглотов» атты кітабында гиппокамп (*hippocampus*) атты мидың бір бөлігі ұзақ мерзімді жадымен тығыз байланысқанын айтты. Сол гиппокамп мидағы ақ затымен қосылады да, адамның тілдерге әртүрлі қабілеттері оның «нейротранзиттердің қызметінде генетикалық ерекшеліктерімен дәйектейді» (Эрард, 2012: 112).» Қысқасы, екі шет тілін үйреніп жатқан студенттің есте сақтау қабілеті және жалпы адамның барлық лингвистикалық қабілеттілігі бір-бірімен тығыз байланысып, мидың әр түрлі бөліктерін қозғайды.

Студенттің екі не одан көп тілді қолдана алуға, сол тілдердегі ойын толық әрі анық түрде жеткізуге қабілеттілікті игеруі. Психоллингвистика ғылымында билингв (екі не одан да көп тілді меңгерген адам) бірнеше тілдерді біле отырып, «тілдік тәуелсіздікке» қалай жететіні, бірнеше тілді бір уақытта қалай меңгеретіні жайлы мәселелер туындалды. В.Ю. Розенцвейг қостілділікті екі тілде меңгеру ретінде, қарым-қатынас жағдаятына байланысты бір тілден екіншісіне ұдайы ауысу ретінде анықтайды (Розенцвейг, 1972: 54). Кейбір психология ғылымының профессорлары пайымдауынша, бір тілдің екінші тілге кедергі келтіре алмайтын билингвтердің тілдік «қосқышы» («channel capacity») бар, дегенмен тиісті тәжірибелер жасалынса да, ешқандай нақты дәлел келтірмегенін ескереді (Вигель, 2014: 39). Алайда жиырма жылдан билингвизмнің психологиясын зерттеп жүрген француз ғалымы Фрауа Гросжан билингвті екі монолингвистикалық тілдік модельдердің қиылысы емес, тақырыпқа, жағдаятқа, сұхбаттасқа байланысты бірінші мен екінші

тілді жеке немесе екі тілді бірге қолданған спикер-тыңдаушы деп қарастырады (Гросжан, 1997:105). Билингвизмді алғаш зерттеген орыс ғалымдардың бірі Е.М. Верещагиннің зерттеулеріне сүйенсек, қабілеттілік сөйлеуші іс-әрекеттің автоматты түрде тудыратын алдын ала іс-әрекет (Верещагин, 2014: 18). Мұндай автоматты түрде аудару, еркін сөйлеу сияқты қабілеттері көп дайындық пен тәжірибенің негізінде пайда болады. Сондықтан студент мұндай жағдаятқа үйреніп, әрі қарай өз бетінше жетілдіре білсе, екі не одан да шет тілдерді қолдануға қабілеттілігін игеріп алады.

Қостілді техникамен дәріс алудың тағы бір маңызды артықшылықтардың бірі – қостілді дәрістер студенттің ілеспе аударма («синхронный перевод») жасау қабілеттілігін туғызуы. «Автоматизм» – бұл екі тілдің лингвистикалық көрсеткіштерінің жылдамдығы, ол ілеспе аударма контекстінде («simultaneous interpretation») қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау функцияларымен байланысты, яғни «өзінің ана тілінің дағдылы түсінумен салыстырғанда шет тілдің түсінудің баяулығымен байланысты» (Дорник, 2001:4).»

Қостілді техниканың жан-жақты артықшылықтарына қарамастан, зерттеудің кейбір келеңсіз жағдайлары да оқу барысында байқалды:

1. Бірінші кездескен мәселе – студенттердің тілдік деңгейінің әр түрлілігі. Өкінішке орай, ЖОО-ға қадам басқан студенттердің көбісі ағылшын тілі деңгейлері бір-біріне сәйкес келмейді. Кейбіреудің деңгейі орташа болса, кейбірі грамматикадан әлсіз болады. Студенттер қостілді техникасы қолданылған дәрістерге қатыспас бұрын, ағылшын тілін өз ойын еркін жеткізетін дәрежеге дейін жетілдіруі тиіс. Яғни, қос тілде (негізгі шығыс тілі мен ағылшын тілі) дәріс берместен бұрын, әрбір студенттің ағылшын тілі деңгейлері алдын ала анықталуы шарт. Тәжірибе көрсеткендей, қостілді техниканың сәтті өтуін қамтамасыз ету үшін құрал тілдің (source language) деңгейі мақсатты тілдің (target language) деңгейінен кемінде бір сатыға жоғары болуы керек. Біздің зерттеу жұмысымызда жеті студенттің екеуі орташадан жоғары (Pre-Intermediate – өз ойын еркін жеткізе алады), үшеуі – орташа (Elementary – негізгі лексикалық қоры бар), екеуі – бастапқы (Beginner – оқу-жазу біледі, бірақ өз ойын түсіндіре алмайды) деңгейде болды. Осындай жағдайды негізгі шығыс тілі A1 деңгейінде болғандықтан, ағылшын деңгейі A2-B1-орта деңгейі (Elementary/Pre-Intermediate) болуы керек.

2. Екінші қарастырылатын жағдай – студенттің қостілді дәріс алуға ынтасы, яғни студент ағылшын мен түрік тілдерін бір арнада оқымас бұрын, өз-өзіне мынандай сұрақтар сұрауы тиіс: «Мен қостілді дәріс оқығым келеді ме? Сабақ кезінде үлгере аламын ба? Қандай нәтижелерге жете аламын?» Студент өз-өзіне жігерлі, сенімі мол, әрі жетістікке жету уәждемесі болуы керек. Студенттерде осындай қасиеттерді ояту – оқытушының міндеті, демек тәжірибенің сәтті өтуінің 70 пайызы оқытушыға байланысты. Оқытушы студентті өзі қызықтыра, ынталандыра білуі тиіс. Бұл әрине оқытушының тәжірибесі мен кәсіби компетенциясына байланысты. Студент бұл сабақ қызықты әрі тартымды болса, пәнді үйренуге қызығушылық танытады. Оған танымдық іс-әрекеттер үшін себептер қажет (Стародубцева, 2014:145).

3. Ағылшын мен түрік тілдерін бірігіп оқу, түсіну және екі тілде де өз ойын еркін түсіндіре білу – жеке әрбір студенттің емес, бүкіл топтың мүшелеріне қатысты міндет. Бұл – студенттің ынтасын, жігерін, тиянақтылығын, жауапкершілігін талап ететін күрделі топтық жұмыс. Мысал ретінде ағылшын тілінде бір тақырыпты дұрыс түсінбеген студентті алсақ, ол келесі дәрісте өткізілетін тақырыпты түсінбегендіктен, бүкіл топтың ары қарай меңгеруіне кедергі туғызуы мүмкін.

4. Студенттің сабаққа үлгерімі төмендеуі. Топтағы үлгерімі жоғары студенттерден қалып қалған студенттердің оқу ынталығы азайып, өз-өзіне сенімсіз сезімін тудыруы мүмкін. Сондықтан оқытушы студенттердің барлық сабақты толық түсініп, үлгерімі төмен оқушыларға қосымша уақыт бөліп, топтың жалпы үлгерімін әрдайым қадағалау керек.

5. Екі не одан да көп шет тілді үйренген адамда «тілдік байланыс» құрылады. У. Вайнрайх пайымдағандай, екі тілдік байланыстың құрылуы нәтижесінде бір тіл екінші тілмен ауысып кетуі ықтимал. Мұндай жайттарда әсіресе екі тілдің бірі әлеуметтік дәрежесі екіншісіне қарағанда едәуір жоғары болады. Ол тіпті интерференцияға, яғни тілдің өлі тілге айналып кетуіне, аралас тілдің пайда болуына мүмкіндік береді (Вайнрайх, 1992: 8).

#### 4. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ұсыныстары

Зерттеу жұмысы барысында бір семестрдің аясында әрбір студент ағылшын мен түрік тілдерінің А1-деңгейінде қамтылған грамматикалық және лексикалық жағынан сәтті түрде меңгеріп шығуын мақсат ретінде көздедік. Тәжірибе барысында түрік пен ағылшын тілдерін фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық немесе сөз құрылымы жағынан көптеген айырмашылықтар байқалынды. Дегенмен, біздің тәжірибеміздің қорытындыларына сүйене отырып, төмендегідей нәтижелерді байқауға болады:

– студенттер А1 деңгейі бойынша қарастырылған грамматикалық тақырыптарды толық игерді;

бір семестрдің аяғында әрбір студент 300-ден астам әр түрлі тематикада берілген зат есім, 100-ге жуық сын есім және 170-ке таман етістікті сәтті түрде меңгеріп шықты;

– студенттің сөздік қорын тез арада жетілдіріп, байыту мақсатында сын есімдер мен етістіктердің синонимдері мен антонимдері берілді;

– сөйлеу дағдылары қостілде де жақсы нәтиже берді. Әр студент екі жүзден астам сұраққа қостілде де еркін жауап беріп, өз ойын еркін жеткізе алады (1-сызба).




1-сызба. Тәжірибе барысында 1-курс студенттердің сөйлеу қабілеттілігі



Ұсынылған сызбада тәжірибе барысында курс студенттердің сөйлем дағдысын бақылау мақсатында өткізілген қорытынды көрсетілді. Семинар сабағында оқытушы мен студенттердің ағылшын мен түрік тілдерін қолдануын анық көрсету мақсатында әр екі апта сайын талдау жасалынды. Жалпы айтқанда, семестрдің екінші аптасынан соңғы аптасына дейін шолу жасасақ, студенттердің түрік тілінде сөйлеу дағдысы қарқынды түрде жоғарылай басталғанын көруге болады. Осыған орай сабақ кезінде ағылшын тілі қолданылуы төмендеді. Дегенмен бұл ағылшын тілі деңгейінің төмендеуін білдірмейді, керісінше студент бүкіл семестр бойынша түрік тілін жаңадан игеріп, ағылшын тілін жетілдіріп тұрды. Сондықтан сабақтың мақсаты негізгі шығыс тілінің сөйлеу қабілеттілігін арттыру болғандықтан, дәріс кезінде тақырыптың қиындылығына қарай мүмкіндігінше түрік тілінде сөйлеуге тырыстық. Сызбада көрсетілгендей, семестрдің ортасына, яғни Midterm емтихандарына дейін студенттердің түрік тілінде сөйлеу деңгейі оқудың алғашқы апталарына қарағанда үш есе ұлғайды, яғни бірінші курс сту-

денттері алғашқы апталарда әртүрлі тематикада сөз бірліктерін үйреніп, етістікпен танысып, шет тілдің грамматикалық негізімен танысқаннан кейін оның сөйлеу дағдысы да артты. Алты аптадан соң оқудың аяғына дейін сабақ үнемі түрік тілінде өткізілді, әр екі апта сайын 5-7%-ға өсіп тұрды. Ағылшын тілін жетік меңгеру сабақтың мақсатына жатпағандықтан, ол құрал тілі ретінде қызмет атқарып, студенттердің сөз қорын бақылағанда ғана қолданылды. Сонымен қатар, сабақ үдерісінде кейбір грамматикалық аспектілерді, лексикалық бірліктерді, қалыптасқан сөз тіркестерді түсінбеген жағдайда немесе толықтыру мақсатында ағылшын тілімен қатар студенттердің ана тілі де (қазақ тілі/орыс тілі) қолданылғанын ескертеміз. Бұл сызба сабақ кезінде алынған тесттер, семинарлар, қосымша тапсырмалар, өзіндік бақылаулар, өзіндік жұмыстары негізінде құрылды.

Сонымен қатар, тәжірибе нәтижесінде студенттердің оқу үлгерімі жақсарды. 2-сызба көрсетілгендей, тәжірибе барысында 1-курс студенттердің бір семестр бойы оқу үлгерімін салыстырылып, екі есеге көтерілгенін көруге болады.



2-сызба. Тәжірибе барысында 1-курс студенттерінің бір семестр бойы оқу үлгерімі

Дөңгелек диаграмма бір семестрдің екінші аптасы мен он төртінші аптасында өткізілген талдаулар мен қорытындылар салыстырмалы түрде бейнеленген. Сызба негізгі төрт бөлікті қамтиды: студенттердің түрік тілі мен ағылшын тілі деңгейлері, оқуға ынталығы мен сенімсіздігі. Оқудың алғашқы апталарында студенттердің түрік тілі деңгейі жалпылама алғанда 0-3% пайызды қамтыса, оқу аяғында бір дәрежеге көтеріліп, практикалық және грамматикалық жағынан жақсы меңгеруін көрсетеді. Ағылшын тілі деңгейіне келетін болсақ, жоғарыда көрсетілген сызбаға қарағанда, студенттердің деңгейі екі есеге жуық көтерілді. Тіпті, кейбір студент-

тердің (Beginner\Elementary деңгейде болған студенттер) түрік тілінде сөйлеу қабілеттілігі мектеп қабырғасынан оқып жатқан ағылшын тіліне қарағанда әлдеқайда жетік меңгергенін ерекше атап көрсеткіміз келеді. Ал ағылшын тілі деңгейі жоғары студенттер өздерінің сөз қорын әрі қарай жетілдіріп, қайталап тұрды. Тағы көзге түсіп жатқан жайттардың бірі – студенттердің ынталығы мен сенімсізділігі. Жоғары оқу орнына қадам басқан мектеп түлектерінің алдынан жаңа өмір, жаңа орта, жаңа пәндер, жаңа терминдер кездескендіктен, студенттердің өздеріне сенімсізділігі, тандаған мамандыққа сенімсізділігі, өзіне қойған «не үшін оқып жатыр-

мын?», «алға қандай мақсаттарым бар?» деген сұрақтардың пайда болуы мүмкін. Бұл, әсіресе, оқу жылының бастапқы уақытында ашық байқалынады. Сызбада көрсетілгендей түрік тілі мен ағылшын тілін жетілдірген студенттердің ынтасы ұлғайып (14%-дан 25%-ға дейін), сенімсізділігі төмендейді (шамамен 70%-дан 80%-ға дейін). Бұл сызба сабақ кезінде алынған тесттер, семинарлар, қосымша тапсырмалар, өзіндік бақылаулар, өзіндік жұмыстары негізінде құрылды.

Тәжірибеде ұсынылған нәтижелерімен қатар төмендегідей ескертулер көрсеткен жөн:

- топтағы студенттердің ағылшын тілі деңгейі. Қостілді техникасы қолданылған дәрістер ағылшын тілі орташа деңгейде білген студенттерге арналған;

- студенттің екі тілді бір арада игеруге ынталылығы;

- топтың ерекшелігі мен оқытушының лингвистикалық және кәсіби компетенциясы.

– студенттің ағылшын мен түрік тілдерінің белгілі бір дәрежеге жетіп, оны әрі қарай жетілдіруіне болашақта сабақ беретін оқытушылары мен студенттің өзі жауаптылығы.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, студент негізгі шығыс тілін ғана емес, сонымен қоса ағылшын тілін де жоғары дәрежеде меңгеріп, келесі семестрдегі дәрістерде әрі қарай жетілдіріп оқыса, сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу, аудару дағдыларын дұрыс игерсе, болашақта білікті маман болатынына күмәніміз жоқ.

Жасалған тәжірибеміздің қорытындыларына сүйене отырып, болашақта тек «Базалық шығыс тілі» пәнімен қоса, әр мамандықтың кәсіби пәндерінен қостілді техниканы қолдануына, 2-3-4-курс студенттеріне де осындай тәжірибе жасауға болады. Бұл пәннің қолданылған әдебиет тізімін ұлғайтып қана қоймай, шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстарын қарастыруға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

Абдыгаппарова С.К. (2001), Роль английского языка в международном и межкультурном общении. 155с Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. Материалы международной научно-практической конференции. Часть1, КазГУМОиМЯ им. Абылай хана. – Алматы, с. 437.

Вайнрайх У. (1992), Одноязычие и многоязычие. О совместимости генеалогического родства и конвергентного развития // Новое в лингвистике. – М., с. 134.

Верещагин Е.М. (2014), Психологическая и методическая характеристика двуязычия (Билингвизма). Директ-Медиа. – М.-Берлин, 162 с.

Вигель Н.Л. (2014), К вопросу о психолингвистике и нейролингвистике билингвизма и особенностях билингвальной психологии // В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии: сб. ст. по матер. XXXVII междунар. науч.-практ. конф. № 6(37), СибАК. – Новосибирск, 2014.

Жантану атауларының түсіндірме сөздігі (2006), Сөздік-Словарь, Алматы, 384 б.

Майкл Эрард (2012), Феномен полиглотов, Альпина бизнес букс, Москва, с. 211.

Розенцвейг В.Ю. (2001), Языковые контакты: Лингвистическая проблематика, Наука. – Ленинград, с. 80.

Стародубцева В.К. (2014), Современные проблемы науки и образования. №6, ФБГОУ ВПО «Новосибирский Государственный технический университет». – Новосибирск. <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=15617>

Dornic (1978) – Dr. Miriam Shlesinger (2001-2002) Seminar Paper October 2003. Effect of Directionality on Errors in Simultaneous Translation. An Introspective Study.

Grosjean F. (1997), Individual bilingualism // Applied Linguistic Studies in Central Europe.v.1, Veszprem, pp.103-113. [https://www.francoisgrosjean.ch/interview\\_en.html](https://www.francoisgrosjean.ch/interview_en.html)

Karaağaç G. (2011) Bireysel İki Dillilik ve Toplumsal İki Dillilik, Eylül, s.717, s. 222-228,Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi, Ankara.

[http://turkoloji.cu.edu.tr/DILBILIM/gk\\_ikidillilik/gk\\_ikidillilik.htm](http://turkoloji.cu.edu.tr/DILBILIM/gk_ikidillilik/gk_ikidillilik.htm)

Oruç Ş. (2016), Ana Dili, İkinci Dil, İki Dillilik, Yabancı Dil, The Journal of Academic Social Science Studies, №45, Ankara, s.279-29

Şahin A. (2014), Yabancı Dil Olarak Türkçe Öğretimi. Kuramlar, yaklaşımlar, etkinlikler. Degem Akademi, Ankara, s. 518.

Scrivener J. (2012), Learning Teaching.The essential Guide to English Language Teaching, 3rd edition, Macmillan Education, Oxford, pp. 414.

Thiagarajan, S. (1999), Teamwork and teamplay: Games and activities for building and training teams, Jossey-Bass, San Francisco, pp. 342.

Wright, A., Betteridge, D., & Buckby, M. (2005), Games for language learning (3rd ed.), Cambridge University Press, New York, 283.

<http://www.government.kz/kz/chelovecheskij-kapital/25726-elbasy-t-ra-aly-yemen-kha-ny-khkhii-sessiyasy-bastaldy.html>

<https://theoryandpractice.ru/posts/15917-bystroe-chtenie-kak-bilingvizm-vliyaet-na-mozg>

## References

- Abdygapparova S.K. (2001), Rol' anglijskogo yazyka v mezhdunarodnom i mezhkul'turnom obshchenii. 155c Aktual'nye problemy lingvistiki i metodiki prepodavaniya inostrannyh yazykov. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. CHast'1, KazGUMOiMYA im.Abylay hana, Almaty, s. 437.
- Vajnrajh U. (1992), Odnoyazychie i mnogoyazychie. O sovместимости genealogicheskogo rodstva i konvergentnogo razvitiya.// Novoe v lingvistike, Moskva, s. 134.
- Vereshchagin E.M. (2014), Psihologicheskaya i metodicheskaya harakteristika dvuyazychiya (Bilingvizma). Direkt-Media, M.-Berlin, 162 s.
- Vigel' N. L. (2014), K voprosu o psiholingvistike i nejrolingvistike bilingvizma i osobennostyah bilingval'noj psihologii // V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniya i kul'turologii: sb. st. po mater. XXXVII mezhdunar. nauch.-prakt. konf. № 6(37), SibAK, Novosibirsk, 2014.
- ZHantanu ataularynyň tysindirme sözdiği (2006), Sözdik-Slovar', Almaty, 384 b.
- Majkl EHard (2012), Fenomen poliglotov, Al'pina biznes buks, Moskva, s. 211.
- Rozenvejg V.YU. (2001), Yazykovye kontakty: Lingvisticheskaya problematika, Nauka Leningrad, s. 80.
- Starodubceva V.K. (2014), Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. №6, FBGOU VPO «Novosibirskij Gosudarstvennyj tekhnicheskij universitet», Novosibirsk. <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=15617>
- Dornic (1978) – Dr. Miriam Shlesinger (2001-2002) Seminar Paper October 2003. Effect of Directionality on Errors in Simultaneous Translation. An Introspective Study.
- Grosjean F. (1997), Individual bilingualism // Applied Linguistic Studies in Central Europe. v.1, Veszprem, pp.103-113. [https://www.francoisgrosjean.ch/interview\\_en.html](https://www.francoisgrosjean.ch/interview_en.html)
- Karaağaç G. (2011) Bireysel İki Dillilik ve Toplumsal İki Dillilik, Eylül, s.717, s. 222-228, Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi, Ankara.
- [http://turkoloji.cu.edu.tr/DILBILIM/gk\\_ikidillilik/gk\\_ikidillilik.htm](http://turkoloji.cu.edu.tr/DILBILIM/gk_ikidillilik/gk_ikidillilik.htm)
- Oruç Ş. (2016), Ana Dili, İkinci Dil, İki Dillilik, Yabancı Dil, The Journal of Academic Social Science Studies, №45, Ankara, s.279-29
- Şahin A. (2014), Yabancı Dil Olarak Türkçe Öğretimi. Kuramlar, yaklaşımlar, etkinlikler. Degan Akademi, Ankara, s. 518.
- Scrivener J. (2012), Learning Teaching. The essential Guide to English Language Teaching, 3rd edition, Macmillan Education, Oxford, pp. 414.
- Thiagarajan, S. (1999), Teamwork and teamplay: Games and activities for building and training teams, Jossey-Bass, San Francisco, pp. 342.
- Wright, A., Betteridge, D., & Buckby, M. (2005), Games for language learning (3rd ed.), Cambridge University Press, New York, 283.
- <http://www.government.kz/kz/chelovecheskij-kapital/25726-elbasy-t-ra-aly-y-men-kha-ny-khkhii-sessiyasy-bastaldy.html>
- <https://theoryandpractice.ru/posts/15917-bystroe-chenie-kak-bilingvizm-vliyaet-na-mozg>

**Нурсеитова Л.Д.**

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

## **ЖАПОН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Қазіргі кезеңде жапон тілін оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері бар. Оқушының бойында тілге деген қызығушылығын, құмарлығын, тапқырлығын ояту үшін пайдалы әрі қызықты әдіс-тәсілдерді қолдана білу керек.

Жапон тілін оқыту әдісінің негіздері келесідей болып бөлінеді. Грамматикаға кіріспе, негізгі жаттығулар және практикалық жаттығулар болып табылады. Әрбір жаңа грамматикалық құрылымды үйреткен кезеңде кіріспе, негізгі жаттығулар, практикалық жаттығулар маңызды болып табылады, өйткені жаңа тақырыпты үйретудің негізін құрайды.

**Түйін сөздер:** әдіс-тәсілдер, грамматикаға кіріспе, практикалық жаттығулар, мотивация, эффективті, коммуникативтік тәсіл.

Nurseitova L.D.

Senior teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

### **Effective methods of teaching the japanese language**

This article describes the main stages and approaches to teaching Japanese as a foreign language. Japanese language teaching is growing throughout the world. It is important that this growth is not only quantitative but also qualitative in establishing new patterns for Japanese language instruction. Methods of teaching Japanese language are divided into the following types: grammatical introduction, basic and practical exercises. These basic techniques are being used in explaining new material.

**Key words:** methods, grammatical introduction, practical exercises, motivation, effective, communicative method.

Нурсеитова Л.Д.

ст. преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

### **Эффективные методы обучения японского языка**

В данной статье рассматриваются основные этапы и методы преподавания японского языка. Методика преподавания в этом деле играет немаловажную роль, так как от этого в значительной мере зависит скорость обучения. Она подразделяется на следующие типы: грамматическое введение, основные и практические упражнения. Данные методы принято считать основополагающими при разъяснении нового грамматического материала, потому как именно из них складывается процесс обучения по каждой из тем.

**Ключевые слова:** методы, грамматическое введение, практические упражнения, мотивация, эффективный, коммуникативный метод.



## Кіріспе

Қазіргі кезеңде көптеген шетел ғалымдары зерттеген жапон тілін оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері бар.

Қазіргі заманның даму талабына сай оқытушы «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс. Оқытушының талапқа сай оқушының білім алу белсенділігін арттыру мақсатында жаңа оқыту әдістерін меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Оқушының білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда оқытушы көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне белсенді жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты.

Оқушының бойында тілге деген қызығушылығын, құмарлығын, тапқырлығын ояту үшін пайдалы әрі қызықты әдіс-тәсілдерді қолдана білу керек.

## Негізгі бөлім

Жапон тілін оқытудың әдіс-тәсілдерінің құндылықтары алуан түрлі. Оқу жүйесінің даму заңдылықтарына сәйкес оқыту әдістерінің құндылықтары өзгеріп, жанданып, дамуда.

Осы мақалада шетел ғалымдарына сүйене отырып жапон тілін оқытудың маңызды әдіс-тәсілдерімен таныстырғым келеді.

Оқыту әдісі оқыту амалы, оқыту әдіс-тәсілдері, оқыту техникасы және тағы басқа әдістерден құралады. Бұл әдістердің құрылымы ұқсас болғанымен алуан түрлі ерекшеліктері бар. Мысалы техникалық оқыту әдісінің ерекшелігі практикалық техника әдісі болып табылады. Әдіс-тәсілдердің ерекшелігі оқыту әдісінің анық қыр-сырларын оқытса, амал немесе тәсіл әдісі оқыту әдісінің негізі болып табылатын тілдік және оқыту әдісінің қыр-сырларын оқытады.

Оқушылардың оқуға деген белсенділіктерін жоғарылату үшін көптеген ғалымдар, психологтар зерттеу жұмыстарын жасап, оқыту процесіне қатысты тиімді идеяларды, бағыттарды ұсынған болатын. Американың техникалық ғылым докторы Джон Келлердің (John Keller's ARCS Model of Motivational Design) зерттеу жұмыстары бойынша оқыту әдісінің мотивациясы немесе оқытушының оқуға деген ынтасын тексеру үшін 4 этаптан тұратын мотивация ұсынды: зейін, өзара байланыс, сенім және қанағаттану немесе разылық құндылықтар (Suzuki Katsuaki., 2002: 177-179pp.). Оқушыларды ынталандырудың 4 кезеңін қарастырған: 1) зейін: оқушы-

ның қызығушылығын туғызу, 2) өзара байланыс: оқушыға пайдалы болатын ақпараттармен байланыстыру, 3) сенім: оқушының бойынан істесем қолымнан келеді деген сенім туғызу, 4) қанағаттану немесе разылық: істегенім жақсы болды деп оқушының өз-өзіне деген ризашылығын туғызу. Джон Келлер және Жапонияның көптеген ғалымдары осы 4 мотивацияны шет тілдерді тиімді оқыту процесінде эффективті жолдардың бірі деп қарастырды (Nihongo kyouiku tsuushin 56 go., 2006: 56p.).

Жапон тілін оқыту әдісінде жаңа грамматикалық тақырыпты үйрету кезеңінде 3 негізгі құрылым маңызды орын алады. Жапон тілін оқыту әдісіндегі 3 негізгі құрылым: 1) жаңа грамматикалық тақырыпқа арналған кіріспе, 2) негізгі грамматикалық жаттығулар, 3) практикалық жаттығулар.

Грамматикаға кіріспе әдісі:

– Грамматикалық кіріспенің негізгі мақсаты әртүрлі грамматикалық кіріспе әдістерін түсіндіру;

– Оқушыны жаңа грамматикалық тақырыпқа қатысты ойландырту;

– Оқушыны жаңа грамматикалық тақырыпқа қатысты қызығушылығын, тапқырлығын ояту;

– Оқушының жақсы білетін біліктілігімен байланыстыра отырып, жаңа тақырыппен үйлесімділікті таба білу;

– Дәрісті немесе жаңа грамматикалық сабақты оқушыға оңай түсіндіре білу біліктілігі.

**Жаңа грамматикалық тақырыпты түсіндірген кезде қолданылатын кіріспе тәсілдері:**

а) тақтаға грамматикалық тақырыпты жазып, мағынасын және қолдану әдісін түсіндіру;

б) грамматикалық құрылымдарды қолданатын жерді және қолданатын жағдайды сілтеп көрсету арқылы үйрету;

в) модельді диалог арқылы грамматикалық құрылымды үйрету;

г) оқытушы оқушымен күнделікті диалог жасай отырып, диалог ішінде грамматикалық құрылымды қолдану;

д) сурет, фото, видео, CD кітаптарды қолдану арқылы үйрету;

е) оқытушы жаңа грамматикалық құрылымды өз іс-әрекеті және оригинал заттарды қолдану арқылы үйрету;

ж) оқытушы оқушыға грамматикалық құрылымның мағынасын және грамматикалық ережелерді болжам жасау арқылы үйрету.

Мысалға алынған жаңа тақырып:

Мысалы: «V ています/ TE IMASU» атты грамматикалық құрылымға кіріспе:

«V ています/ TE IMASU» атты етістікті тақтаға жазу;

«V て/TE» етістіктің «TE» формада екендігін оқушының ана тілін қолданып түсіндіру;

«V ています/ TE IMASU» атты етістік формасының қолдану түрлерін, әдістерін үйрету;

«V ています/ TE IMASU» етістігінің 3 түріне мысал келтіріп, тақтаға жазу;

Оқушыларға тақтаға жазған мысалдарды жапон тілінде дауыстап оқытқызып, мысалдардың мағынасын түсінгендерін ана тілінде сұрау арқылы тексеру.

Әрбір грамматикалық құрылымды үйреткен кезде кіріспе маңызды болып табылады, өйткені грамматикалық құрылымды үйретудің негізін құрайды.

**Грамматикалық құрылымды үйретуде кіріспе жұмысының негізгі мақсаты:**

Оқушылардың жаңа грамматикалық құрылымға қатысты қызығушылығын туғызу;

Оқушыларға жаңа грамматикалық құрылымды үйреткен кезде, жаңа тақырыпты ойландырту, болжам жасау әдіс-тәсілдерді қолдану;

Жаңа грамматикалық құрылымды қолданатын жерді, жағдайды мысалдар келтіру арқылы түсіндіру;

Ұқсас грамматикалық құрылымдармен байланыстылығын тауып, ерекшелігін, қолдану жағдайын түсіндіру;

Оқушыдан жаңа грамматикалық құрылымның формасын дұрыс түсінгендігін тексеру (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio., 2012: 19-20pp.).

Грамматикалық жаттығуларды үйретуде негізгі жаттығулардың мақсаты:

Етістіктің немесе жаңа грамматикалық құрылымның дұрыс қолдану құрылысын үйрету;

Жаңа грамматикалық құрылымды нақты қолданатын мысалдар арқылы түсіндіру;

Жалықтыратын немесе зеріктіретін әдіс қолданбау;

Жазу, оқыту, тыңдату, диалог жасау атты 4 шеберлік әдісті қолдану;

Әртүрлі жаттығуларды сатылай, түсіну біліктілігіне қатысты үйрету (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio., 2012: 23-25 pp.).

Практикалық жаттығулардың негізгі мақсаты:

Жаңа грамматикалық құрылымды шынайы диалогта қолдануға болатындай жаттығулар жасату;

Жаңа грамматикалық құрылым оқушы үшін таныс, болашақта қақтығысатын ортаға, рөліне қатысты етіп қолдану;

Жаңа грамматикалық құрылыс бойынша қолданатын диалогтың бағытын ойластырып жаттығулар жасату;

Практикалық жаттығудың диалогын жасату немесе құрастыруда, оқушыға өз еркімен құрастыра алу мүмкіншілікті, диалогта қолданатын мағлұматтарды таңдау еркіндікті беру;

Аудиториядағы оқушыларды бір-бірімен белсенді түрде диалог жасату (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio., 2012: 27-29pp.).

Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

**Жапон тілі пәні бойынша диалог сабақтың мақсаты:**

– осы уақытқа дейінгі өзінің диалог сабақтарына көз жүгірткізе алу;

– сөйлеу қабілеті жайында әртүрлі жағынан қарастыра алу;

– сөйлеу қабілетін жетілдіруге арналған сынып іс-әрекеттерінің негізгі пункттерін түсіну;

– сынып іс-әрекеттерін нақты қарастыра алу

Диалог сабағының негізгі бақылау пункттері:

Мұғалімнен гөрі оқушылар көп сөйлейді ме?

Оқушылар өздерінің айтқысы келген ойларын айта алады ма?

Оқушылар айтқысы келгенді қалай айтатынын ойлап, таңдап, сөйлеу жаттығуларын қолдана ала ма?

Оқушылар диалогтық жаттығуларды орындағанда бір-бірі туралы мағлұматтарды толықтыра ма?

Серіктестің реакциясын көре отырып, өзінің сәйкес ойын диалогтық жаттығуда білдіре ала ма?

Жаттығудағы диалогтар мақсатты болып табылады ма?

Жапон тілі бойынша сөйлеу қабілетіне қатысты:

Сөйлеу күші дегеніміз не?

(Сұрақ) Мысалы: «Ана адам жапон тілін жетік біледі» немесе «нашар біледі» деген кезде негізге ала отырып солай айтады?

**ACTFL-OPI атты сынақтан көрінетін сөйлеу қабілеті**

– ACTFL-OPI (Шетел тілдерін Оқыту Американдық Кеңесі – Ауызша Қабілеттілік Сұхбаты) – осы ауызша қабілеттілік сұхбат арқылы көптеген жапон тілі орталықтарында жапон тілін білетін шетелдіктерден жапон тілінің сөйлеу қабілеттіліктерін тексереді.

Ауызша қабілеттілікті сұхбатқа сүйене отырып есептеу (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio., 2012: 30-32pp.).

## ACTFL-OPI кестесі

| レベル<br>Деңгей                     | 初級<br>N: Novice<br>Бастапқы деңгей                                                                             | 中級<br>I: Intermediate<br>Орташа деңгей                                                                                                 | 上級<br>A: Advanced<br>Жоғары деңгей                                                                                                                                                   | 超級<br>S: Superior<br>Ең жоғары деңгей                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Басқара алатын мәтін құрылысы     | Жай сөздер мен сөйлемдермен сөйлейді                                                                           | Тәуелсіз әрі біріккен сөйлемдерді қолданып сөйлейді                                                                                    | Қорытындылап, яғни бір тақырыптағы сөйлемдерді жинақтап сөйлейді                                                                                                                     | Тақырыпты үлкен салаға байланыстыра отырып, жақсы құрастырылған бірнеше ұзын қорытындыларды қолдана отырып сөйлейді                                                                                         |
| Істей алатын нәрсесі              | Жаттаған сөздер мен тұрақты сөз тіркестерді қолданып сөйлейді                                                  | Сұрақ қойып не оған жауап бере алу. Күнделікті нәрселерге қатысты сөйлейді                                                             | Абстракты нәрселерді түсіндіріп сипаттау. Күнделікті емес нәрселерге қатысты                                                                                                         | Қандай болсын тақырып жайында сөйлеу қолынан келеді. Ресми және ресми емес диалогтарды ажырата алады.                                                                                                       |
| Нақты тіл іс-әрекеттерінің мысалы | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сәлемдеседі</li> <li>• Аты-жөні мен мамандығын айта алады.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мейрамда тапсырыс бере алады.</li> <li>• Телефонмен қонақүйге тапсырыс бере алады.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз қаласы жайында жан-жақты түсіндіреді</li> <li>• Сериал не фильм қысқа мазмұнын айтады</li> <li>• Кешіккен себебін түсіндіреді</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Саяси мәселе жайында пікір-таласқа қатысады</li> <li>• Бастықтың пікірін теріске шығарады</li> <li>• Кішкентай баламен ауызекі сөйлеу стилінде сөйлейді</li> </ul> |

4. Коммуникация қабілеттілігі  
 – Грамматикалық қабілеттілік (грамматика, сөздік қор, сөздерді айта алу, әріптер, жазулар)  
 – Қоғамдық тіл қабілеттілігі  
 – Әңгімелесу қабілеттілігі  
 – Стратегия қабілеттілігі  
 (Tanoshii yomimono 55. Kazuko Shimada, Saiko Takami, Manabu Kobayashi. Printed in Japan: 2013. 14-18p.)

**Рөлдік ойын**

Рөлдік ойын дегеніміз белгілі бір жағдайда студент қандай да бір рөлде өз сөздерін қолдану жаттығуы.

**Рөлдік ойын сабағының желісі**

Грамматика мен сөз қорын түсіндіру. Содан соң, соны қолданып, рөлдік ойын ойнату.

Алдымен рөлдік ойын ойнатыңыз. Сосын, грамматика мен сөз қорын түсіндіру.

Рөлдік ойын сабағының желісі (орташа деңгей)

Тәжірибе мен оқығанды еске түсіру. Оқу пункті болатын жер мен жағдайға қатысты осыған дейін тәжірибе алған мағлұматы мен қолданған тұрақты сөз тіркестерін еске түсіру

**Рөлдік ойын**

Алдымен өз күшімен рөлдік ойынды жасап көру

Қолыңыздан келетін және келмейтін нәрселерді түсіну

Жауап қайтару жаттығулары

Қате қолданысты түзету

(Жапон тілінен есту қабілетін дамыту. Жоғарғы деңгей. Курошио баспасы. Жапония: 2011. – 28 б.)

Іс-әрекет мақсаты (оқыту мақсаты)

– Сабақты орындау  
 – Грамматикалық қабілеттілік (тұрақты сөз тіркестері, нақтылығы, тіл еркіндігі)

– Әңгіме қабілеттілігі  
 – Қоғамдық тіл қабілеттілігі  
 – Стратегия қабілеттілігі  
 Бағалау тәсілі

– Хабарлама жасау тәсілі  
 (Minnano Nihongo Shyokyu 1 Kaite Oboeru Bunkeirensyuchyou. Hirai Etsuko, Miwa Sachiko. Kabushikigaishya Surienettowaku Printed in Japan: 2001. 58-61pp.)

**Оқу сабағының әдістері**

– оқудың стратегиясының түрі мен әрқайсысының мазмұнын түсіну

– оқу сабағының жүруін ойлап, әр кезеңде неге көңіл аударған жөн, соны түсіну.

– өзің ана тілінде нені қалайша оқисың соны қайталау, жапон тілін оқуда пайдалануға болады.

**1. «Оқу» процесі**

3 моделі: «оқу» процесінде (1) төменнен жоғарыға қарай моделі (2) жоғарыдан төменге моделі, (3) өзара айырбас моделі деген 3 модель бар.

**«Оқу» схемасы**

«Оқу» процесі туралы тағы бір маңызды пункт туралы ойланайық. Жоғарыдан төменге моделі не өзара айырбас моделі оқыған адам мәтін мазмұнын жорамал, болжам жасау өте маңызды жұмыс жасайды.

**«Оқу» стратегиясы**

Күнделікті өмірде шығарма оқыған кезде «схема» пайдаланып, жоғарыдан төменге моделі оқу әдісін көп жасап, төменнен жоғарыға оқу әдісін көп жасап, екеуін де пайдаланады. Бұл шараны стратегия деп атайды. «Оқу» кезінде пайдаланылатын маңызды стратегияны реттестірейік.

Жапон тілінің шығармасын оқыған кезде осындай, күнделікті өмірде табиғи түрде пайдаланылатын түрлі стратегияны дұрыс пайдаланса, оқу қабілетін дамыта алады. Оқушы жапон тілі сабағында шығарманы оқыған кезде де осы стратегияны пайдаланатындай болу үшін жаттығу жасатқызу маңызды.

#### 4. «Оқу» сабағының жоспары

Күнделікті өмірде «оқу» десең, соны таңдап, оқисың ба жоқ па дегенді шешуден басталып, оқу мақсаты болып, оқығаннан кейінгі әрекет бар. Сабақта да бірдей ойлап, оқушы «оқығым келеді» деген сезім болатындай тәсіл жасап, оқыған соң шығарманы жүзеге асыратындай әдісті ойлайық. Сабақ барысы жұмыс барысы, жұмыстан кейінгісі (даму әрекеті) деген 3 кезең болады деп есептелінеді. (Бэйсик катджи бук.1 том. Чиеко Кано, Юри Шимизу, Хироко Такэнака, Эрико Иши. Кабушикигайшя Бонджиншя. Жапония: 2004. 22-25 бб.)

| Алдын ала жұмыс                                                                                                                                                                                                         | Жұмыс барысы                                                                                                                                                                                                                                                                      | Жұмыстан кейінгісі                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>– мотивация</li> <li>– тақырып не жағдайға қатысы бар схеманың активациясы – жорамал, болжам</li> <li>– оқудың мақсатын нақтылау (стратегияны саналы ететін тапсырма)</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>– мақсатқа сай оқу әдісін жасау</li> <li>– жорамал, болжам, гипотезаны растау, дұрыстау</li> <li>– (сөз білімін пайдаланып) мағынасы мен формасын салыстыру</li> <li>– маңызды пунктті жинау</li> <li>– маңызды мәліметті іздеу</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>– оқыған мазмұнға қатысы бар әсер (әсерін айту, мазмұнды басқа адамға жеткізу, мәліметті пайдалану)</li> <li>– сөзді оқу (лексика, грамматиканы бекіту үшін әрекет)</li> </ul> |

#### 5. Жұмыс барысының белсенділік формасы

– жеке адам – жұп – группа

#### 6. Оқушының деңгейіне сай оқу әрекеті

(1)Түсу – бастапқы деңгей: оқу (сөйлем мысал, лексиканы бекіту ретінде) көп деңгей.

Лексиканы көбейту әдісі – лексиканы есте қалуы оңай әрекет маңызды.

– (сөздік мағынасы – жеке эпизод)

Танымайтын сөзді болжау әдеті не жоғарыдан төменге оқу жаттығуын енгізу.

– (2) ортаңғы деңгей соңы: контекстен болжау қабілетін жұмыс жасатқызу арқылы лексиканы көбейтетіндей ететін деңгей.

– (тез оқу, көп оқу, сыни оқу)

– JF жапон тілін оқыту стандартынан көрген оқу қабілеті

Сөйлеу қабілеті де бар жапон **тілінің игеру деңгейін** 6 деңгейге (A1, A2, B1, B2, C1, C2) бөлу негізінде «JF жапон тілін оқыту стандарты» бар. JF жапон тілін оқыту стандартында әр деңгейде істей алатын айқын сөз белсенділігінің мысалы «– істей алу» деген формада көрсетіледі.

Онда «оқу» әрекетінде «хат не хабарламаны оқу» әрекеті, «маңызды мәліметті табу» әрекеті, «мәлімет не маңызды пунктті оқу» әрекеті, «түсіндірмені оқу» әрекеті сияқты түрлі типтің сөз белсенділігі бар болуы көрсетіледі.

Оқу қабілеті келесідей сипатталады (Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio., 2012: 45-50 pp)

|    | Оқитын нәрсе                                                                                                                                                                                                       |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A1 | Мысалы, хабарландыру не постер, каталогтағы жақсы білетін есім, сөз, қарапайым сөйлемді түсіне алу.                                                                                                                |
| A2 | Өте қысқа оңай мәтінді түсіне алу. Жарнама не мазмұн шолуының брошюрасы, меню, бағдарлама сияқтылардың ішінен күнделікті қарапайым айқын болжамы бар мәліметті алу. Оңай әрі қысқа жеке хатты түсіне алу.          |
| B1 | Өте жақсы пайдалана алатын күнделікті сөз не өзінің жұмыстағы қарым-қатынастағы сөзде жазылған мәтінді түсіне алу. Болған нәрсені, сезімді, қалауынды айта алатындай жеке хабарламаны түсіне алу.                  |
| B2 | Автордың позициясы не көзқарасы шығатын заманауи мәселе туралы мақала не хабарламаны оқи алу. Заманауи әдебиеттің прозасын оқи алу.                                                                                |
| C1 | Ұзақ күрделі фактіге сүйенетін мәтін не әдеби мәтінді, әдеби стильдің айырмашылығын ұғына отырып, түсіну. Өзіңе қатысы бар нәрседен бөлек саладағы кәсіби мақаланы да, ұзақ техникалық түсіндірмені де түсіне алу. |
| C2 | Абстрактілі, құрылымдық лингвистикалық күрделі, мысалы анықтамалық пен кәсіби мақала, әдеби шығарма мәтіндері сияқты, шынайы формада жазылған сөзді оңай оқи алу.                                                  |



## Қорытынды

Жапон тілін оқыту үдерісінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінің оқытушылары жоғарыда айтылған 3 негізгі құрылымдарды (1 жаңа грамматикалық тақырыпқа арналған кіріспе, 2 негізгі грамматикалық жаттығулар, 3)

практикалық жаттығулар) оқыту шеберліктерінде кеңінен пайдалануда. Жапон тілін оқыту кезінде Урава қаласында орналасқан Халықаралық жапон тілі Институтынан жинаған тәжірибелерімізге сүйене отырып, осы жоғарыда айтылып кеткен әдіс-тәсілдерді өз оқыту методикаларымызда кеңінен пайдаланамыз, бұл әдістер бізге негізгі арқау болып табылады.

## Әдебиеттер

Бэйсик катджи бук.1 том. Чиеко Кано, Юри Шимизу, Хироко Такэнака, Эрико Иши. Кабушикигайшя Бонджиншя. – Жапония, 2004. 22-25 бб.

Жапон тілін оқыту методикасы, техникасы. – Жапония, 2006. – 56 б.

Жалпыға ортақ жапон тілі, бірінші деңгей. Жаттығулар. Хирай Эцуко, Мива Сочико. – Жапония, 2001. 58-61бб.

Жапон тілінен есту қабілетін дамыту. Жоғарғы деңгей. Курошио баспасы. – Жапония, 2011. – 28 б.

Оқу әдістемелік материалдар құрастыру, Сузуки Кацуаки. – Жапония, 2012. 177-179 бб.

Таношии емимон 55. Казуко Шимада, Сайко Таками, Манабу Кобаяши. – Жапония, 2013. 14-18 бб.

Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 19-20 бб.

Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 23-25 бб.

Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 27-29 бб.

Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 30-32 бб.

Урава орталығында (Жапония) біліктілікті арттыру Институтының 2012 ж. жинағы, Китамура, Нуноока Цуйчиро, Хамакава Юкио. – Жапония, 2012. 45-55 бб.

## References

Basik kanji book Vol 1. Chieko Kano, Yuri Shimizu, Hiroko Takenaka Eriko Ishii. Kabushikigaishya Bonjinsha CO., LTD Printed in Japan: 2004. 22-25pp.

Kaigainihongo kyoushi Chyoutikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio Printed in Japan: 2012. 19-20 p.

Kaigainihongo kyoushi Chyoutikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 23-25 p..

Kaigainihongo kyoushi Chyoutikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 27-29 p.

Kaigainihongo kyoushi Chyoutikenshyu 2012 nendo Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 30-32 p.

Kaigainihongo kyoushi Chyoutikenshyu 2012 nendo, Kaiwa Jyugyo no hinto. Kitamura, Nunooka Tsuiichiro, Hamakawa Yukio. Printed in Japan: 2012. 45-55 pp.

Kyozaisekkei manyuuru dokugaku o shiensurutameni, Suzuki Katsuki:2002. 177-179 pp.

Minnano Nihongo Shyokyu 1 Kaite Oboeru Bunkeirensyuchyou. Hirai Etsuko, Miwa Sachiko.

Kabushikigaishya Surienettowaku Printed in Japan: 2001. 58-61pp.

Nihongo kyoutiku tsushin 56 go □2006/09□□jyugyo hinto□yaruki o hikidasu jyugyouno tekuniku. – Printed in Japan: 2006.– 56p.

Speaking Skills Learned through Listening Japanese “Live” Upper Intermediate and Advanced Level. Kuroshio shyuppan, Printed in Japan: 2011. -28p.

Tanoshii yomimono 55. Kazuko Shimada, Saiko Takami, Manabu Kobayashi. Printed in Japan: 2013. 14-18p.

**Ауелбекова Ш.Е.**

PhD., қауым. проф., Сулейман Демирел атындағы Университеті,  
Қазақстан, Қаскелең қ., e-mail. auyelbekova.shynar@mail.ru

## **ТІЛ ҮЙРЕНУДЕ АНА ТІЛІНДЕГІ ОБРАЗДЫ, БЕЙНЕЛІ СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРЫНАН ПАЙДАЛАНУ**

Мақаламызда түрік тілін үйренуде түрік тіліндегі сөз тіркестерінің қазақша сөз тіркестеріне ұқсас немесе ортақ баламаларын анықтап, оларды салыстыра отырып пайдалануды ұсынамыз. Бұл әдіс тіл үйренушінің жаңа тілдік материалдарын есте сақтауын жеңілдетеді және тілдің сөз байлығын меңгеруді жылдамдатады. Себебі тіл үйренуде жаттауға қарағанда, сол тілдегі сөздерді түсініп, есте сақтау өте маңызды. Тілдегі образды, бейнелі сөз тіркестерін үйрену сол тілді жоғары деңгейде меңгеруге, күрделі мәтіндерді түсінуге, ойын нақты, шебер және көркем түрде жеткізуге дағдыландырады.

Мақаламызда түрік және қазақ тілінде қолданылған «қол» сөзіне байланысты ортақ және ұқсас сөз тіркестерін салыстырып, баламаларын анықтадық. Тіл үйретуде аталған тілдік материалдарды қолданудың тиімді жолдарын көрсетіп, нақты тәжірибемізбен бөлістік. Жұмыс – түрік, қазақ және ағылшын тілдерінің ортақ және ұқсас тілдік материалдарынан тұратындықтан, аударма мәселесінде де көмекші құрал болары сөзсіз.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, түрік тілі, ағылшын тілі, тұрақты тіркес, қол.

Auyelbekova Sh.E.

PhD., assos. Prof., Suleyman Demirel University,  
Kazakhstan, Kaskelen, e-mail: auyelbekova.shynar@mail.ru

## **Learning languages by using idioms in mother tongue**

In this article, we present Kazakh equivalents of Turkish idioms and propose to use them comparatively. This method facilitates the memorization of new material and accelerates learning of vocabulary because learning by understanding is more effective than plain memorization. Learning figurative idioms in a language enables us to master it and trains us to understand complex texts, and clearly communicate thoughts and ideas.

In the article, we compared similar Turkish and Kazakh idioms containing the word “hand” and found their equivalents. We illustrated the effectiveness of the method of using idioms and shared the observations. The work can also be a reference for translation as it contains similar linguistic materials of Kazakh, Turkish and English languages.

**Key words:** Kazakh language, Turkish language, English language, idioms, hand.

Ауелбекова Ш.Е.

PhD., ассос. профессор, Университет им. Сулеймана Демиреля,  
Казахстан, г. Каскелен, e-mail: auyelbekova.shynar@mail.ru

## **Методы использования идиом родного языка в изучении иностранных языков**

В данной статье мы рекомендуем использовать турецкие словосочетания, сравнивая и определяя их эквиваленты в казахском языке. Этот метод позволяет учащимся запомнить новый языковой материал и ускорить изучение словарного запаса. Очень важно понимать и запоминать слова на изучаемом языке. Изучение образной речи и фраз помогает овладеть языком на высоком уровне, понимать сложные тексты и выражать мысль в ясной и художественной форме.

В нашей статье мы сравнили сходные идиомы, относящиеся к слову «рука», которые используются в турецком и казахском языках, и нашли эквиваленты. Мы продемонстрировали лучшие

способы использования этих языковых материалов в преподавании языка и поделились своим опытом. Данная работа является полезным инструментом перевода, так как включает в себя схожие языковые материалы турецкого, казахского и английского языков.

**Ключевые слова:** казахский язык, турецкий язык, английский язык, постоянное определение, рука.

## Кіріспе

Тіл үйрену – арнайы уақыт бөліп, үздіксіз еңбек етумен, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, көмекші құралдардың ұтымды ұйымдастырылуымен алынатын асу. Тіл үйрену барысында белгілі уақыт бөліне отырып, осы мақсат жолында төзімді еңбек ету қандай маңызды болса, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау, дәл сондай дәрежеде мән-мағынаға ие. Оңтайлы таңдалып қолданылған әдіс-тәсіл тіл үйренуде табысқа жетуді жеңілдетеді, әрі жылдамдатады. Қазіргі кезде тіл үйренуде жүгінілетін көптеген жолдар бар, солардың бірі – ана тіліндегі немесе жақсы білетін қандай да бір тілдің материалдарын жаңа тіл үйрену үшін пайдалану. Барлық тілдердің қолданылу логикасы ұқсас және ортақ. Қай халықтың болмасын, географиясы, мәдениеті, әдебиеті, тарихы, өнері бір сөзбен айтқанда ұлттық құндылықтары ғасырлардан өте келе оның тілінде көрініс табады. Образды, бейнелі сөз тіркестері халықтың мәдени тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты. Тілдердің сөз тіркестеріндегі ортақ және ұқсас құбылыстардан пайдалану арқылы тіл үйренуді жылдамдатуға болады. Кез-келген тілдегі тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу үйреніліп жатқан тілдің сөз байлығын меңгеруді жеңілдетуге көмектеседі.

Тұрақты сөз тіркестері, тілдегі образды, бейнелі сөз қолданыстары – барлық тілдерге тән құбылыс. Тұрақты тіркестер сол тілді меңгерген адамдардың құлағына үйреншікті болып кеткен екі немесе одан да көп сөздерден құралып, қалып түрінде үнемі бірге қолданылатын сөздерден жасалады. Образды, бейнелі сөз тіркестері қай тілдің болса да, сөз байлығының көлемді бөлігін құрайды. Тіл үйренуші сол тілдің тұрақты сөз тіркестерін меңгермесе, ол тілді шебер қолданушы болып саналмайды.

Тұрақты тіркестер тілдің ортақ тілдік және мәдени мұрасы болу сипатына байланысты, тіл үйренуде ерекше мән беріліп, үйрету немесе үйрену материалдарының ішінде қомақты орын алуы керек. Қай тілде де болсын, тұрақты тіркестерді күнделікті ауызекі сөйлеуде қолданады, себебі олар ойды қысқа және нақты, әсерлі, әсем жеткізуге мүмкіндік береді.

## Эксперимент

Тіл үйретуде образды, бейнелі сөз тіркестер салыстыра пайдаланудың тиімді жақтары көп. Оларды пайдаланғанда құрамындағы жеке сөздерді емес, олардың мағыналарына мән берілуі керек. Сөздерді жеке-жеке үйренуге қарағанда, сөз тіркестерін немесе сөйлем ішінде қолданылуын үйренудің маңызы зор. Егер сөздің мағынасы білінбесе, оны есте сақтау да қиынға соғады. Көп жағдайда тұрақты тіркестердің ауыспалы мағынада қолданылуы тіл үйренушілерге қиындық туғызады. Сондықтан да ауыспалы қосымша мағыналарының ұғынылуы қажет. Оларды дұрыс түсіну үшін құрамындағы сөздер және олардың мағыналық байланыстары анықталу керек. Осындай қиыншылықтарды ана тілінде мағынасы жақсы білінетін, қолдана алатын сөз тіркестерін жаңа тілді үйренгенде пайдалана отырып жеңуге болады. Бұл әдіс тіл үйренушіге жаңа тілдегі бейнелі, образды сөз қолданыстарын жақсы түсінуге, тез есте сақтауға және контексте қолдана алуға мүмкіндік береді. Тұрақты тіркестерді үйренген адам ол тілді жақсы түсінеді, ойын нақты, ашық және шебер жеткізе алады. Сол тілде сөйлеген адамдармен жақсы қарым-қатынас құра алады. Тұрақты тіркестерді терең үйренбеген адам, үйренген тілін түсінуде қиналғаны секілді, ойын жеткізуде де шеберлікке жете алмайды. Мысалы: ағылшын тілінде «қол» сөзімен байланысты айтылатын «*To bite the hand that feeds you*» қазақша сөзбе-сөз аударсақ «*асырағанның қолын тістеу*» деген мағынаға келеді. Бұл тұрақты сөз тіркесі, дәл баламасы болмаса да, ұлы Абайдың «*күшік асырап, ит еттім ол балтырымды қанатты*» деген өлең жолдарын еске түсіреді. «*Балтырымды қанатты*» деген бейнелі сөз астарында «иттің тістеп қанатқанына» меңзеліп тұрған жоқ па? Асырап бағып, пана болған адамға деген опасыздық «бір жерін тістеу» арқылы зиян шектіруі бейнелі сөз тіркесімен беріліп тұр. Тілдегі осындай образды, бейнелі сөз қолданыстарындағы ұқсас немесе ортақ тұстарын салыстыру арқылы үйренуші тілдегі сөз қолданыстарын еске сақтауды жеңілдетуге болады. Мақаламызда «қол» тірек сөз арқылы жасалған түрік-қазақ және ағылшын тілдерін-

де ұқсас және ортақ мағынада қолданылатын сөз тіркестерін алып қарастырамыз. Мысалы: Түрікше «*el değiştirdi*», қазақша «*қолдан қолға өтті*», ағылшынша «*change hands*» бір заттың қолдануы немесе иесі болу жағдайының ауысуы мағынасында қолданылатын сөз тіркесі. Аталған тілдерде кездесетін осы үш сөз тіркесінің де мағыналық қолданысы ұқсас және сөз тіркестеріндегі сөз құрамы да «қол» сөзімен «ауысу» мағынасын беретін сөздерден жасалған. Сөз тіркестерінің сөздік құрамы да беретін мағынасы да ортақ. Қазақ тілінде «қолдан қолға өтті» деген тіркесті білетін тіл үйренуші, үйренген тіліндегі осы мағынада қолданылатын сөз тіркесін есте сақтауы оңай болады, әрі «қол» сөзі есте сақтауына түрткі болатын элемент қызметін атқарады. Ағылшынша «*try your hand at something*» бір нәрсені жасай алатынын сынап көру мағынасында «*қолыңды сынап көр*» сөз тіркесінің баламасы қазақ тілінде қолданылады. «*Бағыңды/күшіңді сынап көр*» варианттарының «*қолыңды сынап көр*» түрінде қолданылатын тұрақты сөз тіркесі көбінесе мағынасы біраз тарайып, шанс, аяқ астынан келетін жерлерде, мысалы құмар ойындарында қолданылады. Ағылшынша «*give a hand /lend a hand*» жәрдем беріп жібер мағынасында қолданылатын сөз тіркесінің қазақша «*қол ұшын беру*» деген баламасы бар. Ағылшынша «*wash your hands*» сөз тіркесіне, түрікше «*el çekmek*», қазақша «*қол ұзу*» сөз тіркестері балама бола алады. Ағылшынша «*have (got) your hands*» басқа іспен айналысып, қолы босамау мағынасында қолданылған сөз тіркесінің қазақша баламасы «қолы тимеу». Ағылшынша «*hands are tied*», түрікше «*eli bağlı*», қазақша «*қолы байлаулы*» мүмкіндігі шектеулі мағынасында қолданылатын сөз тіркестері. Ағылшынша «*Know like the back of your hand*», түрікше «*avucum gibi bilirim*», қазақша «*бес саусақтай/алақанымдағыдай білемін*» деген өте жақсы білетіндігін білдіретін ортақ мағынада қолданылған сөз тіркестері. Ағылшынша «*In good hands*» тұрақты тіркесі, түрікше «*güvenli eller*», қазақша «*сенімді қол*» түрінде ортақ мағына білдіретін сөз тіркестері. Ағылшынша «*get out of hand*», түрікше «*elden gitti*» бұл сөз тіркесінің де қазақшада қолданылуы «*қолдан шықты*» сөз тіркестері мүмкіндіктердің жоғалуы мағынасында қолданылады. Мысалдарды жалғастыра беруге болады. Қысқаша айтар болсақ, тілдегі ұқсас және ортақтықтар тіл үйренудің қызықты болуына және есте тез сақталуына мүмкіндік беретін құнды тілдік материалдар болып табылады.

Түрік және қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді салыстыра отырып үйретуде мынандай мәселелерге көңіл аудару керек. Тұрақты тіркесті қалыптастырған тірек сөздерге жақын мағынадағы синоним сөздер бірінің орнына бірі қолданылуы мүмкін. «*Қол*» сөзімен байланысты жасалған сөз тіркестерінде «*қол*» орнына кей жағдайда «*алақан*, «*бармақ*» сөздері бірінің орнына бірі қолданылған. Мысалы: Қазақшада «*қолында ойнату*» айтқанын, дегенін істету мағынасындағы түрікшедегі «*parmağında oynatmak*» (бармағында ойнату) түрінде кездеседі. Түрікше «*el üstünde tutmak*» (қол үстінде ұстау) қадірлеп, аялап ұстау мағынасын білдіретін сөз тіркесінің қазақша баламасы – «*алақанына салу*».

Кейбір сөз тіркестерінің сөз құрамы бірдей болса да, мағыналық жақтан бір-бірінің баламасы бола алмайды. Олар әртүрлі ауыспалы мағынада қолданылатындықтан тіл үйренуші бұларды қолданғанда шатастырып алмау үшін нақты мағыналары түсіндірілуі керек. Мысалы, түрікшеде «*kol kanat olmak (birine)*» (қол қанат болу) мағынасы біреуді қанатының астына алу, қолдау, қорғау мағынасында қолданылады. «*Çok yetenekli çocuk bu çocuşa kol kanat olmalı*» (Өте талантты бала, бұл балаға қолдау көрсетіп көмектесу керек). Қазақ тілінде «*қол қанат болу*» (Баласы өсті, қазір өзіне *қол қанат* болып отыр) «қолғанат» көмекші, «қолдың қанаты» деген екі сөзден жасалып, біріккен сөзге айналған, ата-анасына көмекші болу мағынасында қолданылады, яғни қолы – қанаты болу.

«*Kolı kanadı kırılmak*» сөз тіркесінің түрікшеде мағына шегі ұлғайған, жақыны және сонымен қатар материалдық жағдайын жоғалтуына байланысты мүмкіндігінің азаюына байланысты шарасыз жағдайға түсу деген мағыналары бар. Қазақ тіліндегі «*қанаты қайырылу*» бейнелі сөз тіркесі тек жақын адамынан айырылғанды білдіру үшін қолданылады.

Түрікшеде ұялғанына қарамастан сұрау мағынасында қолданылатын «*eli yüzünü basmak*» сөз тіркесіндегі «қол» сөзі қазақшада түсіп қалған «*бетін басу*» түрінде қолданылады. Мысалы: «*el altında olmak*» керек болып қалғанда қол жететін жерде дайын тұрсын деген мағынада қолданылатын сөз тіркесі қазақшада «*қол астында болу*» біреудің билігінде, тәуелді болу мағынасында қолданылады. Түрікше «*eli genişlemek*» (қолы кеңею) қолға ақша түсіп, материалдық мүмкіндігі жақсару мағынасында қолданылады, қазақшада «*қолы ұзару*» келін түсіріп, үй тіршілігіне көмекші келді мағынасында қолданылады. Туыстас



тілдер арасында ұқсас және ортақ тілдік материалдарды салыстырғанда олардың ерекшеліктері де анықталып, түсіндірілуі керек. Бұл сөз тіркестерінің мағыналарының нақты білінуіне және баламаларының шатастырылмауына көмектеседі. Мысалы: Түрік тілінде «*el altında*» сөзбе-сөз аударғанда «қол астында», «жақын, қол жететін жерде тұрсын» мағынасын білсе, қазақшада қолданылатын «қол астында» сөз тіркесімен сөздік құрамы бірдей болғанымен, мағыналық жағынан өзгеше «*біреудің билігі астында*» мағынасында қолданылады. Түрікшеде біреудің билігі астында болу мағынасында қолданылатын «*avucunun içine almak*», сөзбе-сөз аударғанда «алақанының ішіне алу» деген сөз тіркесі бар. Қазақ тілінде кішкентай де-

ген мағынаны «бармақтай» деп бейнелейтін болсақ, түрікшеде «*avucunun içi kadar*» сөзбе-сөз аударғанда «алақанының ішіндей» деген бейнелі тіркес қолданылады. Сонымен қатар, «*Parmak kadar (çocuk)*» сөзбе-сөз аудармасы *бармақтай бала*» деген бейнелі сөзде кішкентай бала мағынасында қолданылатын сөз тіркесі де бар. Бұл мысалдардан түрік және қазақ тілдерінде тұрақты сөз тіркестерін жасайтын «қол» тірек сөзінің орнына «бармақ», «алақан» сөздері арқылы да жасалуы мүмкін екен.

### Нәтиже мен талқы

«Қол» сөзімен байланысты тарапымыздан анықталған түрікше-қазақша ұқсас және ортақ тұрақты сөз тіркестеріне мысалдар:

| <i>Түрік тілінде<br/>сөз тіркестері және мағынасы</i>                     | <i>Қазақ тіліндегі баламасы, мысалдар</i>                                           |
|---------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| ele avuca sığmamak (сөз тыңдамау, айтқанға көнбеу, бір орында тұра алмау) | қолды-аяққа тұрмау<br>«Өте тынымсыз, қолды-аяққа тұрмайтын бала екен».              |
| el emeği (қолдан жасалған нәрсе)                                          | қол еңбегі<br>«Сарылып жасаған қол еңбегінің қадірінің білінуін қалайды»            |
| el çekmek (бұрын істеп жүрген жұмысын істемейтін болу)                    | қол ұзу<br>«Ол жұмыстан қол үзіп кеткелі көп уақыт болды»                           |
| el etmek (қолымен «кел» деп ишара жасау)                                  | қол бұлау<br>«Алыстан қол бұлдады».                                                 |
| el atmak (бір іске кірісу)                                                | қол сыбау<br>«Жастардың қол сыбап кіріскенін көріп риза болды»                      |
| el üstünde tutmak (қадірлеп ұстау)                                        | алақанына салу<br>«Оны кішкентайынан алақанына салып өсірген еді»                   |
| el yüzü kiri (өткінші)                                                    | аузына жетпеу<br>«Табысы аз, тапқаны аузына жетпейді»                               |
| elde avuçta bir şey kalmamak (ешнәрсе қалмау, таусылу)                    | қолда қалмау<br>«Бір нұсқасы да қолымызда қалмапты»                                 |
| elde etmek (бір нәрсеге ие болу)                                          | қол жеткізу<br>«Соңында ойлағанымызға қол жеткіздік»                                |
| Eli ayağı tutmak (күші, қуаты бар)                                        | қолы-аяғы бар<br>«Қол-аяғы бар ғой өзі істесін»                                     |
| elde olmak (өзінде бар болу)                                              | қолда бар<br>«Қолда бардың қадірі жоқ»                                              |
| elde olmamak (бір нәрсе істеуге мүмкіндігі болмау)                        | қолда болмау<br>«Қолда болмаған соң, осы да әркімге бір жалынасың»                  |
| elde tutmak (бір нәрсені өзінің жанында ұстау)                            | қолда ұстау<br>«Үй жануарларын өсіру малдарды қолда ұстау ережесіне сай болу керек» |
| elden çıkarmak (мүмкіндігі жоқ болу)                                      | қолдан кету<br>«Бір қолдан кеткен нәрсенің қайтып оралуы қиын-ақ»                   |
| elden ele dolaşmak (бір нәрсенің біреуден біреуге ауысуы)                 | қолдан-қолға өту<br>«Ол жер қолдан-қолға өтіп кеткен екен»                          |

|                                                                                          |                                                                           |
|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| elden gitti (мүмкіндіктің жоғалуы)                                                       | қолдан кетті<br>«Мүмкіндік қолдан кеткелі қашан»                          |
| ele almak (бір нәрсені істеуге кірісу)                                                   | қолға алу                                                                 |
| ele geçirmek (басқаға тән болған нәрсеге ие болу)                                        | қолға түсіру<br>«Қыранды қолға түсірудің бірнеше тәсілі бар»              |
| eli açık (жомарт)                                                                        | қолы ашық                                                                 |
| eli ağır (бір істі жақсы істей алмаған немесе ұрғанда қатты тиетін)                      | қолы қатты<br>«Медбикенің қолы қатты екен»                                |
| eli ağzına yetmemek (табысы аз, тұрмысы жұтан)                                           | Қолы аузына жетпеу<br>«Табысы мардымсыз, қолы аузына жетпей отыр»         |
| eli ayağı bağı (мүмкіндігі шектеулі болу)                                                | қол-аяғы байлаулы<br>«Сол жағдайдан кейін қол-аяғы байлаулы отырып қалды» |
| eli ayağı buz kesilmek (күтпеген хабар алғаннан болатын психологиялық жағдайды бейнелеу) | қолы-аяғы мұздай болу<br>«Хабарды естігенде қол-аяғы мұздай болып кетті»  |
| eli ayağı dolaşmak (күтпеген жағдайға көрсететін адамдағы өзгеріс)                       | қолы-аяғы қалтырау/дірілдеу<br>«Қорқыныштан қол-аяғы қалтырап кетті»      |
| eli ayağı düzgün (Орташа әдеміше келген)                                                 | қолы-аяғы балғадай.<br>«Қол-аяғы балғадай қызы отырған жоқ па?»           |
| eli ayağı tutmak (күш, қуаты бар)                                                        | қол-аяғы бар<br>«Қол-аяғы бар өзі әкелсін»                                |
| eli bol (жомарт)                                                                         | қолы мол<br>«Қолы мол екен, барлығын бір-ақ бере салды»                   |
| eli boş dönmek (ешнәрсе ала алмау қайту)                                                 | қолы бос қайту<br>«Сониша жерден барғанына қарамастан, қолы бос қайтты»   |
| eli boş olmak (айналысқан белгілі бір ісі болмау)                                        | қолы бос болу<br>«Осы кезде қолы бос жүрген»                              |
| El kaldırmak (өзінен үлкенді ұруға батылы жетіп, сес көрсету)                            | қол көтеру<br>«Өзінен үлкенге қол көтеруге дәті қалай барды десеңші»      |
| eli eline çabuk (бір істі жылдам істейтін)                                               | қолы жылдам<br>«Оның қолы жылдам, тапсырылған істі тез бітіреді»          |
| eli genişlemek (ақша келу арқылы жағдайы түзелу)                                         | қолы ұзару<br>«Келін түсіріп, қолы ұзарып қалғалы көп болған»             |
| eli hafif (бір істі жақсы істей алу)                                                     | қолы жеңіл<br>«Оның қолы жеңіл, ісі оңалып кетеді»                        |
| eli kolu bağı kalmak (мүмкіндігі шеттелу)                                                | қол-аяғы байлаулы<br>«Өзін қол-аяғы байлаулы сезінді»                     |
| eli sık (сараң)                                                                          | қолы тар<br>«Сараңнан сұрағаннан пайда жоқ, қолы тар ештеме бермейді»     |
| eli uzun (мүмкіндіктері көп)                                                             | қолы ұзын<br>«Қолы ұзын, ісіңді тез тындырып береді»                      |
| eli varmamak (бір істі істеуге батылы бармау)                                            | қолы бармау<br>«Олай істеуге қолы бармады»                                |
| eli yatkın (бір істі істей алатын)                                                       | қолы үйренген<br>«Қолы үйренген еш қиын емес»                             |
| eli yatmak (бір істі істеп үйренген)                                                     | қолы үйрену<br>«Істей берсе, қолы үйреніп кетеді»                         |

|                                                                            |                                                                                                     |
|----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| elinden bir şey gelmemek (ешнәрсе істей алмайтын)                          | қолынан ештеме келмеу<br>«Енді оның қолынан ештеме келмейді, болған жағдайды өзгерте алмайды»       |
| elinden geleni ardına koyma (не істеймін десең аянба деп сес көрсету)      | қолыңнан келгенін істе<br>«Қолыңнан келгенін істе, енді қайтеміз»                                   |
| eline ayağına düşmek (сарılmak) (кешірім сұрау)                            | аяғына жығылу<br>«Ат-шапан айыбын алып аяғына жығылып еді болмады»                                  |
| eline bakmak (біреуге материалдық жақтан тәуелді болу)                     | қолына қарау<br>«Әлі күнге қолына қарап отыр»                                                       |
| eline doğmak (біреудің тәрбиесінде болу)                                   | қолында өсу<br>«Кішкентайынан білемін, қолымда өсті»                                                |
| eline düşmek (тұтқын болу)                                                 | қолына түсті<br>«Жараланып, жау қолына түсті»                                                       |
| eline su dökemez kolına (бір адамның дәрежесіне жетпеу, онымен тең болмау) | қолына су құюға жарамайды<br>«Қанша тырысса да, оның қолына су құюға жарамайды»                     |
| elini kana bulamak (біреуді жаралау немесе өлтіру)                         | қолын қанға былғау<br>«Босқа қолын қана бояғысы келмеді»                                            |
| elini sıcak sudan soğuk suya sokmamak (жағдайы жақсы, рахат өмір сүру)     | қолын жылы суға малу<br>«Төрт құбыласы тең, қолын жылы суға малып отыр»                             |
| elini yüzüne almak (біреуден ұялу, имену)                                  | бетін басу<br>«Сұрап келуге бетін басып бармай отыр»                                                |
| eliyle koymuş gibi bulmak (бір нәрсені бірден, дереу тауып ала қою)        | қолмен қойғандай табу<br>«Тығып қойған жерінен қолмен қойғандай тауып ала қойды»                    |
| parmağı (eli) olmak (бір іске қатысы болу)                                 | бармағының ізі бар<br>«Бұл істе оның да бармағының ізі бар екені анық»                              |
| parmağında oynatmak (айтқанын істету)                                      | қолында ойнату<br>«Оларды қолында ойнатып отырғалы біраз болды»                                     |
| parmağını oynatmak (бір істі жасатып алу үшін біреумен заңсыз келісу)      | бармақ басты, көз қысты<br>«Бармақ басты, көз қыстымен жең ұшынан жалғасуды қоймағаниша дамымаймыз» |

## Қорытынды

Тіл үйренудің өзіне тән қиыншылықтары мен күрделіліктері бар. Бұл қиыншылықтарды жеңудің бір жолы ұтымды, тиімді тіл үйрету әдістерін таңдай білу. Осындай әдістердің бірі ретінде ана тілінің тілдік материалдарын тіл үйренуші жаңа үйренген тіліндегі сөздермен немесе сөз тіркестерімен салыстыра отырып үйренуді ұсынамыз. Тіл үйрену мерзімінде жаттауға қарағанда, сол тілдегі сөздерді түсіне отырып есте сақтау өте маңызды. Ана тілі немесе жақсы білетін тілде қолданылатын ұқсас және ортақ тілдік материалдарды пайдалану тіл үйренуде мәліметтердің жақсы есте сақталуына мүмкіндік туғызады,

тілдің сөз байлығын меңгеруді жылдамдатады. Үйренген тілді жоғары деңгейде меңгеруге, күрделі мәтіндерді түсінуге, ойын нақты, шебер және көркем түрде жеткізуге дағдыландырады.

Әр халықтың мәдени мұрасы, тілдегі сөздік қордың маңызды бөлігін құрайтын образды, бейнелі сөз тіркестері салыстыра отырып үйретуге оңтайлы тілдік материалдар болып табылады. Тек туыстас тілдер ғана емес, әр түрлі тілдік жүйеге жататын тілдік материалдардың да ортақ және ұқсас жақтарын салыстыра үйретудің көптеген тиімді жақтары бар. Тіл үйретуде салыстырмалы ұқсас немесе ортақ тілдік материалдарды дәрістерде мақсатқа жетудің тиімді әдіс-тәсілі ретінде кеңінен қолдануды ұсынамыз.

### Әдебиеттер

- Aksoy, Ömer Asım (1971), Atasözleri Ve Deyimler Sözlüğü, Ankara, Tdk Yayınları.  
Amanjолоv, Sarsen (1997), Voprosı Diyalektologii I Istorii Kazakhskogo Yazıka, Almatı.  
Ақсой Ө. А. Атасөзлері Ве Дейімлер Сөзлүгү-2. – Станбул: Инклуб Китапеви, 1989.  
Йүзбашыоғлу Н, ЙүзбашыоғлуМ., Дейімлер сөзлүгі. – Истанбул: Мейдан газетежилик, 1997.  
Kaydarov, Abduali (1970), “Osobennosti Stilističeskogo Upotrebleniya Sinonimnih I Varyantnih Frazeologizmov V Uygur-skom Yazıke”, Sovetskaya Turkologiya, № 2.  
Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003.  
Қазақша-орысша сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.  
Кеңесбаев, Исмет (1977) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы.  
Нұрманов, Арыстанбек (1998) Түркі фразеологиясы. – Алматы: «Ғылым» баспасы.  
Özdemir, Emin (1997), Açıklamalı-Örnekli Deyimler Sözlüğü, İstanbul, Remzi Kitabevi.  
Pakalin, M. Zeki. (1983), Osmanlı Tarih Deyimleri Ve Terimleri Sözlüğü, 1. Cilt. İstanbul, Millî Eğitim Basımevi.  
Püsküllüoğlu, Ali (1995), Türkçe Deyimler Sözlüğü, Ankara, Arkadaş Yayınları.  
Türk Atasözleri Ve Deyimleri, İstanbul, İnkılap Ve Aka Kitabevleri. Türkçe Sözlük (2005), Ankara, Tdk Yayınları.  
Hangirmen M. Deyimler Sözlüğü (1000 temel sözlük) Ankara6 Engin yayınevi, 1994.  
<https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/английский/>  
English Idioms & Proverbs at the English Language Cyber Center

### References

- Aksoy O.A. Atasozleri ve deyimler sozlugu-2, - İstanbul: Inkılab Kitapevi, 1989.  
Deyimler sozlugu / N.Iuzbashyoglu, M. Iuzbashyoglu, - İstanbul: Meydan Gazetecilik, 1997.  
Hangirmen M. Deyimler sozlugu (1000 temel deyim), -Ankara: Engin İayinevi, 1994.  
Turik atasozleri ve deyimleri 1,2, -İstanbul: Milli eğitim basınevi, 1971.  
Kazaksha orysshа sozdyk, - Almaty: Daiyk Press, 2008  
Kaydarov, Abduali (1970), “Osobennosti Stilističeskogo Upotrebleniya Sinonimnih I Varyantnih Frazeologizmov V Uygur-skom Yazıke”, Sovetskaya Turkologiya, № 2.  
Kaydar A. Tysyacha metkih I obraznyh vyrajenyi, - Astana: Bilge, 2003.  
Kazakh-Russian dictionary - Almaty : Dık- Press, 2008.  
Kenesbaev, Ismet (1977), Qazaq Tiliniñ Frazeologiyalıq Sözdigi, Almatı.  
Kenesbaev, Ismet, Qazaq Tiliniñ Tıyanaqtı Söз Taptarı, Almatı.  
Nurmahanov, Arıstanbek (1998), Türki Frazeologiyası, Almatı, Ğılım Baspası.  
Özdemir, Emin (1997), Açıklamalı-Örnekli Deyimler Sözlüğü, İstanbul, Remzi Kitabevi.  
Pakalin, M. Zeki. (1983), Osmanlı Tarih Deyimleri Ve Terimleri Sözlüğü, 1. Cilt. İstanbul, Millî Eğitim Basımevi.  
Püsküllüoğlu, Ali (1995), Türkçe Deyimler Sözlüğü, Ankara, Arkadaş Yayınları.  
Türk Atasözleri Ve Deyimleri, İstanbul, İnkılap Ve Aka Kitabevleri. Türkçe Sözlük (2005), Ankara, Tdk Yayınları.  
<https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/английский/>



**Мухамедсадыкова А.Ж.**

Ph.D докторанты, Сямынь Университеті, ҚХР, Сямынь қ.,  
e-mail: 860258344@qq.com

## **ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ТУЫСТЫҚ АТАУ СӨЗДЕРІНІҢ СӨЗЖАСАМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл мақаланың мақсаты – қытай және қазақ тілдерінің туыстық атау сөздерінің сөзжасам жүйесін сипаттап, олардың ерекшеліктерін мен ұқсастықтарын айқындау.

Зерттеу әдіснамасы – ғылыми зерттеу барысында, тіл білімінің, оның ішінде салыстырмалы тіл білімінің негізгі принциптері: сипаттамалық және салыстырмалы әдістер негізге алынды. Сонымен қатар, құрылымдық әдіс те қолданылды.

Мақаланың өзектілігі – қытай және қазақ тілдерінің туыстық атау сөздерінің синтетикалық және аналитикалық сөзжасам жүйесі, олардың ерекшеліктері.

Бұл мақалада қытай және қазақ тілдерінің туыстық қарым-қатынасты білдіретін, рухани лексиканың бір тобына жататын туыстық атаулар сөздерінің сөзжасамы зерттеледі. Жалпы туысқандық қатынастар жүйесі қандай да болмасын халықтың рухани, мәдени өмір сүру салтымен тікелей байланысты қалыптасып, құндылықтар жүйесін құрайды. Туыстық атаулардың зерттелуі осыдан бір ғасыр бұрын басталып, әр түрлі тілдер мен халықтардың тарихи-этнографиялық еңбектердің объектісі болып отыр. Туыстық атаулардың сан ғасырлық тарихы, жүйелі құрылымы, мәдениетаралық коммуникация үшін аса маңызды ерекшелігі бар. Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде туыстық атауларға ең бай тіл ретінде аталса, қытай тілі дүниежүзіндегі тілдер ішінде туыстық атауларға бай тіл ретінде қарастырылады. Сол себептен де, ұсынылып отырған ғылыми мақала қытай және қазақ тілдерінің туыстық атау сөздерін лингвистикалық тұрғыдан, оның ішінде тіл білімінің салыстырмалы әдісін пайдалана отырып, сөзжасам ерекшеліктерін зерттейді. Қытай және қазақ тілдерінің туыстық атауларының сөзжасам ерекшелігі бұрын-соңды зерттелмеген тақырып болғандықтан, қытайтану саласында өзіндік орнын табатын өзекті мәселенің бірі болып табылады.

**Түйін сөздер:** қытай тілі, қазақ тілі, туысты атау, сөзжасам, салыстырмалы зерттеу.

Mukhamedsadykova A.Z.

Ph.D. student of Xiamen University, China, Xiamen, e-mail: 860258344@qq.com

### **Peculiarities of Word Formation of Kinship Terminology in the Chinese and Kazakh Languages**

The purpose of this article is to describe and identify the peculiarities of word formation of kinship terms in the Chinese and Kazakh languages.

Research methodology – this scientific study used the basic methods of comparative linguistics, including descriptive, apostolically, as well as structural method.

The relevance of the article is the system of word formation of terms of kinship in the Chinese and Kazakh languages, similarities and differences of this system.

This article is devoted to the peculiarities of word formation of kinship terms in the Chinese and Kazakh languages. Kinship is a social concept, moreover, a historical-ethnic one, since its development is conditioned not only by universal laws, but also by the way of life, culture, and morality of this or that ethno-collective. But the terms of kinship – these are the words that denote the family relationships between people. They are not only part of the vocabulary of the language, but also the spiritual vocabulary of each language. After all, regardless of the difference between languages and a nation, family ties were always the property of society. Kinship terms are distinguished by their rich history, systemic structure, and also an indispensable role in intercultural communication. Among the Turkic languages, the Kazakh language is considered one of the richest in terms of the number of kinship terms. Chinese is one of the

richest languages in the world in terms of kinship terms. This scientific article by the method of concurrent analysis studies the peculiarities of the word formation of kinship terms in the Chinese and Kazakh languages. Previously, the formation of kinship terms in these languages has not been studied, which in turn indicates the relevance of this topic in the field of Sinology.

**Key words:** Chinese language, Kazakh language, Kinship terms, Word formation, Contrasting analysis.

Мұхамедсадыкова А.Ж.

PhD докторант, Сямыньский Университет, Китай, г. Сямынь,  
e-mail: 860258344@qq.com

### Особенности словообразования терминов родства в китайском и казахском языках

Целью данной статьи является описание, а также выявление особенностей словообразования терминов родства в китайском и казахском языках.

Методология исследования – в данном научном исследовании использовались основные методы сравнительного языкознания, в том числе описательный, сопоставительный, а также структурный методы.

Актуальность статьи – система словообразования терминов родства в китайском и казахском языках, сходства и различия данной системы.

Данная статья посвящена особенностям словообразования терминов родства в китайском и казахском языках. Родство – это понятие социальное, более того, историко-этническое, так как его развитие обусловлено не только всеобщими закономерностями, но и бытом, культурой, моралью того или иного этноколлектива. А вот термины родства – это такие слова, которые обозначают родственные отношения между людьми. Они являются не только частью словарного состава языка, а также духовной лексикой каждого языка. Ведь независимо от разности языков и нации семейные узы были всегда достоянием общества. Термины родства отличаются своей богатой историей, системным строением, а также незаменимой ролью в межкультурной коммуникации. Среди тюркских языков казахский язык считается одним из самых богатых по количеству терминов родства. Китайский язык является одним из самых богатых языков мира по количеству терминов родства. Данная научная статья методом сопоставительного анализа изучает особенности словообразования терминов родства в китайском и казахском языках. Ранее словообразование терминов родства в данных языках не было изучено, что в свою очередь говорит об актуальности данной темы в сфере китаеведения.

**Ключевые слова:** китайский язык, казахский язык, термины родства, словообразование, сопоставительный анализ.

### Кіріспе

Кез келген халықтың өзіндік, қайталанбайтын, ұлттық ерекшеліктерін, өзіне тән өзгешеліктерін құрайтын әдет-ғұрып лексикасы бар. Туыстық атаулар дәл осы ерекше сөздер қатарына кіреді. Себебі бұл сөздердің қалыптасуы мен дамуы бергілі-бір этностың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен тығыз байланысты. Яғни әр халықтың туыстық атауларын зерттеу арқылы көптеген тарихи-этнографиялық сұрақтарға жауап алуға болады. Ал енді бірнеше тілдің туыстық атауларын салыстыра зерттеу нәтижесінде, сол тілде сөйлейтін халықтардың тілі мен мәдениетінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға болады. Қалай болғанда да қытай және қазақ халқы сонау ерте заманнан бері келе жатқан көршілес халықтар. Екі ел арасындағы қарым-қатынас тек қана экономикалық салаға шектеліп қойған жоқ, тіл мен әдебиет, мәдениетке де әсерін тигізді.

Қытай тілінің туыстық атаулар жүйесі дүниежүзіндегі тілдердің ішінде ең күрделі жүйенің бірі болып табылады. Сонау ерте заманнан бері қалыптасқан бұл жүйе уақыт өте өзгерістерге ұшыраса да, өз ерекшеліктерін жойған жоқ.

Қазақ тілінің туыстық атаулары түркі тілдес тілдердің ішінде ең байы болып есептеледі. (Диуанова Р.К. 2010: 3) Аталған тілдердің туыстық жүйесін жеке дара, тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеген еңбектердің саны өте көп. Алайда қытай және қазақ тілінің туыстық атауларын, әсіресе олардың сөзжасамын ерекшеліктерін салыстыра зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Сөзжасам дегеніміз – кез келген тілдегі жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін тіл білімінің саласы. (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. 1989). Яғни қытай және қазақ тілінің туыстық атауларының сөзжасамын зерттеу арқылы, біз бұл ұғымдардың жасалуы, қалыптасуы, жасалу сипаты мен әдіс-тәсілдерін,

ішкі құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Ал бұл зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін арттыра түсетіні сөзсіз.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысына қатысты негізгі материалдар бұл қытай және қазақ тілдерінің сөздіктері. Қытай тіліне қатысты сөздіктер:

王火、王学元的《汉语称谓词典》(辽宁大学出版社, 1988年)、

鲍海涛、王安节的《亲属称呼词典》(吉林教育出版社, 1988年)、

陆瑛的《简明称谓辞典》(广西民族出版社, 1989年)、

《现代汉语词典》第七版, (商务印书馆) 2016年。

Қазақ тіліне қатысты сөздіктер:

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986 ж.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008 ж.

Ғылыми жұмысты жазуда отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Әсіресе қытай тілінің сөзжасамын зерттеу барысында冯汉骥мырзаның 1989 жылы жарық көрген《中国亲属称谓指南》еңбегіне жүгінуге тура келді. Себебі бұл еңбек туыстық атаулардың сөзжасамын алғашқы болып, жік-жігімен зерттеуді ұсынды, сонымен қатар әлі күнге дейін қытайтанушы ғалымдардың назарында. Қазақ тілінің туыстық атауларына қатысты мәліметтерді М. Сарыбаева «Система обозначения родства в английском, русском и казахском языках», Л. Жолдасбек «Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар», Р. Диуанова «Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері» еңбектеріне сүйенуге тура келді. Алайда бұл ғылыми еңбектер қазақ тілінің туыстық атауларының нақты сөзжасам мәселесін қысқаша ғана шолу ретінде тоқталған. Сол себептен де автор жалпы қазақ тілінің сөзжасам ережелеріне сүйене отырып, қазақ тілінің туыстық атауларының сөзжасам ерекшеліктерін айқындады.

Ғылыми-зерттеудегі жалпы тіл білімінің сипаттамалық және салғастырмалық әдістерін пайдаланды. Яғни қытай және қазақ тілдерінің туыстық атауларының сөзжасамына толықтай сипаттама беріліп, олардың жасалу жолдары

көрсетілді. Осының нәтижесінде тілдердің сөзжасамына салыстыру жасалды.

### Талқылаулар мен нәтижелер

Қытай тіліндегі туыстық атау терминдерінің сөзжасам ерекшеліктері

Қытай тілінің туыстық атау жүйесі өте толық, сан алуан, дүниежүзіндегі тілдер арасында туыстық атау жүйесі ең күрделі жүйенің бірі болып табылады.冯汉骥мырза өзінің《中国亲属称谓指南》атты еңбегінде, қытай тілінің туыстық атау терминдерінің сөзжасамының төрт түрін ажыратты. Олар: 核心亲属称谓 (түбір сөздер), 基本修饰语 (айшықтау тәсілі), 重叠 (қайталама тәсілі), 附加词 (қосымша жалғау тәсілі). (冯汉骥. 1989). Әрбір тәсілге жеке тоқталып кетуді жөн көріп отырмыз.

Түбір сөзден жасалған туыстық атаулар

Түбір сөзден жасалған туыстық атаулардың түбірі туыстық қатынасты білдіретін негізгі морфемадан тұрады. Бұл морфемалар жеке дара сөз болып, негізгі бір немесе бірнеше мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы: “姑父”、“姨夫”、“舅父”、“舅妈”、“孙子”、“孙女” және т.б.

冯汉骥мырза《中国亲属称谓语指南》еңбегінде негізгі морфемадан құралған 23 сөзді атаса, кейіннен阮氏翠幸 өзінің《汉、越语亲属称谓语对比研究》атты докторлық диссертациясында “婶”морфемасын жалғап, барлығы 24 сөз: 祖、岳、夫、伯、母、姑、叔、姨、婶、舅、兄、弟、姐、妹、夫、妻、嫂、媳、女、子、婿、侄、甥、孙. Оның ішінде祖、夫、伯、叔、舅、兄、弟、夫、子、婿、侄、甥、孙 13 сөз ер жынысына қатысты болса, 母、姑、姨、婶、姐、妹、妻、嫂、媳、女 10 сөз әйел жынысын білдірсе, 岳 сөзі ер және әйел жынысына қатысты қолданылады. Аталған сөздердің туыстық қатынастық түріне қарай ажырататын болсақ, 7-уі – некелік қатынасты білдіріп (岳、夫、妻、婿、婶、嫂、媳), 14 сөз қандық туыстық қатынасты білдіреді. Сонымен қатар, 9 сөз тікелей қандас туыстықты білдірсе, 15 сөз жанама және некелік қатынасты білдіреді (阮氏翠幸. 2016: 50). Қытай тілінің туыстық атауларын білдіретін негізгі түбір морфемалар Қытайдың патриархалдық жүйесін, ұл баланы қадірлеп, қыз баланы кемсіту идеологиясымен қатар, туыстықтың алыс және жақын түрін ажыратады. Аталған ерекшеліктерді төменде көрсетілген 1-кестеде байқауға болады.

1-кесте. Қытай тілінің туыстық атауларын білдіретін негізгі түбір морфемалар

|    | Мор-<br>фема | Түсіндірмесі                                         | Жынысы |      | Өз<br>жұрт | Нағашы | Некелік | Туыстық түрі |      |
|----|--------------|------------------------------------------------------|--------|------|------------|--------|---------|--------------|------|
|    |              |                                                      | Ер     | Әйел |            |        |         | Жақын        | Алыс |
| 1  | 祖            | Әкенің әкесі                                         | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 2  | 岳            | Әйеліңнің әке-шешесі                                 | +      |      | -          | -      | +       | -            | +    |
| 3  | 父            | Өз әкең                                              | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 4  | 伯            | Әкеңнің туған ағасы                                  | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 5  | 母            | Өз анаң                                              | -      | +    | -          | +      | -       | -            | +    |
| 6  | 姑            | Әкеңнің туған апай,<br>қарындастары                  | -      | +    | +          | -      | -       | -            | +    |
| 7  | 叔            | Әкеңнің туған інісі                                  | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 8  | 姨            | Анаңның туған апай, сіңлілері                        | -      | +    | -          | +      | -       | -            | +    |
| 9  | 婶            | Әкеңнің туған інісінің әйелі                         | -      | +    | -          | -      | +       | -            | +    |
| 10 | 舅            | Анаңның туған аға, інілері                           | +      | -    | -          | +      | -       | -            | +    |
| 11 | 兄            | Аға, бір буын                                        | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 12 | 弟            | Іні, ініңмен құрдас ер адам                          | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 13 | 姐            | Апай, апайыңмен құрдас әйел<br>адам                  | -      | +    | +          | -      | -       | -            | +    |
| 14 | 妹            | Қарындас, сіңлі                                      | -      | +    | +          | -      | -       | -            | +    |
| 15 | 夫            | Әйел адамның жұбайы                                  | +      | -    | -          | -      | +       | -            | +    |
| 16 | 妻            | Ер адамның жұбайы                                    | -      | +    | -          | -      | +       | -            | +    |
| 17 | 嫂            | Ағаңның әйелі                                        | -      | +    | -          | -      | +       | -            | +    |
| 18 | 媳            | Ұлыңның жұбайы                                       | -      | +    | -          | -      | +       | -            | +    |
| 19 | 女            | Қызың, кіші буын                                     | -      | +    | +          | -      | -       | -            | +    |
| 20 | 子            | Ұлың, кіші буын                                      | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 21 | 婿            | Қызың, қарындасың, кіші<br>буын әйелдердің күйеулері | +      | -    | -          | -      | +       | -            | +    |
| 22 | 侄            | Аға, інілеріңнің ұлы                                 | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |
| 23 | 甥            | Апай, қарындастарыңның ұлы                           | +      | -    | +          | -      | -       | -            | -    |
| 24 | 孙            | Ұлыңның ұлы                                          | +      | -    | +          | -      | -       | +            | -    |

Айшықтау тәсілі арқылы жасалған туыстық атаулар

Қытай тіліндегі айшықтау тәсілі арқылы жасалған туыстық атаулардың көбі ұрпақ дәрежесін, туыстықтың тура не жанама түрі екенін айқындау үшін қолданылады. Қытай тіліндегі айшықтау тәсілінің бөлшектері жеке дара сөз болып қолданылмайды. Олар тек негізгі түбір мор-

фемаға жалғанып, оның мағынасын айшықтай түседі. Мұндай айшықтау сөздердің саны, 冯汉骥мырза 10 деп көрсетсе, кейіннен 阮氏翠幸 докторлық диссертациясында жаңа “亲” сөзін қосып, барлығы 11 айшықтау сөз болады (阮氏翠幸. 2016: 52). Бұл пікірмен көптеген ғалымдар келіседі. Сол себептен де, төмендегі 2-кестеде осы 11 сөзге түсіндірме береді.



**2-кесте.** Қытай тілінің туыстық атаулардың айшықтау тәсілі арқылы жасалуы

|    | Айшықтау | Жеке қолданылуы | Түсіндірмесі                                                                                                                                                               | Мысалы                    |
|----|----------|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|
| 1  | 高        | -               | Жоғарғы төртінші ұрпақты білдіретін сөз                                                                                                                                    | 高祖父、高祖母等                  |
| 2  | 曾        | -               | Жоғарғы және төменгі үшінші ұрпақты білдіретін сөз                                                                                                                         | 曾祖父、曾孙等                   |
| 3  | 玄        | -               | Төменгі төртінші ұрпақты білдіретін сөз                                                                                                                                    | 玄孙、玄孙女等                   |
| 4  | 亲        | -               | Бір әке-шешеден туған немесе әртүрлі әке-шешеден туылған болса да, олардың жұбайларымен тура қандас туыстықты көрсету мақсатында қолданылатын сөз                          | 亲爸、亲妈、亲兄、亲姐妹、亲伯母、亲嫂子、亲婶子等 |
| 5  | 堂        | -               | Екінші жанама туыстықты білдіретін сөз                                                                                                                                     | 堂叔、堂兄等                    |
| 6  | 表        | -               | Әке-шешенің апайы мен қарындас, сіңділерінің балалары арасындағы қатынасты білдіретін сөз                                                                                  | 表姑母、表姨夫、表哥、表姐、表妹、表弟等      |
| 7  | 族        | -               | Төртінші дәрежелі жанама туыстықпен өте алыс туыстық қатынасты білдіретін сөз                                                                                              | 族姐、族孙族侄等                  |
| 8  | 内        | -               | Әйеліңнің аға-інілері және кейінгі ұрпақтың бала-шағасын білдіретін сөз                                                                                                    | 内兄、内子等                    |
| 9  | 外        | -               | Анаңның әке-шешесі мен қызыңның бала-шағасын білдіретін сөз                                                                                                                | 外祖父、外孙女等                  |
| 10 | 从        | -               | “堂”сөзімен сәйкес қолданылады. “堂”сөзі кейіннен қолданысқа енгізілген. Алайда “从”сөзінің қолданылу аясы шектеулі. Екі сөзді бір-бірінің орнына алмастырып қолдануға болады | 从叔、从兄、从弟等                 |
| 11 | 再从       | -               | Үшінші жанама туыстықты білдіретін сөз                                                                                                                                     | 再从伯父、再从叔父、再从姑母托           |

Қайталама тәсілі арқылы жасалған туыстық атаулар

Қытай тіліндегі туыстық атаулар жүйесінде қайталама тәсілі өте кең таралған. Мысалы: “爷爷”、“奶奶”、“姥姥”、“爸爸”、“妈妈”、“姑姑”、“叔叔”、“哥哥”、“姐姐”、“弟弟” және т.б. Қытай тіліндегі қайталама тәсілі басқа тілдердегі қайталама тәсілдермен ұқсамайды. Сонымен қатар, қытай тіліндегі қайталама тәсілінің бір келкі грамматикалық мағынасы жоқ болғанымен, эмоционалдық тұрғыдан беретін әсері мол. Туыстық атаулар жүйесінде осы тәсілді қолданылуының 6 түрлі факторы бар. Олар: ұрпақтардың дәрежесі, жас ерекшелігі, туыстықтың тікелей не жанамалығы, туыстың жұбайының жынысы, тікелей емес туыстың ер не әйел екені және басқа да ерекше жағдайлардың болуы (冯汉骥. 1989). Осы факторларға сүйене отырып, қайталама тәсілін үш топқа бөлуге болады.

Біріншісі, тек қана қайталану арқылы жасалатын, мысалы: “爷爷”、“奶奶”、“姥姥”、“公公”、“婆婆”、“伯伯” және т.б.

Екіншісі, қайталанбайтын түрі, мысалы: “伯母”、“姑父”、“姨夫”、“姨妈”、“儿子”、“女儿”、“侄子”、“侄女”、“孙子”、“孙女”、“外孙”、“外甥” және т.б.

Үшіншісі, қайталанып та, жеке тұрып та келетін, мысалы: “爸爸”、“妈妈”、“叔叔”、“婶婶”、“姑姑”、“舅舅”、“哥哥”、“姐姐”、“妹妹”、“弟弟” және т.б.

Қытай тілінің қайталама тәсілін қазақ тіліне қосарлама тәсілі деп аударып жүр. Алайда толығырақ зерттеп қарасақ, екеуі бір-бірімен сәйкестендіруге келмейді. Себебі қытай тілінің қайталама тәсілі осы тілдің ерекшелігі болып табылады.

### Қосымшалар жалғау тәсілі

Қытай тіліндегі туыстық атаулардың қосымшалар жалғану арқылы жасалған түрлері, негізгі түбір морфемаға префикс, суффикс, қосымша жалғау арқылы жасалады. Туыстық атаулар осы тәсілдің екі түрімен жасалады. Біріншісі: Префикс+Түбір; Екіншісі: Түбір+Суффикс жалғану (阮氏翠幸. 2016: 50).

**1) Префикс+Түбір.** Қытай халқы негізінен өте қарапайым әрі тұйық мінезді болып келеді. Күнделікті өмірде қарым-қатынас жасау барысында міндетті түрде сыпайылық, құрметтеу формаларын жиі пайдаланады. Туыстық атауларын пайдалану барысында да, сөй-

леуші өзіне қатысты атауларды кішірейтіп, тыңдаушыға қатысты туыстық атауларды үлкен құрметпен, сыйластықпен атайды. Бұған үлкен септігін қосымшалар тигізеді. Мысалы, құрметтеу формасында 3-кестеде көрсетілген префикстер жалғанады.

**3-кесте** – Құрметтеу мақсатында қолданылатын префикстер

|   | Қосымша | Түсіндірме             | Қолданылу аясы                                                        | Мысалы    |
|---|---------|------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-----------|
| 1 | 令       | Ардақты                | Кез келген қаратпа сөздің алдында                                     | 令尊、令爱、令兄等 |
| 2 | 尊       | Құрметті               | Тыңдаушының дәрежесі үлкен, аға буын адамдарды туыстарын атау кезінде | 尊翁、尊兄等    |
| 3 | 贤       | Аса өнегелі, мәртебелі | Тыңдаушының туысының аға буын болған жағдайды                         | 贤叔、贤兄等    |
|   |         |                        | Тыңдаушының туысының кіші буын болған жағдайда                        | 贤弟、贤妹、贤孙等 |

Кестеде келтірілген “令、尊、贤” сөздерінің қолданылу аясы әр түрлі, алайда бұл сөздердің қолданысында құрметтеу мағынасы бәріне ортақ.

**4-кесте** – Кішіпейілділік көрсету мақсатында қолданылатын префикстер

|   | Қосымша | Түсіндірме | Қолданылу аясы                                                                        | Мысалы          |
|---|---------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
| 1 | 家       |            | Сөйлеуші өзінен жасы үлкен туысын атаған кезде                                        | 家父、家母、家兄、家弟等    |
| 2 | 舍       |            | Сөйлеуші өзінен жасы кіші туысын атаған кезде                                         | 舍弟、舍孙、舍侄、舍甥等    |
| 3 | 老       |            | Өзінің әке-шешесімен жасты туыстарын немесе өзімен замандас адамдарды атаған кезде    | 老妈、老爸、老哥、老弟等    |
| 4 | 小       | Кішірею    | Өзінің кіші буын туыстарың, соның ішінде туған балаларың мен немерелерін атаған кезде | 小女、小儿、小弟、小妹、小侄等 |

Жоғарғы кестедегі “舍” префиксі көп жағдайларда бірінші дәрежелі жанама туыстықты атаған уақытта қолданылып, тікелей туыстықты атауда қолданылмайды. Сонымен қатар, “舍” префиксі “小” префиксімен алмастырып қолданыла береді. Ал “老” префиксіне келер болсақ, бұл префикс қытай тілінде өте ерекше,

кең тараған префикстің бірі болып саналады. Бұл префикс жоғарғы ұрпақ және кіші буын туыстарын атауда қолданылмай, тек әке-шешенің мен замандас туыстардың арасын сөйлеу барысында жақындата түсу мақсатында кең қолданылады. Мысалы: “老姨、老舅” және т.б.

**5-кесте** – Сөйлеуші адам өзін атаған кезде қолданылатын префикстер

|   | Қосымша | Түсіндірме | Қолданылу аясы       | Мысалы |
|---|---------|------------|----------------------|--------|
| 1 | 愚       | Ақымақ     | Өз өзін атаған кезде | 愚兄、愚弟等 |
| 2 | 小       | Қарапайым  | Өз өзін атаған кезде | 小弟、小妹等 |

**2) Түбір+Суффикс.** Бұл түрде жасалған туыстық атаулар қытай тілінде өте көп, әрі бұл форма кеңінен тараған. Мысал ретінде жиі жалғанатын “子”суффиксінің өзі көптеген туыстық атаулардың жасалуына себепші. Мысалы: “嫂子”、“妻子”、“孩子”、“儿子”、“孙子” және т.б.

Қазақ тілінің туыстық атау терминдерінің сөзжасам ерекшелігі

Қазіргі заман қазақ тілінің сөзжасам жүйесі ұзақ уақыт дамудың нәтижесінде қалыптасқан. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілдерінен бастау алып, содан бірі дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшелене келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен (Салқынбай А. 2003).

Қай тілде болмасын сөзжасам ертеден келе жатқан тілдік құбылысқа жатады. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі бұл мәселеге толық куә бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Егер осы жазба ескерткіштерге толығырақ тоқталсақ, көне түркі тілінде сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық және семантикалық тәсілдері болғанына көзіміз жетеді. Алайда нақты туыстық атау терминдерге тоқталар болсақ, қазақ тілінің туыстық атаулары синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалады (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. 1989). Аталған тәсілдерге тоқталмас бұрын, қазақ тіліндегі негізгі түбір туыстық атауларды атап кетуді жөн көріп отырымыз.

### Негізгі түбір туыстық атаулар

Қазақ тілінде негізгі түбір туыстық атауды білдіретін 30 сөз бар. Бұл сөздерді автор 2008 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» теріп алған. Мысалы: Баба, ата, әке, аға, іні, бауыр, ұл, құда, бай, бажа, әже, еже, шеше, ана, мама, ене, апа, сіңлі, тәте, әйел, қыз, баба, ата, әже, еже, әке, аға, іні, бауыр, апа, сіңлі, қыз, бала, ұл, немере, немене, темене. Ішіндегі 10 сөз ер жынысын (Баба曾祖父, ата祖父, әке父亲, аға兄长, іні弟弟, бауыр弟弟, ұл儿子, құда亲家公, бай丈夫, бажа“连襟”关系的姐、妹夫), 11сөз әйел жынысын (еже曾祖母, әже祖母, апа外祖母, шеше母亲, ана母亲, мама母亲, ене婆婆, тәте姨妈, әйел妻子, сіңлі妹妹, қыз女儿) және 9 сөз ортақ (жар伴侣, жұп夫妻, бала孩子, нағашы外亲, бөле表兄弟姊妹, жиен外孙, немере孙子, немене远孙, темене远孙) қолданыста.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туыстық атау терминдері

Туыстық атаулар негізінен зат есімдер қатарына жатады. Яғни жасалуы да зат есімдердің сөзжасамымен сәйкес келеді. Ал зат есім – сөзжасамы өте күрделі сөз табы. Зат есім сөзжасамдық жұрнақтарға өте бай, олардың мағынасы мен құрамында да үлкен ерекшелік бар. Зат есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуына сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалуы жатады. Қазақ тілінің туыстық атаулары төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Түбір сөзге –й жұрнағын жалғау арқылы жастар үлкендермен қарым-қатынаста халық дәстүріне сай этиканы сақтап, сыпайы сөйлеу мәнерін таныта алады (Диуанова.Р. 2010: 99). Мысалы: атай (祖父), бабай (曾祖父), әжей (祖母), әкей (父亲), шешей (母亲), ағай (伯伯), апай (姑姑), жездей (姐夫), жеңгей (嫂子), тәтей (姨妈). Сонымен қатар, –й жұрнағын жалғап, айтылған туыстық атаулар жақсы көріп сағыну, қадірлеп құрмет тұту, өтініп жалбарыну, жақын тартып еркелеп, мәпелеу үстемеленеді.

–жан, –тай, –ш, –еке аффиксті сөздердің мағынасы өзгерте, бояуын қоюлата, эмоционалды-экспрессивтік мәнін қосарлауға негізделген қолданыс. Мысалы: Атажан, Апажан, Әкежан, Ағажан, Анажан, Еркежан, Келінжан, көкежан, құдажан, тәтежан, ағатай, әжетай, енетай, әкетай, жеңгетай, шешетай, енеке, атеке, ағеке және т.б.

–шар аффиксі туыстық атаулардың шешесі жағынан төменгі үшінші ұрпақты атау мақсатында көп кездеседі. Мысалы: жиеншар, дегеншар, көгеншар, көбеншар, туашар.

–лас, –лес, –дас, –дес, –тас, –тес аффикстері көбіне туыс бірлігін білдіретін туынды сөз жасайды. Мысалы: ағайындас, аналас, шешелес, әкелес, бауырлас, елдес, жатырлас, жұбайлас, қандас, рулас, немерелес, сүйектес, шөберелес, төркіндес, туыстас және т.б.

–қай, –ғай//–ғый, –ғи жалпы түркілік зат есімдер тудыратын жұрнақтар. Мысалы: құдағай, құдағи сөздерін жатқызсақ болады.

–ша, –ше жұрнақтары туынды сөзді кішірейту, еркелету мақсатында қолданылады. Мысалы: әпше, жеңеше, құдаша және т.б.

–ын, –ін жұрнақтары тарихи формант болып табылады. Бұл тұлға қазіргі көптеген түркі тілдерінде негіздің ажырамас бөлігі ретінде қабылданады. Мысалы: абысын, қайын, қатын, төркін және т.б.

–дық, –тық, –тік, –лық жұрнақтары туыстықтың алыс не жақын дәрежесін айқындап көрсе-

теді. Мысалы: жақындық, қандастық, руластық, туыстық, ағалық, тамырластық және т.б.

С. Бизақовтың айтуы бойынша, қазақ тілінің туыстық атаулардың қосымша жалғану арқылы сөз тудыру тәсілдері туралы тоқтала отырып, бұл сөздердің сыр-сипатын толық ашу тілдің грамматикалық, лексикалық құрылымын, дыбыстық жүйесін халқымыздың дүние танымымен, салт-санасымен, психологиялық тәрбиелік ерекшеліктерімен тығыз байланыстырады (Бизақов С. 1990: 12-17).

### 3. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туыстық атау терминдері

Қазақ тілінің сөзжасау тәсілінің кең қолданылатын бір түрі – аналитикалық тәсіл. Аналитикалық тәсіл – түбір сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі. Бұл тәсіл арқылы жасалған сөздер негізінен күрделі сөз болып табылады. Қазақ тілінің туыстық атаулары, жоғарыда айтылып кеткендей бірігіп, қосарланып және тіркесіп жасалады (<http://kzref.org/azirgi-aza-tilini-morfologiyasi.html>).

**Сөз тіркестері.** Сөз тіркесі деп толық мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысуын айтамыз. Қазақ тіліндегі тіркесіп жасалған туыстық атауларды бірнеше топқа бөліп қарастырдық.

1. Жоғарғы ұрпақты көрсету мақсатында “Үлкен”, “Арғы”, “Ұлы” сөздерімен тіркесу арқылы пайда болған сөздерді атап кетсек болады. Олар: Арғы ата (高祖父), ұлы ата (祖父), ұлы баба (祖父), ұлы әже (祖母), Үлкен ата (曾祖父), үлкен әже (曾祖母), үлкен апа (曾祖母) және т.б.

2. Қазақ тілінде қытай тілі сияқты шешесі жағынан туыстарды айқындау мақсатында “Нағашы”, яғни “外”сөзі жалғанып тіркес сөздерді тудырады. Мысалы: нағашы ата (外祖父), нағашы әже (外祖母), нағашы апа (外祖母), нағашы аға (大舅), нағашы іні (小舅), нағашы қарындас (表妹), нағашы жұрт (外亲), нағашы шеше (外祖母) және т.б.

3. Қазақ тілінде баланың нағашы жұртымен туыстық қарым-қатынасын білдіретін, сонымен қатар, қыздан туған баланы қыздың төркіні және рулас адамдары, яғни нағашылары “Жиен” деп атайды. Осы сөзбен тіркесіп те, қазақ тілінде бірталай туыстық атаулар пайда болды. Мысалы: жиен аға (姨表哥), жиен апа (姨表姐), жиен әпке (姨表姐), жиен бала (外甥), жиен қарындас (姨表妹), жиен қыз (外孙女), жиен немере (外孙), жиен іні (姨表弟).

4. Сонымен қатар, қазақ тілінде “Қайын” сөзі, неке туыстығын білдіретін жалпылама термині, яғни ер немесе әйел адамға қатысты туыстық идеясын береді. Ер немесе әйелдің туыскандарын атау үшін қайын сөзі нақты мағынаға ие туыстық терминдерімен тіркеседі. Мысалы: қайын ата (公公或者岳父), қайын аға (大伯父), қайын апа (婆婆或岳母), қайын іні (小舅子或小叔子), қайын сіңлі (小姨子或者小姑子), қайын бике (大姑姐), қайын жұрт (男方或女方亲属的总称).

5. Дүниеге шыр етіп келгеннен-ақ сақалды қария, ақ жаулықты әже болғанша қазақ халқы салт-дәстүр мен ырым-тыйымдар арқылы қалыптасамыз. Осы салт-дәстүрлер көптеген туыстық атаулардың пайда болуына да себепкер болды. Қазақ халқының “Кіндік” сөзімен бір шама туыстық атаулар тығыз байланысты. Мысалы, кіндік шеше – әйел босанғанда көмек көрсетіп, нәрестенің кіндігін кесетін әйел. Қазақ салтындағы үлкен бір сыйлы ана, мол кәделі әйел «кіндік шеше» деп атайды. Кіндік шеше баланың екінші анасы болып саналады. Қазақ тілінің «кіндік шеше» сөзі, қытайдың “干妈” сөзімен сәйкес келеді. Осы «Кіндік» сөзімен тіркесу нәтижесінде, кіндік шеше (干妈), кіндік ата (干爷), кіндік әке (干爸), кіндік бала (干儿子) пайда болды.

6. Некелік туыстық атауларға келер болсақ, қазақ салт-дәстүріне байланысты, “Бас құда”, “Бел құда” және “Бесік құда” деген сөз тіркестері бар. Әрбір туыстық атауға түсіндірме берудің қажеті жоқ.

**Біріккен сөздер.** Сөздерді біріктіріп айту туыстық атаудың құрамында жиі кездесетін амал. Қазақ тіліндегі біріккен сөздерді алғаш зерттеген Ж.Досқараев тілдің бұл құбылысының туу, құралу тәсілі біркелкі емес, әр түрлі екендігін айтады. (Досқараев Ж. 1965: 193-200).

Біріккен сөздердің өзі екі түрлі болады. Кіріккен сөз және біріккен сөз. Қазақ тілінің туыстық атаулары осы екі түрмен жасалған түрлері бар.

Кіріккен сөз дегеніміз – сыңарлары дыбыстық өзгеріске түсіп, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер. Мысалы: Мырза+аға=Мырзаға (大伯子), Мырза+қыз=Мырзағыз (小姑子), Жұр+жат=Жүрежат (远房亲戚), Туу+жат=Туажат (远房亲戚), Аға+іні=Ағайын (兄+弟=兄弟), Қайын+аға=Қайнаға (大伯子的另一种称呼) және т.б.

Біріккен сөз – сыңарлары дыбыстық құрамын сақтай отырып, бір мағынаға ие болатын сөздер. Мысалы: Кет+құда=Кетқұда, Бел+немере=Белнемере, От+аға=Отаға және т.б.



**Қос сөздер.** Қос сөз дегеніміз – қосарлану немесе қайталану арқылы бір ұғым ретінде жасалған сөздер. Жасалу тәсіліне қарай қос сөздер қайталама және қосарлама болып бөлінеді. Қайтамала қос сөз бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалады. Қосарлама қос сөз өзара мәндес немесе қайшы мәндес сөздердің қосарлануынан жасалады. Қазақ тілінің туыстық атаулары сөзжасамында қосарлану арқылы жасалған түрлері кездеседі.

Қазақ тілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалған туыстық атаулар үш түрлі лексикалық мағына береді.

1) Жалпылық мағынаны білдіретін туыстық атаулар: Ата-ана (父母), абысын-ажын (妯娌), аға-жеңге (兄嫂), ағалы-қарындасты (兄妹), ағалы-інілі (兄弟), аға-іні (兄弟), аналы-балалы (母子), апалы-сіңілі (姐妹, 说话者为女), апалы-қарындас (姐妹, 说话者为男), апалы-інілі (姐弟), ата-баба (祖父与祖父之上的祖辈关系), ата-ене (公婆), аталы-балалы (祖孙), әкелі-балалы (父子), әке-баба (父亲与祖父之间的祖辈关系), әке-көке (伯伯和父亲), әке-шеше (父母), әпкелі-інілі (姐弟), бай-бәйбіше (夫妻), бәйбіше-тоқал (妻妾), ерлі-зайыпты (夫妻), ерлі-байлы (有夫之妇), қатын-бала (妻儿), нағашы-жиен (外孙), немере-шөбере (子孙), шешелі-балалы (母子), іні-қарындас (弟妹妹), Әке-жәке (叔叔和父亲), әке-үке (叔叔和父亲), ұл-қыз (子女) және т.б. Яғни бұл қос сөздерің сынарлары нақты туыстық қатынасты білдіреді.

2) Жинақтық мағынаны білдіретін туыстық атаулар. Бұл туыстық атаулар көбіне туыстығы алыстау, немесе көпшілік адамды біріктіру мақсатында қолданылатын туыстық атаулар. Мысалы: ағайын-туған, ағайын-жегжат, ағайын-жұрағат, ағайын-жұрағат, ағайын-туғандық, ағайын-тума, ел-жұрт, жақын-жаран, жақын-жора, жақын-жуық, жақын-жұрағат, жат-жақын, жат-жұрағат, жегжат-жұрағат, құда-жегжат, құда-құдағи, өрен-жаран, туған-туысқан, туысқан-туған, туыс-тума, үрім-бұтақ.

3) Қомсыну, менсінбеу, кемсіту мағынасында қолданылатын туыстық атаулар: келін-кепшік, қатын-қалаш, туыс-шатыс және т.б.

## Қорытынды

Қытай және қазақ тілдерінің туыстық атау терминдерің сөзжасам ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, осы екі тілдің ең бірінші ерекшелігі типологиялық классификациясын атап кету артық болмас. Қытай тілі түбірлі не-

месе даралаушы тілдер қатарына жатады. Бұл тілдер қосымшалар арқылы түрленбей, сөз таптары формалық жақтан ашық ажырамаған тілдер. Оларда бір буынды омонимдес сөздер жиі ұшырасып, бір-бірінен музыкалық екпін арқылы ажыратылады. Ал қазақ тілі болса, агглютинативті тілдер қатарына жатады. Яғни жұрнақтар мен жалғаулар кең таралған және түбірдің үстіне бірінен соң бірі үстемеленіп жалғана береді.

Қытай тілінің негізгі түбір сөзден жасалған 24 туыстық атау болсын, 10 қосымшалары болсын, барлығы бір буынды сөздерден құралған. Яғни екі немесе үш буыннан құралған туыстық атауды кездестірмейміз. Қазақ тілінде бұндай ерекшелік байқалмайды.

Жыныстық категориялық бөлініс бір келкі емес. Қытай тіліндегі 24 негізгі түбір сөзден жасалған туыстық атаулардың 13-і ер жынысты, 10 әйел жынысты және 1 сөз ортақ қолданылса, қазақ тіліндегі 30 негізгі түбір сөздің 10-ы ер, 11 әйел және 9 ортақ қолданыста. Осы ортақ қолданыстағы сөздердің көбі кіші буын ұрпақтарды атау сөздері. Бұған негізгі себеп, қазақ халқы ұрпақты атау кезінде, жынысына аса қатты мән бермеген. Нәрестенің ұл не қыз жынысты болғаны емес, ұрпақ көбейгені маңыздырақ болғанын дәлелдейді. Алайда қытай халқының идеологиясында ұл баланы қыз балаға қарағанда артығырақ сүйгені бәрімізге мәлім.

Қытай тіліндегі туыстық атаулар “Префикс+Түбір” және “Түбір+Суффикс” формалары арқылы жасалса, қазақ тілі тек “Түбір+Суффикс” формасымен жасалады. Аталған ерекшеліктерге қарамастан, қытай және қазақ тілінің туыстық атауларының сөзжасамының ұқсастықтары бар.

Қытай және қазақ тілдерінің туыстық атау терминдерінің сөзжасамы өте күрделі әрі сан алуан түрлі. Аталған тілдердің негізгі түбір сөз туыстық атаулары бірнеше бірдей категорияға бөлінеді. Мысалы: жынысы, туыстық қатынастың әкелік, шешелік немесе некелік екендігіне көңіл бөлініп қана қоймай, ұрпақ дәрежесіне де аса мән беріледі. Қытай тіліндегі “父、伯、叔、舅、兄、母、故、姨、姐、妹” сөздері қазақ тілінің “Баба, әке, аға, іні, әже, еже, шеше, ана, мама, апа, сіңлі” сияқты сөздерде жыныстық категория ажыратылған.

Қытай-қазақ тілдерінің туыстық атауларына сипаттамалық қасиет тән. Яғни туыстың қатысын білдіру мақсатында міндетті түрде айқындайтын сөздерді қосып айтады. Бұл осы халықтардың туыстық қатынасының күрделі жүйесіне тікелей байланысты.

Сонымен қатар, аталған тілдер “Анықтауыш + Негізгі сөз” формасымен ұстанады. Мысалы, қытай тіліндегі “堂哥、堂弟、表姐、表妹、外孙、外孙女、外甥” сөздеріндегі “堂、表、外” сөздері, “哥、弟、姐、妹、甥” сөздерінің анықтауышы болып табылады. Қазақ тіліндегі “Нағашы аға, нағашы ата, нағашы әже, ұлы ата, ұлы әже, үлкен ата, арғы, кенже бала” сөздеріндегі “Нағашы, ұлы, үлкен, арғы, кенже” сөздері де тура сондай. Қазақ және қытай тілдерінің күрделі туыстық атау терминдеріне

қарасақ, жоғарғы дәрежелі ұрпақты білдіретін сөз, кейінгі ұрпақты білдіретін сөздің алдында келеді.

Мысалы, қытай тіліндегі “祖孙、娘儿、父子、母子、婆媳、兄弟、姐妹” және т.б. Қазақ тіліндегі “аға-іні, аналы-балалы, апалы-сіңілі, апалы-інілі, аталы-балалы, нағашы-жиен” және т.б. сөздері дәлел бола алады. Бұл ерекшелікте екі халықтың үлкенге ізет, құрмет, сыйластық қарым-қатынасы тілде сипат алып отыр деуге болады.

### Әдебиеттер

- 王火、王学元的《汉语称谓词典》(辽宁大学出版社, 1988年)  
 鲍海涛、王安节的《亲属称呼词典》(吉林教育出版社, 1988年)  
 陆瑛的《简明称谓辞典》(广西民族出版社, 1989年)  
 《现代汉语词典》第七版, (商务印书馆) 2016年  
 冯汉骥, 《中国亲属称谓指南》, 上海文艺出版社, 1989  
 胡士云的《汉语亲属称谓研究》, 商务印书馆, 2007  
 阮氏翠幸的博士论文《汉、越语亲属称谓对比研究》, 华中师范大学, 2016  
 刘超班《论亲缘称谓的开放性》, 武汉教育学院学报, 1996年10月, 第15卷 第5期  
 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986.  
 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.  
 Сарыбаева М. Система обозначения родства в английском, русском и казахском языках. – Алма-Ата, 1991.  
 Жолдасбек Л. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар», Алматы, 1998  
 Диуанова Р. «Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері», Алматы, 2010  
 Бизақов С. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың берілуі //Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Филол.бөлімі. – 3-шығ. – 1990. – Б. 12-17  
 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002.  
 Салкынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы, 2003.  
 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989.  
 Токтарова Т. Сөзжасам мәселесінің зерттелуі // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994, №3.  
 Бейсембаева З. Сөзжасамның зерттелу аспектісі // Қазақ тілі мен әдебиеті, № 9, 2003, 34-36-б.  
 Досқараев Ж. Арыс говорының сөз тіркестері // Қазақ диалектологиясы. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1965. – 1-шығ. – 193-200 б.  
<https://lektsii.org/6-9826.html>  
<http://kzref.org/azirgi-aza-tilini-morfologiyasi.html>

### References

- Wang Huo, Wang Xue Yuan . Chinese Appellation Dictionary, Liao Ning University Press, 1988  
 Bao Hai Tao, Wang An Jie. Dictionary of Kinship Terminology, Ji lin Educational Press, 1988  
 Lu Ying. Concise appellation Dictionary, Guang Xi National Press, 1989  
 “Modern Chinese dictionary” seventh edition, (commercial press, 2016  
 Feng Han Ji. “The appellation of relatives in China”, Shanghai literature and art publishing house, 1989  
 Hu Shi Yun. Study of Chinese Kinship Terminology, Commercial Press, 2007  
 Ruan Shi Cui Xing. Comparative study of Chinese and Vietnamese kinship terminology, Central China Normal University, 2016  
 Liu Chao Ban. The openness features of kinship terms, Journal of Wuhan Institute of Education, 1996  
 Qazaq tilining tusindirme sozdigi. – Almaty, 1974-1986  
 Qazaq tilining tusindirme sozdigi. – Almaty, 2008  
 Sarybaeva M. Sistema oboznachenii rodstva v angliiskom, russkom i kazakhskom yazykah, Alma-ata. 1991  
 Zholdasbek L. Qazaq soilenisterindegi tuystyk ataular, Almaty, 1998  
 Diuanova R. Qazaq tilindegi tuystyk ataulardyn magynalyq qurylymy men leksikografiyalanu erekshelekteri, Almaty, 2010  
 Bizaqov S. Qazaq tilindegi tuystyk ataulardyn berilui//Qazaq SSR GA Xhabarlary, Filol.bolimi -3. 1990  
 Oralbay N. Qazaq tilining sozzhasamy. – Almaty, 2002  
 Salkynbay A. Qazaq tili sozzhasamy. – Almaty, 2003  
 Qazirgi qazaq tilining sozzhasam zhuesi. Almaty, 1989  
 Toktarova T. Sozzhasam maselesining zertteuleri//Qazaq tili men adebieti, 1994, №3.  
 Beisembayeveva Z. Sozzhasamnyng zerttelu aspektisi // Qazaq tili men adebieti, № 9, 2003  
 Doskarayev Z. Arys govorynyng soz tirkesteri // Qazaq dialektologiyasy. Makalalar zhinary. –Almaty, 1965.

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### 1-бөлім Тарих

### Раздел 1 История

*Палтөре Б.М.*

Әбу Насыр әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегіндегі адам мәселесінің діни мәтіндермен сабақтастығы. .... 4

*Makangali B.*

Modern security studies and implementation of theoretical experience in the Gulf region ..... 11

*Мустафаева А.А.*

Статус средневековой женщины в Египте и Корее: первые женщины-правители..... 21

*Әбдіхалық А.Е.*

Қазақстандағы қажылық рәсімінің шығыстық-ұлттық сана мен руханият арасындағы практикалық құндылығы. .... 30

*Жұмағұлов Қ.Т., Абдукадыров Н.М.*

Осман империясы мен Алтын Орданың сыртқы саясатында Қырым хандығы (XV ғ. 50-70 жж.) ..... 37

*Ем Н., Тономура Масару*

От теории анклава к теории социального капитала: опыт нового поколения предпринимателей-корейцев СНГ. .... 50

*Lee Byong Jo*

Prospects and tasks of Korean studies in Kazakhstan through analysis of collaborative and support case of Korea-Kazakhstan: focused on al-Farabi Kazakh national university case..... 65

*Karabassova A.B., Aldabek N.A.*

Continuity of generations as a factor in the formation of the internal policy of the people's Republic of China ..... 77

*Мадиев Д.А., Чжао Цюаньшэн*

Қытайдың батысты игеру стратегиясы аясындағы Шыңжаңның әлеуметтік экономикалық дамуы ..... 84

*Оразақынқызы Ф., Нұрмырза М.*

Қытай қоғамында әйелдердің әлеуметтік-мәдени рөлі ..... 94

*Раев Д.С., Тоқмұрзаева А.Ж.*

Қазақ би-шешендерінің саяси көрегендік парадигмасы ..... 103

*Rustemova A., Okada A., Rustem K.*

The problem of research of Kazakhstani higher education system ..... 116

*Myrzabekov M.S., Myrzabekova R.S., Kokebayeva G.K.*

Eastern direction of the Russian foreign policy at the turn of XVIII-XIX centuries: the geo-economic and geopolitical aspects. .... 125

*Серікқалиева А.Е., Абаганов А.Б.*

Қытайдағы кәсіпкерліктің даму факторлары ..... 133

*Оспан Н.А., Кокеева Д.М.*

Қазақстанда тіл саясаты бағыттары ..... 141

*Turumbetova L.A., Manabayev B.M., Shayakhmetov O.M.*

Kazakhstan education system breakthrough, having overcome the tragic events in the history of Kazakh people..... 152

*Балтабекова С.Б., Аханов Е.А.*

Жапониядағы халал концептісінің таралуына ислам дінінің әсері: тарихи шолу..... 162

|                                                                              |     |
|------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Чокатова А.М.</i><br>Иран Орталық Азия елдерімен интеграция жолында ..... | 170 |
|------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                               |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Керімбаев Е.Ә., Чжаң Цзян Хуа, Шарыпқазы Н.</i><br>Қоғамдық дипломатия және оның қытайлық тәжірибесі ..... | 179 |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

**2-бөлім**  
**Филология**

**Раздел 2**  
**Филология**

|                                                                                                                                                                  |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Керім Ш.Т., Альмухаметов А.Р.</i><br>Қазақ жерінен шыққан араб тілі грамматикасының білгірі, ғұлама,<br>имам Тадж ад-дин әл-Жендидің «әл-Мақалид» кітабы..... | 188 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                                                                    |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Оразақынқызы Ф., Герай Фидан, Анипина А.К.</i><br>Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері ..... | 197 |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                                                                        |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Канафьева Ш.Е., Турар А.С.</i><br>Урду тілін оқытуда аутентті мәтіндерді жүйелеу<br>және оларды практикалық сабақтарда қолданудың маңыздылығы ..... | 207 |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                              |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Sultanbayeva N.D., Montanay E.A.</i><br>Problems of translating computer terms and their strategies ..... | 213 |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                                                  |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Bektemirova S.B., Avakova R.A., Taussogarova A.K.</i><br>The linguogeographic basis the turkic languages in world space ..... | 222 |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                                          |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Халел А., Жайтапова А.А., Шадкам З.</i><br>Мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік моделі және компоненттері..... | 231 |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Кажатова Р.Н., Ахапов Е.А.</i><br>Жапон қорының «Маругото. Жапон тілі мен мәдениеті» оқулығына шолу..... | 240 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                       |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Кайранбаева Н.Н., Қабадайы Ж.</i><br>Қостілді техникасы арқылы түрік тілін үйрету тәжірибесі ..... | 249 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                |     |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Нурсеитова Л.Д.</i><br>Жапон тілі пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері..... | 260 |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                           |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Ауелбекова Ш.Е.</i><br>Тіл үйренуде ана тіліндегі образды, бейнелі сөз қолданыстарынан пайдалану ..... | 266 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

|                                                                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Мухамедсадыкова А.Ж.</i><br>Қытай және қазақ тілдерінің туыстық атау сөздерінің сөзжасам ерекшеліктері..... | 273 |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|



---

## CONTENTS

### Section 1 History

*Paltore Y.M.*

Continuity of human problems with religious texts in the work of Abu  
Nasr al-Farabi «Views of the inhabitants of the merciful city»..... 4

*Makangali B.*

Modern security studies and implementation of theoretical experience in the Gulf region ..... 11

*Mustafayeva A.A.*

The status of a medieval woman in Egypt and Korea: first women ruler. .... 21

*Abdikhalyk A.E.*

The practical value of pilgrimage rituals between the eastern national  
self-consciousness and spirituality in Kazakhstan ..... 30

*Zhumagulov K.T., Abdukadyrov N.M.*

The Crimean Khanate in the Foreign Policy of the Ottoman  
Empire and the Golden Horde (50-70 years of the 15th century)..... 37

*Yem N., Tonomura Masaru*

From the enclave theory to the theory of social capital: experience  
the next generation of entrepreneurs-koreans CIS ..... 50

*Lee Byong Jo*

Prospects and tasks of Korean studies in Kazakhstan through analysis of collaborative  
and support case of Korea-Kazakhstan: focused on al-Farabi Kazakh national university case..... 65

*Karabassova A.B., Aldabek N.A.*

Continuity of generations as a factor in the formation of the internal policy of the people's  
Republic of China ..... 77

*Madiyev D.A., Zhao Quansheng*

Socio-economic development of Xinxiang within the framework of the western development strategy of China .. 84

*Orazakynkyzy F., Nurmyrza M.*

Socio-cultural role of women in Chinese society. .... 94

*Raev D.S., Tokmurzayeva A.Zh.*

The paradigm of the political farsightedness of the Kazakh bi-speakers ..... 103

*Rustemova A., Okada A., Rustem K.*

The problem of research of Kazakhstani higher education system ..... 116

*Myrzabekov M.S., Myrzabekova R.S., Kokebayeva G.K.*

Eastern direction of the Russian foreign policy at the turn of  
XVIII-XIX centuries: the geo-economic and geopolitical aspects. .... 125

*Serikkalieva A.E., Abaganov A.B.*

Factors of enterprise development in China. .... 133

*Ospan N.A., Kokeyeva D.M.*

The directions of language policy in Kazakhstan. .... 141

*Turumbetova L.A., Manabayev B.M., Shayakhmetov O.M.*

Kazakhstan education system breakthrough, having overcome the tragic events in the history of Kazakh people..... 152

---

|                                                                                                                                           |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Baltabekova S.B., Akhapov E.A.</i><br>The role of Islam in the distribution of the Halal concept in Japan: a historical overview ..... | 162 |
| <i>Chokatova A.M.</i><br>Iran on the way to integration with Central Asian countries .....                                                | 170 |
| <i>Kerimbaev Y.A., Zhang Jian Hua, Sharypkazy N.</i><br>Social diplomacy and its Chinese experience .....                                 | 179 |

## Section 2 Philology

|                                                                                                                                                                          |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Kerim Sh.T., Almuhametov A.R.</i><br>The book «Al-Makhalid» by the distinguished, famous Arabic grammarian,<br>imam Tadge ad-din al-Zhendi from Kazakh land .....     | 188 |
| <i>Orazakynkyzy F., Geray F., Anipina A.K.</i><br>Structural and semantic features of proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages .....                         | 197 |
| <i>Kanafyeva Sh.E., Turar A.S.</i><br>Systematization of authentic texts in the study of the Urdu language and the importance<br>of their use in practical classes ..... | 207 |
| <i>Sultanbayeva N.D., Montanay E.A.</i><br>Problems of translating computer terms and their strategies .....                                                             | 213 |
| <i>Bektemirova S.B., Avakova R.A., Taussogarova A.K.</i><br>The linguogeographic basis the turkic languages in world space .....                                         | 222 |
| <i>Khalel A., Zhaitapova A.A., Shadkam Z.</i><br>The Model and Components of Intercultural-Communicative Competence .....                                                | 231 |
| <i>Kazhatova R.N., Akhapov E.A.</i><br>Review of the coursebook of Japan Foundation «Marugoto. Japanese language and culture» .....                                      | 240 |
| <i>Kairanbayeva N.N., Kabadayi C.</i><br>Practice of teaching turkish language using bilingual technique .....                                                           | 249 |
| <i>Nurseitova L.D.</i><br>Effective methods of teaching the Japanese language .....                                                                                      | 260 |
| <i>Auyelbekova Sh.E.</i><br>Learning languages by using idioms in mother tongue .....                                                                                    | 266 |
| <i>Mukhamedsadykova A.Z.</i><br>Peculiarities of word formation of kinship terminology in the Chinese and Kazakh languages .....                                         | 273 |